

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Ж. А. ЖҮСПОВА

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК

ОҚУЛЫҚ

*Қазақстан Республикасы Білім және
ғылым министрлігі оқулық ретінде бекіткен*

Алматы, 2011

ББК
Ж

Пікір жазғандар:

К. Ж. Каракулов - педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Ш. И. Жанзақова - педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Жусупова Ж.А.

Ж Педагогикалық шеберлік: Оқулық. Алматы, 2011.- 316 бет.

ISBN

Оқулық 050103 - Педагогика және психология мамандығының ҚРМЖМБС 6.08. 013 - 2009 және 2007 ж. Типтік оқу бағдарламасы талаптары негізінде дайындалды.

Оқулық бүгінгі күннің талабына сай психологиялық-педагогикалық ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, қазіргі заманғы мұғалім шеберлігінің мәнін және оны қалыптастыру жолдарын, мұғалімге тән білім мен білік дағдыларын қалыптастыратын кәсіби дайындық түрлері қарастырылады.

Оқулық 050103 – Педагогика және психология мамандығының кредиттік жүйе негізінде күндізгі бөлім бойынша білім алып жатқан 4 курс студенттеріне, магистранттарға, мұғалімдерге, тәрбиешілерге арналған.

ISBN

ББК

© Ж.А. Жусупова, 2011

© ҚР Жоғары оқу орындарының
қауымдастығы, 2011

«Қазақ мектептері - қазақтарға білім берудің басты құралы ... біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы білім беретін болсын ... Ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады».

Ы. Алтынсарин

«Мұғалімдік мамандық - бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер-ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады».

В. А. Сухомлинский

«Маған жақсы мұғалім бәрінен қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі»

Ы. Алтынсарин

«Тәрбиешілік мәртебесі қаншалықты маңызды, ұлы, әрі қастерлі десеңізші: оның қолында адам өмірінің тұтас тағдыры тұр».

В. Г. Белинский

«Бала тәрбиесінің басты мақсаты өз тәрбиесін үнемі еске салып, оның жеке басының мүддесі мен үмітін қанағаттандыру».

Д. Дьюи

«Ең әуелі мектепке керегі-білімді, әдістемеден хабары мол, ізгілікті оқыта білетін мұғалім».

А.Байтұрсынұлы

«Болашаққа жарамды адамды тәрбилеу үшін, оларды тамаша жетілген азамат етіптәрбилеу қажет-тек сонда ғана тәрбилеуші өз ортасында өмір сүретін ұрпақтың лайықты мүшесі бола алады».

Л. Н. Толстой

«Тәрбиеленуші сіздің жан дүниеніз бен ақыл-ойыңызды сізді көру, тыңдау арықылы қабылдайды».

А. С. Макаренко.

«Совет балалары мен жеткіншектерін талант есебімен тәрбиені құра аламыз ба? Жоқ. Тәрбиелеуге қабілеттілікте, тәрбие процесінің жүйесінде нақты білімінде тек қана шеберлік туралы айтуымыз керек. Мен тәжірибе барысында, мамандыққа негізгі қабілеттілікті шеберлік шешеді деген пікірге келдім».

А. С. Макаренко

«Өнер мен шеберлік педагогты жүректілік пен ақылдылыққа байланыстыратын қабілеті».

В. Сухомлинский

Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады.

К. Д. Ушинский

Ұстаз – ұлы есім.

М. Әуезов

Ұстаз болу - өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау.

Ж. Ж. Руссо

Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік ыәм өз жанымызға (қазақ жанына) үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады.

Мағжан Жұмабаев

Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім.

Ахмет Байтұрсынов

Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, ол нағыз ұстаз.

Л. Н. Толстой

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының егеменді мемлекетке айналуы, экономика бағытының нарықтық модельде құрылуы, ұлттық білім беру жүйесіне енуі білім берудің жаңашыл бағыты мен сипатының объективтік факторларымен түсіндіріледі. Қоғамымыздың түбегейлі жаңаруы сол жаңаруға сай мамандар потенциалын дайындамайынша мүмкін емес. Мамандармен қамтамасыз етуде жетекші рольді жоғары мектеп атқарады.

Жоғары мектеп жағдайындағы жаңа қатынас бұрыннан қалыптасқан оқу процесі түбегейлі жаңарған қоғам талаптарына сәйкес келетін, сауатты, шығармашылықпен ойлана алатын маман қалыптастыруда түбегейлі бетбұрысты білдіреді.

Жоғары білім беру жүйесінде негізгі ағым мамандардың дайындық сапасын көтеруге, инновациялық білім беруді дамытуға, ғылыми-зерттеу әрекетімен кіріктірілуге, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік және экономикалық сала талаптарымен тығыз байланыста болуына, ақпараттық және білім беру технологиясын жетілдіруге саяды.

Бұл проблемалар ғылыми негізделген, оқыту процесінің мақсаттылығына, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етуге, оның ішінде оқу процесіне, оның мақсаты мен мазмұнына, ұйымдастырудың әдістемесі мен формасына, жоғары мектеп дидактикасының жалпы және оқу процесінің ішінара проблемасына қатысты. Жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа жолын ойластыру қажеттілігі қоғамның дайындалған мамандар сапасына қанағаттанбауынан туындауда, ол бірінші кезекте педагогиканың әлеуметтік сұраныс деген категорияны нақтылау қажеттілігімен түсіндіріледі. Жоғары білім беру дидактикасының кейбір аспектілерін қайта құру қажеттілігі қоғамның дамуының, нарықтық

экономикаға өту, құқықтық мемлекет құру сияқты тенденцияларды талдау барысында көрінеді. Болашақ мамандарды өмір әрекетінің жаңа жағдайында жаңаша даярлау талабын туғызады.

Қазіргі жеделдету, демократияландыру жағдайында Қазақстан Республикасында басты міндеттердің бірі - ұлттық ерекшеліктерді есепке алып, жастарға терең білім мен тәрбие беру ісін одан әрі дамыту және жетілдіру.

Еліміздің еркіндік алуы, тіл аясынын кеңеюі, қазақ мектептері санының көбеюі бүгінгі талапқа сай кадрларын әзірлеу, жас педагогтарға өзіндік бағыт, бағдары бар түйінді ойларды жинақтап жеткізу қажеттігін туындатып отыр. Сол себептен де қазіргі заман мектебі жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой мұғалімді күтуде. Бүкіл әлем бұл күнде тәлім-тәрбие қызметіне ең білгір, ең талантты, өте жауапкершіл педагог - мамандардың қажеттігін мойындап отыр. Себебі, адам тағдырында мектептік кезең аса маңызды рөл атқарады. Балалардың өмір бастауында жетесіз педагог тұрса, одан келер шығынды өлшеп болмайды. Сондықтан да педагог білікті маман, өз ісінің шебері болуы керек. Яғни, педагог шебер болу үшін: өзінің мүмкіндіктерін жаңа формация мұғалімі ретінде объективті бағалай алуы керек, кәсіби мамандығына қажетті қабілеттерді меңгеруі тиіс, жалпы мәдениетті, интеллектуалды іс-әрекетті, мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі тиіс, өтіп жатқан интеграциялық процестерге, әлемдік білім беру кеңістігі қарқынына бағыттала алуы тиіс.

Қоғам дамуының жаңа саяси, әлеуметтік-экономикалық шарттарына байланысты болған білім саласындағы түбірлі өзгерістер қазіргі маманның кәсіптік шеберлігінің жоғарғы деңгейде болуын талап етеді. Педагогтың жұмысына қажет маңызды шарттардың бірі - өз ісі үшін жауапкершілік қана емес, оның жұмыстағы бостандығы еркіндігінің болуы. Педагог өзі істеген барлық жұмысына жауап бере алатын, дербес білімді маман болуы керек.

«Педагогикалық шеберлік» курсы - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша жалпы кәсіптік пәндер цикліндегі педагогикалық пәндердің бірі болып табылады.

Курс мақсаты: Болашақ педагог-психолог студенттер бойында оқыту мен тәрбиелеудің, өзін-өзі жетілдірудің өнерін үнемі жетілдіріп отырудың қажеттілігін қалыптастыру. Студенттер бойында психологиялық сауаттылықтың, компоненттіліктің, жалпы мәдениет пен педагогикалық қабілеттерін дамуына үлес қосу.

Курстың міндеттері:

- педагогикалық шеберлік мазмұнын түсіну;
- педагогикалық қызметтің мазмұнын ашу;
- педагогикалық мамандықтың перспективалық мүмкіндіктерін

көрсету;

- жанашыл педагогтар идеясын, оқыту формасын пайдалану.

Курсты оқып болғаннан соң сіздер:

- курстың методологиялық, теориялық, практикалық негізі;
- педагогикалық шеберлік элементтері;
- оқыту технологиясы;
- педагогикалық техника, өзін-өзі басқаруды игеру;
- мектепке дейінгі мекемеде оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлау-

ды меңгересіздер.

ДӘРИС САБАҚТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

1-дәріс. Педагогикалық шеберлік, педагогикалық мәдениеттің компоненттерінің мәні мен мазмұны

Педагогикалық шеберлік және мұғалімнің педагогикалық мәдениеттің компоненті ретінде. Педагог мамандығындағы актерлік және режиссерлік шеберлік элементтері. Педагогикалық шеберлік компоненттері. Мұғалімнің кәсіби білімнің ерекшеліктері. Педагог мамандығындағы жеке шығармашылық қабілетті іске асыру. К. С. Станиславскийдің педагог дайындауда театрлық жүйенің принциптері. Көрнекті педагогтар шеберлігі. Мұғалімдер дайындау жүйесіндегі педагогикалық шеберлік негізін қалыптастыру.

2-дәріс. Педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың негізгі кәсіби-педагогикалық іс-әрекеті

Педагогикалық қызмет қоғамдық құбылыс ретінде. Жалпы педагогикалық қызмет және кәсіби педагогикалық қызмет. Педагогикалық қызметтің ерекшеліктері мен қиыншылықтары. Кәсіби қызметтің мәні мен құрылымы. Мұғалімнің жеке басы оның кәсіптік қызметінің өзекті факторы ретінде. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі педагогтың жеке басының кәсіби қасиеті. Педагогикалық қызмет деңгейлері: репродуктивтік бейімділік жергілікті үлгіленген, жүйелі үлгіленген қызмет пен мінез-құлық. Шеберлік педагогтың қызметінің ең жоғары деңгейі ретінде

3-дәріс. Педагогикалық шеберліктің басты шарты педагогикалық эрудиция мен күздіреттілік

Жалпы мәдениет педагогтың кәсібилігінің шарты. Ғылыми эрудиция құндылық бағдарламалар – педагогикалық мәдениеттің компоненттері. Педагогикалық эрудицияға жетудегі ой-еңбегі техникасымен мәдениетті. Педагогтың теориялық дайындалу мазмұны: бақылау, жобалау, ақыл рефлексиясы.

4-дәріс. Педагогикалық техника педагог шеберлігінің элементі ретінде

Педагогикалық техника мұғалімнің жүріс-тұрыс формасы және оның компоненті. Мұғалім іс-әрекетінің техникалық мәні. Педагогикалық шеберліктегі басқару технологиясы. Мұғалімнің

өзін-өзі басқарудың шеберлігі өзін-өзі қалыптастырудың техникалық негізінде. Педагогикалық техника педагог шеберлігінің элементі ретінде. Педагогикалық өзара қызметте ауызша қатынас құралы. Педагогикалық қарым-қатынастағы пантомимика және пластика. Зиянды әдеттер. Мұғалімнің сыртқы киімінің мәдениеті. Өзінің психифизикалық жағдайын меңгеру техникасы, өзін жөнге келтіру негізі.

5-дәріс. Педагогтардың сөзі тәрбиелік ықпал ету мен мағлұмат беру құралы ретінде

Педагог сөзі оның іс-әрекетінің құрылымында. Тіл және сөз. Сөз әрекетінің психологиялық құрылымы: мақсаты, мазмұны, формасы. Сөз-мұғалім мен оқушылардың тіл табысу құралы. Педагог сөзінің тиімділігінің әлеуметтік-психологиялық факторлары. Сөз мәдениеті, оның элементтері. Мұғалім сөзінің логикасы. Сөз сөйлеу құралдары. Сөз, сөйлеу техникалар: дем алу, дауыс, дикция, ырғақ.

6-дәріс. Кәсіптік шеберліктің құрамдас бөлігі педагогикалық қарым-қатынас

Педагогикалық қарым-қатынастың мәні. Педагог пен тәрбиелеуші арасындағы кәсіби қарым-қатынас. Қарым-қатынас педагогиканың негізі жөніндегі ұғым. Қарым-қатынасты ұйымдастыра білу және өзінің психологиялық жағдайында оны басқара білу. Қарым-қатынас құрылымы мен функциялары. Қарым-қатынас стилі және педагогикалық жетекші стиль. Педагогикалық такт, педагогикалық этика.

7-дәріс. Педагогикалық қарым-қатынастың қажетті элементі педагогикалық этика мен такт

Педагогикалық қатынас және оның мұғалімнің кәсіби қызметіндегі орны. Педагогикалық қарым-қатынас стилі.

Педагогикалық қарым-қатынастың қажетті элементі педагогикалық этика мен такт. Педагог әдептілігін меңгеру шарттары. Сендіре білу тіл табысудың негізгі әдісі ретінде. Мұғалімнің кәсіби қызметіндегі жанжалдар олардың түрлері мен себептері. Педагогикалық қатынас және оның кәсіби қызметіндегі орыны. Педагогикалық ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық климат. Педагогтың этикасы мен шеберлігі.

8-дәріс. Педагогикалық қарым-қатынастың формасы коммуникативтік іс-әрекет

Педагогтің оқушыларға олардың ата-аналарына, әріптестеріне сөз арқылы көмек көрсету. Педагогикалық өзара іс-әрекет, коммуникативтік қабілеті. Сенім түрлері және оның классификациясы. Сенімнің сөздік формалары: команда, бұйрық, тәртіп, талқылау, әзіл-қалжың арқылы белгі беру. Сенім мен көз жеткізудің бір-бірімен байланысы.

9-дәріс. Педагог-психологтың өзін-өзі тәрбиелеуі және кәсіби шеберлігін қалыптастыруы

Педагог-психологтың өзін-өзі тәрбиелеуі және кәсіби шеберлігін қалыптастырудың құралы ретінде. Педагог іс-әрекетінің компоненттері. Педагог-психологтың өз мәдениетін көтеру. Педагог-психологтың сана-сезімі және педагогикалық рефлексия. Педагог шығармашылығының құрылымдық компоненттері.

10-дәріс. Жоғары және орта оқу орындарында оқу-тәрбие процесін басқарудағы оқытушының шеберлігі

Оқушылардың танымдық әрекетін басқарудағы оқытушы шеберлігі. Студенттердің өзіндік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен басқарудағы оқытушы шеберлігі. Студенттер ұжымындағы тұлғарааралық қатынастар жүйесін басқарудағы тәрбиеші шеберлігі.

Практикалық сабақтардың тақырыптары

1. Педагог шеберлігі, оның компоненттері
2. Шеберлік – педагог қызметінің биік деңгейі ретінде
3. Мұғалімнің жеке басы және оның кәсіби-педагогикалық қызметтегі қалыптасуы
4. Педагогтың мимикалық және патомимикалық мәнері
5. Мұғалім сөзі ақпарат тарату құралы ретінде
6. Мұғалім сөзінің мәдениеті мен техникасы
7. «Мұғалім-оқушы» жүйесіндегі кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас
8. «Мұғалім-ата-ана» жүйесіндегі кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас

9. Мұғалімнің педагогикалық әдептілігі
10. Байқағыштық мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеті

Зертханалық сабақтардың тақырыптары

1. Педагогикалық еңбектердің көрнекті шеберлері
2. Педагог техникасы. Өзіндік реттеу техникасының негіздері
3. Мұғалімнің кәсіптік қызметіндегі педагогтік қатынастар
4. Педагог этикасы педагог қарым-қатынасының негізін салушы элементтердің бірі
5. Педагогтің өзара қызметтестігінің тәсілдері
6. Өзін-өзі тәрбиелеу - мұғалімдердің педагогтік шеберлігін қалыптастырудың бірден-бір жолы

СӨӨЖ тақырыптары

1. Педагог қызметіндегі актерлік және режиссерлік шеберлік
2. Педагог-психологтың жеке тұлғасының кәсіби маңызды сапалығы
3. Педагог пен актер-аудиторияға жеке ерекше әсер етушілер
4. Педагог-психологты дайындаудағы К. С Станиславскийдің театрлық жүйесіндегі принциптері
5. Тәрбиешінің жұмыс барысындағы келіспеушілігі, стресстік жағдайы
6. Педагогтың мимикалық және пантомимикалық мәнері
7. Мұғалім сөзі ақпарат тарату құралы ретінде
8. Мұғалім сөзінің мәдениеті мен техникасы
9. Мұғалымның кәсіптік қызметіндегі педагогтік қатынастар
10. Мұғалім - оқушы жүйесіндегі кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас
11. Мұғалім - ата-ана жүйесіндегі кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас
12. Жас мұғалімнің педагогтің техникасының жетіспеушілігі
13. Педагогтың сыртқы көрінісі: бедел, сән және мұғалім
14. Мұғалімнің коммуникативтік білігі.

СӨЖ тақырыптары

1. Мұғалімнің жеке тұлғасы және оның кәсіби қызметінің негізгі өзегі
2. Мұғалімнің кәсіби білімінің ерекшеліктері
3. Педагогтың сыртқы көрінісі: беделі, сәні және мұғалім
4. Сөздік әрекеттің психологиялық құрылымы
5. Педагогтың лекциялық сөз мәдениеті
6. В. А. Сухомлинскийдің педагог сөзіне қоятын талаптары жөнінде
7. Психологиялық ұстанымдары, оның педагогикалық қарым-қатынастағы рөлі
8. Мұғалімнің коммуникативтің білігі
9. «Педагогикалық этика» және «кәсіби мәдениет» ұғымдарының арақатынасы
10. Этикалық категория - педагогикалық такт
11. Нанымның сөздік түрі
12. Кикілжіңді жеңудің жолдары
13. Педагогтың кәсіби байқампаздығы
14. Мұғалімнің өзіндік білім жетілдіруі және өздігінен жетілуі
15. Педагогикалық шығармашылықтың құрылымдық компоненттері

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК НЕГІЗДЕРІ

1. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Жоспар:

1. Педагогикалық шеберлік және педагогикалық мәдениеттің компоненттері ретінде
2. Педагогикалық шеберлік компоненттері: гуманистік бағыт, кәсіби білім, педагогикалық қабілет, педагогикалық техника.
3. Мұғалімнің кәсіби білімі - шеберлік негізі.
4. Педагог мамандығындағы актерлік және режиссерлік шеберлік элементтері
5. Педагог мамандығындағы жеке шығармашылық қабілетті іске асыру.
6. К. С. Станиславскийдің педагог дайындауда театрлық жүйесінің принциптері.

Негізгі ұғымдар: шеберлік, педагогикалық шеберлік, педагогикалық мәдениет, актерлік шеберлік.

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман - уақыт талабы. Кеше ғана көк туын желбіретіп шаңырақ көтерген егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы- ұстаз тұрады.

«Мұғалімдер - қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, «ең сынампаз» бөлігі болып табылады», - деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет. Ал, педагогикалық шеберліктің негізі неде?

Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің рөлін анықтау, студенттер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру - педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында мемлекетіміздің білім беру жүйесінде жүргізілетін реформалардың мақсаты – оның нарықтық экономика жағдайында ғаламдық ауқымға ие болуын ескере отырып, саналы өзгерістерін қамтамасыз ету деп көрсетілген. Білім беруді реформалау осы саладағы жинақталған оң әлеуетті жақтардың негізінде осы процесті тереңдету мен дамыту үшін жаңа құқықтық, әдістемелік, қаржы материалдық жағдайларын жасауды және тиісінше кадрлармен қамтамасыз етуді талап етеді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: “Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелер міндет ауыр,”- деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген педагог болуы керек.

Қазақстан заңдары білім беруді қоғамның және мемлекеттің рухани, әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуының негізі деп жариялайды. Елімізде 1999 жылы қабылданған «Білім туралы» Заңда білім беру жүйесінің басым міндеттері көрсетілген:

- 1 - білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;
- 2 - жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектілік байыту;
- 3 - азаматтық пен елжандылыққа, өз отаны Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- 4 - әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республикасының басқа да халықтарының тарихын, дәстүрлерін, тілдерін меңгерту;
- 5 - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;

6 - еңбек рыногында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

Осы міндеттерді орындап, жүзеге асыруда мұғалімдердің рөлі өте зор. Бүгін мұғалімдердің еңбегінің нәтижесі қандай болса, ертен біздің қоғам сондай болады.

Адам қажырлы еңбегімен табиғатты өзгертсе мұғалім жалпы жасампаз еңбегімен жаңа адамды қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп өмірге дайындайды. Оқушыларын тек біліммен қаруландырып қана қоймай, назарын, білгендерін жадында сақтауға, қабілетін, ойлауын, тіл шеберлігін ұштауға, дүниеге деген құштарлығын, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, ықыласын, сенімін, төзімділігін, іскерлігін, ізденімпаздығын тағы басқадай танымдық қасиеттерін жетілдіріп, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді өзінің өмірлік мақсаты, ізгілік мұраты деп санайды.

«Талант» деген сөзді әркім әр түрлі ұғынуы мүмкін. Талант көбіне, ақын – жазушыларда, әртістерде, өнер адамдарында кездеседі. Ал, «мұғалім болу – талант па, ол әркімнің қолынан келе бермей ме?» - деген сұрақ туады. Ұстаздың барлығы талантты болып тумайды. Егер кез келген мұғалім ынта – ықылас қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп еңбектенсе, идеялық жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса, өз пәнін жақсы білсе, оқытудың әдістемесін меңгеріп, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техниканы қалыптастыра алса, педагогикалық шеберлікке жету қасиеттеріне ие бола отырып, педагогикалық кәсіпті меңгерсе, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты, шебер ұстаз бола алады.

Педагогикалық шеберлік – ұстаздық талантпен тығыз байланысты. К. Д. Ушинский: «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр-сырын меңгермейінше, бұған оның қолы жетпейтіндігін», - айтады.

Педагогикада кәсіби қызметтің сапасын анықтайтын біртұтас әрі жүйелі түсінік «педагогикалық шеберлік» болып табылады. Орыс тілінің сөздігінде «шеберлік белгілі саладағы өнер деп анықтама берілген, ал шебер өз ісінде өз ісінде жоғары нәтижеге қол жеткізген маман» делінген (С. И. Ожегов, 1990). Педагогикалық шеберлікті адамның педагогикалық жұмысындағы жоғары өнерге қол жеткізген

ерекше қалпы ретінде қарастыра отырып , оның кәсіби қызметтік және тұлғалық тұрғыдан өзіндік өлшемі бар екенін ескеру керек.

Педагог түрлі ғылым саласында озық білімді меңгерумен шеберлікке қол жеткізе алады ма? Өз әріптестеріміздің тәжірибесінде кәсіби қызметінен көре аламыз ба? Жоқ, себебі педагог сағат сайын айналадағы өзгерістерді, жаңалықтарды қамтып, ғылымның заңдылықтарына сүйену арқылы әдемілік пен тәрбиелікті жеткізе білу керек. Бұл жағдайда ең объективті заңдар туралы сөз болып отырған, яғни нақты бір адамның-педагогтың өмірге көз қарасы, қарым-қатынасы туралы екенін түсіну маңызды болмақ.

Педагогикалық шеберліктің кейбір анықтамаларының мазмұнын кеңес дәуірі мен қазіргі отандық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерден қарастырамыз.

Педагогқа қойылатын талаптар туралы ағарту саласы бойынша халық комиссары А. В. Луначарскийдің мақалалары мен басылымдарда жарияланған сөздерінен білеміз. 1928 жылы тәрбиешілер мен қоғам қайраткерлерінің мәжілісіндегі сөзінде ол педагогқа жүктелетін жауапкершілік ерекше екенін атап айтқан: «Егер алтын құятын шебер оны бүлдіріп алатын болса, онда оны қайта құюға болады, егер асыл тастар бүлінсе, онда іске алғысыз болып қалады, бірақ ең зор баға жетпес гауһар – өмірге келетін адам. Адамды бұзу ең ауыр қылмыс немесе күнәсіздіктің үлкен күнәсі. Бұл материалмен алдын ала не істейтініңді анықтап нақты, айқын жұмыс істеу керек» дейді.

Н. К. Крупская (1960) 1932 жарыққа шыққан «Мұғалім туралы» деген мақаласында «үлгілі мұғалімнің мерилі» ретінде төмендегі критерийлерді анықтады: мұғалім өз пәнін, әрбір оқушыны, еңбекті ұйымдастырудың ғылыми негіздерін білуі керек, оқушының қабілетін оята білуі, оқытудың әдістемесін меңгеруі, оқу мен тәрбие жұмыстарын ұштастыра білуі, беделді бола білуі қажет.

Педагогикалық шеберлік туралы А. С. Макаренконың (1988) пікірлеріне сүйенер болсақ, оның дәлелдеуінше шеберлік – бұл «тәрбие процесін шын мәнінде білу, тәрбие ісінде біліктің болуы». Бұл жөнінде ол: «Мен білік пен дағдыға негізделген шеберлік қана мәселені шеше алатынына өз тәжірибемде көз жеткіздім» дейді. Одан әрі жоғарыда келтірілген шеберлік туралы түсінікті ережелер қатары кездеседі, «дауысты келтіру – өнер , көзқарасы мен қозғалысы, тұру, отыру, орындықтан көтерілу, күлу бәрі –

өнер болып табылады». «Мен өзімді нағыз шебер болдым деп есептедім, тек «мұнда кел» деген сөзді 15-20 түрлі етіп айта алатын, даусымды, бет- әлпетімді 20 түрлі етіп құбылта отырып, кімді болса да өзіме шақырғанда келетіндей және не істеу керек екенін бірден түсінетіндей дәрежеге жеткенде ғана» дейді.

Кеңес педагогикасы педагогикалық шеберлік корифейінің мәнін мінез-құлық білігінің кең ауқымында қарастырады.

В. А. Сухомлинсий (1981) бұл түсінікке нақты анықтама бермейді, дегенмен, ол педагог тұлғасы тәрбиеленушіні тәнті ететін, өзіне тарта білетін, рухтандыратын болуы керек деген пікір айтады. Ол : «Идеалдар мен қағидалардың, көзқарастары мен талғамының, симпатия мен антипатияның, моральдық-әдептілік қағидаларының педагогтың сөзі мен ісіндегі гармоналды тұтастығы – міне, осындай қасиеттер жалындаған жас ұрпақтың жүрегіне жол табатын шок жұлдыз болады» дейді. Сондай –ақ ауызбіршілік тәрбиеші үшін органикалық қажеттілігі ретінде өте маңызды, әрі жан дүниесін, жеке бақытын, ой-санасын онсыз елестете алмайтын өмір заңы екенін айтады.

А. И. Щербиков (1968) педагогикалық шеберлік – мұғалімнің ғылыми, әдістемелік өнерінің, білігі мен дағдысының, жеке қасиеттерінің үндесіп, үйлесуі деп санайды. Мұндай үйлесімді тұтас әдістемелік өнер тек шығармашылықпен ғана туындайтыны айдан анық. Бұл өнердің негізгі атрибуты – өз жұмысын үлкен жауапкершілікпен орындау дейді.

Ю. П. Азаров (1971), тәрбиешінің шеберлігінің маңызы туралы айта келіп, оның мәнін төмендегіше ашады: «педагогикалық шеберліктің негізі бала тәрбиесінің заңдылығын білу болып табылады» дейді. Одан әрі шеберлікті құрайтын құрамдас бөліктерінің өзара әрекеті туралы айта келіп, шеберлікке берген анықтамасын дамыта түседі: «сезім мен техниканың өзара әрекеті педагогтың жеке тұлғаға немесе ұжымға жаппай эмоционалды образды ықпал жасауына әкелетінін айтады».

Міне , шеберліктің құдіреті – осындай тұтасқан үйлесімде. Ю.П.Азаров (1989) қалың оқырман қауымына арнаған публицистикалық басылымында : «мен шеберліктің формуласын қайта-қайта айта беруге дайынмын, оның мәні: технология, қарым-қатынас, тұлға сияқты үштікте» дейді. Шеберлік ... істейтін ісіміздің материалдық жағында болуы тиіс, мен технология деп

атап отырған. Бұл технологияны кешіктірмей іске асырсақ, соның арқасында қарым- қатынас жасалады. Ал бұл қарым-қатынас мені және мен қатысатын балаларды қалыптастырады деген екен.

Н. В. Кузьмина (1972, 1980) шеберлікті маманның өз жұмыс жағдайын зерттеп, зерделей білуі, кәсіптік міндеттерін оңтайлы шешу үшін кәсіби біліктілікті меңгеруі деп анықтайды.

Н. В. Кузьминаның пікірінше (1980), педагогтың кәсіби шеберлігі тәжірибе мен оқу міндеттерін шеше білуді жоғары деңгейде меңгеру. Бұл жалпы еңбек пен жалпы интеллектуалдық білік қалыптасқанда ғана жеткілікті биік дәрежеге ие болады (талдау, синтездеу, жалпылау, ауыстыру, нақтылау саласында).

Ю. К. Бабанский (1989) «мұғалім – кәсіби технологияны еркін меңгерумен, шығармашылығымен бала оқытуда және бала тәрбиелеуде ерекше шебер» деп көрсетті. Сондай –ақ автор педагог еңбегінің қарапайым қырларын дұрыс талдау және педагогтық оптималды шешім жасау мен оқушының жеке басы сияқты қасиеттерге тоқталады.

Н. В. Кухарев (1990) мұғалімнің белгілі дәрежедегі педагогтық шеберлігін қарастырудың дұрыстығын айта кетіп, оның шеберлігі психологиялық- педагогтық дайындығының жоғары деңгейіне негізделуі шарт дейді.

Павлютенкованың ойынша (1990), мұғалімнің кәсіби шеберлігін төмендегі компоненттер құрайды: а) тұлғаның мотивациялық саласы; ә) операциялық-техникалық саласы (интегралдық бірігу, жалпы арнайы білім мәнділігімен сипатталады); б) тұлғаның өзін-өзі тануы.

В. А. Сластениннің (1998) педагогикалық шеберлікке берген анықтамасы Ю. П. Азаровтың (1989) пікіріне жақын, ол педагогтық шеберлікті педагогикалық технологиямен өзара байланыстырады, дегенмен, ол тек операциялық компоненттерімен шектелмеуі керек, адамның жеке іскерлігі мен оның бойында педагогтық процестің жоғары тиімділігін анықтайтын қасиеттерінің сабақтасып жатуы керек деген пікір айтады.

И. П. Андриади (1999) педагогикалық шеберлікті жеке тұлғаның рухани- әдеп және интеллектуалдық дайындығы, қоғамның әлеуметтік- мәдени құндылықтарын шығармашылықпен ұғындыратын қасиеті деп қарастырады. Және де теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруда кәсіби білік, дағдының болуы маңызды деп атап көрсетеді.

В. А. Мижоренко және М. И. Ермоленко (1999) педагогикалық шеберлік педагогтік қызметтің дамуының биік сатысын жасай отырып, педагогтың педагогикалық технологияны игеруін, кәсіби және азаматтық бағытын, тәжірибесін, бүтіндей тұлғасын көрсете алатынын айтады. Педагогтік шеберліктің мәні жоғары нәтижеге қол жеткізетін білімді, білік пен дағдыға ұштастыру арқылы жүзеге асқан қызметтің деңгейімен анықталады.

В. П. Куравлеваның (1999) анықтамасында педагогтік шеберлік «...теориялық негіздемелер және мұғалім мен оқушының арасын жоғары ақпараттық дәрежеде байланыстыратын педагогикалық іс- тәжірибелер мен операциялардың тұрақты жүйесі» делінген. Осы анықтаманы өрбіте отырып, автор теориялық білім мен жоғары дамыған практикалық біліктің үйлесіп, біртұтас болуы шығармашылықпен бекітіледі деп ой қосады. Шеберліктің нақты көрсеткіштері оқытушының ісінде, оқу-тәрбие жұмыстарында, еңбек сапасында, міндеттерін жауапкершілікпен орындау кезінде көрінеді.

А. А. Сидоров, М. В. Прохорова, Б. Д. Синюхин (2000) педагогтік шеберлік педагогикалық мәдениеттің тірек компоненті деп есептейді және шеберлік сан алуан оқу-тәрбие ісіне байланысты міндеттерді табысты шешуде педагогтың жеке басының қасиеттерімен қоса оның психологиялық-педагогикалық ойлауы, кәсіби білігі, дағдысы мен эмоциясы өзара сабақтастық табатын ерекшеліктері деп анықтайды.

Л. А. Байкова, Л. К. Гребенкиннің (2000) дәлелдеуінше педагогикалық шеберлік – бұл мұғалімнің шығармашылығымен, оқыту өнерін үздіксіз жетілдірумен пайда болатын педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейі біріншіден, педагогтың жеке тұлғасына, жеке басының қасиеттеріне байланысты, оның бұл қасиеттері кәсіптік қызметін өз бетінше ұйымдастырудың жоғары сатысына қол жеткізуіне жол ашады дейді. Яғни шебер-педагог бойындағы жеке қасиеттер жиынтығы, оның оған оқу –тәрбие жұмысын жақсы жүргізуіне септігін молынан тигізбек. Олардың ішіндегі ең маңыздылары азаматтық және патриотизм, гуманизм және зиялылық, жоғары рухтағы мәдениеттілік пен жауапкершілік. Өте маңызды деп адамсүйгіштік пен адамдармен тіл табысу атап айтылған.

Одан әрі авторлар педагогикалық шеберлік анықтамасына тоқталады және технологиялық негізгі компоненттері жалпы биік

мәдениет пен ізгілендіру бағыты болатын көзқарастары жүйесі – кәсіби білім, қабілеттілік, шығармашылық технологиялық құзырет болып табылады деп тұжырым жасайды.

А. М. Новиков (2000), педагог тұлғасының әлеуметтік рөлі өлшеусіз артып келеді, ол педагогтың жалпы және кәсіби мәдениетінде, қарым-қатынасында, әдебінде, оның жан дүниесі байлығында. Автор бүгін педагогты кітаппен, дербес компьютермен немесе қашықтан оқытатын басқа құралдармен ауыстыруға болмайтындығына көз жеткіздіреді. Осылайша нені үйретесің, қалай үйретесің, немен үйретесің, кім үйренеді деген шынайылық тұрады. Осыған байланысты А. М. Новиков (2000) педагогикалық шеберліктің мазмұнын жаңа әлеуметтік – экономикалық жағдайды ашып береді, оқушыға өз мақсатына – мұратына тез жетсем, өз орнымды тапсам деген ой салу педагогтың дарынына байланысты екеніне назар аударады.

Орыс ғалымы В. Г. Белинский былай дейді: «Тәрбиешілік мәртебесі қаншалықты маңызды, ұлы, әрі қастерлі десеңізші: оның қолында адам өмірінің тұтас тағдыры тұр».

Сондықтан шебер педагог көзі қарақты, құлағы сергек, көкірегі ояу, білім беру саласында атқарылып жатқан игі істердің куәсі болуы керек. Сонымен бірге жаныңды шуаққа бөлеп, үлкен үмітке жетелеуші - білім беру саласы мұғалімдік мамандықтың сыры мен қырын шебер меңгерген, сол кәсіптің ыстығы мен суығын өзі де басынан кешірген адам нағыз ұстаздар, шынайы бапкерлер осындай қасиеті бар жандардан шығады. Сыпайы әдебімен, тұнық мінезімен, терең білімділігімен көпке жақын адам.

Педагог әрқашанда өзін қоғам талабына сай үздіксіз тәрбиелеп отыратын, адамдармен, әсіресе, оқушылармен қарым-қатынасқа тез түсе білетін, ұйымдастырушылық қабілеті бар, өз пәнін жетік білетін әрі уағыздаушы, таланты мен тәжірибесі тоғысқан, өзінің қоғамындағы саяси өмірге белсенді араласып, өз елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі негізінде оқушыларға үлгі болуы керек.

Педагогикалық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы, жан-жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушыларға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы. Ұстаздық шеберлік:

1) мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моральды бойына сіңірген адам екендігі;

2) пәнді жетік білген, ойын толық жеткізетін және оқушылардың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты моральдық нормаларды сіңіре білгендігі;

3) оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады.

Педагогикалық шеберліктің негізі – балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу-тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықтар, жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру педагогикалық шеберліктерінің басты сипаты болып табылады.

Болашақ ұстаздың педагогикалық мамандыққа өзін-өзі бағыттап, жұмысты ұйымдастыруы педагогикалық шеберлік негіздерін білумен шарттас. Бұл саланы зерттеуші ғалымдардың пікірінше педагогикалық шеберлік мынадай жүйелерге бөлінеді:

- педагогикалық іс-әрекеттегі гуманистік бағыттылығы;
- педагогикалық кәсіби білгірлігі;
- педагогикалық іс-әрекетке бейімділігі;
- педагогикалық техникасы.

Бұл аталған педагогикалық шеберлік жүйелері бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асады.

Зерттеу жүргізген ғалымдардың пікірінше, педагогикалық шеберлік жөніндегі ғылыми-зерттеу пайымдаулар мыналар:

- педагогикалық мақсаттылық, бағыттылық;
- тәрбие мен білім беру ісінің нәтижелілігі;
- әдістерді, құралдарды қолдана білудегі үйлесімділік;
- іс-әрекет мазмұнының шығармашылық сипат алуы.

Сонымен қатар әлеуметтік-қоғамдық өмірдің жаңаруына байланысты кәсіптік педагогикалық шеберлік деңгейіде дамуы тиіс.

Педагогикалық кәсіптік шеберлікті дамыту міндеттер:

1. Педагогикалық білім бірлігі.
2. Педагогикалық кәсіпке бейімділігі.
3. Ситуацияларды меңгеру.
4. Балалардың психологиялық жағдайын меңгеру.

Мұғалім шеберлігі – бұл өте жоғары білімді сапалар жиынтығы, әрі ұдайы жетіліп отыратын тәрбиелеу мен оқыту өнері.

Қазіргі заман мұғалімінің тұлғалық белгісі – ой өрісінің кеңдігі мен оның ауқымды дүниетанымы. Заман ағымымен тендей қадам басамын деген әрбір адам өте көп ақпараттан хабардар болуы қажет. Қазіргі заман оқу әдістерін жеке меңгеру де осы шеберліктің бір қыры. Енді бір қыры – шәкіртпен қарым-қатынастың, шәкірттің іс-әрекетін қуаттау немесе тежеу болып табылады. Ұстаз өмір бойы бала тәрбиесіне ықпал етумен яғни дәлелдеп сендіру, шәкірттің қызығушылығын дамыту, талап ете білу. Осы ықпал түрлерін іске асыруда ұстаз нағыз шебер болуы керек.

Педагогикалық шеберлік – мұғалімге оқу-әрбие процесін ұйымдастыруда қажетті кәсіби білім, білік және дағдылардың жиынтығы. Педагогикалық шеберліктің негізі жоғары оқу орнында қалыптасады. Оның мазмұнына:

1. Кәсіби педагогикалық білім;
2. Педагогикалық тәжірибе;
3. Шығармашылық тәжірибе;
4. Тұлғалық қасиеттері;
5. Кәсіби педагогикалық бағыты енеді.

Мысалы, педагогикалық тәжірибе – біріншіден, мұғалімнің нақты жағдайларды, балалардың, балалар ұжымының ерекшеліктерін және өзінің жеке ерекшелігін есепке ала отырып, педагогиканың практикадағы заңдарын және принциптерін шығармашылықпен, белсенді меңгеру мен іске асыруы.

Ал, педагогикалық шеберлікті меңгеру екі деңгейде жүргізіледі:

1. Кәсіби педагогикалық қызметке дайындық кезінде алынған білім, білік, дағды.
2. Кәсіби педагогикалық қызмет барысында алынған білім, білік, дағды.

Педагогикалық шеберліктің нәтижесі ретінде мұғалімнің шығармашылығы, жеке тәжірибесі және оның жариялылығы болып табылады. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен кәсіби қабілеттілігінің өзара байланысын А. С. Макаренко:



педагогикалық шеберліктің туа біткен ерекшеліктері, қасиеттері арқылы белгіленетінін жоққа шығара отырып, ол оның кәсіби қабілеттілік деңгейіне байланысты екендігін көрсетті. Оның айтуынша, іскерлікке, педагогикалық квалификацияға негізделетін педагогикалық шеберлік - бұл тәрбие процесін білу, оны құру, қозғалысқа түсіру. Педагогикалық шеберлікті меңгеруге әрбір педагогтың жеке практикалық тәжірибесі мен еңбектенуі нәтижесінде қол жеткізуіне болады.

Шебер педагог - бұл жоғары мәдениетті, өз ісінің шебері, оқыту мен тәрбиелеу әдістемесін білетін, психологиялық білімі бар, сонымен қатар әртүрлі ғылым саласынан хабардар маман.

Педагогикалық шеберлік – балаларды сүйетін, жүрек қалауымен жұмыс істейтін, әрбір педагогтың қолы жетерлік тәрбие мен оқытуда тұрақты жетілдіріліп отырылатын өнер.

Педагогикалық үрдістің ерекшелігі, оның құрылымы және мазмұны дамыту, оқыту, тәрбиелеу функцияларын тәжірибе барысында тарататын шеберліктің ашылу себептері болып табылады.

Педагогикалық шеберлік педагогикалық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі бола отырып, мынадай төрт жүйені қамтитын күрделі құрылымды қамтиды:

1. Педагогикалық технология (сөйлеу мәнерінің техникасы, ойлау логикасы мен нақтылығы, бейнелі көрсетілімдері, қажетті құралдарды таңдай білу дағдысы, формалары мен тәсілдері);

3. Педагогикалық шығармашылық (шығармашылық талдау, стандартты емес ойлау, жаңа ақпараттар іздестірудегі қажеттілік, экспериментке ұмтылыс);

3. Пәндік білім (кәсіптік құзырлылық, арнайы кәсіби даярлығы, оқыту мен тәрбиелеудегі тәжірибесі, ғылыми біліктілігі);

4. Педагогикалық стиль (педагогикалық нақтылық, өзінің және өзгенің әрекетін қабылдай және бағалай білу дағдысы, педагогикалық бағыттағы тіл табысу мен әрекетшілдік, педагогикалық тактика мен этика, тыңдай және тыңдата білу дағдысы, адамдардың ішкі дүниесін тануға қызығушылық).

Оқыту пәнін толық меңгеру, оның тарихын, теориясын, тәсілдерін, қазіргі заманға сай тәжірибесін білу педагогикалық шеберліктің негізін құрайды.

Педагогикалық (білім беру) технология.

1) кәсіби педагогтің басқаруымен жүргізілетін оқушылардың (студенттердің) өзіндік және өзара білім алу процесі, оқу жоспары мен оқу бағдарламасында анықталған білім мазмұны мен әрекет түрлерін меңгеруіне байланысты олардың жұмысының әрбір сатысында болатын өзгерістер мен түрленулер; 2) студенттерді педагогикалық мамандықтарға кәсіби дайындауға айналып бағытталған оқу (ғылыми) пәні; 3) дәстүрлі педагогикада:

а) іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру және оны жарақтандыру;

ә) өте аз шығынмен нәтиже алуға мүмкіндік беретін бірізді амалдар;

б) педагогикалық проблемаларды әдіснамалық деңгейде талқылауға мүмкіндік беретін педагогикалық категория;

в) педагогика, оқу процесін толық басқаруға мүмкіндік беретін жүйелі ойлау тәсілін енгізу;

г) орындалуы кепілдікпен педагогикалық мақсаттарға алып келетін әрекеттің тәртіптелген жүйесі;

д) дидактикалық инфрақұрылым, яғни оқытудың техникалық құралдарын немесе компьютерлерді пайдалану, сонымен бірге пайдаланылған әдістердің көмегімен білім берудің тиімділігін арттыратын ықпалдарды талдау жолымен білім беру процесін оңтайландыру тәсілдерін жасақтау және принциптерін анықтау:

е) педагогикалық шеберлік;

ж) оқыту мен тәрбиелеудің бірегей әдістемелері;

з) дәл берілген мақсаттары мен оған жету жолдарын нақты анықтауға және сипаттауға болатын оқу процесін басқару бағытындағы дидактикалық проблемаларды шешу.

Педагогикалық шығармашылық - педагогикалық шеберліктің

маңызды және белгілі құрамдас бөлігі. Оның маңыздылығы оқыту мен тәрбиенің жоғары дәрежелі нәтижесінде және «мұғалім-оқушы» жүйесінің оңтайлы қарым-қатынасы нәтижесінде ғана ашылады. Педагогикалық шығармашылықта әр түрлі проблемалы жағдайлардың пайда болуы және оларды педагогтың өз көзқарасы мен стандартты емес тәсілдермен шешуге ұмтылуы шартты. Нақты шығармашылық ақпараттың толықтығы және педагогтың оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық өзара әрекеттесудің әр түрлі құралдары, формалары мен тәсілдерін тиімді және жаңаша қолдану негізінде каланады.

Педагогикалық стиль - педагогты (бір мектептің) өзге педагогтардан ерекшелеп тұратын өзіндік ойлары мен әрекеттерінің ерекшелігімен сипатталады.

Әр педагогтың оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру сипаты өзгеше болып келеді. Оны оқушылар байқайды. Оңтайлы сипат әлемдік позициядағы көрегенділікпен, үнемі өз-өзін жетілдірумен, жұмысқа, өзіне, тәрбиеленушілерге деген дұрыс қатынасының әр алуан бағыттылығымен сипатталады. Психологиялық-педагогикалық өзара қатынасқа түсе отырып, педагог-гуманистің өзіндік танымы мен рефлексиялық қабілеті ашылады.

Аттракция (латын тілінен *attractio* – тартылыс) - педагогтың тартымдылық күшіне ие болу, өзге жанды баурап алу, ашық, сүйкімді болу қабілеттілігі.

Эмпатия - педагогтың өзге адамды, оның уайым-қайғысын, әрекет ету мотивін және сыртқы ортаға деген әсерін іштей түсіне білу дағдысы; бұл - рухани-эмоционалды күйді түсіну, осы күйді онымен бірге қайғыру.

Рефлексия - педагогтың өзін, өзінің психикалық жағдайын сезіну, өзін сырттай елестете және сезіне білу, өзге адамдардың өзін қалай бағалайтындығын байқай білу дағдысы.

Жоғарыда аталып өткен қасиеттерді өз бойынан таба білетін педагогтың мәдениеттілігі, оның педагогикалық тыңдай және тындата білу әдісі бойынша ерекшеленеді. Күнделікті қызметте өзіндік сыншылдық негізінде ол өзінің және өзгенің әрекетін бағалай білетін жағдайда болып педагогтың оқу-тәрбие міндеттерін сәтті шешуіне мүмкіндік береді.

Білім сапасын дамытудың негізгі көрсеткіші мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты өрнектеледі. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі

келесі педагогикалық шарттарды жүзеге асыруы барысында дамытылады:

Мақсаттылық – мұнда мұғалім іс әрекетіндегі саналы мақсат, әдістер, әрекеттердің тиімді түрлері таңдаланып анықталады да, күтілген нәтижелерге іс әрекет пен оқыту нәтижесінің қорытындыларын салыстыру әрі басқару құралы қызмет атқарады.

Тұлғалық - әрекеттік. Мұнда жобалауда қойылған міндеттерді шешуде мұғалімнің оқушылармен, әріптестерімен педагогикалық ұтымды қарым-қатынастарды тағайындаумен байланысты іс-әрекеттер қамтылады. Ең бастысы, тыңдаушылардың шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуын қамтамасыз ететін өзіндік жұмыстарға ерекше назар бөлінеді.

Процессуалдық. Мұнда білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың аймақтық жүйесінде білім беру іс әрекетінің арнайы ұйымдастырылған үрдісі ретінде қарастырылады және оқытудың топтық форма мен бірлескен іс әрекетке бағдарлануын талап етеді.

Басқарушылық. Бұл жерде білім арттыру курстарындағы оқыту үрдісін рефлексивтік түрде басқаруды мұғалім-мазмұндаму деп қарастыруға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің бір ғана сыры – оның мамандығы. Бұл дүниеде теңдесі жоқ мамандық тек мұғалімге ғана лайық. Сондықтан ұстаз адам – кәсіби мамандығына құштар, оны жан-тәнімен сүйетін, барлық өмірін соған арнауы тиіс. Олай болса, мұғалім еңбегінің сан қырлылығы осыдан өрбиді. Мұғалім адамның өз пәнін терең меңгеруі оның ең алғашқы қыры, кәсіби шеберлілігін үздіксіз ұштай, шыңдай түсуі екінші қыры болмақ.

Үшінші қыры – мұғалімнің тілді меңгеруі – тіл шеберлігі. Сөзді жетесіне жеткізе сөйлей білудің өзі – өнер. Себебі, тіл – тәрбие құралы.

Төртінші қыры – байқағыштық сезімі және көрегендігі.

Бесінші қыры – әр жүректі білім шұғыласымен нұрландырудың ең тиімді, ең төте жолын таба білетін жасампаздығы.

Алтыншы қыры – жан-жақты дарындылығы.

Жетінші қыры – үздіксіз, тынымсыз ізденімпаздығы.

Сегізінші қыры – үлгі-өнегесі, мұғалім мәдениеті немесе педагогикалық әдеп-этикасы деуге болар еді. Себебі, мұғалімнің келбеті – сыртқы мәдениеті, қарым-қатынасы, өзін-өзі басқаруы, бақылауы, сөйлеу мәдениеті, үздіксіз жаңарып, өзгеріп, үнемі

жана сипатқа ие болып отыруы мұғалімдік мамандықтың ең басты этикалық сапалық белгісі.

Мұғалім – Ұстаз тұлғасы, оның іс-әрекетінің сан-қырлылығынан ұстаз беделі деген ұғым туындайды. Мұғалімнің беделді болуының алғы шарттары: біріншіден, балаға үлгілі болуы және үлгі көрсетуші болуы керек.

Білім беру саласында қоғам қойған міндеттерді шешу үшін ұстаздар педагогикалық шеберлікке ие болуға тиісті. И. А. Зязюннің пікірінше, педагогикалық шеберлік – бұл кәсіптік педагогикалық іс-әрекетті өзі ұйымдастырудың жоғары дәрежесін қамтамасыз ететін тұлғаның қасиеттерінің кешені. Ал, В. А. Слостененнің пайымдауынша, педагогикалық шеберлік – бұл педагогикалық процестің жоғары пәрменділігін қамтамасыз ететін жеке адамның жекелік іскерлік белгілері мен қасиеттерінің синтезі.

Ал, оның компоненттеріне гуманистік бағыты, кәсіби білімі, педагогикалық қабілеті және педагогикалық техника жатады.

Сондай-ақ, педагогикалық шеберліктің маңызды бөлігі ретінде педагогикалық техника қарастырылады. Бұл жеке оқушыға немесе ықпал жасауға арналған әдістемелік құралдардың тиімді және дұрыс қолдану шеберлігі. Оған мұғалімнің сөйлеу техникасы, өзін-өзі ұстауы, жүріс-тұрысы, киім киісі, эмоционалдық тұрақтылығы, дауыс ырғағы және тағы да басқа қасиеттері жатады.

Педагогикалық техника – мұғалімнің өздерінің жеке психофизиологиялық жай-күйін, көңіл күйін, эмоциясын, денесін, сөзін және педагогикалық мақсатты қарым-қатынасын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін жалпы педагогикалық және психологиялық білім кешені.

Педагогикалық қабілеттілік – мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетте жоғары нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз ететін жеке-дара психологиялық ерекшеліктері мен кәсіби маңызды сапасының қорытынды жиынтығы.

Педагогикалық шеберліктің элементтері

Гуманистік бағытталғандығы	Кәсіптік білімдері	Педагогикалық қабілеттері	Педагогикалық техника
Қызығушылығы Құндылықтары Мұраттары	өз пәнін, оны оқытудың әдістемесін, педагогиканы, психологияны білу	<p><i>Коммуникативтілігі:</i> адамға деген оң қатынасы, тілектестігі, перцептивтігі, кәсіптік байқағыштығы, педагогикалық интуициясы.</p> <p><i>Динамизмі:</i> еріктік әрекетке, логикалық сендіруге қабілеттілігі.</p> <p><i>Эмоционал-дық орнықтылығы:</i> өзін-өзі меңгеруі, оптимистік болжау.</p> <p><i>Креативті-лігі:</i> шығармашылыққа қабілеті</p>	Өзін-өзі басқара білу іскерлігі, өзара әрекет жасау іскерлігі

Мынадай түрлерге ажыратылады:

- *гностикалық* (тани білу және танымнан қанағат алу бірлігі);
- *дидактикалық* (білімді түсіндіру, бере білу және оқыту білігі);
- *коммуникативтік* (қарым-қатынас жасау, ынтымақтасу білігі);
- *ұйымдастырушылық* (тәрбиеленушілерді алуан түрлі іс-әрекеттерге қосу, оларда оған деген қызығушылықты шақыру, өкілеттік беру, барлық қатысушыларды біріктіру және олардың қызығушылығын қойылған мақсаттарды іске асыруға бағыттау білігі);
- *перцептивті* (баланың ішкі әлеміне ену, олардың қобалжыған сезімін және күйін, қабілеті мен эмоциясын түсіну білігі);
- *болжамдық* (педагогикалық болжай білуді жүзеге асыру, педагогикалық іс-әрекетте өзара әрекет нәтижесін болжамдау білігі);
- *суггестивті* (мұғалімнің эмоционалды-жігерлі иландыруы, оның бекем қайратты сөзі көмегімен ықпал етудің қажетті нәтижесіне жету білігі);

- *экспрессивті* (өзінің білімі мен нанымын эмоционалды және мәнерлі етіп бере алу, мұғалімнің әртістігі, сөйлеудің көп бейнелі интонациясын, ымды, қозғалысты, икемділікті меңгеру білігі).

Педагогикалық шеберліктің бар немесе жоқтығын анықтау үшін И. А. Зязюн мынадай критерийлерді белгілеген:

- мақсатқа лайықтылығы (бағытталғандығына қарай)
- өнімділігі (нәтижесіне қарай білімдік, тәрбиеленгендік дәрежесі)
- оптимальдылығы (әдістерді, құралдарды таңдауына қарай)
- шығармашылығы (іс-әрекеттің мамұнына қарай)

Сонымен, болашақ мұғалімдердің кәсіби білімін қалыптастыру қазіргі кезеңде кәсіби білім беру жүйесін дамытудың мазмұнды сұраныстары және даярлық жүйесіндегі сәйкес мазмұнды қарастыруға, кездесетін қайшылықтарды жеңуге бағытталады.

Тұлғаның өзін-өзі кәсіби – шығармашылық дамыту мұғалімнің өзіне маңызды және шығармашылықпен қабылданған сыртқы факторларға негізделген саналы тұлғалық қалыптасу үрдісі болып табылады. Ол мұғалімнің өзін-өзі тану, өзін-өзі ұйымдастыру, өз бетімен білім алу механизмдері арқылы жүзеге асырылады. Мұнда шығармашылық пен ой-өріс осы үрдісте үдету тәсілдері ретінде қолданылады.

Мұғалімнің кәсіби білімі – мұғалімнің әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, игерген білім, білікті тәжірибеде қолдана білуі және өзін-өзі, қоршаған ортаны жаңарту қабілетімен қатар басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу қабілетімен сипатталады.

Кәсіби білімді жоғары деңгейде меңгерген мұғалімнің шешуге тиісті міндеттері:

- жаңаша ойлауға, таным және өзіндік ұйымдастыру әдістеріне оқыту;
- оқушыны құбылысқа тұтастай және қозғалыс кезінде қарауға үйрету;
- оқушыны өзін өзі ұйымдастыруға үйретіп, өз бетінше өмір сүрудің нақты жолын көрсету;

Педагогикалық кәсіби білімді жоғары деңгейде меңгерген мұғалімге тән мінез-құлық:

- балаларды сүйе білу ізгіліктік қағида мұғалімнің адами маңызды сапасы;

- баланы, адамды құрметтеу әр адамның бойынан тұлғаны көре білу қасиеті;

- балаға, адамға сену, оқу процесіндегі жетістік кепілі, ізгіліктік пен өзіне өзі сенім;

- оқу процесіне қатысушы ретінде баланың, адамның досына айналу, оған қолдау көрсету және көмектесу;

- педагогикалық еңбек мәдениетіне бағытталу мұғалімнің тұтастай дүниетанымын қалыптастыруға бағытталу;

Педагог тұлғасының арнайы қасиеттері мен сапалары:

- әрекетшілдік сапа (жауапкершілік, ар намысшылдық, еңбексүйгіштік, нақтылық).

- рефлексивті сапа (ұқыптылық, тиянақтылық, өзіндік сыншылдық, білімпаздық).

- коммуникативтілік сапа (шыншылдық, сенімділік, ұстамдылық, талап қоя біліушілік, міндеттілік).

- эмпатиялық сапа (өзіндік түсіністік, қайырымдылық, түсінушілік, қайғыға ортақтаса білуге қабілеттілік).

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі оның өзіне деген сенімділігін, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады.

Қазіргі заманғы құзырлылығы қалыптасқан мұғалімнің кәсіби әрекетінің құрамына енетін бөліктерді меңгеру мектептің әр мұғалімнің міндеті, олар:

- *ақпараттық* (біліктер: ақпараттық қабылдау, жинау, таңдау, жүйелеу, талдау, түзу, жалпылау, бағалау, бейімдеу, шолу);

- *зерттеу* (біліктер: проблема туғызу, мақсатты, міндетті, пәнді, объектіні тұжырымдау, зерттеу әдістерін меңгеру және жоспарлау, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу нәтижелерін өңдеу, қорытындыны тұжырымдау және т.б.);

- *интеллектуалдық* (біліктер: жүйелеу, жалпылау, талдау, жіктеу, салыстыру, мәнін түсіну, жалпы мен жеке айыра білу, мақсат қою, ой жүгірте алу.)

- *креативті* (біліктер: елестету, жалғастыра алу, негізін бөліп алу, алдына ала білу, жаңаша түрлендіру);

- *диагностикалық* (біліктер: диагностиканың тәртібі бойынша жүргізу, оның нәтижелерін өңдеу және т.б.);

- *болжау* (біліктер: мақсат қою, ақырғы нәтижені болжау, болжамды, мақсатты, міндетті тұжырымдау, қор іздестіру, түзетулер жасау және т.б.);

- *коммуникативті* (біліктер: байланыс орнату, ақпараттарды алмастыру, вербальды және вербальды емес қарым-қатынас, өзара әрекеттестік жасау және т.б.);

- *аксиологиялық* (біліктер: объект пен бақылау формаларын таңдау, параметрді таңдау, нәтижені қажетті мөлшерімен салыстыру, өзін-өзі ұйымдастыру, реттеу және т.б.);

- *басқару* (біліктер: ұйымдастыра басқару, ынталандыру, мақсат қою, болжау, бақылау, әрекет нәтижелерін түзету және қадағалау);

- *жобалау* (мақсат қою, жоспарлау, жобалау, түзеу, модельдеу, құрастыру, технологияландыру);

- *инновациялық* (мәліметтер жинау, ой жүгіртулер арқылы бағалау, қадағалау, эксперимент жүргізу, өңдеу, енгізу);

Мұғалімнің өзін өзі кәсіби шығармашылық дамыту көрсеткіштері мен белгілері мынадай:

1. Мамандық құралдары арқылы өзін өзі дамытуды көздейтін дербестік:

- тұлғаның өз біліктілік деңгейін, кәсіби білімділік дәрежесін, кәсіби ынтасы мен өз іс әрекетіне қанағаттанушылық деңгейін бағалай алу қабілеті;

- өз жұмысын орынды жоспарлау мен ұйымдастыру, өзін-өзі реттеп отыру қабілеті, ұжымды жұмыс істеудегі ұйымдастырушылық және коммуникативтілік қабілеттері;

- өз бетімен мамандығына сәйкес білім, білік және дағдыларды меңгеру, кәсіби маңызды сапалар мен қабілеттерді тереңдету және кеңейту, кәсіби жанаруға деген тұрақты дайындық.

2. Кәсіби бағдарланған ойлау, нақты білім беру саласындағы мәселелерді шешуде қабылданған тәсілдерді қолдана білу, кәсіби әрекет стратегиялары мен әдістерін өңдеу.

3. Кәсіби педагогикалық іс-әрекетке шығармашылық қарым-қатынас, еңбектегі инновацияға дамыған қабілет, жеке шығармашылық еңбек есебінен тәжірибесін байыту.

Қазіргі уақыттағы мұғалімнің кәсіби, көп жағдайда әдістемелік ой-өрістің жоғарлығы мен мұғалімнің кәсіптік білім беру іс-әрекетінің деңгейінен байқалады.

Біліктілікті арттыру жүйесінің осындай тұстарын жоюдағы негізгі салмақ қазіргі таңда қосымша білім беруді жүзеге асыратын білікті арттыру институтына түседі.

Мұғалімге ең қиын жұмыс, баланы қырық бес минут бойы сабақта отырғызып, сабақ тыңдату. Қазіргі кезде балалар жан-

жақты, ақпаратты тез қабылдайды. Сол үшін мұғалімге актерлық шеберлік керек. Актер болу ол шеберлікті талап етеді.

Мұғалім - шебер актер, әрі тәрбиелеуші. Бір уақытта бірнеше рөлге енеді.

Шебер мұғалім сабақты қалай өткізу керек екенін біледі, бірақ актер болуды көздемейді. Сабақта, сабақтан тыс уақытта да актерлік элементтерін пайдалана білу керек. Мысалы: сабақты нашар оқитын оқушы, бірақ ол ешбір дайындықсыз күнделікті сабаққа келеді. Мұғалім оны қалай қызықтыратынын білмейді. Бір сабақта оқытушы Ерболды мұғалім рөліне өзі оқушы болып сынап көрмекші болып шешті. «Сен бүгін мұғалімсің, ал мен оқушы рөлін ойнаймын. Ал кіріс», - деп оған орнын берді. Тақтада есеп шығару барысында «оқушы» қате жібереді. Ербол қатесін түзеп, ескерту айтады, сөйтіп алма-кезек рөл ауыстыру арқылы мұғалім оқушыны сабақ барысына араластыра білді. Бұл белсенділік принципінің бір элементі болып табылады.

Болашақ педагогтардың кәсіби міндетін дамыту қазіргі уақытта психологиялық педагогикалық зерттеу мәселесіне айналуға.

К. С. Станиславский оқушының жан дүниесін түсініп, жұмыс жасауды ұсынады. Сондай-ақ, мұғалімнің 4 түрін атап көрсетеді:

1-ші түріне *белсенді*, қиялы жақсы дамыған, әркез ізденушілікпен айналысатын мұғалім. Олар сабақты жаңа әдістермен өткізуге тырысады.

2-ші түріне *белсенді емес*, өз пәніне деген немқұрайлықпен қарайтын мұғалім.

3-ші түріне *бір ізбен жүрмейтін мұғалім*. Бірде сабақты қызықты, кейде жалқаушылық танытатын. Бұл мұғалім кітаптағы материалды қайталап, еш жаңалық енгізбейді.

4-ші түріне *ешнәрсе, тіпті кітаппен де, ізденушілікпен айналыспайтын* мұғалім түрі. Мұндай мұғалім тіпті болмау керек деген екен.

К. С. Станиславскийдің мектепте қолданылатын принципі - *өмір шындылық принципі*. Өмір шындылық принципінің мақсаты ешқандай өтірік, тәртіпті бұзатындай әрекеттер жасамау. Өмір шындылық принципіне көмекші принцип – *алдын-ала тапсырма беру*. Осы арқылы үміттенген арманды іске асыра алады. Алдын-ала тапсырма беру принципіні қолдану арқылы оқушының дайындық деңгейін білуге болады. Үшінші принцип – *белсенділік және әрекет*

ету. Мақсат – образға ену және сабақтың практикалық бөлімінде оқушыларды белсендіре түсу.

Актерлік қабілеттіліктердің тәжірибеде жинақтаған өз белгілері бар. Көптеген театр қайраткерлері, түрлі театр мектептерінің негізін қалаушылар К. С. Станиславский, В. Э. Мейерхольд, А. Я. Таиров актерге қажет ерекшеліктер мен сипаттар жөнінде жазды.

Педагогтар актердің, сыналатын тұлғаның адамдық құндылығына, оның ақиқат пен сенім сезіміне яғни түрленуге деген қабілеттілігіне, саналық тартымдылығына, қызықтыра әсер беретініне және сендірерлігіне, сезім күшіне және эмоциялық шапшаңдығына, сахналық тұрғыдан ыңғайлы сыртқы мәліметтеріне көңіл бөледі.

Сәтсіз көрсеткіш кейде актердің абыржуымен, физикалық қысымымен, жанын күштеумен байланысты болуы мүмкін, ол шығармашылық ойлауға, олардың динамикасында күрделі сипаттарды жүзеге асыру шеберлігі бір көргеннен мүлдем байқалмайды.

Егерде, болашақ мұғалім өзінің шығармашылығында әртістікке дейін көрсетілуге ұмтылса, онда театр педагогикасының элементтерін меңгеру орындауды қажет ететін шарттардың бірі болып табылады.

Өртіс педагогтің міндеті оқушыларға эмоциялы ықпал ету, олардың үн қосуына, мұнсыз өмірді және оның ұғымын терең қабылдауды, балалардың санасы мен жүрегінде өзіне сенімді нығайту, өзінің қатынасымен, сезімдерімен әсер ету.

Украин зерттеушісі В. Ф. Моргун былай дейді: «Актердің өнері біріншіден, әлеуметтік, екіншіден, өмірлік және үшіншіден ғана театралды болуы тиіс, оның үстіне мұндай ұйғарым педагогтың шеберлігіне қатысты әділ болып саналады. Демек, педагогикалық шеберліктің формуласы былайша көрініс табады: біріншіден, өнегелілік, екіншіден, біліктілік және үшіншіден әртістік.

Актерлік дарындылық табиғатының мәселесін, оның диагностикасының белгілері мен әдістерін зерттеу:

1 - студенттерді курсқа іріктеу үрдісінде-ақ педагогикалық және актерлік шеберлікке табысты оқытуды болжау үшін;

2 - бейімділіктердің, арнайы қабілеттіліктердің, тұлғаның жалпы көркемдік дарындылығы мен шығармашылық әлеуетінің ара қатынасын елестету үшін;

3 - шамамен кәсіби маңызды ерекшеліктерді анықтағанда кателеспеу үшін;

4 - студентке өзінің мүмкіндіктерін, күшті жақтарын және кемшіліктерін түсінуде, қабілеттілік барда мамандықты меңгеру жолында нақты кедергілерді жеңуде жәрдем беру үшін;

5 - шығармашылық дербестікті ынталандыратын факторларды белсенді ету және жағдай жасау үшін қажет.

Бұдан нені байқауға болады? Мұғалімнен жан-жақты терең білім-біліктілікті, сегіз қырлы, бір сырлылықты талап етіп тұрған жоқ па?

Мұғалімге қойылатын талап – жауапкершілік жүктелген үлкен міндет, абыройлы істің сан қырлылығы одан жан-жақты терең біліктілікті, аса педагогикалық шеберлікті, өте нәзік психологиялық қабілеттілікті талап етеді.

Мұғалім тұлғасына қойылатын талаптар жиынтығы педагогикалық іс-әрекетке кәсіби дайындығы анықтайды. Кәсіби дайындық өз кезегінде психологиялық, педагогикалық, әдістемелік, теориялық, практикалық дайындықтардан құралады. Мұғалімнің кәсіби дайындық жүйесі кең ауқымды болғандықтан мұғалімге қойылатын талаптар да өте көп.

Мұғалімге қойылатын талаптарды шартты түрде үш топқа бөліп көрсетуге болады:

- жалпы адамзаттық талаптар;
- мұғалім мамандығының ерекшелігін анықтайтын талаптар;
- пәні бойынша білім, іскерлік, дағдылары.

Жалпы адамзаттық талаптарға мұғалімнің адамгершілігі, қайырымдылығы, әділеттілігі, инабаттылығы, әдептілігі және т.б. жатады.

Ал, мұғалім мамандығының ерекшелігіне байланысты талаптарға мұғалімнің сөйлеу мәдениетінің болуы, коммуникативтілігі, шыдамдылығы, ұйымдастырушылық қабілетінің болуы, шығармашылық іскерлігінің болуы, жауапкершілігі, үнемі үлгі-өнеге болуы және т.б. кіреді.

Үшінші топ бойынша мұғалімнің терең теориялық білімінің болуы, педагогикалық-психологиялық білімдерінің болуы, әдістемелік білімдерді игеруі және т.б. өзіне меңгереді.

Мұғалімге қойылатын талаптар өте көп. Г. Г. Воробьев «Школа будущего начинается сегодня» деген мұғалімге арналған кітабында оқушылардың мұғалімге қоятын 20-дан астам талабын көрсеткен.

Сондай-ақ, мұғалімге қойылатын талаптарды анықтауда педагогикалық қабілеттердің алатын орны ерекше. Бұл жөнінде В. А. Крутецкий педагогикалық қабілеттерді дидактикалық, академиялық, коммуникативті деп көрсетеді. Ал зерттеуші А. И. Щербаков негізгі педагогикалық қабілеттерге дидактикалық, конструктивті, перцептивті, коммуникативті, ұйымдастырушылық қабілеттерді жатқызады.

Мұғалімге қойылатын талаптарды анықтауда мұғалімнің бағыттылығы да маңызды рөл атқарады. Мұғалім тұлғасының құрылымында кәсіби-педагогикалық бағыттылық маңызды орын алады. Негізгі педагогикалық бағыттылықтардың бірі мұғалім мамандығына деген қызығушылығының және педагогикалық бейімділіктің болуы. Педагогикалық бейімділік негізі мұғалімнің балаға деген сүйіспеншілігі құрайды. Бұл негіз құрайтын сапа мұғалімнің өзін-өзі дамытуының және кәсіби маңызды сапаларды мақсатты түрде дамытудың алғышарты болып табылады. Мұғалімнің негізгі сапаларының қатарынан педагогикалық парыз және жауапкершілікті ерекше атап өту керек. Педагогикалық парызды басшылыққа ала отырып мұғалім үнемі балаға қамқорлық жасауға ұмтылады. Сонымен қатар педагогикалық шеберлік қатарына төмендегі қасиеттерді атап кетуге болады:

- психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімдарлығы, өз пәнін еркін, терең игеруі;
- мұғалім мамандығына бейімділігі, педагогикалық қабілеттілігі;
- кәсіптік көрегендігі;
- педагогикалық сүйіспеншілік пен балаларға деген сенімділігі;
- ұйымдастырушылық шеберлігі;
- оқу-тәрбие процесінде кездесетін қиындықтарды жеңе білуі, шешімді дұрыс әрі уақытылы қабылдай алуы;
- ұстаздық сезімталдығы, үлкен жүректілігі;
- педагогикалық техника.

Педагогикалық шеберліктің тағы бір көрінісі – мұғалімнің педагогикалық шығармашылық іс-әрекеті, яғни оның тұлға ретінде жеке-даралығы және адамның индивид ретіндегі кейбір ерекшеліктерінің өзгеріске ұшырауы.

Педагогикалық шығармашылық – педагогтің жекедаралығының, оның тәжірибесінің, дарындылығының, қабілеттілігінің және тұлғалығының, қиялы мен түйсігінің жоғары көрінісі. Кәсібилігі

мен шеберлігінің жоғары өлшемі; мұғалімнің оқу-тәрбие процесіне тиімді және стандартты емес педагогикалық шешімдер әзірлеу мен орындауы, тәрбие мен оқытудың теориясы мен практикасын байытуы. Педагогикалық шығармашылық алдыңғы қатарлы инновациялық тәжірибеге, ғылым жетістіктеріне, педагогикалық шешім табудағы өз тапқырлығына сүйене отырып, мақсаттардың, құралдардың және нәтиженің тиімді арақатынасын іздеу түйсігі мен сипатының ықтыималдығына негізделген.

Интегралды сипаттары:

- педагогте терең, жан-жақты білімнің болуы және оларды сыни өңдеу мен пайымдауы;

- теориялық және әдістемелік ережелерді педагогикалық әрекетке аудара алу білігі;

- өзіндік жетілуі мен өз бетінше білім алу қабілеті;

- жаңа әдістер, формалар, амалдар мен құралдар әзірлеу және олардың бірегейлі үйлесімділігі;

- іс-әрекет жүйесінің диалектикалығы, вариативтілігі, өзгермелілігі;

- қолдағы бар тәжірибені жаңа жағдайларда қолдану тиімділігі;

- өзінің жеке іс-әрекетін және оның нәтижесін рефлексивті бағалай білуі, педагог тұлғасының эталондық және жеке қайталанбас сипаттарын үйлестіру мен әзірлеуге негізделген кәсіби іс-әрекет стилін қалыптастыруға қабілеттілігі;

- білім мен түйсікке негізделген импровизацияға қабілеттілік.

Осыдан шығарар қорытындымыз: әрбір педагог мұғалім мамандығын таңдап алған соң, ол жауапкершілігін бірге ала жүруі керек. Ұстаз өз пәнін ғана емес, дүние сырын, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінездерін, өнердің қуат әсерін білетін жан болуы қажет.

Сонымен, *педагогикалық шеберлік* дегеніміз өзінің мамандығына сай игеруі тиіс барлық ерекшеліктердің жоғары деңгейін, тұлғаның кәсіби қызметті өзінше ұйымдастырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің жинағын, сондай-ақ кейбір педагогикалық ерекшеліктердің дамуының жоғары деңгейінің салдарын білдіреді, ал педагогтың жалпы мәдениеті, оның теориялық білімі және педагогикалық техниканы меңгеруі осы шеберліктің іргетасы болып табылады.

Қорыта келгенде, бүгінгі талапқа сай мектепте білім берудің

жана саласына жету - мұғалімнің мейірімділігімен, білімімен, шеберлігімен, тығыз байланысты. Өз мамандығына жан жүрегімен берілген ұстаз ғана ұстаздық этиканы, ұстаздық техниканы да, шеберлікті де жақсы меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ш. Х. Құрманалина, Б. Ж. Мұқанова. Педагогика: Астана, 2007.
2. Н. Берікұлы. Педагогика. Оқу құралы, 2004
3. Ж. Б. Қоянбаев, Р. М. Қоянбаев. Педагогика. Алматы, 2002
4. Зязюн. Основы педагогического мастерства М., 1989
5. Слостенин В.А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки. М., Просвящение, 1976
6. Қ. Сейталиев. Педагогиканың жалпы негіздері. Ақтөбе, 2004.
7. Б. А. Молдағалиев. Мектеп мұғалімінің анықтамалығы. Орал, 2005.
8. Кондратеньков А .В. Труд и талант учителя: факты, мысль. М., 1989
9. Ж. Әбиев Педагогика. Алматы., 2004.
10. Рыданова И. И. Основы педагогики общения. Мн.:Беларуская наука,1998.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Педагогикалық шеберлік дегеніміз не?
2. Педагогикалық шеберліктің элементтеріне сипаттама беріп, оны түсіндіріңіз
3. Сіз кімді нағыз мұғалім деп санайсыз? Сіздің өміріңізде із қалдырған мұғалім кездесті ме?
4. ХХІ ғасыр мұғаліміне қойылатын талаптарды атаңыз.
5. Мұғалім тұлғасына қойылатын талаптар жиынтығын атап көрсет
6. Мұғалімге қойылатын талаптарды шартты түрде қандай топқа бөліп көрсетуге болады?
7. Көрнекі педагогтар шеберлігінен мысал келтіріңіз.

Тест тапсырмалары

1. Педагогикалық шеберлік:

А. Тұлғалық қабілеттіліктер.

Ә. Тұлғалық және іскерлік қасиеттер мен кәсіптік біліктілік жиынтығы.

Б. Біліктілік.

В. Тұлғалық қасиеттер.

Г. Кәсіптік білімдер мен біліктер жиынтығы.

2. Педагогикалық шеберліктің компоненті емес

А. Кәсіптік білім

Ә. Педагогикалық қабілет

Б. Педагогикалық техника

В. Адамның өмірде өзін танытуы

Г. Педагог әрекетінің гуманистік бағыты

3. Педагогтың кәсіби шеберлігін дамытудың негізі

А. Педагогтың сыртқы келбеті

Ә. Қоршаған орта

Б. Кәсіптік білім

В. Өмірлік тәжірибе

Г. Азаматтық позиция

4. Кәсіптік әрекет, ұйымдастырудың жоғары деңгейін көрсететін педагогтың тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы

А. Педагогикалық жоспарлау

Ә. Педагогикалық басқару

Б. Педагогикалық шеберлік

В. Кәсіптік әрекет

Г. Тұлғаның гуманистік бағыттылығы

5. Ұстаздық шеберлік компоненттері

А. Ұйымдастырушының шеберлігі

Ә. Реттеушілік шеберлігі

Б. Ынталандырушылық шеберлігі

В. Танымдық шеберлігі

Г. Диагностикалық ерекшелігі

6. Шебер педагогтің негізгі қасиетінің бірі. Ол:

- А. Педагогикалық әдептілік
- Ә. Бала психологиясын білу
- Б. Жас ерекшеліктерін білу
- В. Балаларды сүю
- Г. Балаларды қадірлей білу

7. Педагог шеберлігі нені қажет етпейді

- А. Талантты
- Ә. Педагогті жоғары оқу орындарында тәрбиелеу
- Б. Педагогті үйрету
- В. Теорияларды меңгерту
- Г. Өз мамандығын жақсы көру

2. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ – КӘСІБИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ

Жоспар:

1. Педагогикалық қызмет қоғамдық құбылыс ретінде
2. Жалпы педагогикалық қызмет және кәсіби педагогикалық қызмет
3. Педагогикалық қызметтің ерекшеліктері мен қиыншылықтары
4. Кәсіби қызметтің мәні мен құрылымы.
5. Педагогикалық қызмет деңгейлері: репродуктивтік бейімділік, жергілікті үлгіленген, жүйелі-үлгіленген, қызмет пен мінез-құлық.

Негізгі ұғымдар: педагогикалық қызмет, кәсіби педагогикалық қызмет, кәсіби шеберлік, кәсіби қызмет құрылымы.

Мұғалім еңбегі басқа қызметтермен салыстырғанда, өзіндік ерекшелігі мол шығармашылықты сүйеді. Мұғалім еңбегінің ерекшелігі оның баламен үнемі қарым-қатынаста болуымен және рухани араласуымен сипатталады. Сол себепті мұғалімнің жалпы мәдениетінің жоғары дәрежеде болуы оның интеллектуалдық мүмкіндігі, ой-өрісінің кеңдігі, рухани байлығы ұстаздық қызметті тиімді ұйымдастыруға зор ықпал жасайды.

Баланың тұңғыш ұстазы-оны мектеп табалдырығын алғаш аттағанда күтіп алып, әріп танытып, жазуға үйрететін мұғалімі. Мұғалім еңбегінің ғылымға негізделе отырып, белгілі жүйелілікпен жүзеге асырылатыны айқын. Мысалы, оңайдан қиынға, жеңілден ауырға, нақтылы түсініктен абстрактылы ұғымға біртіндеп ауысу ережелерін және оқушылардың жасы мен дербес ерекшеліктерін еске алмайынша оқу және тәрбие жұмысында белгілі нәтижеге жету қиын. Сондықтан мұғалімнің алдындағы басты міндет - оқушыларды біліммен қаруландыра отырып, ойлауға, сөз шеберлігіне, еңбек ете білуге үйрету және тәрбиелеу.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген мағынада оқушының бойына шынайы білім, білік, дағдыларын дарытып, зердесіне ғылыми негіздерін тоқыта алған, үйренген нәрселерін өмірде, іс жүзінде қолдана білуге жаттықтыра алған сөйлеген сөзі, істеген ісі, парасат пайымы, инабаты, білімінің терендігі мен жан-

жақтылығы арқылы шәкірттеріне ең беделді үлгі бола алған адам ұстазға саналады. Екінші сөзбен айтқанда, ұстаз- адамдардың өмірге көзқарасын, сенімін қалыптастыратын, оларға өмірден өз жолын дұрыс таба білуге көмектесетін, айналасына білім, тәрбие нұрын шашып, адамгершілік нұрын төгетін қоғамдық қайраткер, ойшыл тұлға. Ол жеке адамдардың өмірінің дұрыс бағытта дамып, көркеюіне із қалдыратын өмір тәжірибесі мол дана адам болып табылады.

Сондықтан мұғалімнен жан-жақты терең ғылыми білім, жоғары ұстаздық шеберлік, шыныққандық, моральдық таза, табанды, ерік жігерлі, парасатты мінез-құлық талап етіледі.

Мұғалім - мәдениеттің қайнар көзі, жастарды қалыптастыратын мүсінші, адамтану мамандығының иесі. Мұғалімдік қызметтің басқа мамандықтан ерекшелігі оның сауаттылығында, көрегендігінде және баланы сауаттандырып, Отанын, ұлтын сүюге тәрбиелеуде. Басқа мамандық иелерінен мұғалімнің айырмашылығы - ең алдымен оның жұмысында да, үйде де білімін ұлғайтып, тереңдетуге айырықша қабілетті болуы талап етіледі. Ғылыми материалмен жұмыс істей отырып, мұғалім әрдайым оны педагогикалық ой елегінен өткізуге тырысып, оқушылардың өз пәніне деген ынта-ықыласын қалай туғызып, тереңдету жағын ойлайды.

Мұғалім мамандығы тек әлеуметтік тәжірибені алмастырушы ғана мамандық емес, ол тұлға қалыптастырушы, адамды адам ретінде тәрбиелейтін мамандық. Сондықтан мұғалім тұлғасында мынадай қасиеттер болуы керек:

- жоғары азаматтық жауапкершілік және әлеуметтік белсенділік;
- балаға деген сүйіспеншілік, оларға өз жүрек жылуын сыйлауға деген қажеттілігі мен қабілетінің болуы;
- шынайы зиялылық, рухани мәдениет, басқа адамдармен жұмыс жасауға деген ұмтылысының және іскерлігінің болуы;
- жоғары кәсіби шеберлік, ғылыми-педагогикалық ойлаудың инновациялық стилі, жаңа құндылықтар тудыруға және шығармашылық шешімдер қабылдауға дайындық;
- үнемі өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілігі мен дайындығының болуы;
- психикалық және физикалық денсаулығы, кәсіби жұмыс жасауға қабілеттілігі және т.б.

Мұғалім мамандығы шығармашылық сипатқа ие мамандықтардың бірі. Мұғалім үнемі ізденіс, шығармашылық

үстінде болуы тиіс. Шығармашылық педагогикалық іс-әрекеттің ұйымдастырылуы мен оның мазмұнын тиімді құрастыруға ықпал етеді. Мұғалім шығармашылығы педагогикалық міндеттерді тиімді шешуіне мүмкіндік жасайды.

Мұғалім мамандығы қарым-қатынас жүйесінде болуымен ерекшеленеді. Басқа мамандықтарға қарағанда мұғалім мамандығы қарым-қатынас жасау іскерлігін жоғары деңгейде игеруді талап етеді. Қарым-қатынас арқылы мұғалім тұлғаға ықпал етіп, оның тәрбиелі болуы мен білімінің қалыптасуына жағдай жасайды. Қарым-қатынас, яғни сөз мұғалім еңбегінің басты қаруы.

Мұғалім тұлғасы үлгі, өнегелік сипатқа да ие. Мұғалім өзінің тек беретін білімі мен тәжірибесі арқылы ғана тұлға қалыптасыру процесіне әсер етпейді, сонымен бірге оның жеке басының өзі оқушы тұлғасына ықпал жасайды. Сондықтан мұғалім әрқашанда бала алдында адамгершілігі мол, тәрбиелі, адам жанын түсінетін, терең білімді еліктеу үлгісі болуы керек. Мұғалім мектептен тыс уақыттарда өзінің сөзі мен ісі бір жерден шығып жатуына назар аударуы керек.

Мұғалім – қоғам қайраткері. Мұғалімді мемлекет оқытып, білім беріп, мемлекеттің болашағын сеніп тапсырады. Ол қоғамның мұң-мұқтажын жоқтайды, болашағын ойлайды, соған қызмет етеді. Басқа саладағы қызмет түрлерімен салыстырғанда, педагогикалық қызмет - әлеуметтенген қызметтің ерекше түрі. Ол ересек ұрпақтың адамзат мәдениет тәжірибиесін жас ұрпаққа беруге, олардың тұлға дамуына жағдай тудыру және оларды қоғамда белгілі бір әлеуметтік рөлі орындау үшін дайындауға бағытталған. Бұл қызметті педагогтармен қатар, ата-аналар, қоғамдық ұйымдар, өнеркәсіп басшылары, өндірістік топтар, бұқаралық ақпарат құралдары атқарады. Бірақ, педагогтар мұнда кәсіби қызмет атқарады. Педагогикалық іс-әрекет кәсіби қызмет ретінде арнайы ұйымдастырлған білім беру орындарында жүргізіледі. Педагогикалық қызметінің мәнін түсіну үшін оның құрылымына талдау жүргізу қажет. Оның құрылымы мақсат, мотив, іс-әрекет нәтижесі бірлігінен тұрады. Мұғалім жұмысының мақсатын қоғам анықтайды, яғни оның әрекетінің мақсаты оқушының тұлғасын қоғамдық талаптарға сәйкес тәрбиелеу. Ол тарихи құбылыс, әлеуметтік даму бағытын бейнелейтін көрініс ретінде мақсат, адалдық, рухани және табиғи мүмкіншілігін есепке ала отырып, оған бір жағынан әлеуметтік және этикалық топтардың

қызығушылықтары, екінші жағынан жеке тұлғаның қажеттілігімен қабілеттері жинақталған.

Педагогикалық қызмет мақсатының негізгі объектілері ретінде тәрбиелік ортаны, тәрбиеленушілердің әрекетін, тәрбиелеуші ұжымды және тәрбиелеушілердің жеке ерекшеліктерін бейнелейді.

Педагогикалық қызметтің мақсатын жүзеге асыру тәрбиелік ортаны қалыптастыру, тәрбиеленушілердің әрекетін ұйымдастыру, тәрбиеленуші ұжымды тудыру. Тұлғаның даралығын дамыту сияқты міндеттерді шешумен байланысты. Педагогикалық қызметтің барлық қасиеттерін анықтайтын негізгі функцияналды бірлігі ретінде педагогикалық іс-әрекеттің танымы. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеті ең алдымен танымдық формасында көрінеді. Өзіндегі бар білімге сүйене отырып, ол теория жүзінде өз әрекетінің құралдарын, пәнін және нәтижесін салыстырады. Танымдық міндеттерді психологиялық тұрғыдан өз шешімін тауып практикалық өзгерістерге айналады. Мұғалімнің іс-әрекеті түрлі деңгейлердегі міндеттерді шешу процесі. Педагогикалық міндеттердің спецификалық ерекшелігі олардың шешімін табуда. Педагогикалық қызметтің объектісі - адам.

Педагогикалық қызмет бұл тәрбиешінің тәрбиеленушіге жасайтын тәрбиелік және оқыту ықпалы. Бұл оның тұлғалық интеллектуалды дамуына бағытталады. *Педагогикалық қызметтің мақсаты* тұлғаны жан-жақты және үйлесімді тәрбиелеу. Сондай-ақ, қоғамдық мақсаттарды түсіну және өз тәрбиеленушілерін осы мақсаттарға жетуіне жағдай жасап, бағыттау. *Педагогикалық қызметтің мазмұны*-оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру үрдісі. *Педагогикалық қызметтің құралдары* - білім оқулықтарымен, оқу бағдарламалары, әдістемелік құралдар, компьютерлік, графикалық және техникалық құралдар. *Педагогикалық қызметтің әдістері* сөздік көрнекілік және практикалық әдістер тобы, педагогикалық қызметтің нәтижесі оқушы тұлғасының интеллектуалдық дене дамуы және оның қоғамда бағалануы.

Педагог деп білім беру ұйымдарында, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа да ұйымдарда білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуға және тәрбиелеуге байланысты білім беру қызметімен айналысатын қызметкерлерді атаймыз.

Педагогикалық қызмет бұл білім алу барысында пайда болатын білім, іскерлік, дағыдылардың жиынтығымен сипатталатын және

кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталған белгілі бір біліктілікке ие болатын педагогикалық кәсіби топтың іс-әрекетінің бір түрі.

Педагогикалық қызметтің негізгі мәні оның іс-әрекетіне байланысты болып табылады. Педагогтар әлеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрін атқарады, яғни адамзат жинақтаған мәдениет пен тәжірибені аға ұрпақтан жас ұрпаққа беруге бағытталады, оларды қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік рөлдерді меңгеруге дайындайды.

Педагог педагогикалық процесс субъектісі ретінде өз жұмысын оқушылармен ынтымақтастыққа, іскерлік қарым-қатынас және оқушылар арасында тәрбиелік ықпалға негізделген ұжымшылдық байланыс қалыптастыруға бағыттауы керек.

Әрбір адамдардың белгілі қызметке шешімі-оның іс-әрекетімен ойлау бағытының ерекшелігінен көрінеді. Педагогикалық мамандықты басқа мамандықтармен оның өкілдерінің ойлау бағыты борыш пен жауапкершілікпен сезіну арқылы анықталады. Педагог қызметінің негізгі ерекшеліктері мынада: гуманистік сипаты; ұжымдық сипаты; адаптивтік (бейімдеуші) сипаты; шығармашылық сипаты; қарым-қатынас жүйесінде болуы; мұғалім тұлғасының үлгі, өнегелік сипаты және т.б.

Мұғалім мамандығы табиғаты жағынан гуманистік (адамгершіліктік) сипатқа ие мамандықтардың бір түрі. Оқыту барысында мұғалім адаптивті (бейімдеу) және гуманистік мақсаттарды жүзеге асырады. Адаптивтік мақсаты ол оқушыны, тәрбиеленушіні үйретумен, социомәдениеттік жағдайлардың нақты талаптарына -дайындайды, бейімдейді. Педагог өзінің тәрбиеленушісін белгілі бір әлеуметтік жағдайларға дайындап, қоғамның қойып отырған талаптарына үйретеді. Ал гуманистік мақсаты оқушының жеке тұлғасын дамытып, шығармашылық дербестігін шыңдауға мүмкіндік жасау. Мұғалім мамандығы бір уақытта жеке тұлғаны қалыптастырушы, әрі оны басқарушы мамандық болып табылады. Оның басты мақсаттарының бірі жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту болғандықтан ол адамның интеллектуалдық, эмоциональдық, физикалық дамуын басқарып, оның рухани әлемінің негізін қалыптастыру. Мұғалім мамандығының бір ерекшелігі ол «адам-адам» жүйесінде жұмыс жасауы. Бірақта ол осы жүйеде жұмыс жасайтын басқа мамандықтармен салыстырғанда оның еңбегінің нәтижесіне тек


бір өзі ғана ықпал етпеуімен ерекшеленеді. Яғни, жеке тұлғаның қалыптасуына мұғалім, отбасы, орта және т.б. әсер етеді. Сондықтан мұғалім мамандығы ұжымдық бастау алады. Мұғалім қызметінің шығармашылық сипаты- педагогикалық қызмет кез-келген қызмет сияқты тек сандық мөлшерге емес, сонымен қатар сапалық қасиеттерге ие. Мұғалім еңбегі мен мазмұны ұйымдасқан тек оның қызметіне деген шығармашылық қатынас деңгейін анықтау арқылы дұрыс бағалауға болады.

Педагог тұлғаның шығармашылық потенциалы оның әлеуметтік тәжірибиесі психологиялық, педагогикалық және пәндік білім қоры дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін жаңа идеялар іскерлік пен дағдылары жаңа формалар мен әдістер кезінде қалыптасады.

Педагогикалық қызметтің шығармашылық сипатын тек педагогикалық міндеттерді шешумен ғана болмайды, себебі шығармашылық әрекет тұлғаның танымдық, эмоционалдық, еріктік және мотивациялық қажеттілік компоненттерінің бірлігінде бейімделеді.

Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіптік іс-әрекеті төмендегі бағыттарды да қамтиды: тәрбие жұмыстарын және оқыту үрдісін ұйымдастыру. Тәрбие негізгі мақсат болғандықтан, мұғалімнің жеке тұлғасы оқушыға барлық жағынан үлгі болуы керек. Осыдан мұғалімнің *әлеуметтік ұстанымы* (өз мамандығына бағыттылығы, педагогикалық борышты сезінуі, жауапкершілігі, педагогикалық әдеп-мәнерін сақтауы, педагогикалық әділдігі, беделі, т.б) және *кәсіптік ұстанымы* (азаматтық белсенділігі, балаға деген сүйіспеншілік, рухани дүниесінің байлығы, ғылыми-педагогикалық ойлауының қалыптасуы, шығармашылық-жаңашылдық көзқарасы, көпшілдігі, физиологиялық-психикалық тұрғыдан денінің саулығы, кәсіптік жұмысқа қабілеттілігі т.б) айқындалады.

Педагогикалық іс-әрекет күрделі, әлеуметтік маңызды іс-әрекеттердің бір түрі. Педагогикалық іс-әрекет өз кезегінде бірнеше іс-әрекет түрлерінен құралады. Төмендегі суретте педагогикалық іс-әрекеттің бірнеше түрлері көрсетілген.



1-сурет. Педагогикалық іс-әрекет түрлері

Ендеше іс-әрекеттің бір-екі түріне ғана тоқтала кетейік:

Тәрбиелеу іс-әрекеті - бұл оқушыларға адамзат баласы жинақтаған әлеуметтік тәжірибені мақсатты түрде алмастыруға және олардың тұлғалық сапаларын, қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет түрі. Тәрбиелеу іс-әрекеті педгог қызметіндегі басты іс-әрекеттердің бірі.

Оқыту іс-әрекеті - бұл мұғалімнің оқушылардың бойында білім, іскерлік, дағдыларды қалыптастыруға, олардың ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған, танымдық іс-әрекеттерін басқаратын іс-әрекет түрі.

Педагогикалық іс-әрекеттің түрлері көп болғандықтан оның атқаратын қызметтері де жеткілікті. Педагогикалық іс-әрекеттің атқаратын қызметтерін келесі 2-суреттен көруге болады.



2-сурет. Педагогикалық іс-әрекеттің атқаратын қызметтері

Диагностикалық қызмет – бұл оқушылардың дамуын, тәрбиелік деңгейін зерттеп, анықтауға бағытталады. Мұғалім өзінің жұмысын нәтижелі, әрі жүйелі ұйымдастыру үшін психологпен бірлесе отырып, оқушыларды әр түрлі әдістемелер бойынша зерттеп, бақылау жүргізеді. Бұл жұмысты диагностикалық қызмет деп атайды.

Бағыттаушы-болжаушылық қызмет – мұғалімнің тәрбиелік іс-әрекеттің бағытын анықтап, олардың дамуын алдын-ала болжауға бағытталған іс-әрекеті. Мұғалім өз іс-әрекетінің мақсаттары мен міндеттерін алдын-ала болжап, анықтайды.

Конструктивті-жобалаушылық – педагогтың оқушылар меңгеретін білім мазмұнын таңдап, ұйымдастыру, оқушылардың іс-әрекетін жобалау, өзінің болашақ әрекетін және мінез-құлқын жобалауға бағытталған іс-әрекет. Бұл қызмет барысында мұғалім өз іс-әрекетіне қажетті әр түрлі жоспарлар мен жобаларды әзірлейді.

Ұйымдастырушылық – педагогикалық процесті, оқушылар іс-әрекетін жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекет. Мұғалім нақты міндеттерді анықтап, оларды ұйымдастыру формаларын, оқушылармен өзара байланыстылықты таңдап, өз іс-әрекетін ұйымдастырады.

Ақпараттық-түсіндірмелік – бұл өз іс-әрекетін қажетті ақпараттармен жинақтап, оны оқушыларға түсіндіруіне бағытталған іс-әрекет.

Коммуникативті-ынталандырушы – бұл мұғалімнің педагогикалық процеске қатысушылармен қарым-қатынас орнатып, олардың іс-әрекетін ынталандыруға бағытталған іс-әрекеті.

Талдау-бағалау – бұл мұғалімнің педагогикалық процестің жеткен нәтижелерін мақсатпен салыстыруға, оның деңгейін анықтауға бағытталған іс-әрекет. Талдау-бағалау қызмет мұғалімге өзінің жіберген кемшіліктерін болашақта болдырмауға, нәтижелі жұмыс жүйесін жасауға және т.б мүмкіндік береді.

Зерттеу-шығармашылық - педагогтың өз іс-әрекетін жетілдіре, дамыта түсуіне мүмкіндік беретін ізденіс жұмысы. Педагогтың зерттеушілік қызметі өзінің жеке зерттеу тақырыбы бойынша немесе оқушылардың ғылыми жұмыстарына басшылық жасау арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Мұғалім тұлғасы - мұғалімнің мәдениеті, өзін-өзі басқару шеберлігі моральдік қасиетімен адамгершілік нормасының

күнделікті оқу-тәрбие процесіндегі жаңа сипатқа ие болуда. Мұның негізі қоғамдағы үздіксіз дамумен ғылым мен техниканың өркендеуінен туындап отыр. А.Байтұрсынұлы «Ең әуелі мектепке керегі-білімді, әдістемеден хабары мол, ізгілікті оқыта білетін мұғалім» керек деген болатын. Олай болса, адамның жеке басының қалыптасуы оны әлеуметтендіруде жүзеге асырылады. Күрделі үрдісті жасауда мұғалімге қойылатын талапты бөліп көрсететін болсақ, олар мыналар:

1. Мұғалімнің жеке басының ізгілікті бағыттағы, қоғамдағы бoryштылығы мен жауапкершілігін сезінуі;

2. Кәсіптік мамандық бағытында өз білімін тиянақты игеруі оны оқыту әдістемесін жасай білуі; сондай-ақ педагогика ғылымына салалас психология, философия (адам өмірінің құндылықтық дүниетанымы) мен әлеуметтік пәндерді игеруі;

3. Педагогтық технологияны игеруде іскерлік әрекетті меңгере отырып оқушы шығармашылығының пәрменділігін арттыру.

4. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру; мұндағы мұғалім шығармашылығын көтеру; кәсіби-біліктілік-кәсіби-шеберлілік-кәсіби шығармашылық-кәсіби жаңашылдық.

Міне, осыларды топтастыра келе жатқан педагог қызметіне қажетті негізгі дағдылар мен іскерлік қалыптасады:

- оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдіс-тәсілдерін шығармашылықпен іздестіру;

- қарым-қатынастық (коммуникативтік) мәдениеттілігі, мұғалім мен оқушы жүйесінде қажетті қатынас қалыптасады.

Ұйымдастырушылық қабілетті әр түрлі іс-әрекетте білім тереңдігін сапалы меңгеру.

Мұғалімнің жеке әлеуметтік тұлғасын қалыптастыруда қажетті негіздер:

- даралық-тұлғалық қалыптасу;

- өз мүмкіндігін игеру қажеттілік;

- өзін-өзі іскерлік әдістемелік жетілдіру;

- өзінің кәсіби-пәндік білімін толықтыру;

- кәсіби кемелдену т.б.

Педагогтың қызметі, оның мектептегі кәсіби педагогикалық негізінде жүреді. Ол өз пәні бойынша сабақ беру, әріптестерімен кәсіби тығыз қарым-қатынас, өзін-тану, өзін-өзі бағыттау, өз мүмкінділік игеру арқылы өзіндік қажеттілік туғызады.

Сондықтан бүгінгі тандағы мұғалімнің кәсіби санасы мен әлеуметтік бейнесі жас жеткіншектерді рухани-адамгершілік құндылықтық тәрбие беруде өмір ағымында адам тәрбиелеу де мол мүмкіндігі бар екендігі баршаға аян.

Мұғалім тұлғасының жеке ерекшеліктеріне педагогикалық процесте бағынышты. Мұғалімдерді негізінен педагогикалық бағытталу ерекшелігі мақсатқа бағытталу педагогикалық қызметке бірізділігімен жүйелікті өз еңбек нәтижесінде дұрыс бағалау қабілетін талап етеді. Мұғалім баланың шығармашылық мүмкіндігінің дамуына сендіру қажет. Сондай-ақ оптимистік көзқараста болу үшін гуманистік бағдарлау қажет. Бұл баланың жақсы қасиеттеріне сену және сүйену балаға деген сүйіспеншілік балаға тіл тигізуден сақтау қажет. Мұғалім мінездері салмақтылық ерекше орынға ие. Ол түрлі жағдайға шыдамдылық, жинақылық, төзімділік, бірқалыптылық танытуға міндетті. Тағы да маңызды қасиет талап қоя білу өзіне және өзгеге қойылатын талап адам басқаратын моральдық ерекшеліктерімен нормаларын қалыптастырады. Оқушылардың оқуға деген ынтасы анықталады тәрбиенің беделінен танымал, мәнділік, ықпал оқытушылардың тәрбиелік әсерлерінің күші.

Болашақ мұғалімнің ЖОО-да дайындықтың мазмұны құрылымы және әдістері біріншіден қоғам дамуының бағыты, екіншіден педагогика ғылымының дамуымен, үшіншіден педагог мамандығының ерекшеліктерімен белгіленеді. Педагогикалық білімге ие болу белгілі бір бағыттарды меңгеру жағдайына қол жеткізетін түрлі деңгейлі кәсіби маман ретінде тұрақты байланыс. *Педагог мамандықтарына қойылатын талаптардың мазмұны төмендегідей:*

1. Табиғат қоғам және сананың басым заңдылықтарын білу.
2. Адам жайында оның жетік тұлға ретінде тани білуі.
3. Тарихи және қазіргі болмысын меңгеру тәсілдерін білуі.
4. Ақпаратты жинақтарын өңдеу, қолданудың соңғы техникасын меңгеру.
5. Педагогикалық қызметті басқару мәселесін шешуі.

Ең алдымен қазіргі мұғалімнің бойында гуманистік бағыттағы жалпы құндылықтарға сүйену, кәсіби қабілеттік шығармашылық қабілеттерді, психикалық дайындығы және әдістемені меңгеру қасиеттерімен белгіленеді. Мұғалімнің дайындығына жалпы педагогикалық дайындау ерекше орындалады. *Кәсіби дайындыққа мынадай талаптар қойылады:*

- өз мамандығының тұлғалық және әлеуметтік мәнділігін сезіну; -мәдениетінің берілуін қамтамасыз ететін білім беру жайында тұтас түсінікті меңгеру; ғылыми гуманистік көзқарасты меңгеру; табиғат пен қоғам дамуының негізгі заңдылықтарын білу; Қазақстан Республикасы Конституциясының этикалық және құқықтық нормаларын білуі; білім беру процесінің заңдылықтары жайындағы біліммен түсініктер жүйесін меңгеруі ғылымтану мен әдістерін білуі; таным тәсілдерін меңгеруі; пәндік білімін кәсіби тілмен жеткізе білу; қарым-қатынас орнату іскерлігін ойлау мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі жұмысқа психикалық әдістемелік дайындау.

Мұғалімдерді дайындау жүйесінде талаптар жалпы педагогикалық дайындығына ерекше көңіл бөлу оның мақсатына педагогикалық теория мен практикасын меңгерген мұғалім қалыптастыру.

Қазіргі таңда оқушылар «Ұстаз бәрін білуге және одан да артығырақ білуге тиіс», - дейді. Бұл әзілде бірталай шындық бар. Мұғалім өзі оқытатын пән саласындағы ғылымды жетік білуі - қарапайым да, қажетті талап. Д. И. Менделеев былай деп жазған еді: «Ғылымды өзі жетік білетін, оны меңгерген және оны жақсы көретін ұстаз ғана шәкірттеріне жемісті қызмет ете алады». «Өзінің жақсы көрмейтін пәнінен гөрі, өзінің жақсы көретін пәні он есе жақсы меңгеріледі».

Алайда мұғалімдер үшін арнайы әзірлікпен және жалпы білімдарлықпен қоса, ойлаудағы икемділіктің, танымдық және практикалық міндеттерді шығармашылықпен шеше білудің де маңызы зор. Мұғалім ойын қадағалау мүмкіндігі оқушылардың ойлау мәдениетін қалыптастырады.

Мұғалімнің жеке басындағы барлық қасиеттердің кәсіптік мәні бар. Мәселен, А. В. Луначарский атап көрсеткеніндей, педагогика моральдағы кез-келген кемістік, мінез-құлықтағы кез-келген кемістік тікелей у болып, ол жеткіншек ұрпаққа жұғады. Жақсы мұғалім-бұл ең әуелі қайғы-қуанышына ортақтасатын, парасатты әрі адал, балаларды құрметтей білетін және оларға ұқыпты қарайтын жақсы адам.

К. Д. Ушинскийдің айтуынша, мұғалімге шексіз шыдамдылық қажет. Мұғалім оқушымен жұмыс істегенде қабылдау сергектігі мен эмоциялылығы шыдамдылықпен және өзін-өзі ұстай білуімен

үйлесім табуы тиіс. Сонымен, мұғалімнің жеке сапасымен және педагогикалық терең білімділігімен тұтасқан идеялық сенімділігі, оның кәсіби шеберлігінің берік іргетасын қалайды. Оқытқан мұғалім емес, қайтсе де оқытқысы келетін мұғалім, деп тектен-тек айтылмаған. Нағыз педагогта жұмыс уақыты және бос уақыт деген болмайды: ол әрқашанда балалар туралы ойлайды, мұғалімнің мақсаткерлігі-оның жеке басына тән қасиет.

Педагогикалық қызметтің ойдағыдай болуының қажетті шарты-баланы жақсы көру. Балаларды жақсы көрмей тұрып, оларды адамгершілік пен адалдыққа тәрбиелеу мүмкін емес. Балаға салқын қарау көп жағдайда олардың мінез-құлқына рақымсыздықтың, іс-әрекетіндегі теріс қылықтың пайда болуына әкеп соғады.

Мұғалімнің жеке басындағы үйлесімділік көбінесе талапкерлігімен, көнбістігімен, эмоциялығымен, парасаттылығымен, сенімділігімен, сақтығымен, қаталдығымен мұғалім ешбір жерден таба алмайды, оны іс үстінде мінез-құлқын тексеру арқылы ғана және үнемі өзін-өзі тәрбиелеу нәтижесінде ғана тани алады.

Мұғалімнің жалпы әлеуметтік педагогикалық қызметін қарастырсақ, ал мұның өзі оның жеке басына қойылатын маңызды талаптарын айқындайды. Сонымен қоса олардың нақтылы педагогикалық қызметтерде оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін белгілі бір педагогикалық қабілеттілік қажет. Мәселен бір ғалымдар мұғалімнің конструктивтік, ұйымдастырушылық және коммуникативтік қызметін көрсетсе, басқалары педагогикалық қызмет жүйесіне информациялық дамытушылық және зерттеушілік қабілеттерін жатқызады.

Педагогикалық қызметтің тиімділік мүддесі үшін оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен және қоғамдық ұйымдармен дұрыс қарым-қатынас орната білу.

Мұғалім - бұл болашаққа ұмтылған адам. Оның қызметі адамды қалыптастыруға солардың алдағы жағдайдың өзгеруіне қарай белсенділігін арттыруға бағытталған. Л. Н. Толстой былай деп жазды: «Болашаққа жарамды адамды тәрбиелеу үшін, оларды тамаша жетілген азамат етіп тәрбиелеу қажет, тек сонда ғана тәрбиелеуші өз ортасында өмір сүретін ұрпақтың лайықты мүшесі бола алады».

Олай болса, әрбір студенттің міндеті – таңдаған мамандығына сәйкес өз қабілетін үнемі жетілдіріп отыру, алғашқы күнінен бастап педагогикалық шеберлік сырларын меңгеру.

Н. В. Кузьмина бойынша педагогикалық қызметінің құрылымында мынадай компоненттерді атауға болады: конструктивтік, ұйымдастырушылық коммуникативтік. А. И. Щербаков бойынша: конструктивтік, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, зерттеулік. Конструктивтік-мазмұндық:

- Оқу материалдарын іріктеу, композициялық құруды анықтау;
- Педагогикалық процесті жоспарлау және құру;

Конструктивтік-жедел:

- өз әрекетін және студенттер әрекетін жоспарлай білу;
- Педагогикалық процестің оқу-материалдық базасын жоспарлау.

Ұйымдастырушылық компонент:

- амалдар жүйесін орындау;
- студенттерді әртүрлі қызмет түрлеріне қатыстыру амалдары;
- ұжым құру, бірігіп әрекет жасауды ұйымдастыру.

Коммуникативтік компонент:

- студенттермен қарым-қатынас;
- әріптестермен _____ // _____,
- бөгде адамдармен _____ // _____.

Зерттеушілік компонент:

- кәсіби білім жаңарту;
- Педагогикалық құбылыстарға ғылыми тұрғыдан қарау;
- Педагогикалық зерттеу әдістерін меңгеру;
- Сізіндік тәжірибесіне талдау жасай алуы;
- Сізге оқытушылар тәжірибесіне талдау жасай білуі.

Жоғары оқу орнының оқытушыларын 3 топқа бөлуге болады:

- а) педагогикалық бағыттылығы басым;
- ә) зерттеушілік _____ ;
- б) педагогикалық және зерттеушілік бағыттары шамалас.

Оқытушының педагогикалық шеберлігі.

Педагогикалық шеберлік – педагогикалық қызметінің жоғары деңгейде меңгерілуі: педагогтың оқытушылардың (студенттердің) оқу-танымдық іс-әрекетін пәрменді басқарып, мақсаткерлік педагогикалық әсермен өзара әрекеттестікті жүзеге асыруына мүмкіндік беретін арнаулы білімдерінің, біліктері мен машықтарының, тұлғалық кәсіптік маңызды қасиеттерінің кешені.

Бұл ұғым көпқырлы. Р. Пионова бұл ұғымды сатылы түрде қарастырады: педагогикалық жаңашылдық – педагогикалық шеберлік – педагогикалық профессионализм. Педагогикалық

шеберлік мәні логикалық жүйеде былай көрінеді: «Білім- тәжірибе-тұлға».

И. А. Зязюн бойынша педагогикалық шеберлік құрылымына оқытушының тұлғалық ізгілік (мейірімділік) бағыты, педагогикалық білім, педагогикалық техникасын енгізді.

Ізгілік бағыттылығы: қызығуы, құндылығы, идеалы;

Кәсіби бөлімі: арнайлы білім, психологиялық-педагогикалық білім, оқыту әдістемесі, әлеуметтік мәдени білім;

Педагогикалық қабілеті: коммуникативтік перцептивтік, динамизм, эмоционалдық тұрақтылық, оптимистік болжау, креативтік.

Педагогикалық техника: өз өзі басқара алуы (денені меңгеруі – қозғалыс техникасы, эмоционалдық жағдайы, сөйлек техникасы);

Педагогикалық міндеттерді шешудегі өзара әрекеттестік (дидактикалық іскерлік, ұйымдастырушылық іскерлігі, өзара әрекеттік техника).

Педагогикалық шеберлік: ғылыми, кәсіби білім және шығармашылық, талдау, өзін-өзі бағалау, өзге адамның жағдайын сезе білуі, студенттермен қарым-қатынас жасай алуы, қарым-қатынаста әдептілікті сақтау, қиялшылдық және т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Зязюн. Основы педагогического мастерства М., 1989
2. Сластенин В. А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки. М., Просвящение, 1976
3. Қ. Сейталиев. Педагогиканың жалпы негіздері. – Ақтөбе, 2004. –Б. -188-211.
4. Б. А. Молдағалиев. Мектеп мұғалімінің анықтамалығы. – Орал, 2005.
5. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений / В. А.Сластенин, И. Ф. Исаев и др.- М.: Школа-Пресс, 2000
6. Введение в специальность: Учеб.пособие для студентов пед. Ин-тов/ Л. И. Рувинский, В. А. Кан-Калик, Д. И. Гришин и др.-М.: Просвещение, 1988.

Қосымша әдебиеттер:

1. Абдуллина О. А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования.- М.: Просвещение, 1990.- 141с.
2. Багаева И. Д. Учителю о профессионализме педагогической деятельности и путях его формирования.- Гомель, 1989.- 90с.
3. Станкин Н. И. Профессиональные способности педагога: Ахмеоология воспитания и обучения.- М.: Московский психолого-социальный институт; Флинта, 1998.- 368с.
4. Кан-Калик В. А., Никандров Н. Д. Педагогическое творчество. – М.: Педагогика, 1990.- 144с.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мұғалім және педагогикалық мамандық жайында мақал-мәтелдер білесіз?
2. Түрлі тарихи кезеңдердегі ұлы мұғалімдерді атаңыз.
3. Педагогикалық қызметтің ерекшелігі неде?
4. Педагог қызметінің гуманистік мәні неде?
5. Бүгінгі қоғамдық жағдайда мұғалім тұлғасының мәнінің төмендеу-жоғарылауын дәлелдеңіз.
6. «XXI ғасырдағы педагогикалық мамандық» тақырыбына шағын шығарма жазыңыз.
7. «Қазіргі қоғам және мұғалім» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
8. Педагогикалық мамандықтың негізгі мақсаты
9. Мұғалім мамандығының негізгі ерекшеліктері
10. Мұғалім мамандығын шығармашылық тұсынан зерттеу
11. Сызбадағы педагогикалық іс-әрекеттің түрлеріне сипаттама бер
12. Тәрбиелеу іс-әрекетін сипатта
13. Оқыту іс-әрекетін сипатта

Тест тапсырмалары

1. Педагогтің қызметі

- А. Жас ұрпақты жан-жақты дамыту
- Ә. Тәрбиешінің өнегелі істері
- Б. Тәлім-тәрбиесінің ықпалы
- В. Қоғамдық орындарда өзін ұстауы
- Г. Тәжірибе жинақтауы

2. Педагог қызметінің міндеттері

- А. Әрбір сабаққа ұқыпты дайындалу
- Ә. Өндіргіш күштің тұлғасы
- Б. Адам факторына мән беру
- В. Қоғамды дамыту
- Г. Халықтың көзін ашу

3. Педагогқа тән сипат

- А. Отан, халық, ата-ана алдында жауапкершілікті сезіну
- Ә. Жүйелі ықпал ету
- Б. Білімін молайту
- В. Идеялық көзқарасын білдіру
- Г. Бағыт беру

4. Педагогикалық іс-әрекеттегі еңбек субъектісі:

- А. Ата-ана
- Ә. Оқушылар ұжымы
- Б. Педагогикалық процесс
- В. Мұғалім
- Г. Мектеп әкімшілігі

5. Педагогикалық іс-әрекет мәні

- А. Оқушыларды басқару
- Ә. Әлеуметтік тәжірибені беру, оқушыны дамыту және өмірге дайындау жағдайын жасауды ұйымдастыру
- Б. Оқушыларға тек білімдер беру
- В. Оқушыға әсер ету
- Г. Әлеуметтік сұранысты орындау

6. Педагогикалық қызмет. Ол:

- А. Жеке дербес адамның жұмысы
- Ә. Ортақ іс
- Б. Әрекеттер жиынтығы
- В. Біртұтас процесс
- Г. Қарым-қатынас түрі

3. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ БАСТЫ ШАРТЫ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭРУДИЦИЯ МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

Жоспар:

1. Жалпы мәдениет - педагогтың кәсібилігінің шарты.
2. Ғылыми эрудиция, құндылық бағдарлар – педагогикалық мәдениеттің компоненттері.
3. Арнайы, әлеуметтік, жеке тұлға, дара құзыреттілік, мамандыққа құзыреттілік
4. Педагогикалық әрекеттің этикасы
5. Шығармашылық - оқушылардың дербестігін дамыту негізі

Негізгі ұғымдар: мәдениет, педагогикалық мәдениет, педагогикалық эрудиция, құзыреттілік, шығармашылық

Педагогтың кәсібилігінің бір шарты – мәдениет болса, «мәдениет» ұғымының мәніне тоқталайық. “Мәдениет” термині латын тілінің “cultura” сөзінен аударғанда жерді өңдеу дегенді білдіреді. Кейін бұл ұғым кең мағынада қолданыла бастады.

Мәдениет – адам әрекетінің, саналы қызметінің көрінісі. Мәдениет адамсыз жаралмайды. Белгілі американ психолог-гуманисі А. Маслоу «мәдениет біздің психологиялық және биологиялық табиғатымызға өте жақын, сондықтан оқытудың негізі ретінде қарау керек» дейді.

Мәдениет – адамның іс-әрекетін ұйымдастыру түрлері және әдістерімен, сондай-ақ олар жасаған материалдық, рухани құндылықтармен сипатталатын қоғам дамуының, шығармашыл күштердің және адам қабілеттерінің тарихи анықталған деңгейі. Ол іс-әрекет (білім, білік, дағды, интеллект деңгейі, көзқарас, адамгершілік, эстетикалық дамуы, қарым-қатынас жасаудың тәсілдері мен түрлері) кезінде жүзеге асырылатын адам күші мен қабілеттерінен тұрады.

Мәдениетті адамның тыныс тіршілігі оның әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі іспетті, яғни оқу-білім, ғылым, өнер салаларындағы қол жеткізген жетістіктері.

Рухани байлықтың көзі - мәдениетте. Адам өзінің даму барысында қоғамдағы мүмкіншілігін, рухани дамуын мәдениеті

арқылы көрсетеді. Ол қоғамның дамуының түрлі мазмұнына сәйкес. Олай болса, мәдениет өзгермейтін, өзгеріске ұшырамайтын нәрсе деп қарауға болмайды.

Кең мағынада мәдениет дегеніміз қоғамның, шығармашылық күштердің және адам қабілеттерінің дамуының тарихи белгілі бір деңгейі, ол адам өмірінің және іс-әрекетін ұйымдастыру формасы мен типі түрінде, материалдық және рухани құндылықтар түрінде көрініс табады.

Тар мағынада мәдениет дегеніміз бұл адамның рухани өмірінің бір саласы, ол кәсіби және басқа іс-әрекетті жүзеге асыру тәсілі.

Мәдениеттің мәні өмірлік іс-әрекеттерді жүзеге асыру тәсілдерімен анықталады. Соның ішінде педагогикалық мәдениет ұғымын қалай түсінуге болады?

Педагогикалық мәдениет – жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі, онда білім беру мен тәрбиелеудің рухани және материалдық құндылықтары кең тұрғыда көрініс табады, ол тұлғаны әлеуметтендіру, ұрпақтар ауысуы тарихи процесіне қызмет көрсету үшін қажетті шығармашылық педагогикалық іс-әрекет тәсілдері болып табылады.

Педагогикалық мәдениет педагогикалық теорияларды және практиканы, қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды, педагогикалық іс-әрекеттегі тұлғаның шығармашылық өзін-өзі реттеу тәсілдерін меңгеру тәсілдері ретінде қарастырылады.

Мұғалімнің мәдениеті – білім ошақтарында ғана емес, күнделікті жүріс-тұрысынан, өзін қай ортада болсын ұстай білуден, өзгелер қызығатын жан дүниесі бай, кең, көпшіл, білімді, адамгершілігі мол, жан-жақты жарасымды болғанда ғана нағыз ұстаз екенін дәлелдейді.

Педагогикалық ғылым мәдениетті негіз ретінде алып қарастырады, себебі, арнайы зерттеулер мамандардың жоғары дәрежедегі іс-әрекетін біріншіден, оның мәдениеттілігіне байланысты деп санайды.

Педагогтың жеке дара мәдениеті – тұлға әлемі. Мұғалім мәдениеті өзін-өзі жетілдіру үшін педагогикалық еңбектің мақсатын және оларға жету тәсілдерін еркін таңдауға мүмкіндік беретін кәсіби іс-әрекет пен өзіндік сана-сезім негізінде қаланады.

«Педагогикалық мәдениет» ұғымының құрылымын зерттей келе, құрамдас бөліктері көбейген сайын біз осы ұғымға тән нақты

маңыздылықты ашып көрсете аламыз. «Педагогикалық мәдениет» ұғымының тағы бір ұлттық құрылымын педагогикалық тәжірибе барысында М. В. Прохоров ұсынған. Педагогикалық мәдениет - өзіндік мазмұны бойынша кең таралған және арнайы категория. Педагогикалық мәдениеттің тасымалдаушысы жеке әрекеттің мотиві ретінде рөл атқаратын белгілі бір тұлға.

Отандық педагогикада педагогикалық мәдениеттің мысалдары шексіз көп. Оны педагогика тарихынан, көркем сурет шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Педагогтар педагогикалық мәдениетті этикамен де, эстетикамен де, педагогикалық шеберлікпен де теңестірмейді. Олар бұл ұғымды әр алуан қасиеттердің бірігуі ретінде қарастырады. Олар мына қасиеттерді маңызды деп санайды: адамға деген махаббат, оқушыларға әрекет ете білу дағдысы (ой шақыру, ойын толғандыру, сезімін ояту, қажетті бағытта бұра білу) және т.б.

Педагогикалық мәдениет негізінде терең психологиялық-педагогикалық танымдар, әр бағыттағы білімділік, үнемі педагогикалық ойды жетілдіру, өзіне емес жұмыс нәтижесіне іштей қанағаттанушылық, өзіндік сыншылдық, жүйелі кәсіптік әрекетке ұмтылыс (оқытуға, тәрбиелеуге, дамытуға), мәжбүрлеусіз оқу-тәрбие ісіне толық берілу жатады да, ал ішкі қажеттіліктерге назар аударсақ, өзіндік еркіндік; рухани байлық, ұнамды тазалық, педагогикалық этика, шығармашылық, жаңашылдық, іздемпаздық жатады.

Сондықтан, педагогикалық мәдениет формальды - мазмұнды жоспарында - педагогикалық дәлелдер мен шеберліктің, педагогикалық этика мен кәсіптік-педагогикалық қасиеттердің, оқу-тәрбие жұмысы мен мұғалімнің өз-өзіне және жұмысына деген қатынасы стимулының синтезі. Оның маңызды жақтары: әлемдік көзқарас, ұнамдылық, кәсіптік, интеллектуалды, эмоционалды-еркін, эстетикалық және физикалық.

Педагогикалық мәдениет мазмұны өзіндік жоспарға ие: білімді тарату, оқыту, мәжбүрлеу т.б. Педагог жұмысы – кәсіп емес, оны таңдаған адамның өмірлік бейнесі, ал өзге адамдар көзқарасында ол әлеуметтік жетілудің рухани бейнесін елестетеді. Оны оқушы әлемге деген көзқарасына, әрекет ету стиліне, өміріне, әрбір құбылысқа қатынасына қарай қабылдайды. Талантты мұғалімнің оқушысы өзіне ұқсайды. Ойшыл көзқарастары, еңбекке деген қатынасы,

ғылыми білімдарлығы, тіл табысу әдісі және т.б. Жоғары дәрежелі педагог бос сөзбен сөйлемеуге, тереңірек тілдесуге тырысады және сонымен қатар алдыңғы қатарлы ойларды тарату жолымен оқушылар арқылы оның қолдану аясын кеңейтеді.

Е. В. Бондаревская, С. В. Кульневич бойынша, мұғалімнің жалпы базалық мәдениеттінің мазмұнына жатады:

- ақыл-ой және дене еңбегі мәдениеті;
- өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік білім алу;
- өзін-өзі ұйымдастыру мәдениеті;
- тұрмыс мәдениеті;
- қарым-қатынас және демалыс мәдениеті.

Педагогтың ақыл-ой мәдениеті – педагогтің іс-әрекеті кезіндегі өзіндік ойлауы мен шығармашылық ойы және икемділігінің деңгейі; түрлі педагогикалық жағдаяттардағы педагогикалық, сол сияқты жаңа, күтпеген және даулы мәселелерді шешудің жолдарын талдау мен құралдарын таңдаудағы педагогтың ойлау процесінің тиімділігін туындататын және қамтамасыз ететеін сапалар жиынтығы.

Өздігінен білім алу мәдениеті - өздігінен ілім алудың барлық құрылымдарының дамуы мен жетілуінің жоғары деңгейі. Өздігінен білім алу қажеттілігі дамыған тұлғаға тән қасиет, оның рухани өмірінің қажет элементі болып табылады. Тұлғаның танымдық қажеттілігінің қанағаттандырылуының жоғары формасы болып санала отырып, өзіндік білім алу адамның елеулі ерік күшінің көрінуіне, жоғары деңгейдегі саналығы мен ұйымшылдығына, өздігімен жетілу үшін іштей жауапкершілік қабылдау даярлығына байланысты.

Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті – педагог пен оқушының арасындағы адмагершілікті саналы қарым-қатынасы, оның мазмұнында сөз мәдениеті, сыртқы өзіндік безендіру мәдениеті мен педагогикалық мақсатты өзара қатынас мәдениеті бар.

Қарым-қатынас пен мәдениеттің ажырамас тұтастығын көрсететін негізгі жол - тұлғаны дамыту, тәрбиелеу, қалыптастыруда оның қоршаған дүниені қабылдауы, меңгеруі және табиғи, әрекеттік, әлеуметтік қатынасы.

Теориялық зерттеулер бұл тұрғыда әртүрлі бағыттар ұсынады, яғни тұлғаны дамытуда мәдени дамуды қарым-қатынас реттейді, оларды басқаратын және жіктейтін механизмдерін, заңдылықтарын анықтайды.

Қарым-қатынас мәдениеті ұғымының теориясы және оны жан-жақты талдаудың қажеттілігін көрсетеді. Ғылыми әдебиеттерде терминнің мағынасы зерттеушілердің теориялық позициясына және ұғымның тереңдігіне тәуелді.

Ғылыми теориялық бағытта, қарым-қатынас мәдениеті – рухани және қатынастық материалдық құндылықтар байлығы, адамзат санасы, тұрмысы, өткені мен бүгіні.

Мәдениеттің өзі материя қозғалысының элеуметтік формасы, «элеуметтік ортаның қажетті шарты», тұлғаның өмір сүру әдісі, әрекетінің сапалық сипаты.

Ғылымда «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымы бір жағынан дәлелдеуді қажет етпейтін қисынды ұғым болса, екіншіден көпмағыналы тіл мәдениеті, этикеті, мінез-құлқы тұрмысы, салты т.б. болып жіктеледі.

Алайда қарым-қатынас мәдениеті, қарым-қатынас және мәдениет ұғымы синтезінде төмендегідей логикалық анықтамаға сүйенеді: «қарым-қатынас мәдениеті - адамзаттың мәндік сапаларын жақындастыруға бағытталған адамгершілік, саналылық әрекеттер».

Зерттеуде О. Араковская берген бұл тұжырым қарым-қатынас мәдениеті ұғымын білім беруде қажетті педагогикалық мазмұнмен толықтыруға бетбұрыс жасайды.

Қарым-қатынас мәдениеті адамзат үшін әртүрлі деңгейде, әртүрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс.

Болашақ кәсіпті игеру жолында да оның өзіндік ерекшеліктері, өлшемдері, бағыттары бар. Осыған орай, қарым-қатынас мәдениеті ұғымын жалпы құндылықтардан ажырата қарастыру үшін кәсіби қарым-қатынас мәдениеті ұғымын қолдануға болады.

Қазіргі қоғам сұраныстары рухани және материалдық сфералар аясында қарым-қатынас проблемасын өте маңызды етіп көрсетеді. Қарым-қатынас адамның өмірлік іс-әрекетінің, әсіресе білім, ғылым, өнер салаларында бөлінбейтін бөлшегі болып табылады. Оның дәлелі ретінде білім мен мәдениеттің терең байланысын айтуға болады.

Болашақ педагогтардың кәсіби мәдениетін дамыту қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық зерттеу мәселесіне айна-луда. Көптеген ғалымдардың көзқарасы бойынша, болашақ маман даярлауда студенттерге педагогикалық әдеп, іскерлік, дағдыны қалыптастырудағы басты компоненттерінің бірі – педагогикалық мәдениет шарттарын айқындау болып табылады.

Педагогикалық кәсіби мәдениет – мұғалімнің әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, игерген білім, білікті тәжірибеде қолдана білуі және өзін-өзі, қоршаған ортаны жаңарту қабілетімен қатар басқа адамдармен ізгілік тұрғысында қарым-қатынас жасай білу қабілетімен сипатталады.

Педагогтың кәсіби мәдениеті ол тұлғаның мәндік сипаттамасы ретінде жүйелі білім беру түрінде көрінеді.

Кәсіби мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалімнің шешуге тиісті міндеттері:

1. Жаңаша ойлауға, таным және өзіндік ұйымдастыру әдістеріне оқыту;

2. Оқушыны құбылысқа тұтастай және қозғалыс кезінде қарауға үйрету;

3. Оқушыны өзін-өзі ұйымдастыруға үйретіп, өз бетінше өмір сүрудің нақты жолын көрсету;

Педагогикалық кәсіби мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалім:

- ғылыми теория, гносеология, әдістеме негіздерін білу тиіс;

- мамандықты және пәнін жақсы білуі керек;

- мұғалімнің өзінің сенетіндегі көрсететін және шығармашылық таным процесін дамытатын энергияның болуы қажет.

Педагогикалық кәсіби мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалімге тән мінез-құлық:

- балаларды сүйе білу – ізгіліктік қағида мұғалімнің адами маңызды сапасы;

- баланы, адамды құрметтеу - әр адамның бойынан тұлғаны көре білу қасиеті;

- балаға, адамға сену – оқу процесіндегі жетістік кепілі, ізгіліктілік пен өзіне өзі сенім;

- баланы, адамды білу – тұлғаның жан дүниесін білмейінше тәрбие жүйесіз жүргізіледі; гуманист болу – адамды тани білу;

- баланы, адамды түсіну – оның орнына өзінді қоя біліп, қоршаған дүниені соның көзімен көре білу қабілеті;

Педагогикалық мәдениеттің компоненттері төмендегідей:

- мұғалімнің балаларға қатынасындағы гуманистік ұстанымы;

- кәсіби мінез-құлық мәдениеті, өзін-өзі дамыту, өз іс-әрекетін өзіндік реттеу және қарым-қатынас іскерлігі;

- шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі;

- психологиялық-педагогикалық күзіреттілік және педагогикалық ойлауды дамыту;
- ғылыми эрудиция, құндылық бағдарлар;
- пәні бойынша білімді болу, педагогикалық технологияны меңгеруі.

Сондай-ақ, педагогикалық мәдениеттің компоненттері былайша жіктеледі: аксиологиялық; технологиялық; эвристикалық; тұлғалық.

Аксиологиялық компонент – педагогикалық еңбектің құндылықтарын меңгеру және қабылдаудан тұрады:

- Кәсіби педагогикалық білім мен дүниетаным.
- Педагогикалық ойлау және рефлексия.
- Педагогикалық такт және этика.

Педагогикалық мәдениеттің құрылымында дүниетанымдық компонент маңызды рөл атқарады.

1) Дүниетанымдық компонент педагогикалық тұжырымдарды қалыптастыру процесі мен нәтижесінен, мұғалімнің қызығушылықтары, құндылық-бағдары, ұстанымдарын анықтау процесінен тұрады.

2) Педагогикалық ойлау мәдениеті педагогикалық талдау және синтездеуді дамыту қабілеттерінен және ойлаудың сапаларын (сыни ойлау, дербестік, белсенділік, жылдамдық, байқағыштық, есте сақтау, шығармашылық елестету) дамытудан құралады.

Мұғалімнің адамгершілік мәдениеті – кәсіби педагогикалық этиканың зерттеу пәні болып табылады. Ол адамгершілік сана, адамгершілік сезімдерден құралады.

3) Адамгершілік мәдениеттің негізгі компоненттерінің бірі – педагогикалық такт. Педагогикалық такт – бұл мұғалім мен оқушы арасындағы адамгершілік қатынастар мақсатына сәйкес ұйымдастырылған мұғалімнің өзін-өзі ұстауы және оларға әсер етуі.

Технологиялық компонент қарым-қатынас мәдениеті барысында білім беру процесіне қатысушылардың өзара әсер ету тәсілдері мен жолдарынан, сөйлеуден, ақпараттық және білім беру технологияларын қолданудан құралады.

Технологиялық компоненттің құрамдас бөліктеріне жатады:

- оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, жоспарлау туралы білім, іскерліктер;
- педагогикалық ойлау;
- педагогикалық іскерліктер (гностикалық, перцептивті, конструктивті, жобалау, болжау, коммуникативті, ұйымдастырушылық);

- педагогикалық техника;
- педагогтың өзі-өзі реттеуі.

Педагогикалық мәдениеттің эвристикалық бөлігі мұғалімнің шығармашылығына негізделеді.

Эвристикалық білім беру іс-әрекеті төмендегілермен сипатталады:

- мұғалімнің тұлғалық білім беру потенциалы, жеке ерекшеліктері, мотивтері, мақсаттары негізінде жүзеге асады;
- мұғалімнің іс-әрекетіне сәйкес жаңа білім беру өнімін жасап шығаруына әкеледі.

Мұғалімнің іс-әрекетінде оны орындауға қажетті әдістер, құралдар және тағы басқа жағдайларды меңгеруіне байланысты субъективті қиындықтар мен мәселелер туындатады.

Педагогикалық мәдениеттің тұлғалық компоненті педагогикалық іс-әрекетті орындаудағы педагогтың өзінің қажеттіліктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын іске асыру барысында көрінеді. Өзін-өзі іске асыру процесі өзін-өзі танудан, өзін-өзі бағалаудан құралады, олар мұғалім тұлғасының кәсіби- адамгершілік, интеллектуалдық потенциалын ашады.

Тұлғалық компонент өзін-өзі ұстау, кәсіби этикет, сөйлеу мәдениеті, киіну мәдениеті сияқтылардан құралады.

Мұғалім кәсіби этикетті сақтай отыра, белсенді түрде кәсіби қарым-қатынасқа түсу іскерліктерін де білуі тиіс.

Мұғалімнің сырт келбеті мұғалім мамандығына сәйкес ұқыпты, әсем, көрікті болуы тиіс.

2. Педагогикалық мәдениет компоненттерінің бірі құндылық бағдарлар болса, негізінен құндылықтық бағдарлар тұлғаның қоғамдағы және әлеуметтік топтағы белгілі бір орнын анықтауға әсерін тигізеді, сонымен бірге топтағы адамның ойлауын, оның қоғамдық келбетін анықтайды.

«Құндылықтық бағдарлар» түсінігі көптеген ғылымдар қиылысында дамыды - әлеуметтік және мәдени антропология, әлеуметтану, әлеуметтік психология, жалпы психология, құндылық философиясы, аксиология және т.б.

Ал, «құндылықтық бағдарлар» терминіне келетін болсақ, бұл термин 1964-1965 жылдар аралығында пайда болған. Құндылықтық бағдарлану адамдардың әлеуметтік құндылықтарды мақсат етіп қойып, сол мақсатқа жетулеріне тырысуы кезінде көрінеді. Күрделі

құбылыс саналатындықтан құндылықтық бағдарлар ғалымдар тарапынан әр қырынан, әр тұрғыдан зерттелген.

Антикалық дәуірге шегініс жасасақ, Сократтың айтуынша өмірлік құндылықтар негізінде адамгершіліктік мінез-құлық жатады. Этиканың негізін салушы Сократ, антикалық философияның негізін қалай тұра жақсылық, адамгершілік және сұлулық не деген сұрақтарға жауап табуға тырысқан. Оның пікірі бойынша, осы негізгі өмірлік құндылықтарға білім арқылы жетудің негізі рухани мінез-құлықта жатыр.

Әлеуметтануда В. Я. Ядов, И. С. Кон, Н. И. Лапина, С. Г. Климова т.б. құндылықтық бағдарлар мәселесін зерттеген. П. А. Сорокиннің айтуынша, тарих әр түрлі мәдени жүйелердің циклдық ауысымдарының процесі ретінде қарастырылады. Ал, бұл жерде құндылық қоғамның ең негізгі қозғаушы күші болып табылады. Мұнда қоғам дамуы тарих сабақтастығы алда тұрған құндылыққа байланысты болатынын байқаймыз.

Құндылықтарды сақтау концепциясы оның басқару функциясының мәнін ашып көрсетеді. М. Вебер бойынша әлеуметтік қатынастар жүйесі негізінде сенім және құндылықтар пайда болады. Вебер үшін қоғамдық қозғалыстар кезінде «материалды және идеялы қызығушылықтар» үлкен рөл атқарады. Ол адам өмірінің әр қырлылығы мен өзгешелігі жайлы айтқан. Осы кезде тұлғаны өзгертетін мотивтер мен құндылықтар болады және олар адамды басқарады. Сондықтан да, адам қандай мақсаттарға талпынады, олардың құндылықтары қай кезде көрінеді және т.б. анықтап алу абзал. Қоғам маңызы - мотивациялар мен құндылықтар әлемінен тұрады. Қоғам моделі, қоғам мотивациясы болып «құндылықтық бағдарлар» табылады.

И. А. Громов жұмысында әлеуметтік заңдар, олардың дұрыстығы құндылықтармен шектелген. Бұл кездегі әлеуметтік құбылыста мәнге көп көңіл бөлінеді. Ең негізгі құнды болатын нәрсе мотивациялар деген.

П. Сорокин қоғамдық өмір механизмдерін әлеуметтік мінез-құлық формаларын талдау негізіне байланысты ашып көрсетуге тырысты. Ол құндылықтардың үстем, басым болатындығы жайлы ерекше атап кетті.

Әлеуметтанушы В. Л. Оссовский құндылық функцияларының екі аспектісін көрсетті: қоғам қызығушылықтарын қанағаттандыратын,

мәдениет элементі ретіндегі - норма құндылықтары және адам қызығушылықтарының объектісі ретіндегі - объект құндылықтары. Оның жұмысында бұл құндылықтардың арақатынас ерекшелігі көрсетілген.

Құндылықты сендіру түсінігі арқылы қарастыру Г. Е. Залесский мен американдық психолог М. Рокичтің жұмыстарында үлкен орын алған. Олар құндылықты тұрақты сендіру ретінде қабылдайды. Олардың ойынша, тұлға құндылығының мынадай белгілері бар:

- құндылық бастаулары - мәдениет, қоғам;
- әлеуметтік феномендерге деген құндылық әсері;
- адам дәулеті саналатын жалпы құндылықтар саны;
- құндылықтар дәрежесінің әр түрлілігі;
- жүйе бойынша ұйымдастырылған құндылықтар.

Психологияға оралсақ, мұнда құндылықтық бағдарлар өте үлкен мәселелердің бірі болып отыр. В. Дильтей психологиялық талдау пәнінің негізі жанды өмірлік байланыстар деп, оған біздің түсінігіміздегі қатынастар, құндылықтар, дағдылар және идеяларымызды кіргізген. Онда біз кез келген уақытта саналай бермейтін ережелер бар екенін айта келе, ол ережелерге біздің әрекеттеріміз бағынатынын көрсетеді. Оның айтуынша, жалпы өмірдің мазмұны болып эмоция, сезім табылады, ал олар құндылықтардың тұлғалық көрінісін аңғартады. Ол сонымен қатар құндылықтардың сезімдерден бөлінбейтінін атап өткен. Мұндағы В. Дильтейдің айтпағы - жағымды эмоция мен жоғары сезім құндылық саналатындығы.

Психологиялық пәндер аясында «құндылықтық бағдарлар» адам мінез-құлқы мен іс-әрекетін сипаттайтын механизм санаттарымен байланысты.

Э. Шпинглер бұл қағиданы сынға ала отырып, адам жанының мазмұны эмоциялық реттеу арқылы айқындалатын субъективтік құндылықтарды ғана емес, сонымен бірге объективтік құндылықтарды да бейнелейтінін көрсеткен. Бұл құндылықтар өмір тарихында қалыптасып, жеке-дара өмірдің мәні мен мазмұны шеңберінен шығып объективті мәдениет аясына кіретінін айтқан. Оны біз рух, рухани өмір немесе объективті мәдениет деп атаймыз. Сонымен психологияда құндылықтық бағдарлар субъективтік және қоғамдық сананы, нормалар мен түсініктерді көрсететін екі жақты сипатқа ие. Шынымен-ақ бұл жерде құндылықты бір ғана жағынан

қарастыруға болмайды. Себебі, ол субъективтік, сонымен бірге, қоғамға ортақ нормалардан, ережелерден, талаптардан да көрінуі мүмкін.

Австрия психологиялық мектебінде «құндылық» субъективтік феномен ретінде қарастырылады. Х. Эренфельс бойынша құндылық объектісі болып өз мүмкіндіктерін қанағаттандыра алатын тілектер анықталады. Сонымен, құндылық иерархиясы қанағаттандырылатын немесе қанағаттандырылмайтын қабілет объектілерінен тұрады. А. Мейнонг құндылық түсінігін құндылықты сезінудің субъективті күйзеліс мүмкіндіктері арқылы саралаған. Оның айтуынша, құндылық адамға тән дара түрде болады. К. Левин ғылыми психологиялық түсініктер жүйесінен құндылық түсінігін саналы түрде шығарып тастаған. Оның айтуынша, психология құнды негізді жіктемелер шегінен шығады екен. Мұнда К. Левиннің осыншама мәнді құбылыс құндылыққа орын бермеуі сын келтіретіндей. А. Мейнонг пен Х. Эренфельс ішінара құндылықтың мәнін түсіріп жіберген. Өйткені, тек тұлғаға тән құндылық этикалық тұрғыдан алғанда жағымсыз қасиеттерге жол беруі әбден мүмкін.

Бихевиоризмде құндылықтық бағдарлар адам табиғатын ғылыми зерттеу аясынан ысырып тастаған. Б. Скиннердің айтуынша, біз әлеуметтік өзара қатынасты және әр түрлі мәдени құбылыстарды жоспарлай, өлшей алған кезде құндылық өзінен өзі тысқарыланып қалатын көрінеді.

Бихевиористер үшін этика, мораль және құндылықтар ассоциативті үйренудің қорытындысы. Классикалық бихевиоризмде адамдар мінез-құлқы реакциялар жиынтығы болып табылады, ол сыртқы орта стимулдарына қуаттану күшімен анықталады. Э.Толмен құндылық түсінігін адам реакцияларының күші және бағыты ретінде қолданған. Ол қажеттілікті анықтайтын мақсатпен қатар, осы объектіге қызығушылық кезінде анықталады дейді.

Л. Хьелл өзінің әлеуметтік үйрену теориясында қуаттану құндылығын қолданады. Қуаттану құндылығымен қатар, адам мінез-құлқы қажеттілікке деген құндылықпен анықталмақ. Бұл күтілудегі құндылық сыртқы әлеуметтік жағдайды субъективті бағалауға байланысты. Бұл жерде автордың қажеттілікке деген құндылық жөніндегі ойын ішінара мақұлдаймыз.

Келесі 3. Фрейдтің психоаналитикалық теориясы адам дамуының ішкі биологиялық факторларына көп көңіл бөлген. Дж.

Фейдимен мен Р.Фрейгердің айтуларынша З. Фрейдтің бар ойы дене жан тәжірбиесінің бірден-бір қайнар көзі болып табылады. Ол жан феномендерін тікелей ми физиологиясымен түсіндіретін уақыт келді деген.

Көптеген зерттеушілердің ойынша, З. Фрейдтің тұлға құрылымының элементтері құндылықтың негізі. Г. Г. Дилигенский бойынша, супер-эго әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды, эго жеке-дара құндылықтарды қамтиды. Эгоқұндылықтары, құндылықтардың жалпы қабылданған жүйесін құрайды.

Бұл жұмысты одан әрі қарай А. Адлер, К. Хорни, Э. Фромм жалғастырды. Э. Фромм адамға өмір мәні жайындағы сұрақтарға жауап беру қажеттілігі, өз нормалары мен құндылықтарын анықтай алу тән деп әділ атап көрсетті. Оның З. Фрейд теориясынан басты ерекшелігі - мінез негізін құштарлықтан емес, адамның өмірге деген қатынасының арнайы нысандарынан көре алғандығы. Ол адам сырқы дүниемен ассимиляция (азық табу және қоректену) және әлеуметтену (басқа адамдармен қатынас орната алу) процестері арқылы байланыста болады деді. Бұл процестің ерекшелігі әлеуметтік мінездің белгілі бір түрін қалыптастыруында.

А. Адлер тұжырымдамасында ең үлкен орынды қоғамдастық сезімі, әлеуметтік қатынасқа түсуге талпыныс, адам белсенділігінің бастауы ретінде әлеуметтік қызығушылықты алады. Әлеуметтік қызығушылық идентификация процесінде қалыптасады. А. Хеллдің айтуынша, бұл теориядағы әлеуметтік қызығушылыққа маңызды критерий ретінде назар аударылуы психотерапияда құндылықтық бағдарлар тұжырымдамасының пайда болуына үлкен әсерін тигізді.

Сонымен қоса, құндылықтық бағдарлар гуманистік және экзистенциалдық психологияда қамтылған. К. Роджерс теориясындағы ең негізгі түсінік өзінділік. Оның ойынша, ішкі және сыртқы құндылықтар ағзаны нығайтуға және сақтауға әсер ететін физиологиялық құрал арқылы қабылданады, қалыптасады. Осы негізде әлеуметтік құндылықтар сіңіріледі. Ол құндылықтық түсініктер негізінде туатын күйзелістерді саналау қажеттігін атап өткен.

А. Маслоу дені сау адамдар дұрыс тандау жасайды дейді. Оның айтуынша, құндылықтар және тандау құндылықтары бар. Ал, осыны дұрыс тандау өзіндік өзектенуге апарады. Адамдардың жоғары құндылықтарды тандауы құдайдан емес, оның табиғатымен

тығыз байланысты. Адамның ерікті тандауы болған кезде ол инстинктивті түрде жалғандық, жақсылық, жамандықты емес, ақиқатты тандайды, А. Маслоу құндылықтардың ішкі табиғи биологиялық ерекшеліктерін айта келе, адамның кез-келген инстинктивті бейімділіктері өркениет күшінен әлсіз дейді. Ол осы жерде өзіндік өзектенуді адамның ішкі құндылықтарын ояту кезіндегі психологтың рөлін көреді.

А. Маслоудың құндылық жөніндегі бұл тұжырымы құптарлық. Өйткені мұнда адам белсенділігі оның құндылығына сәйкес екендігін аңғарамыз.

Г. Олпорт тұлға құндылықтарының алғышарты қоғамдық мораль болып табылады дей келе, құндылықтық бағдарлардың бірнеше түрін көрсетеді: білім құмарлық, эрудиция, қарым-қатынас. Моральдық нормалар мен құндылықтар сыртқы күштер көмегімен қалыптасады. Олар адамның негізгі мақсаты ішкі құндылықтарға жету жағдайларының құралы бола алады. Адамның сыртқы құндылығының ішкі құндылыққа ауысуын Г. Олпорт функционалды автономия деп атады. Оны ол білім категориясының мәнділік категориясына ауысу процесімен түсіндірді және құндылық түсінігін қандай да бір тұлғалық мағына деді. Бала құндылықты оның мәні түбегейлі маңызды болған кезде саналайды деп көрсетеді. Мұндағы құндылықтарды нағыз адам құндылықтары деуімізге болады.

Отандық ғалымдарға тоқталатын болсақ құндылықтар кеңестік психологияда да тұлғаны зерттеуде әр түрлі аспектілер бойынша қарастырады. Тұлға сипаттамасында көптеген зерттеушілер негіз ретінде, бағыттылықты санаған. Бағыттылықтың негізіне құндылық бағдарларды алған. Құндылықтық бағдарлар адамның дамуын, өсуін, қалыптасуын ынталандырады.

С. Л. Рубинштейн, А. Н. Леонтьев, Б. Г. Ананьев, Д. Н. Узнадзе, Л. И. Божович және т.б. ғалымдар жұмыстарында бағыттылық адамның психикалық қатпарларын анықтайтын тұлға қасиеті. Б. Ф. Ломов тұлғаның ең негізгі сипаттамасы бағыттылық болып табылады деді. Ол бағыттылықты тұлғаның қоғамнан алатын немесе оған беретін қатынасы бола алатындығымен сипаттайды. Бұл жерде әңгіме материалдық және рухани құндылықтар жайында. Бағыттылықты тұлғаның негізгі сипаттамасы дей отырып, материалдық және рухани құндылықтардың көрсетілгендігін отандық ғылымдағы зор жетістік деуімізге болады. Мұның мәні, тұлғаның кемелденгендік деңгейі,

материалдық не рухани құндылықтармен анықталатындығымен байланысты. Осы арқылы тұлғаның жалпы парасаттылық деңгейі де айқындалады.

Сонымен бағыттылық субъективті құнды қатынастар арқылы көрінеді. Құндылықты бағыттылықтың объектісі ретінде қарастыра келе, В. П. Тугаринов құндылықтық бағдарлар түсінігін қолданады, ол адамның белгілі бір құндылыққа деген бағытымен анықталады.

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттікке қарай толықтырып отыруды талап етеді.

Қазіргі таңда қалыптасып қалған білім, білік, дағдыға негізделген білім берудің нәтижелері мен жаңа әлеуметтік экономикалық қоғам қажеттіктері деңгейі арасындағы қайшылықтар айқын байқалуда. Өйткені, заман талабы педагог мамандардың құзыреттілік сапаларын қоғамның жаңа құрылымына сәйкес белгілеп отыр.

Мысалы, Болон процесі оқытудағы білім, білік, дағдыға қоса құзыреттілік сапаларының қарастырылуын жаңа парадигма туғызып отырған қажеттілік деп бағалайды.

Білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Олай болса, білімге негізделген қоғам құрылысының негізгі басымдықтарын есепке ала отырып, педагог мамандардан аса жоғары кәсіби құзыреттілік талап етіледі.

Еуропалық білім кеңістігінде қоғамға қажеттік, мобильдік, өзара сенім білдірудің ең басты шарты алынып, сапа көрсеткіштері ретінде құзыреттіліктер қарастырылуда.

Педагогикалық шеберліктің басты шарты педагогикалық эрудиция мен құзыреттілік болса, педагогикалық эрудиция дегеніміз мұғалімнің педагогикалық міндеттерді шешу барысында икемді пайдаланатын қазіргі заманғы білім қоры. Ал, құзыреттілік дегеніміз қызметтегі тұлғаның жеке мүмкіндіктерін, оның белгілі бір мәселені шешуге жағдай жасайтын біліктілігін (білім, тәжірибе) атайды.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үрдісінде екі ұғым: құзыреттілік (компетенттілік) және құзырет (компетенция) ұғымдары пайдаланып келеді. Оның біріншісіне «Қазақ Совет Энциклопедиясының» орысша-қазақша сөздігінде «хабардар, жетік, терең білетін» деп, ал екіншісіне «хабардарлық, міндет, қызмет бабы» деп анықтама берілген. Құзыреттілік түсінігі көп аспектілі жан-жақты ұғымды білдіреді.

Ғалымдар құзыреттіліктің табиғатын түсіндіру мақсатында оны білім, білік ұғымдары арқылы анықталатын тұлғаның жеке қасиеті (Н. Кузьмина, А. Маркова, К. Махмуриян және т.б.) немесе ерекше қабілеті (Д. Ж. Равен, Р. Уайт, Х. Хершген және т.б.) деп түсіндіреді.

Өмірдің өзгермелі жағдайында құзыретті тұрғы білім берудің практикасы мен теориясының дәстүрлі мақсаты ретінде алға шығады. Құзыретті болу мен құзыретсіз болудың себептері бірдей, ол адамның жеке тұлға ретіндегі жай-күйі. Немесе құзыреттіліктің бар-жоғын анықтау үшін қарым-қатынас, педагогтік еңбек нәтижелері мен адами қарым-қатынаста, оның қорытындыларына қарап пайымдау қажет. Мұның мағынасы педагог мамандар өз әрекеті мен орындаған жұмысы кәсіби іс-әрекеттің белгіленген талаптарына жауап беретін және орындай алатын болса, кәсіби құзыретті болып саналады. Н. Г. Милорадованың айтуынша білім беру жүйесінде құзыреттілікті тудыратын төрт негіз бар (біріншісі – кәсіби-әдістемелік құзыреттілік, екіншісі – іс-әрекет негізіндегі құзыреттілік, үшіншісі - әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілігі және төртіншісі – жеке тұлға негізіндегі құзыреттіліктер) сыншыл ойлауды, рефлексияны, өз позициясын анықтау қабілеттілігін, өздігінен бағалайтын ойдың дамуын және өмір бойы үйрену қабілеттілігін талап ететіні анық.

Құзыреттілік – жұмыскердің өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті.

Құзыреттілік (компетентность) ұғымы белгілі бір салада шешім қабылдауға, тұжырымдар жасауға мүмкіндік (немесе құқық) беретін адамның қабілеттілігі мағынасында қолданылады. Бұл қабілеттіліктің негізін білімділік, хабардарлық және іс-әрекет тәжірибесі құрайды. Осы арқылы құзыреттілік ұғымының

жинақтаушылық, кіріктірушілік сипаты айқындалады. Адам білімді және сәйкесінше тәжірибені меңгеру негізінде құзыретті болады. Сондықтан, құзыреттілік ұғымы қазіргі таңда елімізде, шетелде де білім берудің нәтижесі ретінде қолданылады.

Ш. Таубаева: «Құзыреттілік – ол тұлғаның оқыту және әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» - деп қарастырады.

«Құзыреттілік – білімдер мен іскерліктерді, іс-әрекет тәжірибесін меңгеру нәтижесінде белгілі бір іс-әрекет түрін табысты жүзеге асыруға қабілеттілігін сипаттайтын тұлғаның кіріктірілген қасиеттері».

Құзыреттілік дегеніміз қызметтегі тұлғаның жеке мүмкіндіктерін, оның белгілі бір мәселені шешуге жағдай жасайтын біліктілігін (білім, тәжірибе) атайды.

1-кесте

«Құзыреттілік» ұғымдарына берілген ғалымдардың анықтамаларындағы мәні

Авторлар	Қабілет	Білім Білік, дағды жиынтығы	Тәжірибе	Әрекет тәсілдері
В. П. Шапалов	Құзыреттілігі			
М. М. Чошанов		құзыреттілік		
Б. Т. Кенжебеков	құзыреттілік			
М. Ж. Жадрин		құзыреттілік		
Ш. Т. Таубаева	құзыреттілік	құзыреттілік	құзыреттілік	
К. Ж. Аганина			құзыреттілік	
А. В. Хуторской		құзыреттілік		құзыреттілік

Сонымен, құзыреттілік дегеніміз – адамның өз кәсібіне сай игерген әрекет пен өнімді қызмет түріндегі білім жиынтығын маңызды қасиеттермен біріктірілген білік және саналы дағдылар тәсілдері арқылы тәжірибеде қолдана білу қабілетінің сапасы.

Жоғары оқу орнындағы педагог құзыреттілігін қалыптастыру бүгінгі кәсіби тұрпатты маман даярлаудағы қоғам сұранысы мен қажеттіліктерінен туындап отыр.

Жоғары оқу орнындағы педагог мынадай құзыреттіліктің түрлерін иреуге тиіс:

Арнайы құзыреттілік - өзінің кәсіби қызметпен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалай білетін қабілет.

Әлеуметтік құзыреттілік бірлескен кәсіптік қызметпен айналысу қабілеті (ұжыммен, топпен) қызмет ету, басқару кәсібінде қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін қолдана білу.

Білім беру құзыреттілігі – білім беру қызметінде кәсіби білімді, білік пен дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық және білім беру қызметінде субъектілік пен креативтіліктің дамуына ынталылық, педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Осы аталған құзыреттіліктерге ортақ белгілер мыналар:

- іргелі және интеграциялық білімнің жоғары деңгейі;
- жинақталған іскерлік, дағды қабілеттерді меңгеру;
- кәсіби педагогикалық қызметтің жаңашыл әдістері;
- инновациялық технологияны меңгеру;
- шығармашылық шеберлік.

Сонымен, қорыта келгенде, құзыреттілік дегеніміз – адамның өз кәсібіне сай игерген әрекет пен өнімді қызмет түріндегі білім жиынтығын маңызды қасиеттермен біріктірілген білік және саналы дағдылар тәсілдері арқылы тәжірибеде қолдана білу қабілетінің сапасы.

Жоғары оқу орнындағы педагог құзыреттілігі педагогикалық қабілеттер негізінде және құзыреттілік түрлерінің жиынтығынан тұрады десек, В. А. Слостенин: «Педагогтың кәсіби құзыреттілігі педагогикалық - іс-әрекетті атқару үшін қажетті теориялық және практикалық дайындығы және ол мұғалімнің кәсіби профессионализімі» деп сипаттайды.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі ұғымы мұғалімнің жеке мүмкіндіктерін білдіреді, ол педагогикалық ситуацияларды дербес және тиімді шешуге ықпал етеді. Ол үшін мұғалім педагогикалық теорияларды және оны практикада қолдануды білуі керек.

Ғалым В. А. Мижериков бойынша, мұғалімнің *педагогикалық құзыреттілігі* дегеніміз кәсіби іс-әрекетті орындаудағы теориялық және практикалық дайындықтарының бірлігі.

Педагогикалық құзыреттілік – педагогтың кәсіби көрсеткіші; педагогтың дайындығы және «қабілеттенуі» арқылы, іс-әрекеттерді меңгерудің әдістері мен құралының шынайылығында, алға қойған міндеттерді шешу мүмкіндігінде көрінетін нәтиже.

Жоғары оқу орны оқытушысының кәсіптік-тұлғалық құзіреттіліктері Энциклопедиялық сөздікте былайша жіктеледі:

- *Бейімделу* - өркениетті адамның жайлы өмірді қамтамасыз етуде, қоршаған әлем туралы білімінің, табиғатқа қатынасы, ортаның өзгергіштігіне бейімделу және бірегей табиғи байлықты шынайылықтың шығармашылық жолмен түрленуін сақтау арқылы қолданылатын интеллектуалды, физикалық және психомоторлы біліктіліктердің жиынтығы;

- *Әлеуметтік - ұйымдастырушылық* - әр түрлі нақты әлеуметтік жағдаяттарды шешу үшін мақсатты таңдалған жол іздеу негізінде адамдардың арасындағы қарым-қатынастардың барлық қатынасушылар үшін қолайлы өзгеріске әкелетін, нәтижесінде өз мақсаттары, көңіл-күйі, әрекет ету тәсілдерін реттеуді қажет ететін тұлғаның білімдерінің, рефлексивті біліктіліктерінің және қабілеттіліктерінің жиынтығы;

- *Коммуникативті* – құрылымы жағынан күрделі және білім беруді ұйымдастыруда тұтас, қарым – қатынас жасаудағы негізгі міндеттерді табысты жүзеге асыруды және тұлғаның өз мүмкіндіктерін ашуын қамтамасыз ететін және лингвистикалық біліктіліктерді меңгерумен сипатталатын, тілдік тәртіптің арнайы әлеуметтік – мәдени нормалары мен қарым – қатынас жасаушылар арасында психологиялық заңдар, қолайлы жағдайды қолдау, тұлғаның әсерлі сезімтал ортасын дамыту;

Құндылықты-мәнді - тарихи дәуірге, әлеуметтік немесе тендерлік топқа, адамның белгілі бір уақыт аралығындағы кәсібін қатысты өзгермейтін (инвариантты) сипаттағы құзыреттіліктердің жиынтығы, сонымен қатар олар тұлғаның озық ойы мен әрекетін анықтайды, оның «уақыттан озу» қасиетін келешектің әулиесі және жаратушысы болуын, күн ілгері тұлғаның сыртқы әрекеттерге қатысты тұрақтылығын анықтайды, кез келген жағдайда адамның «дербестігін» сақтауды қамтамасыз етеді.

Сонымен, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі үшін психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдерді меңгеруі керек, сонымен бірге ол білімдерін нақты бір ситуацияларда қолданылуы қажет. Кәсіби құзыреттілік мұғалімнің өз ісінде шебер болуын анықтайды деп айтуға болады.

Педагогикалық құзыреттілік мұғалімнің теориялық және практикалық дайындығынан құралады. Олар өз кезегінде педагогикалық іскерліктерге бөлінеді. Педагогикалық құзыреттіліктің құрылымы:

Педагогикалық іскерлік – бұл теориялық білімге негізделген және үйлесімді тұлғаны дамытуға бағытталаған, бірізді жүзеге асатын автоматтандырылған әрекеттердің жиынтығы. (В. А. Сластенин)

Педагогикалық іскерліктер – мұғалімінің әр түрлі әрекеттерінің жиынтығы, ең бастысы олар педагогикалық іс-әрекеттің қызметіне сәйкес келеді, белгілі бір мөлшерде мұғалімнің жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтайды. (В. А. Мижериков).

Мұғалімнің теориялық дайындығы *педагогикалық ойлау іскерлігі* түрінде көрінеді.

Педагогтың теориялық дайындығына:

- аналитикалық іскерлік;
- болжау іскерлігі;
- жобалау іскерлігі;
- рефлексивті іскерлік кіреді.

Аналитикалық іскерлік төмендегі іскерліктерден құралады:

- педагогикалық құбылыстарды талдай алу;
- зерттейтін құбылыстарға сәйкес педагогикалық теорияларды, заңдылықтарды анықтау;
- педагогикалық құбылыстарды дұрыс болжай алу;
- негізгі педагогикалық міндеттерді құрастыру;
- міндеттерді тиімді шешу жолдарын анықтау.

Болжау іскерлігі білім беру процесін басқарумен байланысты және ол басқару субъектісі мен күтілетін нәтижеге бағытталады.

Педагогикалық болжау педагогикалық процестің логикасы мен мәні туралы нақты білімге негізделеді.

Болжау іскерлігі құралады:

- білім берудің мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- оларға жету үшін әдістерді таңдау;
- мүмкін болатын кедергілерді білу, оларды жою жолын білу;

- білім беру процесіне қатысушылардың уақыты мен күтілетін шығындарды болжау;

- білім беру процесіне қатысушылардың өзара әсерлесу мазмұнын жоспарлау.

Болжау іскерлігі болжау объектісіне байланысты үш топқа бөлінеді:

- ұжым дамуын болжау;
- тұлға дамуын болжау;
- педагогикалық процесті болжау.

Жобалау іскерлігі дегеніміз:

- оқыту және тәрбие жолдарын нақтылау;
- оларды кезеңдер бойынша негіздеу;
- іс-әрекет түрлері мен мазмұнды жоспарлау;
- білім беру процесінің құрылымын, формаларын анықтау;
- оқушылармен жеке жұмысты жоспарлау;
- ата-аналармен, қоғаммен байланыс орнатуды жоспарлау.

Рефлексивті іскерлік педагогтың өзіне бағытталған бақылау-бағалау іс-әрекетін жүзеге асыруда қолданылады.

• Рефлексия - өзімізді, әрекеттерімізді талдауға бағытталған теориялық іс-әрекеттің ерекше түрі. Рефлексия латынша өткенге қайта оралу дегенді білдіреді.


Рефлексивті іскерлік:

- берілген үлгілер бойынша жеткен нәтижені сәйкестендіру негізінде бақылау;

- ойша күтілетін әрекеттер нәтижесі негізінде бақылау;

- нақты орындалған әрекеттерді талдау негізінде бақылауды білдіреді.

Аталған педагогикалық іскерліктер нақты педагогикалық әрекетте көрініс табады. Олай болса, педагогикалық іс-әрекет ұғымын түсіндірместен бұрын іс-әрекет ұғымына тоқтала кетейік. Іс-әрекет – адамның қоғамдық тарихи болмысының ерекше формасы. Бар болудың және даму тәсілі ретінде іс-әрекет бұл адамның табиғи және әлеуметтік шындықты мақсатты түрде қайта жаңғырту тәсілі ретінде түсіндіруге болады. Іс-әрекет ұғымын бірнеше мағынада түсіндіруге болады: ғылыми білім категориясы, қоғамдық тарихы болмыстың ерекше түрі, бар болудың және даму тәсілі ретінде.



1-сурет. Іс-әрекет категориясының түсініктері


Адам іс-әрекетінің құрылымы қажеттілік, мотив, мақсат, міндет, әрекет, операциялар жиынтығынан құралады. Ғылыми білім категориясы ретінде іс-әрекеттің бірнеше түрлері бар, соның бірі педагогикалық іс-әрекет.

Педагогикалық іс-әрекет – адам іс-әректінің ерекше түрі, басқа іс-әрекет түрлерімен салыстырғанда ол мақсатқа бағыттылық сипатқа ие болады.

Педагогикалық іс-әрекет – аға ұрпақтың жас ұрпаққа адамзат жинақтаған мәдениет пен тәжірибені беруіне бағытталған, олардың тұлғалық дамуына жағдай жасап, қоғамда белгілі бір әлеуметтік рөлдерді орындауға дайындайтын әлеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрі.

Педагогикалық іс-әрекет дамудың шарты мен негізі ретінде оқушылардың пәндік, әлеуметтік мәдени тәжірибені меңгеруіне бағытталған оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылуы болып табылады.

Педагогикалық іс-әрекеттің мәнін түсіндіру үшін оның құрылымына талдау жасау қажет. Педагогикалық іс-әрекетті іс-әрекеттің мақсаты, мотивтері, әрекеттер (оперативтер), нәтиженің бірлігі ретінде көрсетуге болады. Төменде педагогикалық іс-әрекеттің құрамдас бөліктері көрсетілген:



2-сурет. Педагогикалық іс-әрекеттің құрамдас бөліктері

Педагогикалық іс-әрекеттің құрамдас бөліктерінің бір бөлігі – мақсат. Мақсат – педагогикалық іс-әрекеттің жүйе құрушы факторы рөлін атқарады (А. Н. Леонтьев). Педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты - оның мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, нәтижесін анықтау. Олар мақсатқа тікелей тәуелді болады.

Педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты тәрбие мақсаттарын жүзеге асырумен байланысты. Бүгінгі уақытта тәрбиенің негізгі мақсаты – үйлесімді дамыған жан-жақты тұлғаны қалыптастыру.

Педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты – ол тарихи құбылыс. Ол әлеуметтік даму қарқынына байланысты өзгеріп отырады. Ол қоғамдық дамудың объективті тенденциясы ретінде пайда бола отыра, қоғамның қажеттіліктеріне қарай педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны, формасы және әдістеріне сәйкестендіре отырып, ең жоғары мақсатқа жетудің кезеңдік бағдарламасы құрастырылады.

Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі функционалды бірлігі – педагогикалық әрекет. Педагогикалық әрекетті мақсат пен мазмұнның біртұтастығы ретінде түсіндіруге болады.

Педагогикалық іс-әрекеттің мәні – мақсат, мотив, әрекет, нәтиженің біртұтастығында, ондағы мақсат жүйе құрушы сипатқа ие болады (А. Н. Леонтьев).

Кәсіби педагогикалық іс-әрекет қоғам арнайы ұйымдастырған келесі мекемелерде жүзеге асады:

- Мектепке дейінгі білім беру мекемелері;
- Орта білім беру;
- Орта арнаулы оқу орындары;
- Жоғары білім беру;
- Қосымша білім беру;
- Біліктілікті арттыру және қайта даярлау.

Педагогикалық іс-әрекеттің өнімділік деңгейлері (Н. В. Кузьмина бойынша):

1-деңгей – продуктивті емес – педагог өз білгенін өзгелерге

айтып бере алады;

2-деңгей – аз продуктивті – бейімделуші, педагог өз хабарламасын аудитория ерекшелігіне бейімдей алады;

3-деңгей - орташа продуктивті – педагог оқушыларды курстың әр бөлімдері бойынша білімге, дағдыларға, іскерліктерге үйрету стратегияларына ие;

4-деңгей – продуктивті – жалпы пән бойынша оқушылардың білім, іскерлік, дағдыларын жүйелі қалыптастыру іскерліктерін меңгерген;

5-деңгей – жоғары продуктивті – педагог оқушы тұлғасын қалыптастыру, оның өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін құралдарын меңгерген.

Педагогикалық іс-әрекет әлеуметтік маңызды іс-әрекеттердің маңызды бір түрі. Бұл іс-әрекет түрі құрылымы жағынан күрделі жүйені құрайтын іс-әрекет болып табылады. Педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы үш бөліктен құралады: конструктивті, ұйымдастырушылық, коммуникативті іс-әрекеттер.



3-сурет. Педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы

Педагогтың конструктивті іс-әрекеті педагогикалық іс-әрекеттің жобаларын, жоспарларын құрастыру түрінде жүзеге асады. Конструктивті іс-әрекет конструктивті-мазмұндық, конструктивті-

оперативті, конструктивті-материалдық іс-әрекеттерден құралады:

1) Конструктивті мазмұндық іс-әрекет оқу материалын таңдау, педагогикалық іс-әрекетті жоспарлау, сабақ, тәрбиелік шара жоспарын әзірлеу сияқты іс-әрекеттерден құралады.

2) Конструктивті-оперативті іс-әрекет педагогикалық процестегі мұғалім мен оқушының іс-әрекеттерін жоспарлау, қолданылатын әдіс-тәсілдері таңдап, оларды құрастыру түрінде жүзеге асады.

3) Конструктивті-материалдық іс-әрекет педагогикалық іс-әрекетке қажетті материалдық техникалық базаны құрастыру, ұйымдастыру түрінде іске асады. Яғни мұғалім сабағына қажетті техникалық, көрнекі құралдарды әр түрлі жабдықтарды анықтайды. Конструктивті іс-әрекет мұғалім жұмысының жүйелі әрі нәтижелі болуының кепілі деп айтуға болады. Мұғалім өзінің және оқушылардың іс-әрекетін дұрыс жоспарлай алса, ол нәтижелі жұмыс жасауына ықпал етеді.

Педагогтың ұйымдастырушылық іс-әрекеті конструктивті іс-әрекеттің жалғасы деп айтуға болады. Мұғалім өзі құрастырып, өзі жоспарлаған іс-әрекеттерін нақты іс-жүзінде жүзеге асады. Оқушыларды білім алу процесіне, тәрбиелеу процесіне ұйымдастырады. Олардың жүйелі білім алуын, олардың таным процестерін басқарады. Оқушылардың сабақтаны тыс әрекеттерін, әр түрлі тәрбиелік шараларды, балалар ұжымының іс-әрекетін, ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты іс-әрекеттерін және т.б. шараларды ұйымдастырады. Бұл педагогикалық іс-әрекет құрылымындағы маңызды іс-әрекеттердің бірі болып табылады.

Педагогтың коммуникативті іс-әрекеті педагогикалық процеске қатысушылармен қарым-қатынас орнатуға бағытталған іс-әрекеті. Мұғалім оқушылармен, мұғалімдер ұжымымен, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орната алуы керек. Коммуникативті іскерлік мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіндегі маңызды құралы деп айтуға болады. Мұғалім өзінің сөзі арқылы оқушыға білім беріп, оның тәрбиесін ұйымдастырады. Сондықтан да жақсы мұғалім болуы үшін педагогикалық қарым-қатынас құпияларын, педагогикалық әрекеттің этикасын меңгеру маңызды болып табылады.

Педагогикалық шеберліктің тағы бір көрінісі – мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті, яғни оның тұлға ретінде жеке-даралығы.

Шығармашылық: 1) қоғамның көпқырлы қажеттілігін қанағаттандыратын, жаңа сападағы материалдық және рухани

құндылықтарды жасайтын адам әрекеті процесі; 2) туындаған міндетті шешуде бұған дейінгі белгілі болған шешу жолдарынан басқаша ойлаудың жоғары түрі.

Педагогикалық іс-әрекет сапалық мәнге ие мамандықтың бір түрі болып табылады. Мұғалім еңбегінің ұйымдастырылуы мен мазмұны оның өз іс-әрекетіне деген шығармашылық қатынас деңгейі арқылы анықталады. Педагогтың іс-әрекетіндегі шығармашылық деңгей алдына қойған мақсаттарды шешудегі мүмкіндіктерін пайдалану деңгейі арқылы анықталады. Сондықтан мұғалім мамандығының басты ерекшеліктерінің бірі шығармашылық сипат болып табылады. Мысалы, басқа да мамандық иелері (ғылым, техника, өнер т.б.) шығармашылық сипатқа ие болғанымен, олар жаңалық ашуға бағытталса, мұғалім мамандығы адамды дамытуға бағытталады.

Мұғалімінің шығармашылық мүмкіндігі жинақталған әлеуметтік тәжірибе, психологиялық-педагогикалық және пәндік білімдері, жаңа идеялар, дағды, іскерліктер арқылы анықталады.

Мұғалім шығармашылығы деп өзгермелі жағдайларда педагогикалық міндеттерді шеше алу процесін атауға болады.

Шығармашыл тұлғаның ерекше жеке іскерлік қасиеттерін ерекшелендіріп тұратын қасиеттерін креативтілік деп атаймыз.

Зерттеушілер Е. С. Громов және В. А. Мояко креативті іскерліктің ерекшелілік, эвристикалық, фантазия, белсенділік, анықтылық-нақтылық, сезімталдық және т.б. сияқты белгілерін көрсетеді.

Шығармашылық педагогқа бастамашылдық, дербестік, ойлау, сезіну, танымға деген құштарлық сияқты қасиеттерді меңгеруді қажет етеді.

Осыдан шығарар қорытындымыз: әрбір педагог мұғалім мамандығын таңдап алған соң, ол жауапкершілігін бірге ала жүруі керек. Ұстаз өз пәнін ғана емес, дүние сырын, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінездерін, өнердің қуат әсерін білетін жан болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөзік./Ред.басқарған Ж.Қ. Түймебаев, ред.алқасы А. Е. Әбілқасымова, И. Б. Бекбаев, Н. Б. Қалабаев, Е. Ә. Оңғарбаев, С. Ж. Пірәлиев, М. В. Рыжаков. - Алматы, 2009. - 400 б.
2. Ясницкий М.С. Ценностные ориентации личности как динамическая система. - Кемерово, 2000. - 236с.
3. Аристотель. Сочинения. -М.: Мысль, 1984. - 830 с.
4. Залесский Г.Е. Психология мировоззрения и убеждений личности. - М., 1994. - 142 с..
5. Хекхаузен Х. Мотивация и деятельность. - М.: Изд-во Педагогика, 1986. - 408 с.
6. Хьелл Л., Зиглер Д. Теории личности. - СПб.: Изд-во Пресс, -1997. - 608 с.
7. Фейдимен Дж., Фрейгер Р. Теория и практика личностно-ориентированной психологии. - М., 1996. - 208 с.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Күзіреттілік» сөзіне бірнеше анықтама бер
2. Күзіреттілікке байланысты ғалымдардың айтқан сөздері
3. Мұғалімнің педагогикалық күзіреттілігі
4. Педагогикалық іскерлікке сипаттама бер
5. Аналитикалық іскерлік дегенді қалай түсінесің?
6. Педагогикалық іс-әрекетті қалай түсінесің?
7. Креативтілік ұғымы
8. Мұғалімнің педагогикалық креативтілігі

Тестік тапсырмалар

1. Педагогикалық мәдениет:

А. Оқытушының өзіне және өз ісіне деген көзқарасы, оның оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру стилі және кәсіби-педагогикалық қасиеттерінің, этикасының, шығармашылығының жиынтығы.

Ә. Педагогикалық жұмысты нәтижелі орындауға қажетті білім, дағды және тәжірибенің жиынтығы.

Б. Жаттықтырушының педагогикалық әрекеттестікті жүзеге асыратын әдістері мен тәсілдері.

В. Педагогтың балалар ұжымындағы қарым-қатынасты басқарудағы өзіндік әдістемесі.

Г. Оқу-жаттықтыру процесінде педагогикалық міндеттерді шешудің жаңа баламаларын табу икемдіктері.

2. Педагогтің мәдениеттілігінің көрсеткіші

А. Әдептілігі

Ә. Жауапкершілігі

Б. Сенімділігі

В. Изеттілігі

Г. Қамқорлығы

3. Педагогикалық іскерлікті неше топқа бөлуге болады

А. 2 топқа

Ә. 4 топқа

Б. 6 топқа

В. 8 топқа

Г. 10 топқа

4. Көрсетілген белгілер қай іскерлікті сипаттайды: «Жұмыс анықтау, мақсатты белгілеу, тапсырма беру, жұмысты бақылау, есеп беру»

А. Зерттеушілік іскерлігі

Ә. Қарым-қатынас іскерлігі

Б. Құра білу іскерлігі

В. Ұйымдастыру іскерлігі

5. Зерттеушілік іскерліктің мәнін ашу мақсатында төмендегіні аяқтандар: Зерттеушілік іскерлік – әрбір педагогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарауды...

4. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКА ПЕДАГОГ ШЕБЕРЛІГІНІҢ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ

Жоспары:

1. Педагогикалық техника мұғалімнің жүріс-тұрыс формасы және оның компоненті. Мұғалім іс-әрекетінің техникалық мәні.
2. Педагогикалық шеберліктегі басқару технологиясы.
3. Мұғалімнің өзін-өзі басқарудың шеберлігі өзін-өзі қалыптастырудың техникалық негізінде.
4. Педагогикалық қарым-қатынастағы пантомимика және пластика. Зиянды әдеттер. Мұғалімнің сыртқы киімінің мәдениеті

Негізгі ұғымдар: педагогикалық техника, басқару технологиясы

1. Шебер педагогтардың жетістіктеріне үңілген сайын, біз педагогтардың бойындағы нәтижелі үлгі мен ситуациялық тапсырмаларды жан-жақты шеше білу өнерін көреміз. Мұнда жеке іскерлік басты рөл атқарады. Мысалы: оқушыларға сапалы білім беру; сұрақтар қою; топпен жұмыс жасай отырып, әрбір жеке тұлғамен жұмыс; бақылау жүргізу; топты ұйымдастыра білу; өз көңіл-күйіне иелік ете білу; дауыс ырғағы, мимика, қимыл әрекет. «Тәрбиеленуші сіздің жан дүниеніз бен ақыл-ойыңызды сізді көру, тыңдау арқылы қабылдайды», - деген А. С. Макаренко.

Педагогикалық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы, жан-жақты, әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол әр сөзді оқушыларға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы.

Педагогикалық шеберлікте *педагогикалық техника* деп аталатын мәселеге мән беріледі. Мұғалім әр сөзін дұрыс сөйлеп, нық айтуы тиіс, оның жүріс-тұрысы, қозғалысы, отырып-тұруы оқушыларға ерсі болмайтындай дәрежеде болуы керек. Егер ол сыныпқа күлімдеп кірмей, қабағын түйіп келсе, қол сілтеп, бей-берекет сөйлеп, өз-өзімен абыржып тұрса, жоқтан өзгеге ашуланып қалса, онда ол ұстаздың сабағын оқушылар тыңдамайды, оқушылар алдында сенімнен де, абыройдан да айрылады. Сондықтан, педагогикалық техника, әдеп, шек, сақтық, ұстамдылық қажет.

Педагогикалық техниканың өзі мұғалімнің ішкі жан-дүниесімен байланысты және ол мұғалімнің сырт келбетінен білінетін құрылым. Педагог шеберлігі-мұғалім жан дүниесінің мәдениеті мен сыртқы келбетінің көркемдігін көрсетеді.

Сонымен, техника - қабылдау болып табылады. Оның құрамына-сөйлеу және вербальды емес қарым-қатынас жатады.

А. П. Черняевская бойынша, педагогикалық техника – мұғалім іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы мазмұнының үйлесімді бірлігіне әсер ететін тәсілдер жиынтығы.

Педагогикалық техника – мұғалімнің өздерінің жеке психофизиологиялық жай-күйін, көңіл күйін, эмоциясын, денесін, сөзін және педагогикалық мақсатты қарым-қатынасын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін жалпы педагогикалық және психологиялық білім кешені.

Педагогикалық техника, педагогтың ішкі және сыртқы құрылымына гармониялық себеп болады. Педагогикалық шеберлік– педагогтың ішкі мақсатының бейнелі, мәнерлілігі мен рухани мәдениетінің синтезі.

«Педагогикалық техника» түсінігі екі компоненттен тұрады:

1) Педагогтың ішкі дүниетанымын: өз денесін басқаруы (мимика, пантомимика), сезімді басқаруы (психикалық күш салу, шығармашылықты сезіну), әлеуметтік – перцептивті қабілеті (зейін, бақылау, ойлау), техникалық құрал (тыныс алу, дауыс ырғағы, дикция, темп) басқара білу қабілетімен байланысты.

2) Оқыту – тәрбиелеу процесінде тұлғаны, ұжымды техникалық жағынан, педагогикалық техникамен байланыстырып, дидактикалық, ұйымдастырушылық, коммуникативті қабілет, педагогикалық қарым – қатынасты бақылау, ұжымды шығармашылық істермен байланыстыру.

Педагогикалық техникадағы педагогикалық шеберлік төмендегідей критерийлерге бөлінеді:

- мақсаттылық (бағытталған)
- продуктивтілік (білім, тәрбие деңгейінің нәтижесі).
- оптималдық (таңдамалы)
- шығармашылық (құрамына байланысты)

Педагогикалық техника:

- Дене қозғалысы - жест, поза, пантомимика;
- Адам қозғалысының мәні туралы кинетика ғылым зерттейді;
- Пантомимика –дене, қол, аяқ қозғалысы, ол ойдың негізгісін бөліп көрсетеді және бейне жасайды;

- Жест – қол сермеуі, ол бейнелеуші және психологиялық жесттер болып бөлінеді;

- Бейнелеуші жесттер – ойдың барысын бейнелейді, иллюстрациялайды;

- Психологиялық жесттер – сезімді білдіреді;

- Мимика - өз ойын, сезімін, көңіл-күйін, жағдайын беттің бұлшықет қозғалысымен білдіре алу өнері;

- Жест және мимика ақпараттың эмоциональды мәнін арттырып, оның жақсы меңгерілуіне жағдай жасайды;

- Дикция – бұл сөздерді, буындарды және дыбыстарды айтудағы ашықтық, нақтылық.

Педагогикалық техниканың құрамдас бөліктері:

- Өзін-өзі басқару іскерліктері;

- Ұжыммен, жеке тұлғамен өзара әрекеттесу іскерліктері жатады.

1) Өзін-өзі басқару іскерліктері:

- өз денесін игере білу (физикалық денсаулық, төзімділік, мимика, понтомимиканы бақылай алу)

- эмоциональды жағдайды бақылай әрі пайдалана білу (жағымды, жағымсыз эмоциональды көңіл-күй, эмоциялар және т.б.);

- әлеуметтік перцепция (зейін, әлеуметтік сезімталдық – басқалардың көңіл-күйін сезіне алу және олардың себептерін білу және қабылдау);

- сөйлеу техникасы (дауысты қою, дұрыс демалу, сөз темпі мен тембірін басқара алу, дикция)

2) Ұжыммен және жеке тұлғамен өзара әрекеттесу іскерліктері:

- дидактикалық іскерліктер;

- ұйымдастырушылық іскерліктер;

- коммуникативті іскерліктер;

- талап қою іскерліктері;

- бағалау іскерліктері;

- конструктивті іскерліктері;

- педагогикалық қарым-қатынасты басқару іскерліктері.

2. Педагогикалық шеберліктегі басқару технологиясы.

Педагогикалық шеберлік:

1) мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моральды бойына сіңірген адам екендігі;

2) пәнді жетік білген, ойын оқушыға толық жеткізетін, оқушылардың бойына әдет, әдеп, дағды сияқты моральдық нормаларды сіңіре білгендігі;

3) оқыту мен тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерін меңгерген, білгендерін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогтық әдеппен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие бола алады.

Шебер ұстаздың сыртқы құпиясының жетістігін оның әр түрлі практикалық тапсырмаларды орындауындағы педагогикалық әрекетінен байқаймыз. Мұндағы басты рөл арнайы қабілеттілігін мойындау оқушыларды интенсивті қызметінен тануға, сұрақтар қоюға, ұжыммен жеке тұлғамен араласуға, барлығының назарында болып, ұжымды ұйымдастыруға, өзінің көңіл-күйін, дауысын, мимикасын, қозғалысын, басқаруға баулу. А. С. Макаренко былай деген: «Тәрбиеші сіздің жаныңызды, ойыңызды қабылдайды, ол сіздің жаныңызды білмейді, бірақ сізді көреді, тыңдайды».

Басқару технологиясы – жақсы нәтижелер алуға мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбиенің жаңа технологияларын құруға бағытталған қызмет.

Педагогикалық басқару функциялары – педагогтің оқыту, тәрбие мен дамыту мақсаттарын іске асырудағы әрекеттері: мақсатты, әлеуметтік-педагогикалық, ұйымдастыру-педагогикалық, нұсқаулық-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық.

Басқаруда басшының кәсіби қажетті тұлғалық сапасы – еңбек ұжымын басқару бойынша оның жұмыс жетістігін қамтамсыз ету барысында көрінетін адамның даралық-тұлғалық және әлеуметтік-психологиялық ерекшелігі.

Әр түрлі деңгейдегі басшылар үшін, оның қызметтігі жетістігін қамтамсыз ететін жалпы сапалар қатарына жоғары кәсіби біліктілігімен қатар саяси жетілгендігі, жағдайды саралап көре білуі, мемлекеттік мүддені көре білуі, ұйымдастыру білігі білігі мен дағдысы, жеке ұқыптылығы, өзара сын мен жоғары өзіндік бақылау және шыдамдылықпен үйлесетін өзіне деген сенімділігі, басқаларға және өзіне жоғары балап қою барысында адамдарға белсенді – оң қатынасы да жатады. Сапа құрылымында оның ұжымды біртұтас ретінде және оның жай-күйі мен топтық процестерге әсерін көре білуі маңызды рөлге ие болады.

Зерттеу бойынша, педагогикалық техниканы меңгеруде жұмысын жаңа бастап жатқан педагогтарда қателіктер болатынын көрсетеді. Педагогтың ата-аналарымен, оқушылармен сырласып, әңгімелесе алмауынан педагогта ашу, сенімсіздік пайда болады. Практиканттар бірінші сабақта сөйлеуінде мазасыздық, жылы қабақ танытудан

қорқу, жылдам сөйлеу, сезімін қорқынышпен алмастыратынын жасырмайды. Негізгі жетіспеушілік дауыс монотоны, мәнсіз сөйлеу, мәнерлі оқудың жоқ болуы. Көптеген индивидуальды сөйлеуде жетіспеушілік – мақам, үйлесімді дауыстың түрін таба алмау. Бұл қателіктер педагогқа оқу барысында кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар, тәрбиешінің сыртқы түрі эстетикалық тартымды болуы тиіс. Өзінің сыртқы түріне ұқыпсыз қатынас, өзгелердің шамадан тыс ыңғайсыз зейінін байқатады. Мұғалім бала, ата-ана алдында сымбаттың бейнесі болуы тиіс. Бұның барлығы сабақ барысында психофизикалық ұйымдармен, қарым-қатынас кезінде эмоционалды сезімін басқара білуін қажет етеді.

Педагогқа өз қабілетін тексеруге келесі тест көмектеседі:

1. Сіз әрқашан шыдамды әрі ұстамдысыз.

2. Сіздің көңіліңіз шын мәнінде де салқын.

3. Сіз сабақта, аудиторияда, үйде әрқашанда зейіндісіз.

4. Сіз өз сезіміңізді басқалар аласыз.

5. Әрқашан әріптестеріңізбен, жақындарыңызбен қарым-қатынасыңыз жылы.

6. Оқыған материалыңызды тез ұғып аласыз.

7. Құтылу үшін жасалатын кері қылығыңыз жоқ.

8. Қандай да бір жағымсыз оқиғаға өкіну болмайды.

«Иә», «жоқ» деп жауап беріп, санап шығыңыз. Егер барлық жауап дұрыс болса, сіз ұстамдысыз, басқару қабілетіңіз, бағалауыңыз жоғары. Егер жауабыңыздың барлығы немесе бірнешеуі жағымсыз болса, онда сіз үрейлі, сенімсіз, өзіңізге сынмен қарайтындығыңыз.

В. А. Сухомлинский рухани тепе-теңдікті тәрбиелеуде мынаны ұсынады: қабақ шытушылыққа, өзге де кемшіліктің жолауына жол бермеу, әзіл – оспаққа назар аудармау, оптимист, мейірімді болу. Бұл сапаларды дамытудың шарты: өз мамандығындағы әлеуметтік рөлді терең сомдау, даму сезімінің ұзақтығы, педагогикалық қырағылық, эмоцияналды ықылас, сонымен қатар, өзіндік талдауға және өзіндік адекватты бағаға ұмтылу. Жас мамандарды психикалық, физикалық әлсіреуден, балалар алдындағы қорқыныштан, сабаққа дайындалудағы қорқыныш деңгейінен арылту. Аутогенді жаттығу, тыныс алу, артекуляциялық жаттығулар болуы тиіс. Мамандық мақсатын құру мен өзін-өзі сендіру.

4. Педагогикалық қарым-қатынастағы маңызды рөл паномимика және пластика. Пантомимика - дененің, қолдың, аяқтың қимыл-

әрекеті ол образды бейнелеуге, негізді бөліп алуға көмектеседі. Егер біз сабақ түсіндіріп тұрған мұғалімді бақыласақ, оның барлық денесі, қолдары, бет әлпеті, аяғы үнемі қозғалыста болады.

Мұғалімнің әуелгі жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері оның ішкі жан дүниесін бейнелейді. Жинақылық пен емін еркін қимылы педагогтың өз біліміне, күшіне деген сенімін білдіреді. Сонымен қатар салбыраңқы бас, жиі қобалжу мұғалімнің әлсіздігін, өз-өзіне деген сенімсіздігін білдіреді.

Сабақ беру барысында мұғалім оқушылардың алдында тұру тәртібін ескеру керек (екі аяқтың ара қашықтығы 12-15 см, бір аяқ екінші аяқтан сәл алға шығуы керек). Барлық қимыл әрекетімен оқушылардың назарын өзінің қарапайымдылығына аудартуы керек. Сонымен қатар эстетикалық зиянды әрекеттерден арылуы керек: алға-артқа теңселу, екі аяғына кезек-кезек сүйену, орындықтың арқасын бір қолмен сүйеп тұру, қолында өзге бір заттарды қозғап немесе айналдырып тұру, басын (шашын) қасу, мұрынын жиі сүрту, құлақтарын ұстау және т.б.

Педагог іс-әрекеті, қимылы өз дәрежесінде шектеулі және ұстамды болуы керек. Мұғалімнің әрбір іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы, бет әлпетінің қозғалысы оның сөзіне сай болуы керек. Мысалы: сабақ түсіндіру барысында мұғалім тұрған жерінен алға қадам басса, ол тақырыпты ары қарай толығырақ түсіндіріп тұрғанын, артқа шегінсе оқушыларға демалуға мүмкіндік бергені. Ал оқушыға қойылған сұраққа жауап алу барысында, оң қолын кеуде тұсына дейін көтеріп, сәл алға созу керек.

Әрбір ұстаз оқу процесі барысында оқушыларға өз білімінің басты байлығы мен құнарлылығын жеткізе білуі керек.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Педагогикалық техника» деген ұғымға анықтама беріп, оның мазмұнын мұғалімнің практикалық іс-әрекеті тұрғысынан түсініктеме беріңіз.
2. Педагогикалық процестегі мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасындағы пантомимиканың мәні неде?
3. Педагогикалық процесті басқару үшін мұғалімге қандай қасиеттер қажет?
4. Оқушылармен қарым-қатынаста мұғалімнің сыртқы киім мәдениеті әсер ете ме? Сіздің пікіріңіз.

Тест тапсырмалары

1. Педагогикалық шеберліктің элементі емес

- А. Педагог тұлғасының гуманистік бағыттылығы
- Ә. Кәсіптік білім
- Б. Педагогикалық қабілет
- В. Педагогикалық міндеттер және педагогикалық жағдаят
- Г. Педагогикалық техника

2. Педагогикалық техника сипатталады

- А. Педагогтың сыртқы келбеті
- Ә. Білім және қабілет
- Б. Педагогикалық процесс
- В. Жүйені өзіндік ұйымдастыру
- Г. Практикалық әрекет

3.«Педагогикалық техника» деген ұғымға енетін компоненттердің қайсысы жетіспейді?

- А)өзін –өзі билеу
- Ә)көңіл-күйін реттеу
- Б)әлеуметтік-перцептивтік қабілет
- В)?

4. Мұғалімнің өзін – өзі ұстауын, қарым – қатынас жасай білуін қамтамасыз ететін педагогикалық шеберліктің элементі қалай аталады

- А)кәсіптік білім
- Ә)гуманистік бағыт
- Б)педтехника
- В)педагогикалық қабілет

5.Мұғалімнің қимылы қандай болуы керек?Сөйлемді аяқтаңдар: «Мұғалімнің қимылы ...»

- 6.Сөйлемді аяқтаңыз: «Мимика дегеніміз ...»

5. ПЕДАГОГТАРДЫҢ СӨЗІ ТӘРБИЕЛІК ЫҚПАЛ ЕТУ МЕН МАҒЛҰМАТ БЕРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Жоспары:

1. Педагог сөзі оның іс-әрекетінің құрылымында. Тіл және сөз.
2. Сөз әрекетінің психологиялық құрылымы: мақсаты, мазмұны, формасы.
3. Сөз-мұғалім мен оқушылардың тіл табысу құралы.
4. Педагог сөзінің тиімділігінің әлеуметтік-психологиялық факторлары.
5. Сөз мәдениеті, оның элементтері. Мұғалім сөзінің логикасы. Сөз сөйлеу құралдары. Сөз, сөйлеу техникалар: дем алу, дауыс, дикция, ырғақ.

Негізгі ұғымдар: педагог сөзі, сөз мәдениеті, сөйлеу техникасы

Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас құралдарының ішіндегі өмірде кең қолданылатыны және аса маңыздысы – тіл. Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Тілмен сөйлесу адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес, ол ішкі құбылыс. Сөйлеу тек адамға ғана тән. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Тілді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады.

Тіл - адамның іс-әрекет процесінде таным, ақпараттық және коммуникативтік қызметті атқаратын кез келген физикалық табиғаттың таңбалау жүйесі.

Тіл - адамның жан дүниесінің көрінісі. Ол тұлғаны қалыптастырады. Педагогикалық іс-әрекеттерді саралау бойынша, егер сабақ ашық-жарқын және бейнелі сөз мәнерімен көркемделмесе, оқу-тәрбие мүмкіндіктерін толығымен жүзеге асыра алмайтындығы анықталды. Педагогтың тіл мәнерінің дамуы білім беру және тәрбиені күшейту үшін өте маңызды. Мұғалімде жақсы дамыған вербалды есте сақтау қабілеті, тіл мәнерін дұрыс таңдау және адаммен тіл табысу барысында дұрыс бағыт таңдай білу, нәтижесін сезе білу дағдысы болуы керек. Вербалды тіл табысу кезінде оның мәдениеттілігі мен эрудициясы біршама роль атқарады.

Тіл дегеніміз – адам қоғамының рухани өмірінде объективті өмір сүретін құбылыс. Тіл қарым-қатынас қызметін атқаратын

белгілері жүйесі және ой қаруы болып саналады. Тіл мағыналы сөздерден және сол бойынша сөйлемдер жасалынатын ережелер жиынтығы синтаксистен құралады. Әрбір сөздің өзіндік мағынасы болады. Тілдің сөздік қорында осы тілде сөйлейтін адамдар қауымдастығының айналадағы дүние туралы білімі сақталады. «Тіл – ой музейі» деген теңеу тегіннен тегін емес. Тіл жазбаша және ауызша сөйлеу арқылы іске асады. Тіл рухани иәдениет құбылысы ретінде, өзін жасаған қоғам құрып кеткен сонда өмір сүре отырып, жоғалған цивилизация мәдениетінің аса құнды ескерткіші бола алады. Тілдік хабарларды құрайтын құралдар фонемалар және графемалар. Осы әлеуметтік тұрғыда жасалып, қалыптасқан дыбыстар мен графикалық белгілерден адамзат тәжірибесін жеткізуші сөздер құрылады.

Сөйтіп тілде бізден бұрынғы ұрпақтар жасаған аса бағалы өмірлік қазына жинақталады.

Педагогикалық шеберліктің маңызды бөліктерінің бірі - сөз мәнері мәдениеті болып табылады. Сөз мәнері педагог үшін оқу материалын тарату және тәрбиелік өзара қарым-қатынас құралы болып саналады.

Сөз мәнеріндегі мәдениеттілік жөніндегі оқу Ежелгі Грецияның және Ежелгі Римнің ораторлық өнер тәжірибесі мен теориясында пайда болған, ал Ресейде оны М. В. Ломоносов ашқан. Жазушылар, заңгерлер, ғалымдар, педагогтар сөз мәнеріндегі шеберлікті өз салаларына қарай бейімдейді. Я. А. Коменский педагогтың оқушы назарын өзіне аудара алатындай деңгейдегі сөз мәнері болуы қажет деп санады. Ол мұғалім тілі оқушыға түсінікті, нақты, әрі тартымды болуы керек деп жазды. Сөз мәнеріндегі мәдениеттілік педагогтың рухани байлығының, ойлау мәдениетінің маңызды көрсеткіші және тұлғалық қалыптасу құралы болып табылады.

Сондықтан адамдар арасындағы қатынас мәдениеті туралы айта отырып, сөз мәдениетіне соқпай кету мүмкін емес.

Сөз мәдениеті, біріншіден, ауызекі тіл мәдениеті және жазба тіл мәдениеті болып екіге бөлінеді. Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс қолданудың емле мен белгілері ережелерін сақтап, сауатты жазу, оның ғасырлар бойы сұрыпталып келген, сөз зергерлері оюлап берген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану сияқты амал әрекеттерді қамтиды.

Ауызекі сөйлеу тілінің де жазба тілінің де бастау негізі – белгілі бір ұлттың дәстүрімен сабақтасқан жалпы халықтың тілі. Ауызекі

сөйлесу кезінде жеке адамдар өзінің мінез – құлқын көрсетеді. Сондықтан да сөйлеу, сөйлесе білу өнер, мәдениеттіліктің белгісі. Тілдік норманың жүйесін толық сақтайтын жазба тіл. Соның ішінде жазба әдеби тіл. Жазба әдеби тіл – жазу арқылы белгілі жүйеге түскен жазу дәстүрі мен әр түрлі жазба әдебиетінің негізінде қалыптасқан, тұрақты нормалары, стильдік – жанрлық тармақтары бар тілдің түрі.

Екіншіден, сөз мәдениеті сөзді дұрыс қолдану (сөз дұрыстығы) және сөзді бедерлі жұмсау (сөз шеберлігі) деген екі сатыдан тұрады.

Сөз дұрыстығы қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормасын ұстану дегенді білдірсе, сөз шеберлігі тек нормаға тән дұрыстықты ғана білдірмейді, сонымен қатар алуан түрлі тілдік амал-тәсілдерінің ішінен мағына, стильдік жағынан аса дәл, ұтымды түрін талғау дегенге негізделеді. Бұл жерде сөзге дұрыс не бұрыс деген баға берілмейді. Сөз “дәлірек”, “айқынырақ” деп бағаланады.

Тіл анық болмас, ой анық емес деген сөз. Тіл – ойдың айнасы. Тілдегі сауатсыздық – адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениеті төмендігінің көрінісі, рухани байлығының әлсіздігі.

В. А. Сухомлинский: “Сөз - ең маңызды педагогикалық құрал, оны еш нәрсемен ауыстыра алмайсың...”- деп оның маңызына ерекше назар аударады

Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сенімді, сондай-ақ дауыс ырғағы мен мимикасы мәнерлі және бай болғаны қажет. Бұл ойымыз дәлелді болу үшін Ы. Алтынсаринның пікірін келтірейік: “Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кіналамай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кіналауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек”.

«Сөз мәдениеттілігі» немесе «тілдік мәдениет» сөз тіркестері үш мағынада қолданылады: *Сөз мәдениеттілігі* - сөз өнеріндегі коммуникативтік жетілдіру үшін көрсететін қасиеттері мен белгілері; *Сөз мәдениеттілігі* - адамның сөз мәнерін тіл табысу максатында дұрыс қолдануын камтамасыз ететін білімділігі мен дағдыларының жиынтығы; *Сөз мәдениеттілігі* - сөз мәнері және оның коммуникативті сапалы жүйесі жөніндегі лингвистикалық білімдер жиыны.

Сөз мәнерінің коммуникативті сапасы оқушыларға сөз мәдениеттілігі ретінде әсер етсе, біз оның құрылымын коммуникативті әсері жағынан қарастырамыз.

Сөз бен тіл бірге қолданылады, бірақ олар бір емес. Тіл - жалпылама қабылданған мазмұны бекітілген сөз мәнері тәжірибесінде өңделген тілдік белгілер жүйесі. Сөз - жекелеген тұлғалардың тілді нақты тәжірибеде қолданатын тілдік іс-әрекеті.

Тіл мен сөз мәнері бір-бірін өзара толықтырып отырады. Егер тіл - сөйлесу құралдарының жүйесі болса, сөз мәнері - осы жүйені таратушы. Сөз мәнері тіл ережелері бойынша жүзеге асады. Тілдің маңызды қоғамдық функциялары мыналар:

- Күнделікті тіл табысу - сөйлесу стилі;
- Хабарлама-іскерлік және ғылыми стиль;
- Әрекет ету - публицистикалық және көркем-беллетристикалық стиль.

Педагогтың сөз мәнері тек оқыту міндеттерін ғана шешпейді. В. А. Сухомлинский мұғалімнің педагогикалық шеберлігі сөздің тәрбиелік мағынасын аша білу дағдысына тікелей байланыста анықталады деп санайды. Педагог кадрларды даярлаудың маңызды шарты- барлық сала бойынша студенттерде тілге деген ұқыпты қарым-қатынасқа тәрбиелеуді қалыптастыру. К. Паустовский былай деп жазған: «Әр адамның өз тіліне деген байланысы бойынша оның мәдениеттілік деңгейін ғана емес, сонымен бірге азаматтық құндылығы жөнінде де пікір айтуға болады. Отанға деген шынайы махаббат өз тіліне деген махаббатсыз қалыптаспайды».

Тілде және сөз арқылы әр адамның өз Отанының, өз халқының өткен және осы жағымен байланысы анықталады. Сондықтан үнемі сөз мәнеріне, ана тілдің тазалығына мәнерлеп сөйлеу мәдениетіне көңіл аудару қажет.

2. Сөйлеу әрекетінің мәдениеттілігін анықтайтын сөз сапаларының төмендегідей 23 түрін айқындайды. Олар мыналар: сөздің дұрыстығы (мінсіздігі), тазалығы, байлығы, дәлдігі, қисындылығы, мәнерлілігі, бейнелілігі, әсерлілігі, орындылығы, түсініктілігі, жүйелілігі, мағыналылығы, байланыстылығы, айқындылығы, жандылығы, тартымдылығы, айғақтылығы, ғылымилығы, идеялылығы, ықпалдылығы, сендірімділігі, тұтастылығы.

Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегеніміз – айтайын деген ойымызды

еркін жеткізу, сөйлегенде бөгде тілдік элементтерді – диалектілерді, варваризмдерді араластырмай сөйлеу халқымыздың асыл сөз қазыналарын тиімді пайдаланып, жатық, анық сөйлеу, әдеби тілде сөйлеу.

Жұрт алдында сөйлеу кезінде ең бастысы – тіл заңдылықтарын сақтау мен сөйлеу техникасын меңгеру. Сөйлеуші айтар ойын, сезімін, көзқарасын дауыс ырғағы, дауыс күші, ым-ишара, әрі қимыл-қозғалысы арқылы жеткізеді. Сөйлеуші сөзінің тыңдаушы көңіліне қонуы таңдап алған сөздерін дұрыс қолдану әрі оларды дұрыс байланыстырумен бірге сөзді құлақпен естіп, қимылын көзбен көруінің де ықпалды екенінде.

Балаларды сөйлеу мәдениетіне төселдіруді әсіресе мектеп жағдайында қолға алу үшін мұғалімге төмендегідей жұмыстарды жүргізуге болады:

1. Оқушылардың жеке дыбыстарды, буындарды, сөздерді, фонетикалық, лексикалық жағынан дұрыс жаза айта алуына, ана тілінің грамматикасын саналы меңгерумен қатар практика жүзінде қолдана білуіне ерекше қамқорлық жасау қажет.

2. Оқушылардың тілінде байқалатын кемшіліктерді (мәселен, кекеш, тұтықпа, кей дыбыстарды дұрыс айтпау және т.б.) жою мәселесі де мұғалімге қатысты мәселе. Осы мәселе жөнінде ол логопедтермен (тіл кемістігін түзейтін мамандар) тығыз байланыс жасау қажет.

3. Мұғалімдер өз сыныбындағы оқушылардың ана тілімен қатар, орыс тіліндегі белсенді сөздік қорының шамасын біліп, олардың екі тілде дұрыс сөйлей алуына көңіл бөлуі тиіс.

4. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу – оқу-тәрбие процесінде көзделетін негізгі міндеттердің бірі. Өйткені сөйлеу мәдениеті – мәдениеттіліктің басты белгісі. Оқушыларды сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу түрлі әдістер арқылы жүзеге асып отырады. Мысалы, оларды өз ана тілін қадір тұтып, құрметтей білуге тәрбиелеу – сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеудің бір элементі.

Мұғалімдер мен ата-аналар, оқушылар, бір сөзбен айтқанда барша жұртшылық осы айтылғандардан тиісті қорытынды шығарып, өздерінің сөйлеу мәдениетін, әсіресе ана тілінің кәусәрінен мол сусындап жетілдіріп отыруды естен шығармаулары тиіс.

Педагогтың сөйлеу мәдениеті дегеніміз – сөз мәнеріне шеберлігі, стилистикалық ойды нұсқаны тандай білу, ойын анық және айқын жеткізе білу дағдысы.

Сөйлеу дегеніміз – тілдің көмегімен қарым- қатынас жасау процесі. Тіл – қоғам өмірінің объективті құбылысы, ол бүкіл халық үшін бірдей және адамдар білген құбылыстардың алуан түрін түгел қамтиды. Қарым-қатынаста адам тіл байлығының шағын бөлігін ғана пайдаланады. Ұлы жазушылардың тілінің өзінде 10 мыңнан 20 мыңға дейін ғана сөз болады, ал жалпы тілдің құрамында бірнеше жүздеген мың сөз болады.

Адами сөйлеу күрделі, сондықтан да көп құрамдас түсінік. Педагог ауызша және жазбаша әдеби тіл нормаларын, яғни екпінді, грамматиканы, сөздің қолданылу аясын білуі тиіс. Осы тұрғыдан сөз мәнерінің дұрыс не дұрыс еместігін бағалайды.

Педагогтың сөз мәдениеті барлық кез келген адамзат баласындағыдай өз Отанына деген махаббатының және жалпы мәдениеттілігінің жоғарғы деңгейін көрсетеді. Дауысының эстетикалық сұлулығы, байлығы, мазмұны мен бейнелілігі бар педагог оқу-тәрбие үрдісіндегі міндеттерін жақсы атқаруға қабілетті болады. Даусының күші, сарыны да, сонымен қатар шынайылығы мен нақтылығы да біршама рөл атқарады.

Сөйлеу мәдениеті жөніндегі ғылым тілдік сферамен тығыз байланыста болады. Бұл мәселелермен әдебиет теориясы, психология, педагогика және физиология тәрізді ғылымдар айналысады. *Тілдік нормалар* (орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық) - қоғам үшін мейлінше қажетті жиынтық.

Тәжірибелі мұғалімдер үнемі сабақта айтылып, беріліп отырған түсініктің маңыздылығына аса мән береді. «Сөздердің мағынасын ашып түсіндіріңдер. Сол кезде сіздер оларды жаңылысулардың жартысынан құтқарасыздар», - деп жазды Р.Декарт.

Сөйлеу мәдениеті көптеген факторларға байланысты - тілдесудің ойлы, бағыттылығы, оның мазмұны, жаңа ақпараттың болуы және т.б.

Лингвист Б. Н. Головин «Сөз мәнеріндегі мәдениеттілік» кітабында оның келесі құрамдас бөліктерін көрсетті:

- Сөйлеу дұрыстығы: екпін нормалары;
- Сөйлеу дұрыстығы: грамматика нормалары;
- Сөйлеу нақтылығы;
- Сөйлеу логикасы;
- Сөз мәнерінің тазалығы;

- Сөз мәнерінің анықтығы;
- Сөз мәнерінің байлығы, әр алуандығы;
- Сөздіңорындылығы;
- Тілдік және сөйлеу стилі.

Тілдің бай лексикалық - сөздік жүйесі педагогтың сөздік мәнеріндегі педагогикалық мәдениеттілігінің анық белгісі болып табылады. Тіл байлығы тек сөз қорына (санына) байланысты емес, оларды бірнеше мағынада қолдану мүмкіндігімен де анықталады. Бір ғана «жүру» сөзінің бірнеше мағынасы («жаяу жүру», «адымдап жүру», «іс оңға басты» т.б.) бар. Тілдің лексикалық байлығы әр түрлі ойлар мен сезімдерді жеткізе білуге мүмкіндік береді.

Сөйлеу мәдениетінің маңызды белгісі *нақтылық* болып табылады. Сөз мәнерінің нақтылығы пен анықтылығына тілдің көптеген құралдарын қолдану арқылы қол жеткіземіз. Мысалы, синонимдер. Синоним дегеніміз - мағынасы жағынан бірдей, ал жазылуы әр түрлі сөздер. Мысалы, «атақты», «дәрежелі», «белгілі»; «еркіндік», «бостандық», «тәуелсіздік». Тілдің синонимдік құрылымы ойды әр түрлі тәсілдермен жеткізуге, нақтылыққа жетуге көмектеседі.

Сөз нақтылығы оның сыңарын дұрыс келтіре білуге де байланысты, айтылуы ұқсас, бірақ мағынасы әр түрлі сөздер: «абонемент» - «абонент», «тәжірибелі» - «тәжірибелік».

Педагогикалық тіл табысудағы сөйлеу мәдениеттілігінің қажетті шарттарының бірі - ойды ауызша жеткізудің маңызды белгілері - қарапайымдылық пен қысқаша сөйлеу. Сөйлеу мәнерінің сапасын бір нәрсені қайталап айта беру, яғни тавтология (мағынасыз сөздерді қайталап айта беру) бұзады.

Педагогтың сөйлеу мәнері табиғи және анық болуы тиіс. Сөйлеудің грамматикалық дұрыстығы - бұл сөз тіркестерін және сөйлем құрудағы сөз формаларының орынды қолданылуы мен нормативтілігі.

Мұғалімнің сөйлеу мәнерінде оқушылар жеңіл қабылдайтын қарапайым, күрделі емес сөйлемдер болуы тиіс.

Дыбысталу дұрыс болмаса, жоғары дәрежедегі сөйлеу мәдениеттілігі мүмкін болмайды. Бұл - орфоэпия саласы. Екпін орфоэпиямен тығыз байланысты. Көптеген жағдайларда екпін қоя білу қиынға соғып жатады.

Педагогтың сөйлеу мәнері тек дұрыс болып қоймай, сонымен бірге анық, бейнелі, эмоционалды болуы тиіс. Бұл жайға тек

фразеологиялық мұраларды, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді қолдану дағдысы арқылы қол жеткізуге болады. Фразеологизмдер әр түрлі құбылыстарды сипаттау үшін, сөйлеу мәнерін анық ету үшін қолданылады. Педагог «мақалсыз тіл - тұзсыз ас» екендігін ұғыуы тиіс.

Ауызша сөйлеудің *анықталған анафора, градация* (бірден-бірге сатыланушылық), *инверсия* (сөйлемдегі сөздердің дағдылы ретін өзгерту) т.б. тәрізді стилистикалық фигуралар күшейтеді. *Анафора* - бір сөздің бірнеше жол т.б. басында қайталануы. Мұндай тәсілді М. Ю. Лермонтов пайдаланған. *Градация* - сөйлемдегі сөздердің айтылу деңгейіне қарай орналасуы.

Сөз мәнерінің жекелеген элементтерін ашып көрсету үшін, инверсия жиі қолданылады (сөйлемдегі сөз ретінің өзгеруі).

Педагогтың сөз мәнері тек пән жөнінде жаңа ақпараттар болған жағдайда ғана емес, оқушылардың сезімдері мен ойларын белсендіре алған жағдайда да ойдағыдай нәтижеге жетеді.

Оқыту-жаттықтыру кештерін немесе тәрбие жұмыстарын өткізген кезде педагогтың табиғи сөйлеу мәнері оқушыларға негізгі әсер ету құрылғысы ретінде рөл атқарады. Сөз көмегімен мұғалім-жаттықтырушы оқу үрдісін басқарады, тәжірибелік әрекеттерді қадағалайды, оқушыларға қажетті білімді жеткізеді. Сөйлеу кей кездері ым-ишара және дене қозғалысымен іске асырылады. Жаттықтырушы үнемі ауызша және жазбаша сөз мәдениеттілігін жетілдірумен, нақтылық, тазалық, логикалық, айқындылық, білімділік, орнықтылық тәрізді коммуникативті қасиеттерді жақсартуға ұмтылумен айналысуы тиіс.

«Сөз мәнерінің жоғары мәдениеттілігі» ұғымын ашып көрсету барысында С. И. Ожегов былай деп жазған: «...бұл өз ойларын тіл құрылғылары арқылы нақты және айқын жеткізу. Дұрыс сөз мәдениеті деп қазіргі заманға сай әдеби тіл нормалары сақталған сөз мәнері айтылады».

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін жетілдіру белсенді тілдік қорды толықтырып отырумен тығыз байланысты. Жазбаша мәнердегі мол, белсенді лексикалық сөз қоры ауызша сөйлеу мәнерінің коммуникативті және әр түрлі бейнелі сапаларына әсер етеді. Ауызша сөйлеу мәнерінің мәдениетін арттыру үшін әр кезде (достармен тіл табысканда да) әдеби тілдің нормаларын сақтауға және үнемі еркін, дұрыс сөйлеу дағдысын өңдеуге тырысу қажет.

Классикалық көркем әдебиетке үнемі назар аудару да осыған септігін тигізеді. Егер сөз мәнері дұрыс берілмесе («э-э», «м-м-..») дыбыстары арқылы), аудитория эстетикалық тұрғыдан қанағаттанбайды. Осы әдеттерден құтылу үшін және дауыс ырғағын дұрыстау үшін өзіндік мәтіндерді іштей оқып, өзінің сөз мәнерін жазып алып тындап дайындалу қажет.

Оқушылардың ақпаратты қабылдауы мен меңгеруі тек мұғалім дұрыс сөйлеу мәнерін байқатса және анық сөйлесе, екпіндерде қателік жібермесе ғана жақсара түседі.

Егер педагог екпінді және жалғау-жұрнақтарды дұрыс айтпаса, оқушылар дұрыс назар да аудармайды, мазмұнды да түсіне алмайды.

Педагог сөзінің әрекет ету күші орнықтылықпен де (оқушылармен тіл табысу кезінде) байланысты. Оқушыларға білім беру және оның меңгерілуі айтылған мазмұнның тиімділігін жеңілдетеді. Жаңа оқушы келген күннен бастап, жаттықтырушы тек оның физикалық мәліметтерін ғана біліп қоймай, психикалық қасиеттеріне де назар аударады, мінез-құлқын, темпераментін, ұнамды, интеллектуалды және эстетикалық сезімдерін, талғамын, қажеттілігін, дағдылары мен қызығушылықтарын, көңіл-күйінің өзгеруін және оларды қадағалау мүмкіндігін таниды. Тұлғаның психикалық қасиеттерін есепке ала отырып (егер сез оның техникалық жаттығуларға үлгермеушілігі жөнінде болатын болса), тәрбиеленушімен сұхбаттасатын орынды және уақытты тандау қажет. Бір спортшымен көпшіліктің көзінше сөйлесу керек болса, енді бірімен оңашада сөйлесу қажет болады. Заңдылық бойынша әңгіме жай, қарапайым түрде дауыс көтермей өтеді, кейбір мадақтаулар немесе әрекет ету жөніндегі кештер өзгеше тонмен, мейлінше қаттырақ дауыспен өтеді. Педагогтың кез келген сөйлеу мәнерінде жағымсыз сөздер болмауы тиіс. Сөйлесу екпіні оқушының психикалық жағдайына, рухани тепе-теңдігіне, жасалған әрекеттерге байланысты қайғыруына қарай таңдалады.

Жаттықтырушы сайыстарда өз оқушыларымен мүлдем өзгеше сөйлеседі. Бұл кездерде спортшыға қиын кезенді бастан өткеруге көмек беретін, сәтті нәтижеге деген сенімділігін оятатын сөз мәнері орнықты болып саналады. Кеңес беру кезінде жаттықтырушы сәтсіздікке деген күмәнді сейілтетін, сенімділігін нығайтатын дауыспен сөйлейді. Спортшылармен жұмыс кезінде жаттықтырушы сөзінің әсерлі болуы көптеген факторларға байланысты - берілген спорт саласы жөніндегі терең білімділігіне, дене тәрбиесі,

педагогика, динамикалық анатомия, физиология, спорттық медицина теориясына, қорыта келгенде, спортшыны даярлаудағы мол практикалық тәжірибесіне, интеллектісіне, сөйлеу мәдениетіне - осының барлығы оқушының мұғалім айтқан барлық жайға сенімділігін оятады.

Педагогтың беделі, оның ұнамды қасиеттері, шыншылдығы, нақтылығы, берілген спорт саласының дамуында алар орны ерекше. Бет бұлшық еттері шаршағанда, бас, қол және дене қозғалыстарында байқалатын өзгерістер адам сезімдерін білдіретін ішкі факторлар. Қолды үздіксіз сермей беру де жақсы пікір қалыптастырмайды, тек сөздің коммуникативті әсерін төмендетеді де, оқушыларды білімді меңгеруден алшақтатады. Жаттықтырушының әр түрлі әрекеттер барысында байқалатын ішкі жағдайы сезімін қадағалай білуіне байланысты. Ішкі жан-дүниесін сыртқа, яғни оқушыға байқатпай өз-өзін ұстай білу дағдысы, әсіресе, сайыстар кезінде спорттық тартыстарға толы кездерде. Сондықтан жаттықтырушы ішкі жан-дүниесін сыртқа шығармай шыдамдылық танытуы қажетті.

Сөйлеу техникасы мен оқудағы дауыс маңызын меңгеру.

Дауыс сөйлеуші адамның сөзін, өзіндік үнін, көңіл-күйін тындаушыға бағыттап отырады.

Дауыстың естілуі – тию – физиологиялық әрекеттің нәтижесі.

Адам сөйлеуге ыңғайланғанда тыныс алу мүшесі арқылы ауа жұтады. Осы кезде өкпе кеңейіп, сөйлей бастасымен, өкпедегі ауа сыртқа қарай шығуға бағытталады. Өкпеден қайтқан ауа тамақтағы дауыс шымылдығының аз-кем тосқауылына кездеседі. Себебі дауыс шымылдығы дегеніміз тамақтың ішкі жағында кеңірдектің екі жағынан бір-біріне қарсы біткен жиырмалы ет. Ол бірде керіліп, бірде жымдасып тұрады. Өкпеден ауа қайтқанда осы дауыс шымылдығы керіліп тұрса, діріл пайда болып үн шығады.

Мәнерлеп оқу дегеніміз – дауыс интонациясы арқылы автордың ойын білдіру, мазмұндық ой екпін дұрыс қоя білу, ақырында оқығанды түсініп, кейіпкердің көңіл-күйін сезіне оқи білу.

Мәнерлеп оқу дауыстың өзіне де қатысты. Дауыс неғұрлым таза, күшті шықса, оқу да мәнерлі болады. Ол үшін әр оқушы даусын күте білу қажет. Дауыс желбезегіне онша күш келтірмеу, суық күндерде далада азырақ сөйлеу, суыққа шалдықпау – дауыс күшті мен оның тазалығын, үнін сақтаудың басты шарты.

Мұғалімнің өз ойын, оқыған материалын дауыс ырғағы анық,

дәл сөзбен айта алу, жарқын мимика мен пантомимикамен, ұнамды эмоциямен бере білу қабілеті-сөйлеу қабілеті. Мұғалімдік мамандықтың ең маңыздысы - сөйлеу қабілеті. Өйткені мұғалім мағлұматтардың барлығын оқушыларға жеткізу, жүйелі білім беру үшін негізінен екінші сигналды (сөйлеу сипатында) қолданады. Мұғалімнің сөзі өзінің нанымдылығымен, әсерлігімен ерекше мәнді болуға тиіс. Мұғалім өз шешендігімен оқушыларды баурап алуы керек. Ол ұзын фразалардан аулақтап, сөйлемді қиындатпай, өз ойын оқушыларға қарапайым және түсінікті бере алуы керек. Юмор, әзіл, көңілге тимейтін ирония (сықак) болса, сөйлеу ажарын келтіреді, мақал-мәтелдерді қолдану ойды ажарлайды. «Мақал-сөздің мәйегі» -деген қазақ данылығы.

Мұғалімнің сөзі өткір, жалынды, бейнелі, жарқын интонациялы, көркем, эмоциялы, дауыс (дикция) ырғағы жағымды, стилистикалық, грамматикалық, фонетикалық ақауларды таза болуы шарт. Бірсарынды, жалаң көңілсіз сөздер оқушыларды зеріктіреді, жалықтырады, ұйқысын келтіреді, оларда сабаққа немқұрайлылық пен қалай болса, слай қарауды туғызады.

Тез асығыс айтылған ойлар, сөздер ұғынып алуға қиындық келтіреді және тез шаршатады. Дауыстың қаттылығы да психикаға әсер етеді. Орынсыз айқайлаңқырап айту балалардың жүйкесіне тиеді, ал әлсіз жай дауысты мұғалімді де тыңдау қиын. Қол сермеп сөйлеу сөзді жандандырады, бірақ көбірек, бірыңғай, ылғи, қол сермей беру, орынсыз қозғалыстар тітіркендіреді. «Біз үшін біздің әдебиетшіні тыңдағаннан басқа рахат жоқ, ол әдемі сөйлейді. Қоңырау соғылуы рахаттан айырғандай әсер етеді». Шешендік өнерін меңгерген мұғалімге арналған пікір осындай.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құрманалина Ш. Х., Мұқанова Б. Ж.. Педагогика: Оқу құралы.-Астана.-2007.
2. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р. М.. Педагогика.-Алматы.-2000.
3. Берікұлы Н. «Педагогика» Ақтөбе,2004ж.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мұғалім сөзінің тиімділігі шарттарыын атаңыз.
2. Сөйлеу қабілеттерінің компоненттері қандай?
3. Тыңдаушылардың назарын басқару реттерін атаңыз.
4. «Сөз мәнері», «сөйлеу мәдениеті» ұғымдарына түсінік бере отырып, оның педагогикалық процестегі рөлін көрсетіңіз.

Тест тапсырмалары

1. Ұстаздық шеберлік компоненттерін атап көрсет:

- А) сөйлеу шеберлігі
- Ә) оқушылар ұжымын ұйымдастыруы
- Б) әдіс - тәсілдерді тиімді таңдай білуі
- В) педагогикалық талап қоя білуі
- Г) педагогикалық іскерліктерді кешенді игеруі

2. Мұғалімнің кәсіптік қабілетіне жатпайтын қабілетті белгілеңіз:

- А) балаға жылылықпен қарауы;
- Ә) мәнерлі сөйлей білуі;
- Б) мұғалімнің өзін-өзі ұстауы;
- В) мұғалімнің көңіл-күйі;
- Г) жаңаны сезінуі.

3. Педагогтің жұмысының түпкі нәтижесі

- А) оқушыларға сапалы білім беру
- Ә) тәрбиеленушілерді қоғамдық қызметке бейімдеу
- Б) оқушыны өзін-өзі ортада ұстай білуге үйрету және танымдық процестерін дамыту
- В) белгілі бір кәсіпке баланы дайындау, өмірге бағыттау
- Г) оқушы, оның дамуы, білімділігі, тәрбиелілігі, жеке басының қалыптасуы

4. Сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар

- А) Әдеби тілді игеру
- Ә) Білімін тереңдету
- Б) Әдістемені игеру
- В) Үздіксіз іздену
- Г) Кәсіптік білім

6. КӘСІПТІК ШЕБЕРЛІКТІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Жоспары:

1. Педагогикалық қарым-қатынастың мәні
2. Педагог пен тәрбиелеуші арасындағы кәсіби қарым-қатынас. Қарым-қатынас педагогиканың негізі жөніндегі ұғым.
3. Қарым-қатынас құрылымы мен функциялары
4. Қарым-қатынас стилі және педагогикалық жетекші стиль

Негізгі ұғымдар: қарым-қатынас, педагогикалық қарым-қатынас, қарым-қатынас стилі.

Өмір, тіршілік адамдардың бір-бірімен араласуынан, қарым-қатынастан тұрады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас дегенді қалай түсінеміз? Қарым-қатынас ұғымы - адамның ішкі жан дүниесінің сыртқы көрінісі, олардың күнделікті өмір тіршілігіндегі бейнесін жасаудағы іс-әрекеті.

Өмірдегі әр түрлі тіршілік жағдайына, өмірлік, қоғамдық қажеттілікке қарай адамдар арасындағы қарым-қатынасты бөліп қарауға болады. Жеке тұлғаның қалыптасуындағы мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың орны ерекше. Қандай адам болсын, мейлі оқымысты, мейлі қарапайым жұмысшы болсын, мектеп өмірі туралы аса бір жылылықпен еске түсіндіруі жиі кездеседі. Бұл қарым-қатынас оқушының жеке қасиеттерінің қалыптасуына зор ықпал етеді.

Мұғалім мен оқушы - әр түрлі екі субъект. Мәселенің негізгісі осы әр түрлі рухани дүниені біріктіру. Педагог міндетті түрде ықпал ету нысанын көріп қана қоймай, жасалған ықпалдың нәтижесінде көру керек. Мұғалім көп жағдайда өзінің сәтті ұйымдастырылған іс-әрекеттің тәрбиеленушіге сәтті ықпал ететіні сөзсіз сенеді. Алайда баланың бағынуы, келісімі, эмоциясы, іс-әрекеті міндетті түрде ескерілуі керек. Мұғалім үшін кері байланысты түсініп, қабылдауы өте маңызды. Мұғалімдер қалыптасқан әдет бойынша өзімен әңгімелескен оқушыға өз сырларын айта бермейді. Өзінің оқушылары, жұмысы туралы бәріне әңгімелеп өз сырларын айта бермейді. Өзінің оқушылары, жұмысы туралы бәріне әңгімелеп бергісі келіп тұрса да, ол басқа әңгімелесушінің жан дүниесіне

саңырау болады. Оқушылармен қарым-қатынаста да осы «мамандық қасиеті» айқын көрінеді, көп жағдайда мұғалімнің оқушымен әңгімесі өзінің монологын, ал мазмұны ескертумен толы болады.

Қарым-қатынас басқа біреудің жан дүниесіне «мен» ұғымын ендіру. Бұл оңай емес, өйткені өзіне ұқсамайтын басқаның жан дүниесіне ену үшін психологиялық дайындық қажет. Сондықтан қарым-қатынасты ұйымдастырғанда субъектінің психологиялық жағдайын ескеру өте маңызды. Кез-келген адам баласымен қарым-қатынаста оның психологиялық ерекшелігін ескеріп, оған уақыт беру қажет.

Мұғалім мен мұғалімнің, мұғалім мен басшының қарым-қатынасы қарама-қарсы нақтылық пен сөз мәдениетін талап етеді. Сөз жүйесі, сөйлемдер айтылуы тез әрі түсінікті болуы шарт. Оқыған адамдар тез түсініп, дәл қабылдай алатын болу керек. Ең бастысы - іскерлік қарым-қатынаста екі жақты пікірдің келісім табуы. Білімділіктің, кәсіби шеберліктің жемісі ең басты нәтиже болмақ.

Ол үшін:

- 1) сөз өте жинақы, тұжырымды болып құрылуы;
- 2) уақытты шебер пайдалану;
- 3) істің жоспары, шарты, заңдылығы болуы;
- 4) мұғалім білім, білік, кәсіби шеберліктің шебері болуы;
- 5) құқықтық білімнің болуы;
- 6) сөз мәдениетін меңгеруі;
- 7) азаматтық, адамгершілік тәртіптерді қатаң сақтау;
- 8) әдеп нормаларына сай жүріс-тұрыс, киім кие білу мәдениетіне мән беру.

Сыныппен алғаш кездескен жас педагогтар, жаңадан үйретіп жүрген тәрбиешілер, практикадағы студенттер сыныппен қарым-қатынас жасаудың қиын екенін айтады. Педагогикалық практика кезінде мынадай сұрақтарды жиі естуге болады? «Балалармен қалай сөйлесу керек?», «Әзіл айтуға бола ма?», «Балалар неге тындамайды?», «Бұйығылық пен ұялшақтықты қалай женуге болады?» т.б. Осы сұрақтардың барлығы - педагогикалық қарым-қатынасты меңгере білмеудің нәтижесі. А. С. Макаренко былай деп жазған болатын: «Мен үшін менің практикада, сондай-ақ сіздер үшін, көптеген тәжірибелі мұғалімдер үшін мұндай «түкке тұрмайтындар» қалай тұру, стол қасындағы орындыққа қалай дұрыс

отырып, қалай дұрыс көтеру, күлу, қарау өте мәнді бола бастады. Бізді бұған ешкім үйретпеді, ал мұны үйренуге болады және үйрену қажет те, ең үлкен шеберліктің мәні осы және осы болуы тиіс».

Балалармен педагогикалық өзара әрекетте ұсақ-түйек жоқ барлығы да, көзқарас, көз жанарының қозғалысы, дене қимылы және т.б. жұмыс істейді. Өйткені біз жай қарым-қатынас емес, кәсіптік іскерлік пен қарым-қатынас жасаймыз.

Өз тобында мынадай жаттығу өткізіп көр: екеуара жұптасып, әр нәрсе туралы әңгіме-дүкен құр (фильм, кітап, заттар т.б.). Ал енді сонда отырғанның біреуі аудиторияға шығып, барлығының алдында жаңағы айтқан сөздерін қайталап көрсін. Сонда қарым-қатынас жүйесінде қандай өзгеріс болғанын сіз бірден сезінесіз.

Көпшілік алдында сөйлеушіде байқалатын ең негізгі сезім түсініктері мынадай:

1. Әңгімені қалай бастауды білушілік.
2. Толық ұғынықты, әрі түсінікті айтып бере алмаймын-ау деген қобалжу.
3. Қарым-қатынас мақсатындағы еленбейтін өзгерістер.
4. Бұрын пайдаланылған қарым-қатынас амалдарын өзгерту қажеттігі жайлы түсінік.
5. Қарым-қатынас жүйесіндегі бір нәрсені өзгерту қажет деген түсінік, бірақ не екені-онша айқын еместік.
6. Жұрт алдында сөйлеуге дағдыланбағандық.
7. Бұрын табиғи болып келген дене қимылының, қозғалыстың, жалпы мінез-құлқының ерсілеу сияқты болып сезілуі.
8. Қарым-қатынастың өзгерген формадағы, мәнерлі атқару компоненттерін қажет етуі.
9. Өзіңізді дұрыс түсіну үшін жоспарланған информацияны неғұрлым сол қалпында жеткізуге талпынушылық.
10. Таңдаушыны қызықтыруға тырысу.
11. Информацияны сұрыптауға, мазмұндауға және беру формасы жайында өзіне едәуір талап қоюдың пайда болуы.

Байқаған боларсыздар, көпшілік алдында сөйлеу үшін қарапайым қарым-қатынасты барынша жаттықтыра түсу қажет. Тек осындай кәсіптік-педагогикалық қарым-қатынаста, оған қоса балаларды шынайы жақсы көргенде ғана педагогикалық процестің бүкіл мәні айқындала түседі. В. А. Сухомлинский айтқандай, тәрбиеші өнері ең алдымен сөйлеу өнерімен, адам жүрегін баулап алу өнерімен көрінеді.

«Балалараға іскерлікпен табанды түрде айтылған жақсы сөздің - деп жазды А. С. Макаренко, - орасан зор маңызды болатынына мен кәміл сенемін, біздің ұйымдық формаларымызда әлі де көптеген қателіктердің болуы, сірә, біз көп жағдайда балалармен дұрыстап сөйлесе білмейтіндігімізден. Сіздің сөзіңізден, сіздің жеке басыңыздың лебі есіп тұратындай етіп сөйлей білу қажет. Осыған үйрену қажет».

А. С. Макаренконың, В. А. Сухомлинскийдің және басқа да көрнекті совет педагогтарының қызметін үйрену, озат педагогикалық тәжірибелер мынаны көрсетеді: балалармен өте оңтайлы қарым-қатынас жасай білу көп жағдайда оқу-тәрбие процесінің тиімділігін қамтамасыз етеді. А. С. Макаренконың педагогикалық тәрбие ықпалындағы тамаша үлгілері; В. А. Сухомлинскийдің педагогикалық жұмысындағы адамдармен қарым-қатынас жасаудағы әдептілік пен нәзіктік.

Қарым-қатынас ұғымы пәнаралық ғылыми категория. Қарым-қатынас ұғымын философия, әлеуметтану, психология, педагогика және т.б. ғылымдар қарастырады.

«Қарым-қатынас» ұғымын педагогика мен психологияға алғаш рет А.Ф. Лазурский енгізген. Ол тұлғаның сыртқы объектіге, адамға, рухани байлыққа, материалдық дүниеге қатынасын білдіретін ұғым.

Психологияда ең алғаш рет А. Ф. Лазурский тұлғаның қарым-қатынасын проблемасын адамның мінезімен байланыстырды. Ол қарым-қатынастың 15 тобын талқылап жіктеуі, яғни, қоғамға, табиғатқа, адамға, өзіне-өзі, т.б.

Ал В. Н. Мясичев, А. Ф. Лазурский көзқарасын дамыта отырып, тұлға қарым-қатынасының психологиялық анықтамасын жасады. Адамның психологиялық құрылымы санасымен, өмірге қатынасымен анықталады. Саналы тұлға қарым-қатынастың күрделі динамикалық жүйесін білдіреді.

В. Н. Мясичев қарым-қатынас түсінігінің маңызын аша отырып, психологиялық тұлғаның белсенді, таңдамалы бағытының, іс-әрекетінің сипатын, мінез-құлығында көрінетін ерекшелігіне талдау жасайды.

Сондықтан, қарым-қатынас адамда шындықтың объектісін танып білудің нәтижелерін, қатынасын психикалық ерекшелік ретінде түсіндіреді.

Қарым-қатынас сипаты қоршаған шындыққа тәуелді келеді, оның ортамен, дүниемен байланысын білдіреді, ішкі дүниесінен көрініс береді. Қарым-қатынас жүйесі адамның жеке дамуының жемісі болып табылады.

Осы тұжырымға сүйене отырып, қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасу ерекшелігі анықталады. Ол тұлға аралық қарым-қатынас байланыста дамиды.

Тұлға аралық өзара қарым-қатынас мәдениет проблемасымен ұштасып, жеке тұлғаны дамытудың бағыты негіздей алады.

Дүниенің адаммен арақатынасын білдіретін құбылыстар жиынтығы. Адам қоршаған ортаға еніп, ерекше мәнге ие болады, сонымен бірге, жеке тұлғаның дамуының маңызды бөлігі оның мәдениеті қалыптасады.

Мәдениеттің қалыптасуы қарым-қатынас тыс болмайды, сол себепті қарым-қатынастың механизмдері де бұл жағдайда белгілі орын алады.

Педагогика ғылымында адам қоғамының басты құндылығы және қоғамдық дамудың өзіндік мақсаты мәдени-рухани құндылықтармен ашылады. Сонымен қатар, жеке адам танымының, қарым-қатынастың, шығармашылықтың белсенді субъектісі ретінде беріледі.

Мәдениет компоненті ретінде білім өз кезегінде мәдениеттің тасымалдаушысы, оның өмір сүруінің, сақталуының, кеңеюінің басты шарты.

Қарым-қатынас барысында жеке адамның әлеуметтану процесі жүреді, соның нәтижесінде оның қоғамдық рухани және материалдық құндылықтарға жақындауы мен дәстүрлермен танысу жағдайы қалыптасады. Адам тек қарым-қатынас процесінде ғана жеке тұлға болып қалыптасады, өзі үздіксіз қатынас жасайтын қоғамға кіреді. Коммуникация процесінде әрбір адам өзара әрекеттің белсенді субъектісі бола отырып, олармен қатынасты дамытады, тереңдетеді. Ал коммуникативтік іс-әрекетте жеке адамның өзін-өзі тануы мен нақтылауы, ішкі мәдени дамуы жүреді.

Қарым-қатынас – адамдар арасындағы дыбыстық-белгілік (сөздік) өзара іс-әрекет; оның барысында және соның көмегімен ақпараттар алмасу, қатынастар орнату мен қалыптастыру, кімнің болса да іс-әрекетін басқару жүзеге асады.

Қарым-қатынастың жетекші түрлері – тұлғаның дамуының сол кезеңіне сәйкес, адамның негізгі тұлғалық қасиеттерінің

калыптасуына әкелетін, қандай да бір жас кезеңіндегі қарым-қатынастың басым түрі.

Қарым-қатынастың кезеңдері:

1. Болашақта болатын қарым-қатынасты модельдеу (болжау кезеңі);

2. Қарым-қатынасты ұйымдастыру (қарым-қатынастың бастапқы кезеңі) – “коммуникативті шабуыл”

3. Педагогикалық процесте қарым-қатынасты басқару;

4. Өткен қарым-қатынасты талдау және келесі педагогикалық міндеттерді шешу үшін оны модельдеу.

Қарым-қатынасты модельдеу барысында мыналар жүзеге асады:

- Өзара әрекеттесудің коммуникативті құрылымы жоспарланады;

- Педагогикалық міндеттер коммуникативті міндеттерге ауыстырылады.

Қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық құбылыс, ол адамдардың өзара әрекетінің үрдісі, оған қатысатын адамдар бір-бірінің ұмтылысына, ойларына, күйлеріне әр түрлі дәрежедегі күштермен әсер етеді.

Қарым-қатынас педагогикалық іс-әрекеттің маңызды кәсіби құралы, педагогикалық қарым-қатынас бұл жағымды психологиялық ахуалды тудыруға бағытталған мұғалімнің оқушылармен кәсіби қарым-қатынасы. Педагогикалық қарым-қатынас әлеуметтік психологиялық процесс ретінде мыналармен сипатталады: тұлғаны тану, ақпарат алмасу, іс-әрекет, өзін-өзі бекіту т.б.

Қарым-қатынас - әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Ол адамдардың өзара әрекетінің үрдісі, оған қатысатын адамдар бір-бірінің ұмтылыстарына, ойларына, күйлер және сезімдеріне әр түрлі дәрежедегі күштермен әсер етеді.

Қарым-қатынаста өзара байланысты үш жағы бөлінеді:

- коммуникативті /ақпарат алмасу/,

- интерактивті /қарым-қатынасқа түсетін индивидтердің белсенді өзара әрекетін ұйымдастыру/,

- перцептивті /қарым-қатынасқа түсушілердің бірін-бірі қабылдау үрдісі, осы негізде өзара түсінікті орнату/.

Біздің бәріміз де бір-бірімізбен қарым қатынас жасаймыз. *Қарым-қатынас дегеніміз* тіл арқылы пікір алысу. Адамның ең жарқын ерекшеліктерінің бірі - оның сөйлеу қабілеттілігі.

Сөз - адам психикасының өмір сүруінің аса маңызды факторы. Қарым-қатынассыз қоғам ыдырап кетеді. Қарым-қатынас жасау мүмкіндігінен айырылған адам ойдағыдай дами алмайды. Қарым-қатынас адам іс-әрекетінің таным және еңбекпен қатар жеке адамды қалыптастыратын аса маңызды түрі болып табылады. Лингвистер тілді қарым-қатынас құралы, қоғам жасаған білімдерді таратушы ретінде зерттеп келеді. Кибернетика мен информатика теориясы жасалғаннан бері ойды машиналық өңдеуге лайықтап, символдармен белгілеу мүмкіндігі туды. Осылайша машина тілі деген пайда болды. Оның көмегімен адам электрондық есептеу машинаның қызметін басқарады, компьютерлерді басқарады. Жануарлар арасындағы сигнал алмасу да тереңірек зерттеле бастады. Адамның қарым-қатынасы ақпарат алмасудың жеке дара жағдайына айналды. Осы ұқсас құбылыстарды талдап қорыту қажеті туды. Олардың бәрін де коммуникацияның жеке дара жағдайы деп қарауға болады.

Сабақта сыныпты меңгеру үшін осындағыларды мұғалім түгел өзінің сөзіне тартып немесе тапсырманы орындауға жұмылдыра алуы шарт. Сабақ үстінде оқушыларға түгел ие болу, негізінде баяндалатын оқу материалын нендей тілмен жеткізуге байланысты келетініне, жеке балаға түрлі ескертулердің қалай жасалынуы керек екенінде үлкен маңызы бар. Өйткені, сабақ үстінде оқушының бірі тынышсыз отырғанда, мұғалім онымен айналысып кетсе, онда ол өзінің жоспарын орындай алмай, мақсатына жете алмайды. Сондықтан сабақты ойдағыдай жүргізуде ескертулерді дұрыс жасап, сыныптағылармен қатынас жасай алу шеберліктің белгісі. Сабақта мұғалім ескертейін дегенін өзінің тікелей сөз мағынасында айтпай, көңілімен жеткізе алуы – оқушылармен қатынас жасаудағы шеберліктің ең жақсы түрі. Мұндай тәсіл бір жағынан сыпайылықты сақтауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан әрі әсерлі, оқушының санасына қонымды келеді. Өйткені, оқушы ұстазының не себептен оның атын атамай тұрғанын бірден түсініп, көпшіліктің көзінше ұялтқысы келмей тұрғанын біліп алаңдауын тоқтата қояды. Сабақта оқушылармен қатынас жасаудағы шеберліктің өзге түрлері де кездеседі. Сабақта сыныппен байланыс жасаудың негізгі тәсілдердің бірі – мұғалім сөзінің нақты және оқушыларды сендіретіндей болып келуінде. Мұғалім сөзінің сенімділігі – айтылатын сөздердің айқын, бірінен соң бірі жүйемен келуін айтады.

Соңғы кезде психологиялық зерттеулерде қарым-қатынас жасаушылардың аралығындағы қашықтықтың, партнерлердің

отырысының коммуникативтік мәніне көңіл аударылуда. Американдық қарым-қатынас психологияда бұл бағыттағы зерттеулерге *просемика* деп ат қойылды. Төрт түрлі арақатынас бар: көңілділік, жекебастық, әлеуметтік, көпшіліктік. Алдыңғы екі қарым-қатынас бір-біріне жақын, достық байланысты аңғартады, ресми байланысты адамдар әлеуметтік қатынасты ұстанады. Көпшіліктік арақатынас бөтен адаммен араласу.

Бейнелеу де қарым- қатынас құралы болып табылады. Алайда бұлар тікелей байланыс жасау құралы емес, оны тарату техникаға - кітап басу, кино, телеведениеге байланысты.

Жоғарыда аталған қарым-қатынастың сөзден тыс құралы сөйлеу қарым-қатынасын демелеп отырады.

Коммуникацияның сөйлеу және сөйлеусіз қарым-қатынас құралдарының бірлігіне жету – басқалармен жұмыс жүргізетін мұғалімнің міндеті болып табылады.

Қарым-қатынас - педагогикалық іс-әрекеттің маңызды кәсіби құралы. Педагогикалық қарым-қатынас - бұл жағымды психологиялық ахуалды тудыруға бағытталған мұғалімнің оқушылармен кәсіби қарым-қатынасы. Педагогикалық қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық процесс ретінде мыналармен сипатталады: тұлғаны тану, ақпаратпен алмасу, іс-әрекетті ұйымдастыру, рольдік алмасу, іс-әрекетті ұйымдастыру, өзін-өзі бекіту. Педагогтың міндеті - оқушыларға өзіндік «Менің» тануға жағдай жасау, өзінің тұлғалық мәнін терең сезінуі, тұлғаның болашағын және адекватты өзін-өзі бағалауын қалыптастыру.

Қарым-қатынас қажетті информация алмасуда, басқаруда көрініс беретін заттың іс-әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ететін мәдениеттілік белгілері белсенділік, идеяшылдық, еркіндік, ерекшеліктің субъектісі ретінде танылады.

Екіншіден, қарым-қатынас жасау үшін адамға тән әлеуметтік сапаның пайда болуы адамның мәдени қауымдастыққа жету мүмкіндігін ашады.

Үшіншіден, субъектінің өз құндықтарына қатынасы көрінеді.

Сонымен, қарым-қатынас адамды тәрбиелеу үшін, дүниені қабылдау және түсіну үшін, адамдарға және өзіне өзара әрекет субъектісі ретінде қатынасының мәдени құралы ретінде беріледі.

Адамдар өзара бірлесе отырып, ортақ нәтижеге жету үшін күш біріктіре келсуін қарым-қатынас деп түсінеміз.

Гуманизм принциптеріне сәйкес қарым-қатынасқа түсуші әр адамға, қатынас жасайтын басқа адамдар бағалы болып табылады.

Қатынас гуманизмі дербестік рөлдік позицияны саналы түрде өзгерте алады. Қарым-қатынас серіктестікті қабылдауда аса маңызды. Егер педагог баланы әсер ететін нысана ретінде көретін болса, өзара қатынаста гуманистік, ізгілікті ештеңе болуы мүмкін емес. Психолог Я. И. Коломинский тұжырымдамасы бойынша қарым-қатынастың екі деңгейі болады: сыртқы деңгейі тәртіптілік, операциялы- техникалық және ішкі деңгейі жеке-маңызды ішкі дүниесі /87/.

В. А. Кан-Камен пікірінше адамдардың бір-бірінң мүмкіндіктерін бағалауы олардың бірлесе орындаған әрекетінің өту сипаты мен нәтижесіне байланысты (89).

Қарым-қатынас жетістігі көп жағдайда әлеуметтік перцепция деңгейімен анықталады, яғни адамдардың бірін-бірі, топта, әлеуметтік бірлестікте, өзін-өзі түсінуі және бағалалауы қабылданады.

Әлеуметтік перцепция адамдарды бірлестіріп, қарым-қатынас жасауға мәжбүр қылатын іс-әрекет.

Қоршаған ортада адамдарда жеке-тұлғаны бейнесін қалыптастыруда оның бет әлпеті, сыртқы келбеті басымдылық рөл атқарады. Адам бейнесін қабылдауда нақты айырмашылық бар. Қабылдаудың дәлдігі түрлі адамдарды ажыратуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік перцепция зерттеулерінде өзін-өзі танып білуі өзекті мәселе болып табылады. Осы мәселе адамды күрделі өзін реттеуші жүйе ретінде түсінуде аса маңызды. Америка психологтарының тұжырымдамасына сәйкес адамның өзі туралы пікірінің қалыптасуы үш әлеуметтік блоктан тұрады: когнитивті, эмоциялық-бағалаушы және реттеуші. Когнитивті блоктың қызметі - өзі туралы мәліметті қорыту және сақтау, эмоциялық-бағалаушы қызмет - өзінің мүмкіндігі мен қабілеттілігін бағалап, өзіне деген көзқараста бағалау, реттеуші блоктың қызметі - өз тәртібін және іс-әрекетін реттеп, кері байланыс арқылы өзі туралы мағлұматты коррекциялау. Өзін-өзі қабылдау дегеніміз - адамдардың өзін басқалармен салыстыруы, өзін басқалардың қабылдауын сезінуі, өз әрекетінің нәтижесіне сәйкестігі және сыртқы кейпін қабылдаудан тұрады.

Әлеуметтік перцепцияда аса маңызды болып қарым-қатынастың вербальсыз әдістері табылады.

Жеке-дара қатынас процесінде адамдардың бірін-бірі қабылдаудың негізгі әдіс-жүріс тұрысы, қимылы, дауыс ырғағы, ымдау маскасы. Мысалы, көздер контактісі адамдар арасындағы қатынасы реттеуші механизм. Сол сияқты жест (қимыл) тілі де ежелгі тілдің бірі болып табылады. Мысалы, аудиторияда алдында сөйлеп тұрғанда кейбір қимылдар тыңдаушыларға қысым, сыйламау, тәкәппарлық болып көрінеді. Егерде сөйлеп тұрған адам бір аяғынан екінші аяғын аударылып, қозғалып тұрса сенімсіздік тудырады. Артық шапшаң қимылдар аудиториямен байланысқа түсуге кедергі болады.

Экспрессивті психологияны күнделікті қолдану маңызды қимыл-қозғалысты дамытып қана қоймайды, сонымен қатар жалпы жеке адамның қалыптасуына әсер етеді (90).

Жеке даралық қатынаста өзі туралы мәлімет, өзінің тәртібі, сонымен қатар өзге адамдардың қылығына жауапты реакцияны көрсету маңызды. Кері байланыс арқылы адам өзінің тәртібін икемдеп, оның тиімді жолдарын қарастырып, өзін бағалауды қалыптастырады. Кері байланысты жасай білу, қарым-қатынас жүйесінде компоненттілігін көрсетеді.

Әдетте адам өзі туралы мәліметтерді іс-әрекеті барысында бақылай алады. Егерде қарым-қатынас өзінің тәжірибесі мен бейнесімен сәйкес қабылданбаса, онда жеке тұлға қарым-қатынаста кері жағдайларды осындай жағдайда қарым-қатынаста адам оқшаулану жағдайына сезінеді.

А. А. Леонтьев зерттеулерінде бұндай ситуацияларда оқытушыда пайда болатын қорғаныс жүйесі балаларға педагогикалық ықпал етуіне мүмкіндік береді (91,92).

Адам қарым-қатынаста қиыншылықтарға кездеседі. Психолог В. А. Лабунская тұжырымдамасы бойынша қиын қарым-қатынас элеуметтік-психологиялық феномен ретінде, адамдардың өзара түсініспеушілік формасында шынайы жағдайларда байқалады. Қиын қатынастың көрсеткіштері қатынас жасаудағы ұзақ үзіліс, бір сөзді жауап беру, дауыс ырғағын жоғарылату, адамды тыңдай алмау, әңгімені жалғастырмау, байланысқа түсе білмеу, көздер байланысының болмауы, дөрекілік, серіктесін кемсіту, менсінбеу, жасықтық, ұялшақтық, келіспеушілік, өтірік, сенімсіздік, бірбеткейлік, серіктесінің пікіріне құлақ аспаушылық (93).

Қарым-қатынас қиыншылығы ішкі күйзеліс жағымсыз эмоциямен білінеді және қарым-қатынастың бұзылуы да тұлға үшін жеке қиыншылықтар туғызады.

Жеке адамдар арасындағы байланыста қарым-қатынастың маңызын сапалы түрде ұсынбау ситуациясы болып табылады. Жеке даралық қатынастың бұзылуы- психологиялық көмекті талап ететін қатынас жүйесін өзгерту және коррекциялау арқылы өтеді.

Психологтар өзара қарым-қатынас кедергілерінің алты типін көрсетеді:

- ситуациялық кедергілер, жағдайды әр түрлі түсіну, жағдайға әр түрлі деңгейде ену;

- мағыналық кедергілер, алдыңғы хабарға байланыссыз айтқанды қабылдау;

- мотивациялық кедергілер, бір-бірімен қатынасты не себепті жасайтынын түсінбеу;

- өзге адам туралы түсінігі болмау;

- өзге адамды мәдени деңгейі, қажеттілігі, қызығушылығы, бағыттылығына қарай қате бағалау;

- кері байланыстың болмауы.

Жеке қарым-қатынас кедергілері біріншіден алғашқы әсердің тиімділігі, екіншіден әсердің бірлігі, үшіншіден әсердің қайталануы, төртіншіден әсердің үздіксізділігі.

Егер өзара қарым-қатынасқа түсетін адамдар түсінушіліктің деңгейін анықтай алса және қарым-қатынас жасаған адамды түсінемін деп өзіне сенімді болса, олардың арасында қарым-қатынас пайда болады. Қарым-қатынасқа түсушілер өздерінің саналарында бір-бірінің ішкі жан дүниесін ұғуға сезімдерін түсінуге, қылықтарының себебін анықтауға тырысады. Бөгде адамдарды тану ғана жеке адам қатынас деңгейін жоғары дәрежеде, анықтауға мүмкіндік береді. Қарым-қатынасқа түсушілер өзара бір-бірінің жан дүниесін түсініп, қабылдағанда ғана қатынас деңгейі соғұрлым жоғары болмақ. Қарым-қатынастың дамуына аз дегенде екі адам қатынасады. Қатынасқа түсушілер бірін-бірі тануда қабылдауда маңызды қарым-қатынас механизмдерін меңгеруі тиіс, олар идентификация, рефлексия және стереотипизация.

Идентификация - бұл бөгде адамды саналы түрде оның мінезін түсініп, оның орнына өзін қойып көру ниетімен оның жан дүниесін, ойын, әрекетін, сезімін ойша құрастырады. Қарым-қатынас үшін тек

сырттай бөгде адам ретінде оны түсіну ғана емес, сондай-ақ онымен қарым-қатынасқа түскен жеке адам қалайша өзін қабылдап, түсініп тұрғанын назарына алу да маңызды. Қарым-қатынасқа түскендердің біреуі өзін қандай түрде қабылдап тұрғанын саналы ойласа, онда бұл *қарым-қатынас рефлексия* деп аталады.

Рефлексия - адамды түсіну негізіне жатады. Бөгде адамды түсіну - сол адамның қарым-қатынасын қабылдау тек қана өзіне арналғандығын құптау. Осылайша адамның адамды қабылдауы оның айналадағы бейнесі секілді.

Адам бөгде жеке адамды бейнелей отырып, өзін сол адамның қабылдау айнасында бейнелейді. Қарым-қатынас жүру барысында идентификация мен рефлексия бірлікте болады. Егер де әрбір жеке адам өзі қарым-қатынасқа түскен адамдар туралы әрқашан толық ғылыми негіздерінен хабардар болса, онда ол өзара қатынасты ешқандай кемшіліксіз құра алады. Бірақ күнделікті өмірде адам осы тәрізді дәл хабарға ие бола алмайды.

Стереотипизация - қылықтар түрлерінің формасы және кейде ешқандай негізсіз қылықтарды таныс немесе таныс сияқты көрінетін құбылыстарға жатқызу, яғни әлеуметтік стереотипке жауап беру. Стереотип бұ жерде өз бетінше қалыптастырған адам бейнесін әрдайым белгі ретінде ұстану.

Стереотипизация - қарым-қатынас қорытындысы, жеке дара қабылдаудың тәжірибесін жинақтау, кітаптар мен кинофильмдер, таныстарының есте қалған сөздері арқылы қалыптасуы мүмкін. Бұл ретте осы жинақталған білімдердің өзі дұрыс қорытындылармен сәйкес келмей қате болуы мүмкін. Қалыптасқан жекедаралық қабылдау стереотипі бөгде адамдарды түсінудің таңдап алынған эталоны және салыстырмалы жағдайда тиімді болады.

Адамзат болмысының бөлінбес бөлшегі бола отырып, қарым-қатынас жеке адам дамуының құралы мен басқаруы бола алады. Ол арқылы адам қоршаған орта, әлеуметтік ортамен әртүрлі контактіге түсіп, қоғамдық мәдени және адам құндылықтарына жақындасуы, өзін-өзі тануы, дүниемен өзара байланысы қалыптасады.

Жоғарыда атап өтілгендей қарым-қатынас жәй хабар алмастырумен шектелмейді.

Қарым-қатынас жоғары деңгейде болуы үшін міндетті түрде өзара хабар алмастыру.

Бөгде адамға бір нәрсені хабарлағанда, нұсқау бергенде немесе сұрақтар қойғанда, яғни онымен өзара байланыс жасағанда жеке адам өзінің қатынасының пайдалы екендігі жайында қажетті хабар алады.

Адам арасындағы қарым-қатынас және түсінушілікке жету басшы қолданатын әдіске байланысты. Сыйластық формасында басқару адам тұлғасы, оның белсенділігі, тәртіптілігі, әділдігінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Сонау ерте заманның өзінде-ақ адам жалғыз жүріп мақсат-мұратына жете алмайтынын, айналасындағылармен бірлесіп өмір сүру адамдардың табиғи қажеті екендігін, тіпті өмір сүрудің де мұнысыз мүмкін еместігін адамзат жақсы аңғарған.

Шығыстың екінші Аристотель атанған ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби өз еңбектерінде жақсы адамдармен бірлесіп тірлік етіп, бас қосу да бақытқа жетудің басты шарттарының бірі деген екен (94).

Педагогикалық қарым-қатынас технологиясы. Педагогикалық қызметтің өнімділігі көбіне мұғалімнің педагогикалық қарым-қатынас технологиясын меңгеру деңгейіне байланысты. Білім беру мен тәрбиелеудің міндеттерін шешуде кездесіп отыратын түрлі қиыншылықтардың болуы мұғалімнің балалармен дұрыс қарым-қатынас ұйымдастыра алмауынан туындайды.

В. А. Кан-Каликтің мұғалімге арналған педагогикалық қарым-қатынас технологиясы кітабында: тәрбиенің тиімділігі баланың бойында қандай қасиет тәрбиелегіміз келетінін білу, сол бағытта жағымды қарым-қатынас тудыруға тәуелді делінген. Бұл жинақталған қарым-қатынас механизмі арқылы қалыптасады. Сондықтан да әр мұғалімнің алдында педагогикалық қарым-қатынас технологиясын меңгеру міндеті тұр.

Педагогикалық қызметпен байланысты қарым-қатынас - бұл оқытудың міндеттерін шешудің құралы, әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етілген білім беру процесі, педагог пен балалардың оқыту мен тәрбиенің жетістікке жетуіне жағдай жасалуы.

Педагогикалық қарым-қатынас технологиясының жоспардағы ерекше шығармашылық типі ретінде ақпаратты бере алуда, оқушының жағдайын түсінуде, балалармен өзара қарым-қатынас ұйымдастыруда, қарым-қатынас серігіне әсер ету өнерінде, өзінің психикалық жағдайын басқара алуда көрініс табады.

Коммуникативті міндет. Кәсіби педагогикалық қарым-қатынас процесі коммуникативтік міндет жүйесі ретінде берілгендіктен, педагогикалық қарым-қатынас технологиясының мәнін «коммуникативтік міндет» ұғымымен түсіндіреді.

Коммуникативтік міндет педагогикалық міндеттен шығады, дәл сондай шешу кезеңдерінен тұрады: жағдайды талдау, варианттарды және оның ішінен тиімдісін таңдау, коммуникативті әрекеттесу және оның нәтижесін талдау.

Педагогикалық міндетті шешудің барлық кезеңінде педагог салаларға сәйкес қалыпты қарым-қатынас технологиясын қолданады, соның көмегімен педагогикалық әрекетті ұйымдастырады.

Жалпы коммуникативтік міндет баяндау және ынталандырудан құрылады. Баяндау түрлері: өзінің баяндауы, мәлімет беру, хабарлау, атап өту, жауап, жеткізу, рапорт және т.б. Ынталандыру түрлері: бұйрық, талап ету, ескерту, ақыл беру, тапсырма, шақыру, өтініш, уағыздау және т.б.

Коммуникативтік міндет оқыту міндетін шешудің әдісі ретінде қарастырылады. Мұғалімнің коммуникативтік іс-әрекетінің -қызметі белгіленген:

- ынталандырушы
- жауап беруші
- бақылаушы
- ұйымдастырушы

Коммуникативті міндеттерді шешудің кезеңдері келесі негізден құралады:

1. Қарым-қатынас жағдайында бағдар көрсету кезеңі келесі компоненттерге сүйенеді: 1) педагогтың қарым-қатынас стилін сезіну, осы ұжыммен болатын қарым-қатынастың ерекшеліктерін ойша құрастыру - коммуникативті есте сақтау; жаңа коммуникативтік қызмет жағдайында қарым-қатынас стилін анықтау; сыныптағы жағдаятқа және ағымдағы педагогикалық міндеттен шығады. Мұнда соның негізінде сынып, балалар тобы немесе жеке тәрбиеленушілер қатыса алатын қимыл-қозғалыс объектісін нақтылау жүзеге асады.

Өзіне көңіл аударту кезеңі әртүрлі тәсілдердің көмегімен жүзеге асырылады. Олар мына варианттарға бөлінеді: сөздік-вербалды қарым-қатынас, өзіне көңіл аудартудың ішкі белсенді талабы мен үзіліс, белгі-кестелерді, көрнекілікті ілу, тақтаға жазу.

Пайдаланатын құралдары бойынша: вербалды қарым-қатынас – тіл, сөз арқылы қарым-қатынас жасау; ал вербалды емес – басқа

адаммен немесе адамдар тобымен сөзді пайдаланбай белгілер, символдар, ым, ишара, пантомимика арқылы қарым-қатынас жасау.

Нақтылау кезеңінде педагог алдыңғы кезеңдерде жинақталған қарым-қатынас жағдайын және мүмкін болатын міндеттерді нақтылайды. Өнімді қарым-қатынас деңгейін анықтауға тырысады.

Коммуникативтік міндетті шешудің негізгі кезеңі - вербальды қарым-қатынасты жүзеге асыру. Мұндай қарым-қатынасты жетістігі, педагогтың жақсы вербальдық еске сақтауыш байланысты, жарқын нақты сөйлеу, тілдік әдістерді дұрыс таңдай білуі, ақпаратты беру мәтінін логикалық түрде құрастыра білуі интонациясына байланысты.

Коммуникативтік міндетті шешудің ең соңғы кезеңі – кері мазмұнды және эмоциональды байланысты ұйымдастыру. Кері мазмұнды байланыс қатысушылардың оқу материалын меңгеру деңгейі туралы ақпарат” береді. Ол фронтальды және шұғыл жеке сауалнама арқылы орындалған тапсырманы талдау арқылы жүзеге асырылады.

XX ғасырдың 60-жылдардың соңында әлеуметтік және педагогикалық психология ғылымдарының тоғысында “педагогикалық қарым-қатынас” ұғымы пайда болды

XX ғасырдың 70-жылдары Т. Н. Мальковский қарым-қатынастың коммуникативті аспектісін, А. В. Мудрик мектептің өзара әрекеттесуі мен тәрбиелеуші әсерлерін, В. В. Течет ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасының ерекшеліктерін зерттеді.

XX ғасырдың 80-жылдары А. А. Бодалев, В. Я. Ляудис педагогикалық қарым-қатынасты ғылымның жаңа саласы деп көрсетті. Ал, А. А. Леонтьев, Н. А. Березевина, Я. Л. Коломинский, С. В. Кондратьев, В. А. Кан-Калик педагогикалық қарым-қатынас ұғымын қарастырды. В. А. Кан-Калик қарым-қатынастың психологиялық мазмұнын, құрылымын, стилін, кезеңдерін анықтады. Педагогикалық қарым-қатынас “педагогикалық шеберлік” пәнінің аясында оқытылды.

Педагогикалық қарым-қатынас – коммуникацияны орнату, дамыту, ұйымдастыруға бағытталған, ортақ іс-әрекеттің мақсаты мен мазмұнына байланысты туындайтын педагог пен оқушы арасындағы өзара түсіну және өзара әсер ету процесі.

Педагогикалық қарым-қатынас - бұл педагог пен оқушылардың өзара әрекеттесуінің әлеуметтік нормативті формасы.

Педагогикалық тәжірибені талдай отыра, тәрбие және оқыту міндеттерін шешуде туындайтын қиындықтар қарым-қатынасты дұрыс орната алмаудан туындайтынын көрсетеді.

Педагогикалық қарым-қатынастың құрылымы (Г. М. Андреева бойынша)

- Коммуникативті
- Интерактивті
- Перцептивті

Педагогикалық қарым-қатынастың атқаратын қызметі:

- әлеуметтік
- психологиялық
- инструменталдық

Педагогикалық қарым-қатынаста кездесетін қиындықтар:

- Байланыс орната алмау;
- Сабакта оқушылардың қарым-қатынасын басқара алмау;
- Педагогикалық міндеттерге сәйкес қарым-қатынасты құрастыра және өзгерте алмау;
- Оқушының ішкі психологиялық позициясын түсінбеу;
- Өзінің психикалық жағдайын басқара алмау т.б.

Кәсіби педагогикалық қарым-қатынас - бұл педагогтар мен тәрбиеленушілердің әлеуметтік психологиялық өзара әрекеттесу жүйесі, оның мазмұны ақпарат алмасу, тәрбиелеуші әсер жасау, коммуникативті құралдар көмегімен өзара қарым-қатынасты орнатуға бағытталады.

Педагогикалық іс-әрекеттегі қарым-қатынас – бұл оқу міндеттерін шешу құралы, оқу процесін әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз ету; оқыту мен тәрбиенің тиімділігіне әсер ететін педагог пен балалардың өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру.

Педагогикалық қарым-қатынасты құрайтын іскерліктер:

- Ақпаратты беру іскерлігі;
- Оқушы жағдайын түсіну;
- Балалармен өзара қарым-қатынас орнату;
- Қарым-қатынастағы серіктесіне әсер ете алу іскерлігі;
- Өзінің психологиялық жағдайын басқара алу және т.б.

Кәсіби педагогикалық қарым-қатынас коммуникативті міндеттер түрінде жүзеге асады. Коммуникативті міндеттер дегеніміз бұл коммуникация тіліне аударылған педагогикалық міндеттер.

А.А. Леонтьев коммуникативті міндетті проблемалық ситуацияларды бағыттау нәтижесі деп анықтап, оның мақсаты серіктеске әсер ету дейді.

Коммуникативті міндеттерді атқару төмендегі мақсаттарды көздейді:

оқушыларға ақпарат беру;

оқушыларға әсер ету; әрекетке ынталандыру.

Коммуникативті міндеттерді шешудің кезеңдері:

1) қарым-қатынас жағдайына бағытталу;

2) зейінді аудару;

3) объектінің “жанын жаулау”;

4) вервальды қарым-қатынас орнату;

5) эмоциональды және мазмұнды кері байланысты ұйымдастыру.

Қарым-қатынаста «лидер», «жетекші» деген ұғымдарға ерекше мән беріледі. Зерттеушілер осы аталған ұғымдардың бір-бірінен бір-бірінен айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажыратады. Мәселен, Л. Д. Столяренко зерттеулерінде «лидер», «жетекші» ұғымдарының айырмашылықтары жақсы көрсетілген. Лидерлер мен жетекшілердің стилінің үш түрі болады. Ол авторитарлық (өктем, директивалық басшылық деген мағынада), демократиялық, либеральдық болып бөлінеді. Басшылықтың осындай түрлері, оқытушылар ұжымы арасында жиі кездеседі

Педагогикалық қарым-қатынас стилі дегеніміз – педагог пен оқушы арасындағы қарым-қатынастың жеке типологиялық ерекшеліктері, қарым-қатынастың сыртқы көрінісі.

Педагогикалық қарым-қатынас стильдері мұғалімнің коммуникативті мүмкіндіктерінің ерекшеліктерін, педагог пен оқушы арасындағы қалыптасқан қарым-қатынастың сипатын, педагогтың шығармашылық ерекшелігін, оқушылардың ерекшелігін көрсетеді.

Педагогикалық қарым-қатынас стильдері таза күйінде кездесе бермейді. Педагогикалық практикада қарым-қатынас стиліндері аралас түрде кездеседі, көбінесе бір стиль басымдылықта болады. Стильдерді мұғалім жағдайға байланысты таңдап алады.

Педагогикалық қарым-қатынас стильдерінің басқа да түрлері де кездеседі (В. А. Кан-Калик бойынша):

- Бірлескен шығармашылық іс-әрекетке негізделген қарым-қатынас стилі.

- Достық қарым-қатынасқа негізделген қарым-қатынас стилі.
- Дистанция стилі.
- Қорқыту стилі.

В. А. Кан-Каликтің белгілеуінше, кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың құрылымы мынадай:

- Педагогтың оқушылармен қарым-қатынасын жобалауы.
- Бастапқы әрекеттесуде тікелей қарым-қатынасты ұйымдастыру.
- Педагогикалық үрдіс барысында қарым-қатынасты басқару.
- Жүзеге асырылған қарым-қатынас жүйесін талдау және оны болашақ іс-әрекетке сәйкес жобалау.

Бұдан басқа, мұғалімнің мынадай қарым-қатынас стильдері белгілі: авторитарлық стиль, демократиялық стиль, либералды стиль.

Авторитарлық стильде оқушы тең дәрежелі емес, педагогикалық әсердің объектісі ретінде қарастырады. Мұғалім шешімді өзі қабылдайды, жағдайды және оқушылардың пікірін ескермей талап қояды. Авторитарлы стильді ұстанатын мұғалім өте қатал, өз айтқанын екі етпей орындағанын қалайды, оқушылар өз ойын, пікірін ашық айта алмайды. Олар қорқақ, пассивті рөл атқарады. Қоғамдық жұмысты, сабақты мұғалімнен қорыққанынан орындайды. Оқушы мұғалімнің алдында тәртіпті бола қалады да, мектептен тыс жерлерде түрлі тәртіпсіздік көрсетеді.

1) Өзара қарым-қатынастардың және коммуникативті әрекеттердің жалпы сипаттамасының ерекшеліктері.

Жаттығушылармен өзара қарым-қатынас өзіндік жауапкершілік пен өзіндік бастаманы басып тастау негізінде құрылды. Тапсырмалар мен бұйрықтарды еркін талдауға жол берілмейді. Топтың пікіріне көп көңіл бөлмейді. Көбіне іскерлік белсенділікке салынады, кейде жеке тұлғалыққа да салынады. Жаттығушылардың өзара қатынасына көп көңіл “бөлмей олардың іскерлік қарым-қатынасын белсенді түрде ұйымдастырады. Оқушыларын түсіне білетіндігіне сенімді, бірақ топ ішіндегі құрылымды адекватты түрде қарастырмайды. Күрделі проблемалы жағдайлар көп туындайды.

2) Тіл табысу мәнерінің ерекшеліктері. Көбіне топқа емес, жекелеген оқушыларға көңіл аударады. Жаттығушылардың техникалық тұрғыдан әлсіздерін бөліп қарайды. Өткір және ирониялық дауыс ырғағын жиі қолданады.

3) *Тұлғалық қасиеттерінің ерекшеліктері.* Өзіне сенімді, принципшіл, адамдарға талап қойғыш, ұстамсыз, қайырымдылығы аз, шулы.

Авторитарлы стильдің нақты жаттықтырушысының сипаттамасы.

Өз-өзін сенімді ұстайды, оқушыларға біршама биік көзқараспен қарайды. Барлық топты көз алдында ұстайды, барлық қателіктерді көріп, сәтті және сәтсіз әрекеттерді қадағалап отырады.

Жаттығушыларды ескертулер жалықтырып жібереді. Бірақ олар жаттықтырушыны ауыстыруды ойламайды. Бұлай ойлайтындар негізінен топтағы құндылықты, жаттықтырушымен келіспеушілікті ойламайтын, топтан шығып қалғысы келмейтін, жолдастарының қолдауын байқамайтын әлсіз ойыншылар.

Жаттығушылар жаттықтырушының кәсіптік сапалы қасиеттерін, түсіндіру дағдысын, қозғалысын бағалай біледі. Жаттықтырушы үздік физикалық ақпараттары бар спорт шебері болып табылады. Жаттығушылар шынығу кезі жақсы ұйымдастырылғандықтан, I санат алатындықтарына сенеді де, жаттықтырушының қойған талаптарын үздіксіз орындап отырады.

Кейде жаттықтырушының жеке тұлғалық қасиеттерін жаттығушылар төмен бағалайды. Сауалнамалардағы сұрақтарға жартысынан көбі былай жауап береді: «Сіз өзге жаттықтырушыға ауысқыңыз келе ме?» деген сұраққа: «Жоқ, себебі мен келесі жаттықтырушының қандай болатындығын білмеймін». Ал «сіз үздік жаттықтырушыны осылай болады деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа көпшілігі мынадай жауап берді: «Жоқ, мұндай емес».

Мұндай кезде жаттықтырушы да топқа сай бағаларын беріп жатады: «Жалқау, тек айқаймен ғана жұмыс жасайды». Жаттығушылар оған ешбір сұрақ бойынша жолыққылары келмейді және сабақтан тыс кезде онымен сөйлеспеуге тырысады.

Олар өздерінің мінезі мен жұмыс стиліне қарай оқушы ұжымын басқаруда түрлі әдістер мен айла-тәсілдер қолданады. Мәселен, басқару жүйесіндегі кейбір оқытушылар жұртпен санасып жатпайды, түрлі тәрбиелік шараларды өз атынан жүргізіп, шәкірттер инициативасымен орындалған іске сенімсіздікпен қарайды, балалардың өзінше пікір айтуына шыдай алмайды. Мұндай ұстаз оқушылармен олардың ресми құқылары, міндеттері және жауапкершіліктері тұрғысынан ғана қатынас жасауға тырысады.

Осындай жетекшіліктің басты кемшілігі - маңызды шешімдер мен шаралар қабылдауда жоспар мен жүйелі жинақтылық болмауы. Мұндай жетекшінің ең осал жері - ұжым мүшелерінің бастамасын басып, шығармашылық күшті жеке пайдаланғандықтан кей жағдайда ұжымды рухани жағынан қанағаттанбаушылыққа соқтыруы мүмкін. Мұндай жерде еңбек тәртібі, жұмыстың белгілі бір жүйесі сақталмайды. Оқушылар арасында көңілсіздік, жайсыздық туады. Жетекші өз өктемдігін күшейту мақсатымен болып, оқушылардың хал-жағдайын ойлауға мұршасы да келмейді, сөйтіп ұжымнан сырт қалу пайда болады. Осындай типтегі басқарушыларды авторитарлық жетекші деп атайды.

Демократиялық стиль. Оқушылар қарым-қатынаста тең дәрежелі. Мұғалім шешімді оқушылармен бірлесіп қабылдайды, олардың ойларын, пікірлерін ескереді. Мұғалім тек үлгерімге ғана емес, оқушылардың жеке тұлғалық сапаларына мән береді. Мұндай мұғалімдерге үлкен кәсіби тұрақтылық, өз мамандығына қанағаттану тән.

1) *Өзара қарым-қатынастардың және коммуникативті әрекеттердің жалпы сипаттамасының ерекшеліктері.* Өзара қарым-қатынас тұлғаның сыйластық негізінде құрылады. Тапсырмалар мен бұйрықтарды еркін талдау жеткілікті деңгейде рұқсат етіледі. Жаттығушылардың өзара тұлғалық қатынасына қарай ұйымдастырылады. Жұмыс «кім кіммен топтасқысы келеді?» сұрағы бойынша және тұлғалық пікірлерге қарай құрылады. Топтан ешкімді бөлмей, бәріне бірдей көңіл бөледі.

2) *Тіл табысу мәнерінің ерекшеліктері.* Өзге стильдермен салыстырғанда, тәрбиелік ақпараттар қолданылады. Кеңес беру, өтіну, нұсқау беру түрінде жетекшілік етеді. Дауыс ырғағы түзу, нақты, бірақ тәрбиелік тұрғыдан әсер ету кезінде ирония да, әзіл де сонымен қатар достық дауыс ырғағы да араласады.

3) *Тұлғалық қасиеттерінің ерекшеліктері.* Тұлғалық қасиеттері тұтастығымен, өзіне және өзгеге талап қоя білуімен, тік мінезділігімен, тактикалығымен сипатталады.

Демократиялық стиль жаттықтырушысының сипаттамасы.

Өзін сенімді ұстайды. Барлық топты барлап отырады және әрбір жіберілген қателіктерді байқай біледі. Түзету кезінде көбіне нақты нұсқау формасын қолданады, мысалы, «Қолды көтер!». Дауыс ырғағы еркін, іскер, қайырымды.

Өз ісіне деген эмоционалдығы жаттығушымен үзіліс кезінде немесе дайындықтан кейін жүргізілетін табиғи кеңес кезінде ашылады. Егер топтық жиын кезінде бір оқушының келмей қалғандығы анықталып, келесі бір оқушы өзін ата-анасы жібермей қалғандығын жеткізсе, жаттықтырушы оларға егер баскетболды шын жүрегімен сүйсе, онда ата-ананы да оны сүйе білуге тартулары керектігін түсіндіреді.

Жаттықтырушылардың сөйлеу формалары әр түрлі болып келеді: нақты тактикалық нұсқаулар (мысалы: «Иығыңды түзе!»), қолдау көрсету (мысалы, «жарайсың!»), қолдамаушылық (мысалы, «мен бүгін сенің әрекетіңе қанағаттанбаймын») және т.б.

Жаттықтырушы ұстамды, тактикалы болғандықтан, оқушылар оның барлық талаптарын ризалықпен орындайды. Жаттықтырушы кәсіптік қарым-қатынаста да (топ облыстық олимпиада да чемпион атағын жеңіп алды), жеке (жаттығушылар өз шаруасымен, уайымымен жаттықтырушыға жолығады) байланыста да белсенділік танытады.

Жаттықтырушы топты жақсы бағалайды және оның болашағы оны толғандырады.

Жаттығушылар оған шын ықыласымен төлем төлейді. Сауалнамалардан: «Ол барлығын бірдей бағалайды, ал бұл ең бастысы»; «Басқа жаттықтырушыны дәл осы кісідей жақсы көре алмайтын сияқтымын»; «Барлығына бірдей қарым-қатынаста болады», т.б.

Демократиялық типтегі жетекші ұжым мүшелерінің пікірлерімен есептесіп қана шешім қабылдайды, жұрттың талаптары мен ұсыныстарын тыңдауды қалайды. Мұндай лидер - топ мүшелерінің бастамаларын мақұлдайды, сөйтіп олардың рухани қанағаттануына жағдай жасайды. Ол жиналыс үстінде сын мен өзара сын өрістеуіне мүмкіндік береді, ұжымнан ешнәрсе жасырмай, әр кез адамдардың көңіл-күйіне жақсы әсер етіп, олардың ықыласы мен сеніміне бөленеді.

Либералды стиль. Мұғалім шешім қабылдаудан бас тартады, барлығын оқушыларға, қызметтестеріне ысырады. Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру және бақылау жүйесіз жүзеге асады, шешімсіздік, толғаныс байқалады. Сыныптан тұрақсыз микроклимат, жасырын келіспеушіліктер орын алады. Мұнда оқушылардың пікір бостандығының мөлшерсіздігінен аузы барғанша сөйлеп, аяғы барғанша жүреді.

1) *Өзара қарым-қатынастардың және коммуникативті әрекеттердің жалпы сипаттамасының ерекшеліктері.* Көптеген деңгейде жаттығулар мен жүктемелерді тандауда еркіндік беріледі. Жаттығушыларға жоғары жауапкершілікті байқатқысы келеді. Тұлғааралық қарым-қатынастарды онша ажырата алмайды. Белсенді жаттығушылардың-пікіріне көп көңіл бөледі.

Тіл табысу мәнерінің ерекшеліктері. Жаттығулар кезінде нысан ретінде жаттығушылардың ішіндегі мықтыларын таңдайды. Өзге стильдермен салыстырғанда ұйымдастыру ақпараты екі еседей көп болады. Сөйлесу формаларының қолдау және ескерту түрлерін қолданады. Жақсы дауыс ырғағын қолданғанды ұнатады.

Тұлғалық қасиеттерінің ерекшеліктері. Бұл стильге мына қасиеттер тән: ұстамдылық, ренжімеушілік, тактикалық, қайырымдылық, қарапайымдылық.

Либералды стиль жаттықтырушысының сипаттамасы.

(Өзін іштей сенімді ұстайды. Топты қадағалап және қателіктерін түзетуде қарапайым, жұмсақ тілмен сөйлейді (мысалы, «Гүлім-ау, басыңды түзу ұстасаңшы» т.б.).

Коммуникацияның түрлі формаларын зерттеу, адамның қарым-қатынас жайлы білімімізді кеңейтті. Сөйлеу құралымен қатар адам қарым-қатынасының сөзден тыс жолдары, келбет, ым, мимика, серіктестердің бір-біріне қатысты жағдайы, бейнелеу кең зерттеле бастады.

Жетекшіліктің үшінші бір типі либералдық деп аталады. Мұндай тип ұжым ісіне аз араласады, кейде оларды бетімен жібереді. Ол көбінде басшылықты жүрдім-бардым жасайды. Әрине мұндай жерде біркелкі жұмыс болмайды, ұйымдастыру, басқару жұмысының шырқы бұзылады. Осының салдарынан тәртіпшілік, жинақылық, ширақтық жағы кем болады. Мұндай сәтте бетімен кетушілікке, анархиялық пікірлердің ауа жайылуына да жағдай туу мүмкін (95,96).

Адамның сыртқы түрі саналы өзгереді және белгілі дәрежеде адам өзі оны өзгертеді. Адам келбеті физиономиялық маскадан, киімнен, жүріс-тұрыс кейпінен құралады. Физиономиялық маска адамның басым ойынан, сезімінен, қарым-қатынасынан тұрады. Физиономиялық маскардан ызғарды, жайдарлылықты, өр көкіректікті, мейірбандықты және басқаларды аңғаруға болады.

Сыртқы пішін және физиономиялық маска біршама тұрақты болады. Қарым-қатынастың динамикалық қыры мимикамен ым-

ишарадан байқалады. *Мимика* дегеніміз - қарым-қатынас кезіндегі беттің құбылысы. *Ым-ишара* дегеніміз - психикалық күйді байқататын әлеуметтік қалыптасқан қимыл. Мимика да ым-ишара да туа біткенімен коммуникацияның қоғамдық құралдары ретінде дамып отырады.

Эмоционалдығы жай және қарапайым дауыс ырғағымен бағалау кезінде ашылады, ал әуесқойлығы - жаттығулар көрсеткен немесе жаттығушылардың біреуінің жақсы орындауына сүйсінген кездерде байқалады. Өте ұстамды, тактикалы. Бірақ сонда да келіспеушіліктер болып жатады. Көбіне өз әрекетінің жазаланбағандығын біліп тұрған жаттығушылармен келіспеушіліктер болады.

Келіспеушіліктер үдеп бара жатқан кезде ескертулерді жай, қарапайым дауыспен жасайды. Кез келген келіспеушіліктерде дауыс ырғағы сол күйі сақталады.

Сауалнама нәтижелері: «О.И. - өте қайырымды, еш уақытта дауыс көтермейді»; «Өте қатты талап қоймайды, кешірімді. Мен не десем де шыдайды, себебі мен өзгелермен салыстырғанда өте жақсы шынығамын».

Тұлғаның тұрақты сипаттамалары ретінде педагогикалық тіл табысу стилі, бірінші жылдары негізінен кәсіптік іс-әрекетпен ажырамастай тығыз байланыста болады. Педагогикалық тіл табысудың негізгі дағдылары болмаған жағдайда жаттықтырушы алғашқы кезден бастап-ақ спортшылармен өзара байланысты ұйымдастыруда авторитарлы тәсілдерді қолданады. Педагогикалық тіл табысудың мейлінше оптимальды стилінің құрылу үрдісін жақсы үздіксіз өткізу үшін жас маманның тап болған ұжымы шығармашыл қабілетті және оның жетекшісі де тәжірибелі мұғалім болуы тиіс. Жаттықтырушының коммуникативті дағдысының болуы, педагогикалық тіл табысу техникасын игеруі - маңызды шарт болып саналады.

Жаттықтырушының өзіндік тіл табысу стилінің жеке бейнесін анықтайтын негізгі фактор құрылым болып табылады. Құрылым деп жаттықтырушының тұтастай әрекет ету бағдарламасын, алдын ала белгілі жағдайларды қабылдай білуге даярлығын түсінеміз. Құрылым жаттықтырушының құнды бағыттарын ашып көрсетеді, оның спортшыға, ұжымға, жаттығу үрдісіне және сайыстарға деген көзқарасын анықтайды. Педагогикалық тіл табысуды зерттеп жүрген көптеген психологтар жаттықтырушының спортшыға деген қатынасында позитивті немесе негативті құрылым жөнінде айтады.

Егер топта өзара сыйластық, жолдастық, қолдау, қайырымдылық байқалып, жақсы эмоционалды күй орнату үшін спортшылар жаттықтырушының бағалауынан үнемі шындықты және нысандылықты сезуілері тиіс.

Жаттықтырушы тіл табысу кезінде жеке тұлғалық, дифференциалды қатынасты жүзеге асыра алуы тиіс. Жаттықтырушы өз құрылымдары мен бағалауларында реалист және нысаншыл болуға тырысуы қажет.

Жаттықтырушының коммуникативті әрекеттерді меңгеруі педагогикалық тіл табысудың мазмұны мен сипаттамасы көптеген факторлармен анықталатындығын көрсетеді және олардың ішінде тіл табысудың жеке стилі мен құрылым негізгі анықтауыштар болып табылады. Бірақ жаттықтырушы спортшылармен тіл табысуын сезіну арқылы жүзеге асыруы тиіс. Өзіндік педагогикалық тіл табысу қабілеттілігінің қалыптасуындағы негізгі шарт - жаттықтырушының тіл табысу үрдісінің заңдылықтарын білу.

Жетекші, басшы және оның қоғамдағы орны туралы қазақ халқының өткендегі рухани мұрасында да сындарлы пікірлер аз емес. Мәселен, Ш. Уәлиханов жақсы басшы, ақылды, жан-жақты білімді, айналасындағы адамдарды бес саусағындай білетін жұрттың жақсы-жаман істерін әділ бағалайтын, табанды да қайсар, ерік-жігері күшті, ұйымдастыру іліммен қаруланған, халыққа қиянат жасамайтын, жағымпаздық пен тамыр-таныстыққа жаны қас, өзіне жақсы жәрдемші таңдап ала білетін, көрегенді басшы болуы қажет дейді.

Топтағы адамдарды танып-білу, мәселесі психологиялық үйлесім ұғымымен тығыз байланысты. Бұл- ұжымдағы ортақ істің табысты болуындағы адамдардың өз қызметінен рахат, ләззат алуын қамтамасыз етуіне мүмкіндік беретін психологиялық жағдай.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Березовин Н. А., Коломинский Я. Л. Учитель и детский коллектив. М., 1975.
2. Бодалев А. А. Личность и общение. М., 1983.
3. Добрович А. Б. Общение как наука и искусство. М., 1980.
4. Ерманов С. Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя. М., 1989.

5. Лысенкова С. Н. Методами опережающего обучения. М., 1988.
6. Қоянбаев Р. М., Педагогика А.. 1999.
7. Снайдер М., Снайдер Р. Ребенок как личность. М., 1997.
8. Симонов В. П. Педагогический менеджмент. М., 1997.
9. Симонов В. П. Диагностика личности и профессиональное мастерство преподавателя. М., 1995.
10. Хозяинов Т. И. Педагогическое мастерство преподавателя. М., 1988.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қарым-қатынастың мәні неде?
2. Кәсіби педагогикалық қарым-қатынастағы коммуникативті міндеттер дегеніміз не?
3. «Педагогикалық іс-әрекеттегі қарым-қатынас» ұғымына сипаттама бере отырып, педагогикалық қарым-қатынастағы іскерліктерді атаңыз.
4. Педагогикалық қарым-қатынаста кездесетін қиындықтардың туындау себебі неде деп ойлайсыз. Шебер педагог осындай қиындықтарды қалай шеше білуі керек?
5. Педагогикалық практика барысында оқушы мен сіздің араңыздағы қарым-қатынаста қиындықтар кездесті ме? Оны қалай шеше білдіңіз? Мысал келтіріңіз.
6. «Просемика» ұғымы нені білдіреді?

Тест тапсырмалары

1. Оқушыларға білім беру, танымдық әсер ету, еркін қатынас жасау, өз пәніне ерекше ден қоюды талап ету – бұл педагогикалық қатынастың қандай стиліне жатады:

- А) қамқорлық стиль
- Ә) бейтараптық стиль
- Б) әкімшілік-әмірлік стиль
- В) қарама-қарсылық стиль
- Г) ынтымақтастық стиль

2. «Қамқорлық стилі» – осылардың қайсысы:

- А) өзара сенімділік көрсету, істі бірлесе жүргізу, өзара тіл табысу
- Ә) оқушыға қанағаттанбаушылық білдіру, өктемдікпен сөйлесу
- Б) танымдық әсер ету, еркін қатынас жасау
- В) тым өбектеу, назидалық жалықтыру, мәпелеу
- Г) ресми қатынас негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

3. Педагогикалық қарым-қатынастың практикада қолданылып жүрген стильдерін атаңыз:

- А) Авторитарлық, демократиялық, либералдық.
- Ә) Ынтымақтастық, жариялылық, үстемдік.
- Б) Гуманизм, өзара түсіністік, жариялылық.
- В) Демократиялық, гуманистік, жариялылық.
- Г) Авторитарлық, үстемдік, сыйластық.

5. Шәкірт пен ұстаздың өзара бірлесіп, ынтымақтысып, жасайтын ортақ іс-әрекеті қалай аталады

- А) Қарым-қатынас
- Ә) Оқу
- Б) Диалог
- В) Оқыту
- Г) Ойын

6. Перцептивті қарым-қатынас дегеніміз не

- А) Өзара түсіністік ақпарат алмасу
- Ә) Қарым-қатынасқа түсушілердің бірін-бірі қабылдау үрдісі
- Б) Қарым-қатынасқа түсушілердің өзара әрекетін ұйымдастыру
- В) Жағымды қарым-қатынас тудыру
- Г) Әңгімелеу

7. Педагогикалық қарым-қатынас стильдері

- А) Шығармашылық іс-әрекет қарым-қатынасы
- Ә) Достық қарым-қатынасы
- Б) Қорқыту қарым-қатынасы
- В) Ойын қарым-қатынасы
- Г) Еңбек қарым-қатынасы

8. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ҚАЖЕТТІ ЭЛЕМЕНТІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА МЕН ТАКТ

Жоспары:

1. Педагогикалық қатынас және оның мұғалімнің кәсіби қызметіндегі орны.
2. Педагогикалық қарым-қатынастың қажетті элементі педагогикалық этика мен такт.
3. Педагог әдептілігін меңгеру шарттары
4. Сендіре білу – тілтабысудың негізгі әдісі ретінде
5. Мұғалімнің кәсібі қызметіндегі жанжалдар олардың түрлері мен себептері. Дауларды шешу жолдары
6. Педагогикалық ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық климат.
7. Педагогтың этикасы мен шеберлігі.

Негізгі ұғымдар: ұстаздық әдеп, тіл табысу

Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым-қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады, қоғамдық тәрбие арқылы адам белгілі мазмұнға ие болады. Адам санасының дамуы қоғамның дамуымен байланысты. Қоғамнан тыс адам өмірінін болу мүмкін емес.

Кез келген адам дүниеге келісімен екінші бір адаммен қарым-қатынасқа түсуді қажетсінеді. Мәселен, нәрестенің анасымен «тілдесу» қажетін қанағаттандырмау- біртіндеп оның қасаң сезімді, мейірімсіз болып өсуіне кішкентайынан айналасына әкеліп соқтыратыны байқалып жүр. Сөйтіп, басқалармен қарым-қатынасқа түсу қай жастағыларға болмасын оған киім-кешек, баспана, ұйқы, демалу қандай қажет болса, айналадағы жұртпен араласып, дұрыс қарым-қатынас жасай білу де сондай қажет. Мәселен, адамды қамап басқалармен араластырмай ұстау жазаның ең ауыр түрі екендігіне шүбә келтіруге болмайды. Өзгелермен қарым-қатынас жасау, бұл тіршілікке аса маңызды ақпарат алмасу деген сөз. Адам қарым-қатынас арқылы айналасындағы дүние жайлы мәлімет алады, еңбек пен тұрмыс дағдыларына машықтанады, адамзат жасап шығарған түрлі құндылықтарды меңгереді. Әрине, қарым-қатынас ақпарат алумен шектелмейді, оның шеңбері аса кең, бұл көп қырлы

ұғым. Біздің бәріміз де бір-бірімізбен қарым-қатынас жасаймыз. *Қарым-қатынас дегеніміз тіл арқылы пікір алысу.* Адамның ең жарқын ерекшеліктерінің бірі – оның сөйлеу қабілеттілігі. Сөз - адам психикасының өмір сүруінің аса маңызды факторы. Қарым-қатынасыз қоғам ыдырап кетеді. Қарым-қатынас жасау мүмкіндігінен айырылған адам ойдағыдай дами алмайды. Қарым-қатынас адам іс-әрекетінің таным және еңбекпен қатар жеке адамды қалыптастыратын аса маңызды түрі болып табылады. Лингвистер тілді қарым-қатынас құралы, қоғам жасаған білімдерді таратушы ретінде зерттеп келеді.

Коммуникацияның түрлі формаларын зерттеу, адамның қарым-қатынас жайлы білімімізді кеңейтті. Сөйлеу құралымен қатар адам қарым-қатынасының сөзден тыс жолдары: келбет, ым, мимика, серіктестердің бір-біріне қатысты жағдайы, бейнелеу кең зерттеле бастады.

Адамның сыртқы түрі саналы өзгереді және белгілі дәрежеде адам өзі оны өзгертеді. Адам келбеті физиономиялық маскадан, киімнен, жүріс-тұрыс кейпінен құралады. Физиономиялық маска адамның басым ойынан, сезімінен, қарым-қатынасынан тұрады. Физиономиялық маскалардан ызғарды, жайдарлылықты, өр көкіректікті, мейірбандықты және басқаларды аңғаруға болады.

Педагогикалық қарым-қатынас өте күрделі процесс. Тәрбие әдістері педагогикалық қарым-қатынас арқылы іске асады. Оған көптеген адамдардың қатынасы балаға ықпалы жатады. Ұстаздық қызмет ұстаздық қызметті ұйымдастыру, балаларды ұжымда тәрбиелеу, балалардың өзара қатынасын ұйымдастыру, балалардың өзара қатынасы бала тәрбиесіндегі қолданатын әдіс, тәсілдері, құралдары болып табылады. Мұның бәрі педагогикалық қатынас арқылы іске асады, ұстаз баланы соған тәрбиелейді.

Шындығында, педагогикалық қатынас ұстаздың шәкіртке қатынасты дұрыс жүргізу үшін ынта керек. Ынта дегеніміз - белгілі-бір іске адамның ықыласпен кірісіп, оны нәтижелі орындауы, алдына қойған мақсатты жете түсінуі. Ұстаздың ынтасы оқу-тәрбие процесінде дамиды.

Ұстаздық педагогикалық қатынасты жүргізу үшін бейімділік керек, яғни мұғалімдік мамандыққа бейімділік, балалармен қарым-қатынас жасау, олармен ойнау, жұмыс істеу процесінде білінеді.

Педагогикалық қатынасқа ұстаздың қабілеті де керек. Белгілі іске бейімділік және адамның қабілетіне байланысты. Ал жеке

адамның белгілі іс әрекетінің нәтижесін танытатын психикалық қасиетті қабілет дейді.

Сонымен, педагогикалық қатынас жасау ұстаздың балаға сүйіспеншілігі, қызметіне ынтасы, бейімділігі, қабілеті, ұстаздық нышаны, дарындылығы болу керек.

Күнделікті өмірде адам тек қана ұжыммен емес жеке адаммен де қарым-қатынаста болады. Үлкен болсын, кіші болсын, ұстаз бен шәкірт, шәкірт пен шәкірт т.б. өзара қарым-қатынаста болады. Олар айтысады, тартысады, пікірлеседі, ой бөліседі. Соның арқасынды өмірден мол тәжірибе жинақтайды, тәрбие әдістерін, тәсілдерін қолданады. Қазіргі қатынас кешегі кеңес дәуіріндегі қатынастан бөлек. Ол - ашық бүкпесіз қатынас. Жеке қарым-қатынастан ұжымдық қарым-қатынасқа көшеді. Қарап тұрсақ, ұжымның өзі көптеген жеке топтардан 2-3 адамдардан тұрады. Бұл әрбір жеке адамның жас дүниесін, рухын байытады, сауатын ашады. Ұжым-әрбір жеке адам үшін тәрбие мектебі.

Ұжымдағы көңіл-күймен қоғамдық пікір эмоциялық күш-қуатпен өзара қатынастың деңгейін ондағы қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық климатпен айқындалады. «Психологиялық климат», «Әлеуметтік психологиялық климат», немесе «Микроклимат» ұғымдары ғылыми емес, астарлы, ауыспалы ұғымдар. Әлеуметтік-психологиялық климат ұжым мүшелерінің бірлескен іс-әрекетпен өзара қатынас процесінің сипатын танытатын ұжымның сезімдік-психологиялық жағдайларының жүйесін білдіреді. Әлеуметтік-психологиялық климатты осылай түсіне отырып, оның мынадай негізгі қызметтерін атауға болады. Педагогикалық ұжымның әлеуметтік-психологиялық климатының топтастырушылық қызметі ұжым мүшелерінің оқу-тәрбие міндеттерін шешуге ұжымдық күш-жігерді топтастыруын, бірігуін іске асырады. Ынталандырушылық қызметі педагогикалық әрекеттің қолдануына қажетті ұжымның «эмоционалдық күш-қуатын» қалыптастыруға байланысты. Тұрақтандырушылық қызметі ұжымішілік тұрақтылығын қамтамасыз етіп, ұжымға жаңа мүшелердің енуіне қажетті алғышарт жасайды. Реттеушілік қызмет өзара қатынас нормаларын нығайтуда, ұжым мүшелерінің тәртібіне баға беруде көрінеді.

Психологияда қолайлы әлеуметтік-психологиялық климаттың басты көрсеткіштерін айқындау бағытында зерттеулер жүргізілуде. Бір жағдайларда көрсеткіш ерекшеліктері ретінде тұлға аралық,

адамгершілік, сезімдік, құқықтық өзара қатынастар қарастырылса, ендігі бір жағдайларда ұжымдық әрекет тиімділігінің барынша жалпы сипаттамасына аса мән беріледі. *Ондай сипаттамалаға мыналар жатады:*

- Ұжым мүшелерінің ұжымда болғанына, ондағы еңбек процесі мен нәтижесінің қанағаттануы;
- Ресми және бейресми жетекшілердің беделін мойындауы;
- Ұжымдағы жарқын, көтеріңкі көңіл-күй;
- Ұжым мүшелерінің басқаруға және ұжымның өзін-өзі басқаруға қатысуының жоғары деңгейі;
- Ұжым мүшелерінің топтасушылығы мен ұйымшылдығы;
- Сапалы тәртіп;
- Еңбектің өнімділігі;
- Кадрлардың тұрақтылығы.

Қолайлы әлеуметтік-психологиялық климаттың бұл белгілерін педагогикалық ұжымға баға беруде қолданылуға болады.

Әлеуметтік-психологиялық климат қалыптасқан жағдайда ол ұжым мүшелеріне жағымды немесе жағымсыз ықпал жасайды. Өзара ақыл, ынтымақтастық қатынас біріккен ұжымда тәжірибелі немесе жас мұғалім бірлескен қуаныш табады. Ал немқұрайдылық, селқостық немесе қысым үстемдік еткен жағдайда ұжым мүшесі ұнжырғасы түсіп, қағажаяу көреді. Бұл жағдай оның кәсіптік қызметінің төмендеуіне, дау-жанжалдың пайда болуына, тіпті басқа ұжымға ауысуына апарып соғады.

Кең көлемдегі кәсіптік педагогикалық міндеттерін атқара жүріп мұғалім өзін және еңбегін жұртшылықтың бағалауын қажетсінеді. Педагогтар әсіресе беделді адамдар тарапынан берілген бағаны түсінуге бейім. Жағымды баға педагогты ынталандырады. Жағымсыз баға өзінің қызметін, кәсіптік позициясын, өзгелермен қарым-қатынасын қайта қарауға негіз болады. Сондықтан педагогикалық ұжымдағы қатынас өзара сыйластық, принципті, талапшылдық әрі тілеулестік сипатта болуды талап етеді.

Әлеуметтік-психологиялық климаттың тұлғаға ықпал жасауының механизмі еліктеуден - өзге адамдардың сезімін, ойларын тікелей қолдану, пайдаланудан тұрады. Педагогикалық қызмет барысында кейбір мұғалімдер өзара әріптестерінің эмоциялық жағдайын түсінуге және оған төзуге қабілетті болса, екіншілер оның психологиялық жағдайына талдау жасап, өз сенімі, ықыласымен

сәйкес келетін, келмейтіндігін салыстыруға бейім. Ұзақ уақыт бірлесе қызмет жасау, мүдде ортақтығы жағымды еліктеу процесін едәуір жеделдетеді. Өз әріптесінің сезімдік-психологиялық көңіл-күйін танып, оны түсіне алған педагог қалыптасқан жағдайда шығудың оңтайлы шешімін өз басынан іздестіреді.

Өзара әрекеттестіктен екінші жағы жеке тұлғаның ұжымдағы климатқа ықпалынан тұрады. Обал, сауапты білетін, принципті, іске жауапкершілікпен қарайтын, тәртіпті, көпшіл, қайырымды, әдепті педагогтар ұжымда жағымды климат қалыптастыруға елеулі ықпал жасай алады. Ал керісінше, тоғышар, әдепсіз, тәртібі тиянақсыз, ұжым мүшесі жағымсыз климат орнықтыруға ықпал жасайды.

Ұжымның жалпы климаты оның мүшелерінің интеллектуалдық, сезімдік және мінездерінің жігерлілік белгілеріне тәуелді болып келеді. Жекелеген педагогтардың танымдық белсенділігі, өнер тапқыштығы ұжымды инновациялық қызметті дамытып, жаңа технологияларды іздестіруге ұмтылады. Жігерлі педагог-жетекші өзгелерді сонынан ерте алады. Егер ұжым мүшелерінің ақыл-ойы, сезімі, ерік-жігері педагогикалық қызметке жұмылдырса, онда табысқа жету қиын емес.

Жағымды психологиялық климат қалыптастыруға кедергі жасайтын факторлардың қатарына ұжымдағы келіспеушілікті немесе «Климаттық ауытқуды» атауға болады.

“**Конфликт**” сөзі латын тілінен аударғанда “*Conflkt’s*” – қақтығысу мағынасын білдіреді.

Шетелдік педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде конфликт деп құндылық үшін күрес және белгілі бір статус, ресурстар үшін таласу барысында қарсыласты бейтараптандыру, зиян келтіру деп көрсетіледі. (Л. Козер).

Психологиялық тұрғыда конфликт дегеніміз әр түрлі адамдар арасындағы қақтығыс, ортақ қажеттіліктердің, ойлар мен сезімдердің болмауы.

Педагогикалық конфликтінің ерекшеліктері:

- Проблемалық ситуацияларда мұғалімнің дұрыс шешім қабылдауға жауаптылығы;
- Конфликтіге қатысушылар әр түрлі әлеуметтік статусқа ие;
- Өмір тәжірибесі әр түрі;
- Конфликт тәрбиелік мәнге ие болуы тиіс;
- Мұғалім инициативаны өз қолына алуы керек;

- Кез келген қателік жаңа проблема тударуы мүмкін.

Конфликтінің түрлері:

- тұлға ішілік

- тұлға аралық

- топ аралық

- тұлғалық-топтық

Тұлға ішілік конфликт – бұл тұлғаның мотивтері, қызығушылықтары, арасындағы күресті бейнелейді.

Тұлға аралық конфликт – бұл тұлғалар арасында бір-біріне қарама-қарсы келетін мақсаттарды орындау барысында іс-әрекетте туындайтын конфликтілермен сипатталады.

Топ аралық конфликт – бұл әлеуметтік топтар арасында мақсаттар мен оларға жету жолдарының қарама-қарсы келуінен туындайтын конфликтілер.

Тұлғалық-топтық конфликт - тұлғаның мінез-құлқы мен тәлім-тәртібі топтың нормалары мен қалауына сәйкес келмегенде туындайды.

Конфликтінің туындау себептері (М. М. Рыбакова бойынша) :

- іс-әрекет конфликтілері;

- қарым-қатынас конфликтілері;

- әрекет конфликтілері.

Іс-әрекет конфликтілері мұғалім мен оқушы арасында туындайды және оқушы белгілі бір тапсырманы орындаудан бас тартқанда немесе дұрыс орындамаған жағдайда пайда болады.

Бұл конфликттер көбінесе оқуда қиындық көретін оқушылар мен мұғалім сыныпқа жаңадан келген жағдайда туындайды.

Қарым-қатынас конфликтілері – педагогтың проблемалы ситуацияларды шеше алмауы барысында туындайды, ол көбінесе ұзақ мерзімге созылады. Бұл конфликтілер тұлғалық сипатқа ие болады, оқушының мұғалімге деген жек көрушілік сезімін туындатады.

Әрекет конфликтілері мұғалімнің конфликтіні шешуде туындаған кез келген қателіктері жаңа мәселелер мен конфликттер туындатады. Педагогикалық іс-әрекеттегі конфликтілерді шешуден қарағанда оның алдын-алу жеңіл.

Мұғалім конфликт барысында өзінің позициясын анықтап алғаны дұрыс, себебі сынып оның жағында болған жағдайда конфликтіден шығу жеңіл өтеді.

- Педагогикалық конфликт құрылымы:
- Объектісі;
- Субъектілері;
- Пәні;
- Инцидент
- Конфликтілік қарым-қатынастар
- Мотивтері;
- Нәтижесі

Әлеуметтік-психологиялық келіспеушілікті көптеген мамандар адамдардың тікелей қарым-қатынасы саласында пайда болатын қарама-қайшылықтың күрт шиеленісіп кетуі ретінде қарастырады. Педагогикалық ұжымда пайда болатын келіспеушіліктер өз табиғатында тұлға аралық келіспеушілік болып табылады. Ондай жағдайда адамдар іс-әрекеттің мақсатына келіспейді немесе оған қол жеткізудің әдістері мен құралдары туралы әр-түрлі пікірлерде болады.

Келіспеушіліктер әртүрлі себептердің салдары болуы мүмкін. Педагогикалық ұжымдағы тұлғааралық келіспеушіліктер бірлескен педагогикалық әрекет процессінде орныққан өзара байланыстың бұзылуына байланысты туындайды. Ол педагогикалық қызметке байланысты мұғалімдер, басшылар арасындағы іскерлік сипаттағы байланыс болуы мүмкін.

Педагогикалық ұжымда орын алатын келіспеушіліктің негізгі *үш тобын* бөліп көрсетуге болады.

1. Кәсіптік-педагогикалық әрекетті мақсатқа жетуге кедергі келтіретін, іскерлік байланыстардың бұзылуынан туындайтын кәсіптік келіспеушіліктер. Бұндай келіспеушіліктер жұмыстағы ынтықсыздықтан, мұғалімдердің әрекет мақсатын түсінбеуінен және өз ісін жете білмеуінен туындайды.

2. Педагог мінез-құлқының өзара қатынас нормасына сай келмеуіне, сол сияқты мінез-құлықпен іс-әрекеттің ұжым мүшелерінің бір-бірінен күткен талаптарына сай келмеуінен туындайтын. Ол педагогтың өз әріптестеріне және оқушыларға көрсеткен әдепсіздігі, кәсіптік этика нормаларының бұзылуы, ұжым талабын орындамау және т.б. түрінде көрініс береді.

3. Педагогикалық процестерге қатысушылардың мінез бен темпераменттік ерекшеліктер негізінде тұлғалық сәйкессіздіктен туындайтын келіспеушіліктер. Бұл топты негізінен ұстамдылық,

өзіне деген бағасы мен пікірінің аса жоғары болуы, эмоциялық тұрақсыздығы, шамадан тыс өкпешілдігі сияқты сапалар құрайды.

Келіспеушілікті реттеу мынадай қисынды әрекеттердің бірізділігінен тұрады: келіспеушіліктің алдын алу; пайда болған жағдайда келіспеушілікті үйлестіру, жою; келіспеушілік ахуалды шешудің ең оңтайлы шешімін қабылдау; келіспеушіліктің түйінін шешу. Келіспеушіліктің алдын алу кезінде сол адамның неге осылай жасағандығын анықтаудың маңызы зор. Мектеп басшысы қалыптасқан келіспеушілік ахуалға немқұрайлы қарамауы тиіс, сондықтан ол келіспеуші жақтарды ашық әңгімеге тартып қалыптасқан жағдайда бірге талдап, талқылауы тиіс. Келіспеушілікті басқару кезеңінде басшы жеке әңгімелесіп, келіспеуші жақтарды алдағы кездесуге, араласуға психологиялық тұрғыдан дайындау тиіс.

Егер келіспеушілікті бастапқы кезеңінде келістіру мүмкін болмаса, онда оны шешудің тактикасы мен стратегиясы жасалуы керек. Оны мектеп директоры немесе оның орынбасарлары іске асырады, қажет болған жағдайда ұжымдық шешім қабылданады. Ол бойынша келіспеуші ұжым мүшелеріне біршама уақыт бір-бірімен араласпау немесе ол араласуды шектеу туралы шарт қойылуы мүмкін. Кәсіптік келіспеушіліктер еңбек жағдайын, оқу-тәрбие процесін өзгерту, мектеп жұмысының тәртібіне түзету енгізу арқылы реттеледі. Ал тұлғалық сәйкессіздіктен туындаған келіспеушілікті жою күрделі сипат алады. Бұндай жағдайда басшы келіспеуші жақтарға өзге де пікірлердің өмір сүруін мойындататындай шешім қабылдайды.

Қарым-қатынас кезінде жеке тұлғаның өмірлік құндылықтары, әлемге деген көзқарасы және тұлғалық этикалық принциптері дамиды.

Тұлға үшін коммуникативті міндеттерді шешуге бағытталған тұрақты және нақты тіл табысуды ұйымдастыру әдістері мен тәсілдерінің жиыны *тіл табысу стилі деп аталады*. Адамдарды, ұжымды басқару, қадағалау, бағыттап отыру әрекеті демократиялық, авторитарлы, және либералды стильге бөлінсе, кәсіптік педагогикалық тіл табысуды да көптеген авторлар осы үш стильге бөледі. Бұл басқару іс-әрекетінде жаттықтырушының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығы негізделген: жаттықтырушы спорттық ұжымды басқаруды жүзеге асырады. Сондықтан мына

түсініктерді қолдану дұрыс болып саналады: педагогикалық тіл табысу стилі, жаттықтырушының спорттық ұжымды синонимдік басқару стилі, жетекшілік стилі, ұжымдарды басқару мәселелерін зерттеумен айналысып жүрген мамандар жетекшілік стилін былай сипаттайды:

Педагогикалық қарым-қатынас – күрделі процесс. Оған көптеген адамдардың қатынасы, балаға ықпалы жатады. Ұстаздық қызмет, ұстаздық қызметті ұйымдастырудың, балаларды ұжымда тәрбиелеу, баланың өзара қатынасын ұйымдастырудың тәрбиесінде қолданылатын әдіс, тәсілдер, құралдары болып табылады. Мұның бәрі педагогикалық қатынас арқылы іске асады, ұстаз баланы соған тәрбиелейді.

Ұстазға педагогикалық қарым-қатынасты орнату барысында балаға сүйіспеншілігі, қызметіне ынтасы, бейімділігі, қабілеті, ұстаздық нышаны, дарындылығы болу керек.

Өсіресе, педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелі болуы бірін-бірі толықтыратын бірнеше іскерлікке, қабілетке байланысты. Қатынас үшке бөлінеді:

- ішкі қатынас
- сыртқы қатынас
- табиғатпен қатынас.

1. Ішкі қатынас – бұл адамның өзімен-өзінің кеңесуі Қазақ мұндайда, «қабырғамен тілдес» дейді. Бұл да қатынастың бір жолы.

2. Сыртқы қатынас жеке адам бірімен және ұжыммен, топпен, ұстазбен, қатынасады. Бұл қатынастардың әрқайсының көздеген мақсаты, мазмұны, әдісі, тәсілі, бар.

3. Адам тірі және өлі табиғатпен, заттармен, жан-жануарлармен тілдесе отырып қатынас жасайды.

Ұстаз ішкі, сыртқы және табиғатпен қатынастарды жасөспірімдерге үйретеді, ықпал етеді. Педагогикалық қатынастың ерекшелігі оның мақсаттылығында, саналылығында, білімділік, тәрбиелік құндылығында.

Педагогикалық қатынастың нәтижесіндегі бірнеше жағдайға:

- а) балалардың жас және дербес ерекшеліктеріне;
- ә) баланың психикалық, эмоциялық (сезімталдық) жағдайына, баланың ойын табуға;
- б) ұстаздық шеберлігіне, тартымдылығына, сауаттылығына, баланы өзіне қарата білуіне.

Тек осы жағдайларды ескергенде ғана педогогикалық қатынас нәтижелі болады байланысты.

Кәсіби педагогикалық қарым-қатынастың сипаттары:

1. Балалар ұжымымен жұмыс істеу үшін мұғалімнің белгілі бір кәсіби қасиет-сапалары қажет. Кәсіби маңызы бар қасиеттер мәнін анықтауға бірқатар ғалымдар (А. Сатынская, В. А. Сластенин, К. Успанов және т.б) көңіл бөлді. Біртұтас педагогикалық процесс теориясының негізгі заңдарын басшылыққа ала отырып (Хмель Н. Д), педагогикалық процестің іске асыруын қамтамасыз ететін тұлғаның салыстырмалы орнықты сапалары мен ерекшеліктерін жиынтығын педагогтың кәсіби маңызды қасиеті деп санауға болады Сонымен, біртұтас педагогикалық процестің нәтижелі «педагогтар-оқушылар» жүйесіндегі өзара қатынастың, ықпалдастықтың деңгейіне байланысты. «Оқушы» жүйесі үшін педагог тұлғасы қоршаған болмысты пәндендіру арасындағы делдал, ал мұғалім оқушы мен материалдық және рухани құндылықтар арасындағы делдал болып табылады. «Оқушылар» қатынас салдары ретінде жасалады. Бұл болашақ мұғалімді даярлауда мектептік педагогикалық процестің қызметін жандандыруға мүмкіндік беретін кәсіби маңызы бар сапаларды қалыптастырудың неге қажет екенін көрсетеді.

Жоғарыда баяндалғандардың балалар ұжымымен тиімді жұмыстар істеудің тиімділігінің шарттарының бірі ретінде қарастырылатын ұжымшылдық сияқты мұғалімнің жеке қасиеттерін қалыптастыруға қатысты.

Мұғалімнің ұжымшылдығы оның оқушылармен және оқушылардың бір-бірімен дұрыс өзара қарым-қатынас жасауының негізінде балалар ұжымының қызметін ұйымдастыруға даярлығы арқылы көрініс табады. Тұтас педагогикалық процесс теориясында бұл өзара ықпалдасатын тәрбиелеуші механизм болып табылады және қызмет барысындағы ынтымақтастықтың сипатына тәуелді. Қызмет барысында сипатын түсіну мұғалімнің құзырына кіреді. Соған байланысты мұғалім өзінің жинақтаған білімінің негізінде балалар ұжымының қызметін ұйымдастыруға дайын болу керек.

Тұтас педагогикалық процесс және балалар ұжымы теорияларының негізгі қағидаларына сүйене отырып, мұғалімге, сынып жетекшісіне оқушы ұжымын қалыптастыру бойынша тиімді жұмыстар ұйымдастыру үшін білім, біліктерді меңгерулер қажет.

1) Мұғалім іс-әрекетінің заңдылықтарының, қозғаушы күштерінің және тәрбиелеу механизмдерінің объектісі ретінде педагогикалық процестің мәні мен құрылымы туралы теориялық білім.

2) Оқушы ұжымын қалыптастыру теориясы мен тәжірбиесі және оның негіздері мен даму заңдылықтары жөнінде біртұтас түсініктің болуы.

3) Оқушы ұжымының қалыптасу жағдайы мен деңгейін диагностика жасай алу, біртұтас педагогикалық процестің негізгі көрсеткіштеріне диагностиканы негіздей алу, ұжым дамуын болжау үшін диагностикалық мәліметтерді пайдалана алу.

4) Педагогикалық ықпалдастырудың негізгі құралдарын білу және оларды балалар ұжымын қалыптастыру процесінде қолдана алу.

5) Әрбір оқушының қызығушылығы мен қабілетіне сәйкес жалпы мақсатқа жетуге бағытталған оқудағы және оқудан тыс іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу;

6) Алғашқы ұжымдық қалыптасудың мұғалімнің педагогикалық жетекшілігімен ұжымда өзін-өзі басқаруды үйлестіре алу.

7) Мектеп және мектептен тыс уақыттарда алғашқы ұжымды басқа ұжым түрлерімен өзара байланыс жасауының рөлін түсіну.

Педагогикалық қатынастың бірнеше түрі бар: қызметтестік, техникалық, көркемөнерпаздық, спорттық, жалпы ортақ адамгершілік, діни, сымбаттылық т.б. Осы қатынастың көпшілігі ұжымда өтеді.

Күнделікті өмірде адам тек қана ұжыммен емес, жеке адамдармен де қарым-қатынаста болады. Үлкен болсын, кіші болсын ұстаз бен шәкірт, шәкірт пен шәкірт т.б. өзара қарым-қатынаста болады. Олар айтысады, тартысады, пікірлеседі, ой бөліседі. Соның арқасында өмірден мол тәжірибе жинақтайды, тәрбие әдістерін, тәсілдерін қолданады.

Мұғалімнің қоғамнан алатын орны зор. Олай болатын себебі, мұғалімнің еңбегі өте жауапты, әрі күрделі. Өйткені ол жас ұрпақтың болашақ тағдыры үшін өзін жауапты сезінеді, оның тәртібі, білімі, қоғамнан алатын орны, адамгершілігі, белсенділігі, іскерлігі үшін күресетін, оның жүрегіне жол тауып, оның жан дүниесінің таза, қоғам үшін жан тәні мен еңбек етуге құштарлығын оятатын, білімге деген ішкі қажеттігін оята отырып, баланы білімге ұмтылдырып талаптандыратын мұғалім. Оны осы қасиеттері үшін адам жанының инженері деп атайды.

Өмірдің әрі салалары секілді, педагогикалық істе де таланттар сирек кездеседі. Әрине, әр мұғалімге талантты болмауына да болады. Алайда ол өз ісінің шебері болады және болуға да тиіс.

Педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың бірнеше жолдары бар.

Ең алдымен мұғалім жан-жақты білімдар, өмірдің әр саласынан хабары бар, әртүрлі жағдайда жол тауып шыға алатын, мектеп өміріне байланысты барлық мәселені түсініп шеше алатын, әр түрлі сұраққа жауап бере алатын адам болуға тиіс.

А. С. Макаренко өзін талантты педагогпін деп есептемеген, бірақ көп еңбектендім, сондықтан шеберлікті меңгердім деген. Осы сөздің байыбына барып қарасақ, шеберліктің негізі еңбекте екен.

Такт – бұл адамдармен қарым-қатынасты реттеуге көмектесетін жағымды категория болып табылады.

Гуманизм қағидасына (принципіне) негізделе отырып, әдептілік, мінез-құлық, жүріс, тұрыс өте қиын және қарама қайшылықты жағдайларда адамдарға деген құрмет, ізеттің сақтауын талап етеді.

Әдепті болу - әрбір адамға өнегелі, әдепті болуды талап етеді, әсіресе ол мұғалімге, себебі мұғалім жеке тұлғаның дамуына қатысып, өзіндік қасиеттерді қалыптастырады.

Педагогикалық такт – мұғалімнің кәсіби санасына, шеберлігінің бөлігі. Педагогикалық такт жалпы такт түсінігінен мыналар арқылы ерекшеленеді: мұғалімнің жеке, өзіндік қасиетін (әдептілік, құрмет, балаға деген мейрім, кішіпейілдік) белгілейді.

Сонымен, педагогикалық такт – бұл оқытушы мен оқушының орынды іс-әрекетіндегі педагогикалық өлшем бірлігі, қарым-қатынастың өнімді стилін құра білу шеберлігі. Педагогикалық такт оқушылармен қарым-қатынасқа түсу барысында сыйлай отырып, мұғалім балаларға құрмет көрсетуге міндетті.

Педагогикалық такт – мұғалімнің салмақты, байсалды мінез-құлқынан көрініс табады.

Педагогикалық такт – мұғалімнің мінезіндегі жоғары гумандылық, оқушының қасиетін құрметтеу, әділдігі және әрекетіндегі балаға, ата-аналарға, еңбек бойынша әріптестеріне қатысты шыдамдылығы мен өзін-өзі ұстай білуінің сана-сезімдік өлшемі; педагогикалық этиканы іске асыру формаларының бірі.

Өзіндік жұмысты мұғалім сенімімен бақылау керек. Практиканы мұғалімге оқушыларды ұдайы тексермей-ақ, олардың әрбір қозғалысын бақылауға болады. Мұғалім мен оқушы арасындағы дау-жанжал бұл мұғалімнің тактісінің дұрыс қалыптаспауының себебінен туындайды.

Мұғалімге такт сабақтың барлық этабында қажет. Әсіресе, оқушылардың білімін бағалау, тексеру кезінде көңіл аудару керек. Мұнда такт оқушының жауабын тыңдауға шеберлігін білдіреді: жауаптың формасына мазмұнына көңіл аудару, қиын оқушыларға төзе білу.

Барлық оқушы жауап беру кезінде өзіне көңіл қойып тындағанды, жақсы көреді. Жауап беру барысында қолдау көрсету: жақсы көзқарас, күлімдеу, мимика, сонымен қатар баға қою кезінде өте маңызды болып есептеледі. Сонымен педагогикалық такт мұғалімнің мінез-құлқы, жүріс-тұрысы. Өйткені, педагог оқушының алдында әртүрлі рөлге еніп шығады.

Сабақта – айқындық, қаталдық, кластың берілген тапсырмаға дайын болмаған жағдайда өзін-өзі ұстай біліп, салқын қанды болу керек. Сыныптан тыс жұмысты – еш зорлықсыз, сырластықпен, әсіресе жеке тұлғамен сұхбат жүргізу тиімді.

Тәрбие беру ісіндегі аса маңызды жайттардың бірі – *педагогикалық такт*. Педагогикалық такт деп мұғалім бойындағы мақсатқа сай адамгершілік сезімді айтады. Мұғалім оқушыларға педагогикалық ықпал жасайды.

Ықпал оқушылар арасындағы мұғалімнің беделі мен өнегесі. Мұғалім қайда болмасын тек оқушылар үшін ғана емес, бүкіл жұртшылық үшін үлгі- өнеге. Ол әркез көпшіліктің бақылауында болады.

Өзін-өзі үйлесімді ұстай білетін, ілтипатты, қарапайым, әділетті болуында тактыға жатады. Әділетті ұстазды бола әр кезде бағалап, сыйлайды. Үлгі тұтады. Ол бала жүрегіне жол тапқан үнемі ұмтылмайтын, педагогикалық істің шебері.

Қорыта айтқанда мұғалім – шынайы адамгершіліктің үлгісі. Ол өзінің ана тілінің әдеби және ғылыми сөз байлығын жете меңгерген, өз ұлтының әрі дүние жүзінің рухани игіліктерін бойына молынан сіңірген зиялы адам болуы керек.

Педагогтық әдеп – мұғалімнің ең жақын кәсіптік белгісі. Ол әртүрлі әрекет саласында педагогтың балалармен дұрыс қарым-қатынас жасауы. Жалпы әдеп «жұғысу», «адамдар арақатынасының түрі» мағынасында қолданады. Ал этикалық сөздікте «әдеп» адамдар арасындағы қатынастың ерекшеліктерін, мінез-құлық кодексін айтады. Бірақ бұл анықтама толық емес.

Педагогтық әдеп – этика ғылымының салыстырмалы дербес бөлімі. Ол педморальдің ерекшеліктері мен кәсіптік ортадағы өнегелік қатынастарды зерттейді. Педагогтық әдеп - мұғалімдер арасындағы пайда болған қарым-қатынастың ерекшеліктерін, мінез-құлықтың, киінуінің, балалармен қарым-қатынасының және т.б. жиынтығын білдіреді. Мұғалім кәсібінің ерекшелігі ең алдымен оның педагогтық әдебіне жатады. Әнші немесе музыкант үшін музыканы ұғу қандай қажет болса, мұғалім үшін педагогтық әдеп сондай қажет.

Педагогтық әдеп-жастардың тәлімгері ретінде өзіне қойылатын әлеуметтік үмітті тепе-тең қабылдау негізінде құрылатын мұғалімнің мінез-құлқы. Бұл педагогтың шәкірттерімен, олардың ата-аналарымен және әріптестерімен дұрыс қарым-қатынасты қолдау іскерліктер мен өлшемдерді сезіне алуы арқылы көрінеді.

Педагогтық әдеп оқуда да, тәрбиеде де өте қажет. Оның рөлі тәрбие жұмысында тіпті ерекше. Әдеп әлемінен алыстау кезінде мұғалімнің тәрбиесі нәтиже бермейді. Моральдық сенімді, ынта, ықылас және талғамды күштеп қалыптастырмайды. Қалыптастыру үшін амал біреу: балалар мұғалімдерін шексіз сүйіп, құрмет тұтуы керек. Балалар көбінесе ескертпе жасағыш, сол арқылы өздерінің артықшылықтарын көрсетуге, үстемдік жүргізуге тырысатын мұғалімдерді жүре тыңдайды. Сондықтан, педагогтық әдепті сақтамайынша, олармен тіл табысу мүмкін емес. Белгілі психолог М. Д. Левитов айтып көрсеткендей, педагог әдептен құр қол болса, балалардың әрекетіне залалы тиеді, олардың бойында кейін түзетуге қиын соғатын неше түрлі жаман әдеп, қылықтардың пайда болуына себеп болады. М. Д. Левитовтың байқауынша, мұғалімнің әдеп әлемінен алыстығы, оқушыларды тұйықтыққа, сенімсіздікке, жаман оқуға бастап, тәртіп бұзуға итермелейді. Олар мұғалімге өшігіп, бәрін теріс ұстауға бейім тұратын көрінеді. Әдетте, әдепті адамдарды олардың кішіпейілділік, басқаны түсіне білушілік, жылы шырайлық, тапқырлық, елгезектік, өзгенің пікіріне құлақ салушылық, ұстамдылық, байсалдылық, сияқты мінез-құлық белгілеріне қарап тануға болады.

Жалпы әдеп және педагогтық әдеп бар. Кез келген тәрбиеші, мәдениетті адамның бойынан педагогтық әдеп табыла бермейді. Педагогтық әдеп – медициналық қызметкерлерінің дәрігерлік этикасы сияқты мұғалімнің кәсіптік белгісі. Педагогтардың

кейбіреулері педагогтық әдеп - мұғалімнің балаларды баурап алатын табиғи қабілеті десе, енді біреулері – мұғалімнің жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі, ал үшіншілері – пәнді жетік білу және оның әдістемесін жақсы меңгеру деп есептейді. Бұл айтылғандардың барлығы да қай-қайсысында педагогтық әдептің азды-көпті белгілері бар. Педагогтық әдепті мұғалімнің жалпы мәдениеті тәртібі және жалпы әдістемелік сауаттылығымен қою қате. Педагогтық әдеп мұғалімнің барлық жақсы қасиеттерімен жымдасып жатады, бірақ өзіндік ерекшелігі болады. «Педагогтық әдеп дегеннің өзі, шын мәнінде психологиялық әдеп», - деген болатын К. Д. Ушинский.

Педагогтық әдеп тек қана педагогтық мораль принциптерінің мәнін қарастырып қоймай, олардың категорияларының мәнін де қарастырады.

Категориялары:

1. Кәсіби педагогтық борыш.
2. Педагогтық әділеттілік (әділдік), абырой.
3. Педагогтық беделділік.

Педагогтық әдептің басты ерекшелігінің бірі – мұғалім жас буынға моральдық тәрбие беру процесінде қайталау арқылы емес, бүкіл оқу-тәрбие жұмысын адамгершілікке тәрбиелеу ісімен тығыз ұштастыра білуге байланысты болмақ. Бұл мұғалімнен принципшілдік пен жауапкершілікті талап етеді.

Ұстаздың білімділігі жастардың моральдық қасиетін өзінен-өзі қалыптастыра алмайды. Адам білімді болуы мүмкін, бірақ оның мінез-құлқы, адамгершілік қасиеті кейбір жағдайларда оның біліміне қайшы келуі мүмкін. Өмірде кейбір білімді адамдар арасынан мораль нормасы мен принциптері қайшы келетін, сөзі мен ісі арасында алшақтық бар адамдар да кездесіп отырады.

Педагогтық әдептің тағы бір ерекшелігі – мұғалім жас ұрпаққа белгілі бір салада жүйелі білім беру мен қатар, өздерінің іс-әрекеті, дүниеге көзқарасы, адамгершілік пен гуманистік қасиеттері арқылы оларды мораль нормаларына тәрбиелеуі тиіс.

Кәсіби борыш-педагогтық әдептің ең маңызды категорияларының бірі. Бұл түсінікке мұғалімнің жеке басына қоғамның қоятын талаптары мен моральдық ұйғарымның жиынтығы туралы, кәсіби міндеттерді орындауы туралы, яғни анықталған еңбек функциясын жүзеге асыру, оқушылардың және олардың ата-аналарымен,

әріптестерімен дұрыс өзара қарым-қатынас орнату, тандаған кәсібіне деген өзінің қатынасын терең сезінуі.

Кәсіби педагогтық борышта мұғалімнің өзінің еңбегіне деген шығармашылық қатынас жасауға қажеттілігін, өзіне ерекше талап қоюға, кәсіби білімін көтеруге, оқушыны және оның ата-анасын құрметтеуге және т.б. бағдарланған.

Педагогтық әдепте әділдік түсінігінің ерекшеліктері бар. Әділдік педагогтық моральда мұғалімдердің объективтілігін, балалардың қылықтарын, олардың оқуға және қоғамдық пайдалы іс-әрекетке қатынасын бағалауда көрінетін адамгершілік тәрбиелілігінің деңгейінің өлшемін білдіреді.

Әділдік бір жағынан мұғалімнің адамгершілік қасиеті ретінде, екінші жағынан оқушылардың іс-әрекетін бағалау өлшемі ретінде қабылданады. Әділеттілік педагогтық қызметте оқушылардың оқу процесіндегі еңбегін әділ бағалау арқылы жүзеге асады. Бағаны дұрыс, орынды пайдалану тәрбиелік мәні зор. Баға балалардың сана-сезіміне, психикасына, қылықтарына үлкен әсер етеді. Бала тек «бестік» бағаны қалайда алуды мақсат тұтпау керек, ол үшін көп еңбек етудің қажеттілігін ұғуға, материалды толық игеруге дағдыландыру керек. Сол сияқты «екілік» баға оқушыларды мұқатуға қолданылатын, яғни мұғалімнің субъективтік көңіл-күйінің нәтижесі емес, оқушының жеке басындағы ұқыпсыздық немесе жалқаулығының салдары екендігін көрсететіндей болуы қажет. Әрбір әділ қойылмаған баға балаға моральдық соққы. Бағаны артық не кем қою мұғалімнің әділетсіздігінің кепілі. Оқытушының сөзі мен ісі арасындағы алшақтық баланың моральдық ұғымына теріс әсер етеді.

Әділетілік пен абыройдың арасында біте қайнасқан білік бар. Себебі, әділетті мұғалім оқушылар арасында абыройлы келеді. Бірақ абырой тек әділетті болу емес, педагогтың өз жұмысына шебер келіп, көп еңбек сіңіруге байланысты болып келеді. Мысалы, кейбіреулер балаларға қатал көзбен қарау арқылы абыройлы болып көрінем деуі мүмкін. Осындай жағдайда оқушы сырттай мұғалімнің тілін алып, сөзін тыңдайтын болғанмен, іштей оны жақсы бағалай бермейді. Кейбір мұғалімдер сабақты асқан шеберлікпен, бағдарламалық материалды жақсы игерген, білімдарлықпен өткізуі мүмкін. Бірақ оқушылар арасында беделі болмауы мүмкін. Бұл мұғалімдер өздерінің білімдарлығымен, түсіндіру тонымен оларды

басып тастайтынын сезбейді. Мұндай мұғалімдерге оқушылар сұрақ қоймайды. Себебі, «Сіз мынаны білмейсіз бе?», «Енді сіз нені білесіз?» деген репликаны естуі мүмкін.

Педагогтық беделдің деңгейі –білімнің тереңдігімен, әдептілігімен, шеберлігімен, жұмысқа қатынасымен мұғалімнің қоғамдық белсенділігін, педагогикалық тактикасымен айқындалады.

А. С. Макаренконың айтуынша, педагогтық белгінің болуы қорқыту емес, ол талап етушілік және тәрбиеленушілерді құрметтеу ғана әсер етеді дейді.

Педагогтық әдепке жат, жарасымсыз тәсілдер:

- Өзін айрықша адам етіп көрсету, өз әріптестерінен дараланып көрінуге әуестену, оларға кекете қарау («Мен сендерге бәленше емеспін», «А, ол ма, неге менен сұрамадыңдар?») деген сияқты және т.б.);

- Өз пәнінің маңызын дәріптеп, басқалардың пәнін кемсіту («Бұл сендерге қалай болса солай сөйлейтін тарих емес, бұл математика. Мұнда ойлану керек, мұндағы үштік, бестіктен өтімдірек» деген сияқты және т.б.);

- Оқушыларға көлгірсу, жағымпаздану, бағаларын өсіру («сіздің сыныпты бәрінен де жақсы көремін» деген сияқты және т.б.);

- Оқушыларға қоқан лоққы жасау, белгілі адамдармен таныстығына сүйену;

Сөйтіп өз беделін ептепсептеп көтеруге қолы жеткен мұғалімдер онысынан да тез айрылады. Сондықтан беделге ие болу ғана емес, оны сақтау да маңызды.

Педагогтық әдеп жаттау, еске сақтау және жаттығу жолымен жасалмайды. Педагогтық әдеп әр мұғалімде әр түрлі және әрқалай көрініс беруі мүмкін. Бұл оның жас ерекшелігіне, темпераментіне, мінезқұлқына және т.б. ерекшеліктерге байланысты.

Мұғалімнің әдебін құрайтын компоненттер көп. Олардың бастылары: педагогтық оптимизм, педагогтық такт, педагогикалық техника, шеберлік, байқағыштық, психологиялық қырағыштық, күшті ерікжігер, сөйлеу және сезім мәдениеттілігі, қылық сұлулығы, ұстамдылығы, талант, бейімділік, ұйымдатырушылық.

Оқушылармен дұрыс іскерлік және эмоциялық қарымқатынас орнату күрделі іс. Ол педагогтардан жоғары шеберлікті, кәсіби білгірлікті, іскерлік пен дағдыны қажет етеді. Педагогтық әдеп түптеп келгенде педагогтық тактика болып табылады. «Такт»

латынша «жанасу», «түйсіну» дегеннен, ал «тактика» грекше «тәртіпке келтіру» деген сөзден шыққан. Біз көбінесе осы терминді екіншісімен алмастырып жібереміз, педагогтық тактикамен істес бола отырып, педагогтық әдеп туралы айтамыз. «Педагогтың әдебі нашар», қайырымдылығы, сыпайылығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар т.б. деумен бірдей. Ал педагогтық тактика тым күрделі жақсыдан жаманға, мейілінше жетілгендіктен, қара дүрсіндікке және тәрбие талаптарына сай еместікке мәні болуы мүмкін. Әрбір мұғалім оқушылармен қарымқатынасты белгілі бір тактиканы қолдана береді, бірақ онда педагогтық әдебінің болмауы ықтимал. Былайша айтқанда, оқытушы бір сыныптың оқушыларын бағындыруға, олардың қарсылығын тойтаруға бағытталған үркітулері, жазалауы, дауыс көтеру және т.б. жақсы болмаса да әрине өзіндік тактикасы бар, бірақ ол педагогтық әдеп бола алмайды. Кейбір ұстаздар балаларға қарап, оларды қадірлеп, кең пейілді, әдепті болғанымен, олармен қоянқолтық сөйлесе алмайтын жағдай болады. Оның сабағында тәртіпсіздік үстем етеді, балалар үй тапсырмасын орындамайды, тыңдамайды, яғни оны сыйламайды. Мұндай оқытушының әдептілігі жоқ деп кінәлауға болмайды. Онда әдеп бар. Бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық амал-тәсілдерінің қоры аз, ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ.

Педагогтық тактика мұғалімнің бір сөз тіркесін сан құбылтып айтатын алуан түрлі дауыс ырғығы, күлімсіреу, әсерлі көзқарас, ымқимылдарының жинақталған шоғыры. Сан құбылатын дауыс ырғағының ішінен тек бажылдауды, ал бар сөздік құралдардан: «Қимылдама», «Үніңді шығарма», «Сөйлемей отыр» деген сияқты мезі болған сөздер жиынтығын қолданатын «техникалық» жағынан қаруланбаған мұғалімдердің табысқа жетуі шамалы болады. Әсер ету құралдарын ұзақ қолдануға болмайтындығы белгілі. Олар «тозады». Егер, ол педагог өз тактикасын өзгертпесе, ол өз оқушыларының көңілінен шықпайды.

Оқытушы педагогтық техниканы да меңгеруі тиіс. Ол қалай тұру, қалай отыру, орындықтан қалай тұру, дауысты қалай көтеру, қалай жымию, қалай қарау, дауысты ұстай білу, сыңай білдіру, көз тастау өнері, т.б. педагог үшін дауысты билей білу маңызы зор. А. С. Макаренко дауысты мұғалімнің жұмыс аспабы деді.

Педагогтың жеке дара мәдениеті – тұлға әлемі. Мәдениет – адам әрекетінің саналы қызметінің көрінісі. Мұғалім мәдениеті өзін-

өзі жетілдіру үшін педагогикалық еңбектердің мақсаттарын және оларға жету тәсілдерін еркін таңдауға мүмкіндік беретін кәсіби іс-әрекет пен өзіндік сана сезім негізінде қолданады. Іс-әрекеттің және интеллектуалды тәжірибесін меңгеру жайында туындайды.

Мұғалім заманауи жаңалықтардан хабары мол, өз пәнін жетік білетін, жаңа озық іс-тәжірибеден өз қажетін тауып, өз керегіне жарата білетін, кәсіби шеберлігін ұштай жүретін, жаңалықты сезіне білетін, оны өз пәнін оқыту әдістемесіне батыл енгізе білетін жан.

Инновациялық мәдениет, ең әуелі мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасынан көрінеді. Үлкеннің кішіге бұйыруы, ақыл айтуы және осыны істе деген үзілді кесілді талабымен емес, оқушыны өзін тең тұтып, жасы кіші болғанымен, ой-білігі қатарлас әріптес ретінде тануынан, қарауынан мұғалімнің мәдениеті, ішкі жан дүниесінің байлығы байқалып тұрады.

Мұғалім білікті де білімді болса, оны шәкірт тез таниды, сыйлайды. Сыйластық қарым-қатынастың бұзылуы, оқушының мұғалім тапсырмасын орындамауынан, орындағысы келмегеннен басталады. Мұғалім мәдениетінің тағы бір шарты - өз талабын орындата алуы. Мұғалімнің өз шәкіртінің жай күліп түсініп оған дем беруге, көмек көрсетуге дайын тұруы, бәрінен бұрын шәкірттің еңбегін әділ бағалауы да мәдениеттіктің белгісі.

Ұстаздық әдеп – мұғалімнің көркі. Сондай-ақ, мұғалім мен мұғалімнің қарым-қатынастағы ең маңызды көрсеткішінің бірі – ұстаздық әдепті сақтау. Ұстаздық әдеп – инабаттылық, әділеттілік, ұстанымдылық, адамгершілік және т.с.с. қасиеттерден көрініс беруі тиіс. Ұжымда бір істейтін әріптестерінің арасында түсінбестік, даудамай, кикілжіңдер кездесуі мүмкін. Мұндай жағдайда әр педагогтың өзін ұстауы, өзін сыйлай білуі, өзгені сыйлай білуі, ойы, сөзі ұстазға тән ерекшеленуі керек. Баланы түсінбестікке бола өз басның жалпы ұстаз беделін түсірмеуі керек. Сондай-ақ, мынадай кемшіліктер мен келеңсіздіктерге қарсы тұрып, оларды жеңе білуі тиіс: шаршап шалдығушылық, ұйқысыздық, аурушандық, басқа адмадар туралы теріс ой-пікірлер айту, өзінің жұмысына салақтық немқұрайлық таныту, ашуланшақтық, ынжықтық, орынсыз ұялшақтық және т.б.

Сендіру – адамдардың өзара әрекеттік қарым-қатынас жасау процесінің құралы болып табылады. Сендіру объективтік процесс. Сендірудің элементі педагогикалық іс-әрекетте практика барысында орын алады. Дұрыс ұйымдастыруды сендіру оқушылардың

белсенділігін арттырады, ынталандырады. Сендірудің әр түрлі түрі педагогикалық іс-әрекеттің амалының арнасын кеңейтеді, мұғалім оқушымен жеке жұмыс барысында жақсы әрі тактиканы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сөздің көмегімен оқушыларға сергектік сезімін немесе үрей, қуаныш немесе қорқыныш, өзіне сенімділік немесе сенімсіздік, қызығушылық не зерігу, сенім немесе күмән т.б. сезімдерді тудыруымыз мүмкін.

Ұжымдағы көңіл-күй мен қоғамдық пікір, эмоциялық күш-қуат пен өзара қатынастың деңгейін ондағы қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық климатпен айқындалады. «Психологиялық климат», «әлеуметтік-психологиялық климат немесе микроклимат» ұғымдары ғылым емес, астарлы, ауыспалы ұғымдар. Ұжымдағы психологиялық климаттық мазмұндық сипатын – адамдардың өзара қарым-қатынасы, олардың көңіл-күйі, хал-жайы, бірлесе атқарған жұмыс процесіне көңілі толуы айқындайтын болғандықтан, психологиялық климатты сипаттауда эмоциялық бағаның маңызы зор. Жағымды әлеуметтік психологиялық климат қалыптасқан педагогикалық ұжым қолайлы моральдық-психологиялық ауа райымен, жылы шырайлықпен, парыз бен жауапкершілікті құрметтеумен өзара танымдылықтан, сергектікпен ерекшеленеді. Сондықтан да А. С. Макаренко ұжымдағы өзара қатынастағы сергек көңілді екпінге баса мән берген.

Жағымды психологиялық климат қалыптасуға кедергі жасайтын факторлардың қатарына ұжымдағы келіспеушілікті немесе климаттық ауытқуды атауға болады. Әлеуметтік психология келіспеушілікті көптеген мамандар адамдардың тікелей қарым-қатынасы саласында пайда болатын қарама-қайшылықтың күрт шиелінісіп кетуі ретінде қарастырады.

Педагогикалық ұжымда пайда болатын келіспеушілік өз табиғатынан тұлға аралық келіспеушілік болып табылады. Ондай жағдайдағы адамдар іс-әрекетінің мақсатына келіспейді немесе оған қол жеткізудің әдістері мен құралдары туралы әртүрлі пікірде болады.

Келіспеушіліктер әртүрлі себептердің салалары болуы мүмкін. Педагогикалық ұжымдағы тұлғаарлық келіспеушіліктер бірлескен педагогикалық әрекет процесінде орныққан өзара байланыстардың бұзылуына байланысты туындайды. Ол педагогикалық ұжымда орын алатын келіспеушіліктің негізгі үш тобын бөліп көрсетуге болады.

Бірінші топ – кәсіптік-педагогикалық әрекетті мақсатқа жетуге кедергі келтіретін, іскерлік байланыстардың бұзылуынан туындайтын кәсіптік келіспеушіліктер. Бұндай келіспеушіліктер жұмыстағы ынтасыздықтан, мұғалімдердің әрекет мақсатын түсінбеуінен және өз ісін жете білмеуінен туындайды.

Екінші топ - педагог мінез-құлқының өзара қатынас нормасына сай келмеуінен туындайды. Ол педагогтың өз әріптестерін және оқушыларға көрсеткен әдепсіздігі, кәсіптік Этика нормаларының бұзылуы, ұжым талабын орындамау және т.б. түрінде көрініс береді.

Үшінші топ – педагогикалық процестерге қатысушылардың мінез бен темпераменттік ерекшеліктері негізінде тұлғалық сәйкессіздіктен туындайтын келіспеушіліктер. Бұл топты негізінен ұстамдылық, өзіне деген бағасы мен пікірінің аса жоғары болуы, эмоциялық тұрақсыздығы, шамадан тыс өкпешілдігі сияқты салалар құрайды.

Келіспеушілікті реттеу мынадай қисынды әрекеттердің бірізділігінен тұрады: келіспеушіліктің алдын алу; пайда болған жағдайда келіспеушілікті үйлестіру, жою; келіспеушілік ахуалды шешудің ең оңтайлы шешімін қабылдау, келіспеушіліктің түйінін шешу. Келіспеушіліктің алдын алу кезінде неге осылай жасағандығын анықтаудың маңызы зор.

4. *Этика* – мораль туралы ғылым. “Этика” терминін б.з.б. IV ғасырда Аристотель енгізді. Ол этика адамгершілік, мораль туралы ілім деп көрсетті.

Этика – мораль туралы түсінік береді, оны түсіндіреді және моральға үйретеді.

Этика - педагогтың бір ерекше қасиеті. Этиканың орысшасы «такт», латынша «тактус». Ол арабтың сыпайлылық, ізеттілік деген сөзіне келеді. Біз мұны этика деп алып жүрміз.

Сонымен, «*Этика* - белгілі моральдық нормалар мен принциптерді бұлжытпай орындау. Егер моральдық нормалар мен принциптер кісінің бойына сіңсе, олар адамдардың этикалық қасиеті, не этикалық сезімі болып саналады. Этика - өте қажетті қасиет, сезім мүшелерінің негізгі белгісі».

Синица И. Е. «Педагогтік этика және педагогтік шебрлік» деген еңбегінде: «*Педагогтік этика* - мұғалімнің ең етене кәсіптік белгісі. Қай-қай мамандықтың да белгілі бір айрықша белгісі болатынын өздеріңізде білесіздер. Ол белгілі адамның ұйреншікті әдісінен,

сөйлеген сөзінен, тіпті киім киісінен де байқау мүмкін. Мұғалім кәсібінің ерекшелігі ең алдымен, оның педагогтік әдісіне жатады. Өнші үшін үн, ал мұғалім үшін педагогтік әдеп сондай қажет», - дейді.

Педагогикалық әрекет этикасы жай ғана сыпайлық білдіру ғана емес, ол шығармашылық, ақыл-ой әрекеті, мәдени мінез-құлықтың, саналы іс-әрекеттің, білімділікпен іскерліктің жиынтығы. Педагогтың әрбір қадамында, баламен арақатынасында сезгіштік, байқампаздық, салмақтылық, ұстамдылық, ілтипаттық, кешірімділік, талап қоя білу, адамға сенім арту, ынталы ықыласты болу, талас-тартыс туған жағдайда әділдік, адалдық көрсету, бала жүрегіне жол таба білу, оны тыңдай білу, түсіне білу ұстаздық этика белгілеріне жатады.

Бүгінгі күні педагогтарға қойылатын талаптардың бірі - оның өзі тарапынан оқушымен, ата-аналармен, әріптестерімен демократиялық, гуманитарлық тұрғыда қарым-қатынас жасау арқылы педагогтық ынтымақтастықты жүзеге асыра білу. Мұның бәрі педагогикалық этиканы сақтауды талап етеді.

Сонымен, этика - адамдардың өзара жақсы қарым-қатынас жасауына қажетті жағдай жасау.

Өмірдің әр салалары секілді, педагогикалық істе де таланттар сирек кездеседі. Әрине әр мұғалімге талантты болмауына да болады. Алайда ол өз ісінің шебері болады және болуға да тиіс.

Кәсіби этика – еңбектің моральдың бір түрі, ол әр түрлі мамандық иелеріне тән моральдық нормалар, мінез-құлық ережелері және моральдық бет-бейнесі туралы бағалау түрінде көрініс табады.

Кәсіби этиканың мәні мен маңызы – кәсіби міндеттерді сәтті орындауға әсер етеді, кәсіби мақсаттар мен міндеттерге жету әдістерін, құралдарын таңдауға мүмкіндік береді.

Педагогтың кәсіби этикасының ерекшелігі:

- Еңбек объектісі – адам;
- Педагог адамның болашағы үшін үнемі адамгершілік жауапкершілікте;
- Педагог еңбегі психологиялық және ұйымдастырушылық жағынан күрделі;
- Педагог адамды адамгершілікке тәрбиелеу үлгісі, ол жоғары адамгершілік идеалы.

Кәсіби этика – ұжымда моральдық микроклимат орнатады, тұлғаның моральдық денсаулығын қамтамасыз етеді, қоғамда моральдық атмосфераның қалыптасуына әсер етеді.

Педагогикалық этика кәсіби этика түрінде көрініс табады.

Кәсіби этиканың зерттеу пәні – кәсіби мораль, оның ерекшеліктері, қалыптастыру жағдайлары, нақты тарихи жағдайлардағы даму заңдылықтары.

Кәсіби мораль белгілі бір кәсіби іс-әрекет түріне тән жалпы адагершілік принциптерді нақтылайды.

Кәсіби этиканың міндеттері:

Теориялық міндеттер тұлғаның адамгершілік қажеттіліктерін, моральдық құндылықтары және бағдарлануын қалыптастыру процесі туралы зерттейді, оны қалыптастыру механизмдерін, педагогтың бұл механизмге әсерін қарастырады.

Практикалық міндеттер – моральдық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді тәсілдері мен жолдарын таңдауға көмектеседі.

Педагогикалық этика мұғалімге педагогикалық ұжымдағы конфликтерді шешуге көмектеседі, моральдық конфликтерді шешу тәсілдерін үйретеді, олардың алдын алу жолдарымен қаруландырады.

Педагогикалық этиканың категориялары:

- Кәсіби парыз;
- Педагогикалық әділеттілік;
- Кәсіби ар-ождан;
- Педагогикалық ар-намыс;
- Педагогикалық такт;
- Жауапкершілік;
- Ар-ождан;
- Бедел.

Педагогикалық этиканың категориялары:

Парыз - әлеуметтік стаус талап ететін адамның адамгершілік міндеттерін білдіретін этикалық категория.

Кәсіби парыз – қоғамның тұлғаға немесе белгілі бір мамандыққа қоятын талап, моральды қаржылар жиынтығы.

Әділеттілік – моральдық сана ұғымы.

Кәсіби ар-ождан – тұлғаның жеке басы және кәсіби намысы туралы ұғым.

Ар-намыс – қоршаған ортаның адамның құқытарын мойындауы, оның еркіндігін, әрекеттерінің моральдық құндылығын түсінуі, құрметтеуі.

Жауакершілік – тұлғаның негізгі сапаларының бірі, адамның басты адамгершілік сапаларымен байланысты және оларды бақылайды.

Гордость – адамының өзінің немесе басқалардың жетістіктерін жоғары бағалауын, жоғары моральдық құндылықтарға өзінің сәйкестілігін түсінуін білдіреді.

Бедел – тұлғаның немесе адамдар тобының айырмашылық ерекшеліктері, соның арқасында сенім және басқа адамдарға ықпал жасауы жүзеге асады.

Кәсіби моральдың принциптері

Моральдық принциптер – адамгершілік сананың бір формасы, онда моральдық нормаларға жалпы түрде сипаттама беріледі.

Принциптер – белгілі бір адамгершілік нормалардың мазмұнын ашады, моральдық санаға сәйкес талаптарды білдіреді

Педагогикалық этиканың негізгі принциптері:

- Ізгілік принципі;
- Педагогикалық оптимизм;
- Педагогикалық ынтымақтастық және ұжымшылдық;
- Азаматтық, патриотизм;
- Тұлғаға талап қоя алу және оны құрметтеу;
- Профессионализм, шығармашылық;

Сөз бен істің бірлігі

Педагогикалық моральдың мәні мен өлшемдері

Кәсіби мораль – бұл мұғалімнің кәсіби парызы, оның адамгершілік міндеттері.

Педагогикалық еңбекке қатынасының өлшемдері:

- а) өмірдің басты мазмұны ретінде;
- ә) өзінің қажеттіліктері мен қабілеттерін іске асыру құралы ретінде;
- б) іс-әрекет ретінде

Өмірдің әр салалары секілді, педагогикалық істе де таланттар сирек кездеседі. Әрине әр мұғалімге талантты болмауына да болады. Алайда ол өз ісінің шебері болады және болуға тиіс.

Педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың бірнеше жолдары бар.

Ең алдымен мұғалім жан-жақты білімдар, өмірдің әр саласынан хабары бар, әр түрлі жағдайда жол тауып шыға алатын, мектеп өміріне байланысты барлық мәселені түсініп шеше алатын, әртүрлі сұраққа жауап бере алатын адам болуға тиіс.

А. С. Макаренко өзін талантты педагогпін деп есептемеген, бірақ көп еңбектендім, сондықтан шеберлікті меңгердім деген. Осы сөздің байыбына барып қарасақ, шеберліктің негізі еңбекте екен.

Әрине педагогикалық шеберлік бір жылдық ісі емес, ол жылдар өткенде келеді. Педагогикалық стаждың әрдайым белгілі дәрежеде мұғалімнің кәсіптік шеберлігін сипаттайтыны тегін емес.

Адам бойында мұғалім мамандығына деген бейімділіктің болуы педагогтік шеберлікті меңгеруге көбіне көп нәрсе әсер етеді.

Бейімділік балалармен жұмыс істеуге айқын бейнеленген ыңғайы мен қабілеттен көрінеді.

Бұл бейімділік мектептің өзінде-ақ көрінуі мүмкін. Мұғалім мамандығын тандап алудағы тегі айқындаушы нәрсе – балаларға деген сүйіспеншілік, балалармен бірге және балалар үшін еңбектенуге ұмтылу.

Бүгінгі талапқа байланысты мұғалім өз елінің белсенді идеялық сенімді жақтаушысы, өз мемлекетінің аяғынан тік тұрып кетуіне, оның саяси және экономикалық бостандығына, Отанын сүйе білетін жастарды тәрбиелеуге қызмет ететін мамандарды айтады.

Жақсы мұғалім әрдайым бағдарлама бойынша оқушыларға терең білім беруге болатынын біледі, оның негіздерін өзі оқытатын ғылымның күрделі мәселелерін еркін ажыратады. Сонымен бірге ол өзінің ғылыми білімдерін педагогикалық ой елегінен өткізіп, оқулық пен бағдарлама материалын әлгі білімдермен толықтырып отыруға да ұмтылады.

Шеберлікті көтерудің жолы озат-мұғалімдердің, іс-тәжірибелерін, олардың ойларын – оқыту мен тәрбиені жетілдірудің басты көздерінің бірі.

Мұғалім сөзі – тәрбие беру ісіндегі ең басты құралдардың бірі. Егер мұғалім қандайда болмасын тәрбие мәселесін ұстамдылық пен шындыққа сүйеніп дәлелдей білсе, оқушы оның мәдениеттілігін, қамқорлығын, сөзінің әсерлілігін бірден сезе бастайды. Оқушы өзінің қателігін мойындап, ойланбай істеген қылығын өзі талдап қорытынды шығаруға мәжбүр болады.

Тәрбие беру ісіндегі аса маңызды жайттардың бірі – педагогикалық такты. *Педагогикалық такт* деп мұғалім бойындағы мақсатқа сай жоғары адамгершілік сезімді айтады. Мұғалім оқушыларға педагогикалық ықпал жасайды.

Ықпал – оқушылар арасындағы мұғалімнің беделі мен өнегесі. Мұғалім қайда болмасын тек оқушылар үшін ғана емес, бүкіл жұртшылық үшін үлгі – өнеге.

Өзін-өзі үйлесімді ұстай білетін, ілтипатты, қарапайым, әділетті болуы да тактыға жатады. Әділетті ұстазды бала әр кезде бағалап сыйлайды, үлгі тұтады. Ол бала жүрегіне жол тапқан үнемі ұмытылмайтын, педагогикалық істің шебері.

Шебер педагог ызаны қашан басып, қашан ызалану керек екенін біледі.

Қорыта айтқанда, мұғалім – шынайы адамгершіліктің үлгісі. Ол өзінің ана тілінің әдеби және ғылыми сөз байлығын жете меңгерген, өз ұлтының, әрі дүние жүзінің рухани игіліктерін бойына мольнан сіңірген зиялы адам болуы керек.

Байқағыштық – мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеті

Қай заманның мұғалімі болсын алдымен ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» дегендей тәлім-тәрбие ісінен жалықпайтын шығармашылығы мол, еңбекшіл, парасатты адам болуы тиіс. Өйткені баланы өзіне тарта алатындай шын тәлімгерлігі бар адам ғана ұстаз деген атаққа ие болады. «Оқытушы этикасы» тақырыбында республиканың барлық аймақтарында ата-аналар қауымдастығымен және педагогтардың қатысуымен педагогикалық кеңестер өткізу, педагогикалық мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру және қайта даярлау қажеттілігі туындайды. Республиканың білім жетілдіру институттарында мұғалімнің этикасы, кәсіби мен мәдениеті пәндері бойынша оқыту курстарын енгізу тоқсан сайын жас өспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша бірлескен жоспарлар ұйымдастыру, аймақтардың білім басқармалары жастар органымен қылмысты азайту, бос уақыттарын текке өткізбеуге бағытталған бірлескен іс-шаралар жоспарларын ұйымдастыруды жүктейді.

Қазақстанның жаңа заман оқытушысы көп қырлы, жоғары білімді де білікті тума болуға тиіс. Соның ішінде мұғалімдердің кәсіби этикасына, әдебіне, соның ішінде оқушылардың ерекше қарым-қатынас орната білу қасиетіне байланысты. Оқушылардың

жеке тұлға ретінде құрметтеу мұғалімнің күнделікті ұстанымына айналуы шарт. Оқушылармен қарым-қатынас тұрғысынан педагогтық әдеп мұғалімнің жан-жақтылығына, оның идеялық сенімінің, жүріс-тұрыс мәдениетінің жалпы және арнайы білімнің мамандығына байланысты ізденіс жемістері қорытындысының жиынтығы іспеттес. Шебер педагог болмай тұрып, әдепті педагог болмақ жоқ. Педагогтық әдеп жаттау, есте сақтау және жаттығу жолымен жасалмайды. Ол мұғалімнің ізденістерінің нәтижесі, ол оның ақыл-ойының көрінісі болып табылады. Мұғалімнің педагогтық әдебіне еліктеу деген болмайды. Педагогтық әдеп әр мұғалімнің әр түрлі және әр қилы көрініс беруі мүмкін. Бұл оның жас мөлшеріне және темпераментіне, мінез құлқына және т.б ерекшеліктеріне байланысты. Педагогтық әдеп - әр мұғалімнің дар қасиеті. Нақты математикалық есеп бір тәсілмен шығарылады, ал оқушылардың жүрегіне жол табудың тәсілдері алуан.

Әр мұғалімнің педагогикалық әдебі бірқатар ұқсас жайттарды шешуге жарамды белгілі бір схемаға немесе формулаға сыйыспайды.

Дегенмен, ұстаздық әдепті дамытуға септігін тигізетін жекелеген психологиялық және педагогтік жайттарды бөліп көрсетуге болады. Мұны біз әдептің құралына жатқызамыз. Олар: байқағаштық, сезу, сенім және әділеттілік, төзім сабыр сақтау.

Байқағыштық. Бұл педагог мамандығының маңызды белгілерінің бірі. Байқағыш мұғалім шәкірттерінің ішкі әлеміне терең үңіліп, көңіл күйлерін қабақтарына танып, әрқайсысының мінез-құлқы ерекшеліктерімен санаса біледі. Мұның бәрі оған әрбір шәкірттің тілін табуға, сезімдерімен ойларына өз сезіміндей қуанып, өз ой сезімдеріндей күйінуге мүмкіндіктер береді. Байқағыш мұғалім шәкірттері талап-тілектерін қалай орындайды, қарсыласу бола ма, жоқпа бәрін дөп басып айта алады. Байқағыш мұғалім ықтиярсыз көндіру тәсіліне көп жүгінбей ақ сыныптың бүкіл оқушыларын өзіне тарта біледі, өзді өздерін еркін ұстап, іштей ашуларына ықпал етеді. Алайда байқағыштық қыбырлағандарды қалт жібермеу деген емес. Зерделі мұғалім қыбырдың бәрін көріп отырсада оған мән бере бермейді. Байқағыш ұстаз бола тұра әдептілікті сақтаған жөн. Байқағыш ұстазда әдепсіз болуы мүмкін.

Әдебі шамалы мұғалім оқушының назарын аудару арқылы сабақтың сапасын жақсартамын деп, болмашы тысырға елендеп керісінше істейді. «Сен қайда қарап отырсың, не ұстап отырсың,

кане бері кел»-деп өктем сауалдар сабағын бұзып жібереді. Байқағыштық ұстаздық мамандық сияқты аңғару, сезу арқылы, жүре бара қалыптасады.

Педагогикалық байқағыштық – оқушының тәрбиеленушінің ішкі дүниесіне үңіле білу, баланың кім екендігіне бойлай білу оның сол сәттегі психикалық жағдайна ене білу қабілеті. Шебер мұғалім, жақсы тәрбиеші сәл ғана өз герісінен сырт пішінінің азда болса толқуынан баланың ішкі сарайын біле қояды және бұл өзгерістердің неден екенін дұрыс түсінеді. Мұндай мұғалім сылтаушылардың зейінін шын мәнінде зейінділікпен жеңіл айыра алады.

Жаңа материалды түсіндіру кезінде әр түрлі белгілері бойынша әр түрлі оқушының материалдың мазмұнын қалай меңгере алатынын, қалай түсінгенін ажырата алады және қажеттілігіне қарай тиісті шараны қолданады.

Ілтипаттылық әдетте, оқушылар өте жақсы көретін мұғалімдерінің өздеріне дауыс көтеріп сөйлегенін көңілдеріне ауыр алып қалады. Дауыс көтеру, жазықсыз жазғыру, мұғалімдерді көзге ілмеу көңілдеріне келеді. Өздеріне мұғалімнің назарын аудару үшін әдейі тәртіп бұзатын оқушылардың да бар екені өтірік емес.

Сенім. Педагогтық әдеп мұғалімнің оқушыларға сенім арта білу қабілетін де қамтиды. Әрбір оқушы өзінің оқудағы табысының ынталы тырысуға байланысты екеніне сене білуі тиіс. А. С Макаренконың пайымдауынша, қателесу қаупі төніп тұрса, мұғалім оқуда болсын, тәлім тәрбие жұмысында болсын оқушыларға өзінің батыл ойларымен ықпал жасауы қажет. Оқушылардың келешектеріне күмәнмен қарайтын және ол күмән күдіктерін қылт есте оқушылардың беттеріне басатын әдептен саңылаусыз мұғалімдерде болады.

Ұстаздық әдеп - ұстаздардың тұрақты шығармасы. Шәкірттер бір-біріне қалай ұқсамаса, ұстаздық әдепте солай әр жағдайда әрқалай. Ұстаздық әдеп жүре пайда болады. Бірақ ол білімге, жалпы адамшылық әдепке байланысты дамиды.

Қорыта келгенде, ұстаздық әдепті сақтау үшін шәкірттерге талаптарды мына тұрғыдан қойған жөн:

1. Сабақты шәкірттердің белгілі бір тобының қабілетіне лайықтап, олардың бос отырмайтындай қарқында жүргізу;
2. Тәртіп бұзушыларға үсті үстіне тапсырма беріп қою керек;

3. Балаларға орынсыз тіл тигізбеу;
4. Оқушылардың болымсыз қылығына ескерту жасау;
5. Сыныпта тәртіп орнатуға басқа адамдардан көмек сұрамау;
6. Бүкіл сыныппен немесе олардың басым көпшілігімен айтыс тартысқа түспеу, егер ондай жағдай болса, келісімге келу;
7. Шәкіртті марапаттау;
8. Балалардың көңіл күйін көтеріңкі ұстау;
9. Бағалау, мақтау немесе кінәлау әдейі болып, соған баланың көзін жеткізу;
10. Сынып жиынында балаларға еркіндік беріп, шәкірттер өз ойларын айтып, ұстаздар одан қорытынды шығарғаны жөн.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі

1. М.А. Зязюн ,Педагогикалық еберлік негіздері. Москва 1989 ж.
2. Е. Сағындықұлы, Педагогика Алматы 1999 ж
3. Ж. Әбиев, С. Бабаев, А. Құдиярова. Педагогика, Алматы -2004
4. Байкова Л.А., Гребенкина Л. К. «Педагогическое мастерство и педагогические технологии» М.,2001ж
5. Ершов П. М. Ершова А. П. «Общение на уроке или режиссура поведения учителя» М., 1998ж.
6. Интыкбаева А. Б. «Формирование основ. Профессионально-коммуникативных умений и навыков у будущего

Қосымша әдебиеттер:

1. Пидкасистый П. П., Портнов М. Л. Искусство преподавания. М., Роспедагенство, 1998.
2. Сеница И. Е. Педагогтық әдеп және ұстаздық шеберлік. Алматы, Мектеп, 1997
3. Зезюн И. А. Основы педмастерство. Киев, 1987
4. Чернокозова В. Н. Этика учителя. Киев, 1973

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Мұғалім сөзі – тәрбие беру ісіндегі ең басты құралдардың бірі деген пікірге Сіз қалай қарайсыз?

2. Педагогикалық этиканың категорияларын атаңыз. Соның ішінде біреуіне сипаттама беріңіз.

3. Педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың жолдарын атаңыз.

4. Педагогикалық байқағыштық дегеніміз не? Мысал келтіріңіз.

Тест тапсырмалары

1. Педагогикалық такт

А) Педагогтың балалармен педагогикалық қарым-қатынас кезінде сақтауы тиіс шаралар қағидасы

Ә) Қоршаған ортамен өзара әсердің белсенділік формасы

Б) Тәжірибелік әрекеттердің шарасы

В) Ересектер мен балалардың өзара әрекеті

Г) Адамның ішкі әлемінің сыртқа шығуы

2. Этикаға жарасымсыз тәсілдерге жатпайтыны қайсысы?

А) Дұрыс сөйлесе білу

Ә) Өзін айрықша адам етіп көрсету

Б) Өз әріптестеріне кекете қарау

В) Басқалардың пәнін кемсіту

Г) Оқушылардың бағаларын көтеру

3. Мұғалімнің өзін-өзі ұстауын, қарым-қатынас жасай білуін қамтамасыз ететін педагогикалық шеберліктің элементі қалай аталады?

А) Кәсіптік білім

Ә) Гуманистік бағыт

Б) Педтехника

В) Педагогикалық қабілет

4. Педагогикалық әдеп дегеніміз не?

А) Педагогикалық әдеп дегеніміз – оқытушы мен оқушының қарым-қатынас мәдениеті.

Ә) Педагогикалық әдеп – шығармашылық ақыл-ой әрекеті, мәдени мінез-құлықтың саналы іс-әрекеттің жиынтығы.

Б) Педагогикалық әдеп – адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін адамгершілік категориясы.

8. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ФОРМАСЫ, КОММУНИКАТИВТІК ІС-ӘРЕКЕТ

Жоспары:

1. Педагогтың оқушыларға, олардың ата-аналарына, әріптестеріне сөз арқылы көмек көрсетуі
2. Педагогикалық өзара іс-әрекет, коммуникативтік қабілеті. Сенім түрлері және оның жіктелуі.
3. Сенімнің сөздік формалары: бұйрық, тәртіп, талқылау, әзіл-қалжың арқылы белгі беру.
4. Сенім мен көз жеткізудің бір-бірімен байланысы.

Негізгі ұғымдар: педагогикалық өзара іс-әрекет, сенім, бұйрық, тәртіп

Қарым-қатынас мәселесі бұл әлеуметтік психологияның негізгі проблемалары. Бұл мәселелермен тек психологтар, педагогтар ғана айналысып қоймайды, оны философтар, социологтар, политологтар да жан-жақты зерттеуде. Мектеп оқушыларымен жұмыс істейтін мұғалімдер вербальді (сөз) және вербальді емес (ым не ишара) қарым-қатынастың түрін пайдаланады. Қарым-қатынастың қай түрі болмасын ол мұғалімнің шеберлігіне, тәжірибесіне байланысты дейміз. Психологтар педагогикалық қарым-қатынастың нәтижесі мұғалімнің баланы біліп-тануына және әр баламен диалогқа түсуіне байланысты деген. Әрине, қанша тәжірибелі мұғалім болса да балалармен қарым-қатынас жасау, әр баланы білу, оларды тану, әр баланы іс-әрекетке кірістіру, оларды сөйлеттіру мұғалімдерге оңай жұмыс емес. Тәжірибеге сүйенсек, жалпы оқушылармен қарым-қатынасқа түсіп жүрген мектеп мұғалімдерін екі топқа (балалармен қарым-қатынас жасауы оңай және балалармен қарым-қатынас орнатуы қиын) бөлуге болады. Бірінші топтағы мұғалімдер қай жастағы оқушылармен болмасын қарым-қатынасқа оңай түседі.

Оның себептері:

- өз сыныбындағы әр баланың психологиясын өте жақсы білуінде;
- баланың ішкі жан-дүниесін оятатындай жылы сөздер айтуында;
- мұғалімнің этикасы мен психологиясының дұрыс қалыптасуында;

- мұғалім сөзінің тәртіптілігінде, жүйелілігінде, анықтығында, нақтылығында;

- оқу-тәрбие үрдісінде мұғалімнің бірнеше қарым-қатынас түрлерін пайдалана білуінде.

Екінші топ мұғалімдерінің оқушылармен қарым-қатынасқа түсуі қиын. Дегенмен, біздің пікірімізше, кейбір мұғалімдердің әр жастағы оқушылармен қарым-қатынасқа түсе алмауының және оқушымен қарым-қатынастарының өте қиын болу себептері:

- авторитарлық стильді пайдалануында;
- балаларға салқындық танытуы;
- балаларды әлеуметтік жағынан бөлуі;
- балалардың іс-әрекетін, ойын, сөзін әділ бағаламауы;
- бала бойынан үнемі кемшіліктер іздеуі, оны жариялауы дер едік.

Әлеуметтік психология ғылымында «Мұғалім-оқушы», «Оқушы-мұғалім» және «Балалардың өзара қарым-қатынасы» және қарым-қатынас барысында болатын қиындықтар біршама зерттелінген. Қарым-қатынас қиындықтары эмоциональдық бағытта жиі кездеседі. Оқушылармен дұрыс қарым-қатынас жасауда кедергі келтіретін аталмыш қиындықтардың пайда болуының өзіндік себептері бар:

1. Қазіргі балалардың көпшілігі акселераттар. Психикасы тез дамыған балалар сұрақ қойғыш, тез қозғалғыш, бәрін білгісі келіп, қарым-қатынасқа тез түскісі келіп отырады. Бұндай топтың балаларын кейбір мұғалімдер тежейтіні жасырын емес. Мысалы, «тыныш отыр», «немене, бәрін білесің бе?», «сен қашаннан бері білетін болдың?», «әуелі өзінді түзетіп ал, сосын айтасың» және т.с.с. педагогикаға жатпайтын сөздер айтылады.

2. Оқу үрдісінде кейбір мұғалімдер тек өздері сөйлеуді ұнататындығы жасырын емес. Өйткені уақытты пайдаланам деп тек мұғалім өзі сөйлеп, баланың айтатын сөзіне кедергі келтіріп, оның ойымен, пікірімен санаспайды. Яғни оқу үрдісінде кейде диалогтың жоқ екені де жасырын емес.

3. Оқушылардың іс-әрекеттерін әділ бағаламау жиі кездесетін құбылыс. Осының негізінде қарым-қатынас барысында мұғалім мен оқушы арасында дау-жанжал болып жатады. Қарым-қатынас барысында кездесетін осы және өзге қиындықтарды жоюдың бірден-бір жолы:

- әр жастағы оқушылардың өзіне тән психикалық ерекшеліктерін ескере отырып, қарым-қатынас орнату;

- мұғалім өзінің жағымсыз көңіл-күйінің болмауын қадағалау;
- қарым-қатынаста педагогикаға жат сөздер айтпау;
- бұйрық емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау;
- қарым-қатынаста дау-жанжалға жол бермеу;
- сұхбаттасуда жеке оқушының пікірін сыйлау;
- қиын, қыңыр, қырсық оқушылармен жеке дара қарым-қатынас орнатып, олармен тіл табысу;
- қарым-қатынаста мұғалімнің оқушыға, оқушының мұғалімге сенуі;
- сезімдік, әсерлік қарым-қатынаста болу.

Кәсіби педагогикалық қызмет үнемі жетілдіріп отыруды, мұғалімнен өз білімін дамытуды әрі шеберлігін шыңдауды, білімнің жаңалықтарын тез меңгеріп, оны өз қызметінде іске асыруды қажет етеді. Кәсіби шеберлігін дамыту ақпараттық қамтамасыз етілумен байланысты, яғни, жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеттілігімен анықталады. Яғни, мұғалім сөзі – ақпарат таратушы құралы ретінде жүзеге асады. Бір сөзбен айтқанда, оқушыға да, ата-анаға да мұғалім сөзі – екі жақты ортақ тәрбие мәселесінде негізгі әсер етуші құрал. Мұғалімнің сөзі өткір, жалынды, бейнелі, жарқын интонациялы, көркем, эмоциялы, дауыс (дикция) ырғағы жағымды, стилистикалық, грамматикалық, фонетикалық ақаулардан таза болуы шарт. Мұғалімнің өз ойын, оқыған, материалын дауыс ырғағы анық, дәл сөзбен айта алу, жарқын мимика мен пантомимикамен, ұнамды эмоциямен бере білу қабілеті – сөйлеу қабілеті. Мұғалімдік шеберліктің маңызды элементі – сөйлеу қабілеті. Өйткені мұғалім мағлұматтардың барлығын оқушыларға жеткізу, жүйелі білім беру үшін негізінен екінші сигнальды (сөйлеу сипатында) қолданады. Мұғалімнің сөзі өзінің нанымдылығымен, әсерлігімен ерекше мәнді болуға тиіс. Мұғалім өз шешендігімен оқушыларды баурап алуы керек. Ол, сөйлемді қиындатпай, өз ойын оқушыларға, ұзын фразалардан гөрі қарапайым тілмен түсінікті бере білуі керек. Юмор, әзіл, көңілге тимейтін ирония (сықақ) болса, сөйлеу ажарын кіргізді, мақал-мәтелдерді қолдану ойды ажарлайды. «Мақал-сөздің мәйегі» -деген қазақ данылығы.

В. А. Сухомлинский: “Сөз - ең маңызды педагогикалық құрал, оны еш нәрсемен ауыстыра алмайсың...”- деп оның маңызына ерекше назар аударады

Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сенімді, сондай-ақ дауыс ырғағы мен мимикасы мәнерлі және бай болғаны қажет. Бұл ойымыз

дәлелді болу үшін Ы. Алтынсаринның пікірін келтірейік: “Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кіналамай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кіналауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек”.

2. Педагогикалық өзара іс-әрекет – тәрбиеші мен тәрбиеленушінің олардың мінезін, іс-әрекетін, қатынасын өзара өзгерте алатын кездейсоқ немесе ойластырылған, жеке немесе жалпы, ұзақ немесе қысқа мерзімдік, сөздік немесе сөздік емес жеке байланысы.

Екі жақтан да бірлескен іс-әрекеттің мақсаттарын және оған жетудің жолын түсінген, өзара келісім мен ынтымақтастыққа қол жеткізілген кезде ынтымақтастық түрінде және де бірлескен іс-әрекетке қатысушылардың бірінің жетістігі басқа қатысушылардың аса өнімді және мақсатты іс-әрекетін ынталандыратын немесе тежейтін бәсекелестік түрінде көрінуі мүмкін. Гуманистік-бағытталған педагогикалық үдеріс тәрбиеші мен тәрбиеленушінің, екі қатысушы да өз білімдері мен мүмкіндіктеріне сай бірдейлік, тең құқылы серіктес ретінде көрінетін өзара іс-әрекетінде ғана үдеріс бола алады.

Педагогикалық өзара іс-әрекет стратегиясы – мұғалім іс-әрекетіндегі жалпы басшылық жолы, тұлға қалыптастыру үдерісіне перспективалық мақсаттарға жетуге арналып, бағытталған нұсқаулар;

Педагог стратегияны жеке тұлғамен және тұтастай білім беру ұжымымен де дайындау қажет. Бұл бәрінен бұрын педагог дайындайтын әр түрлі жоспарлар: күнтізбелік-тақырыптық, тәрбие жұмысы жоспары және т.б. жүйесінде іске асырылады.

Әрбір оқушының бір-бірімен әңгімелесіп, сөйлеу үшін, өздері бір-біріне немесе мұғалімге және т.б. сұрақ қоя білу әдісін меңгеруі аса қажет. Осы орайда ойын жағдайларын пайдаланудың маңызы зор. Сабақты ойын түлерін пайдалана отырып жүргізу – оқыту әдістемесінің белсенділігін арттырып, қосымша мүмкіндік тудыратын тәсіл деуге болады. Рөлдік ойын барысында оқушылар әлеуметтік тұлғаларды әлеуметтік қарым-қатынас көлемінде меңгеріп ойнайды. Білік негіздерін қалыптастырып дамытуда рөлдік ойындардың берер көмегі өте көп. Жұппен жұмыс істеу, пікір алысу,

логика-синтаксистік схемаларды пайдалану және т.б. әдістерді арқылы оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту үшін сабақ барысында көп пайдаланамын. Мысалы, оқушылардың коммуникативтік қабілетін дамыту мақсатында берілген тақырыптар бойынша сыныптан тыс жоба жұмысын жүргізу арқылы олардың біліктілігін арттыруға болады. Жоба жұмысын қорғау барысында оқушылардың қарым-қатынас мүмкіндіктерін арттыруға мынадай жұмыс шаралар мысал бола алады:

1. Белгілі тақырып бойынша сұрақ-жауап түрінде пікір алысу.
2. Қосалқы әдеби материалдарға сүйене отырып, сөздік қорын байыту.
3. Жаңа сөздерді қолдана отырып, оқушының жеке сөйлеу тілін дамыту.
4. Топ ішіндегі қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.

Коммуникативтік оқытуда білім беру – оқушы өзін ауызша (тыңдап түсіну, сөйлеу) және коммуникацияға (оқу және жазбаша) тарту, яғни, оқылып жатқан тілде бүкіл курс бойынша қарым-қатынасын қалыптастыру деген сөз.

Қарым-қатынас әлеуметтік – психологиялық құбылыс ол адамдардың өзара әрекетінің үрдісі, оған қатысатын адамдар бір-бірінің ұмтылысына, ойларына, күйлеріне әр түрлі дәрежедегі күштермен әсер етеді.

Коммуникативті құзыреттілік – адамдармен өзара әрекет пен қарым- қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, өмірдегі нақты жағдайларды шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынас шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастырады.

Қарым-қатынастың негізгі функциялары:

1. Ақпараттық-коммуникативтік (ақпаратты қабылдау және беру (жеткізу));
2. Қарым-қатынасты реттеу (бірігіп әрекет істеу барысында өзара әрекетті өңдеу);
3. Афорективтік-коммуникативті (элюционалдық қатынасты беру (жеткізу)).

Кәсіби педагогикалық қарым-қатынас.

- Ақпараттық функция – қарым-қатынас арқылы әр түрлі тұрмыстық, оқу- әдістемелік, ізденушілік, ғылыми-зерттеу және т.б. ақпарат беру.

- Тәрбиелік функция - адамдарды қоғамдағы мәдени және адамгершілік құндылықтарға қатынастыру;

- Адамдардың бір-бірін тану;

- Әр түрлі әрекет барысында – оқу, өндіріс, ғылыми танымдық және т.б. – қызмет көрсету;

- Адамдардың қажеттілігін септеу (достық қарым-қатынас, достармен, бірге оқыған оқушылармен кездестіру).

- Бастамшылардың іс-тәжірибесімен таныстыру;

- Қарым-қатынасқа жол ашу.

Педагогикалық қарым-қатынастың кезеңдері:

- оқытушының модельдеуі – болашақ қызметін бейнелеу.

- сыныппен (студенттермен) қарым-қатынасты ұйымдастыру.

- педагогикалық процестегі қарым-қатынасты басқару.

- қарым-қатынас жүйесін, модельдеу жүйесін талдау.

Қарым-қатынас құрылымында 3 аспектіні қарастыруға болады: коммуникативтік, интерактивтік және перцептивтік.

1. Коммуникативтік қатынас аспектісі ақпарат алмасу тәжірибесімен байланысты.

2. Интерактивтік қатынас аспектісі тұлғаның қарым-қатынас процесінде өзара әрекеттесуіне байланысты.

3. Перцептивтік қатынас аспектісі басқа адамды қабылдауы және түсінуі.

Коммуникативтік қабілеттер:

1. Әріптестердің өз бетінше білім алу қызметі тәжірибесін жинақтау және пайдалану қабілеті.

2. Кәсіби педагогикалық өздігінен білім алуда ынтымақтастыққа және өзара көмек көрсетуге қабілеті.

3. Басқалардың (негізінен оқушылардың) өз бетінше білім алу қызметін ұйымдастыру қабілеті.

4. Өз көзқарасында қалу және талқылау процесінде басқаларды сендіре білу қабілеті.

5. Бірлескен қызметте жанжалдан бойын аулақ ұстай білуі.

Сенім – бұл:

1) Тәрбиеленушінің санасына, сезіміне, еркіне парасат-сезімдік әсер ету арқылы оларда өзіндік көзқарас пен адамгершілік өлшемдер

калыптастыру мақсатында, логика мен дәлелдерге негізделген тәрбие әдісі.

Иландырудан айырмашылығы, тәрбиеленушіге ұсынылған қандай да бір ақпараттар немесе ойлар, оларды тарату және бағалау арқылы саналы қабылдауға негізделеді. Бұл жерде қорытынды өз бетінше де, сонымен бірге сендірушіден соң да жасалынуы мүмкін, бірақ қандай жағдайда да ол дайын күйінде қабылданбайды. Көп уақытты, алуан түрлі мәліметтерді және шешендік өнер тәсілдерін пайдалануды қажет етеді, ал иландыру болса іс жүзінде лезде өтуі мүмкін. Бұл әдіс ғылыми пікірталаста, тәрбиеде де негізгі болып саналады.

2) Өзінің құндылық бағдарына, көзқарасына сәйкес соны іс-әрекетке итермелейтін тұлғаның саналы қажеттілігі.

3) Адамның өзіне сәйкес деректер мен айғақтарға сүйене отырып қабылдаған жеке пікірлері мен қорытындыларының дұрыстығына деген сенімге ие болу процесі мен нәтижесі.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі

1. Оқушылардың 4 жыл сайынғы ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдары 2-4 сәуір 2008 ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Семей мемлекеттік педагогикалық институты.-Семей: Семей мем.пед. институты, 2008.-190б.

2. Рысқұлова М. Коммуникативті мәтіндерді үйретудің әдістері. Қазақ тілі мен әдебиеті. -1999.-N97-Б.1.

3. Оразбаева Ф. Коммуникативтік әдіске тән принциптер: Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқыту процесінде қолданатын коммуникативтік әдістер. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы.-1998.-N20.-Б.3-6.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сөз арқылы көмек көрсету дегенді қалай түсінесіз? Оны қалай жүзеге асыруға болады? Мысал келтіріңіз.

2. Педагог шеберлігіндегі тілдің маңыздылығы қандай?

3. Сенім, сенім білдіру ұғымдарына сипаттама беріңіз.

Тест тапсырмалары

1. Академиялық қабілет дегеніміз не?

- А) Мұғалім атына лайық болуы
- Ә) Мұғалім қабілетінің пән сапасына сәйкестігі
- Б) Толық білім алу
- В) Мұғалім дүниетанымының кеңдігі
- Г) Адамдарды қабілетіне сүйеніп танып білу

2. Қазіргі кезде жалпы ұстаздардың педагогикалық қабілеттеріне қойылатын талаптарды көрсетіңіз

- А) Дидактикалық ғылыми-танымдық
- Ә) Ұйымдастырушылық
- Б) Перцептивтік және сугнестивтік
- В) Коммуникативтік, ізденушілік
- Г) Ізденушілік

3. Қабілеттің дидактикалық, академиялық, перцептивті сөйлеу, т.с.с. түрлерін бөліп көрсеткен ғалымдар

- А) Ф. Н. Гоноболин, Н. В. Кузьмина
- Ә) М. В. Старалов
- Б) В. А. Сластенин
- В) А. Н. Щурбаков
- Г) А. П. Усова

4. Оқушының ішкі дүниесін танып білу қабілеті қалай аталады?

- А) Коммуникативтік қабілет
- Ә) Сөйлеу қабілеті
- Б) Перцептивті қабілет
- В) Академиялық қабілет
- Г) Қолданбалы қабілет

5. Қабілеттің бірнеше топтарын көрсеткен педагог кім?

- А) А. П. Усова
- Ә) Н. К. Крупская
- Б) В. А. Сластенин
- В) В. А. Схомлинский
- Г) А. С. Макаренко

6. Баланың ішкі әлемін сезу қабілеті

- А) Коммуникативтік қабілет
- Ә) Сөйлеу қабілеті
- Б) Академиялық қабілет
- В) Перцептивтік қабілет
- Г) Қолданбалы қабілет

9. ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУІ ЖӘНЕ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУУ

Жоспары:

1. Педагог-психологтың өзін-өзі тәрбиелеуі және кәсіби шеберлігін қалыптастырудың құралы ретінде.
2. Педагог іс-әрекетінің компоненттері. Педагог-психологтың өз мәдениетін көтеру.
3. Педагог-психологтың сана-сезімі және педагогикалық рефлексия.
4. Педагог шығармашылығының құрылымдық компоненттері.

Мектеп реформасының талаптарына сәйкес мұғалімнің жеке басын жетілдіру міндеті ерекше маңызды болып отыр, өйткені мектептегі бүкіл оқу-тәрбие процесі тиімділігінің табысты болуы көбінесе соған байланысты. Әрбір мұғалім өз басының бағалы кәсіптік сапасын, іскерлігі мен дағдысын жетілдірудің, яғни өзінің кәсіптік тәрбиесімен шұғылдануының айрықша маңызы зор. Кезінде көптеген көрнекті педагогтар өзін-өзі тәрбиелеудің қажеттігін атап көрсеткен болатын. Мұғалім үшін қастерлі міндет «өзінің жеке басының тәрбиесін бүкіл өмірлік міндетіне айналдыруда», - деп есептейді А. Дистерверг.

Халыққа білім берудің қайраткері А. В. Луначарский педагогтардың жеке басына қойылатын жоғары талапқа ерекше көңіл бөле отырып, осы талаптарды жүзеге асыруда мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеу рөлін атап көрсетеді: «Біз үшін педагогтардың мемлекетіміздегі нағыз бес аспап және нағыз тамаша адам болғаны өте қажет, өйткені ол жас өркендей гүл жарып, шенек атып келе жатқан кішкентай адамдарға шаттық өмір сыйлау білуі тиіс. Педагогтың мәртебелі ісінің өзі, міне, осында және де ешқандай мамандық адамдарға мұндай талап қоя алмайды. Педагог өзіндегі адамгершілік мұратты жүзеге асыруы тиіс».

Өзіндегі ең озық адамгершілік қасиетті дамыта білу - мұғалімнің кәсіптік даярлығының іргетасы. Күнделікті кәсіптік қызметінің барысында осы іргетаста мұғалімнің педагогикалық техникасы, оның оқыту және тәрбиелеу жұмыстарындағы іскерлігі мен дағдысы жетіледі, ажарлана түседі.

Адамның күш-жігерінің мүмкіндігі ұшан-теңіз екендігі

соншалық, тіпті орташа оқитын, жай ғана қабілеті бар студенттің өзі, жеке басын және кәсіптік-педагогикалық қызметтегі талантын жан-жақты өрістете алады. О. Ю. Шмидттің әріптестері оның ғажайып таланты мен қабілетін бірауыздан мақұлдады. Ол кімге де болса «өз ақылымен» тілектестік деген шынайы сүйіспеншілікпен, жаныңды жадырататын сыпайы әзілмен қарым-қатынас жасайтыны қайран қалдыратын. Ол мәселені батыл да, қызғылықты етіп қоя білетін, сан алуан проблемаларды, тіпті өзінің күнделікті қызметінен тысқары проблемаларды да тамаша талдай алатын. Ой-өрісінің даралығы, ғылымның әр алуан саласының түйінді проблемаларын түсіне білуі, оның ғылым қазыналарын ұдайы игеруінің, ілімнің сан тарау бастауларынан сусындай білуінің нәтижесі еді. Оның бірнеше сағаттар бойы кеме капитанымен әңгімелесіп отырғанын, мұз күйін бақылағанын немесе қия жартастардағы мардымсыз өсімдіктерді жинап жүргенін көруге болатын еді.

Шмидт - ғалым аты аңызға айналған адам. Оған таңданбасқа шараң жоқ. Ол жауапты үкімет тапсырмасын орындайтын мемлекет қайраткері әрі көрнекті математик, іргелі жаңалықтардың авторы. Академиялық теориялық геофизика институтын құрушы, Жер мен Планетаның пайда болу теориясының авторы, Москва мемлекеттік университетінің оқытушысы. Оның өмірінің соншалық сан қырлы, ал ғылыми және қоғамдық мүдде өрісінің кеңдігі соншалық, Отто Шмидттің жеке басындағы жалпы адамгершілік бағасы жыл өткен сайын артып, жұртшылықтың айрықша ықыласына бөленді.

Өзінің ішкі мүмкіншілігін жүйелі және табанды түрде жұмылдыра білуде профессор А. А. Любищевтің өмірі үлгі бола алады. Ол жан-жақты қабілетті адам еді. Оның зоология, генетика, философия, эволюция теориясы саласынан 500 баспа табақтан астам (12 мың бет) кітаптар, брошюралар жазды. Сонымен қоса педагогикалық қызметке де қызу ат салысты.

Жазушы Д. Гранин осы педагог-ғалымның жұмыстағы табыс сырын былайша ашып берді: ол елу алты жыл бойы үзбестен жұмсаған уақытын жазып, жоспарлап отырды. Мұның өзі уақытты үнемдеп пайдаланудың ерекше тиянақты жүйесі еді. Өз өмірінді дұрыс ұйымдастыра алмағаның үшін, уақытыңды тиімді пайдаланбағаның үшін өзінді жазғыру бір басқа да, осының барлығын сағат, минутына дейін жете білу – басқа мәселе. Любищев күнделікті есеп жүргізіп отырды, ешнәрсені жасырмай және тігісін

жатқызбай, қорытындысын өзі мұқият жасап отырды. Ол осылайша әр минутын, тіпті қала транспортында жүруге, кезекте тұруға кеткен уақыттарын да тиімді пайдалануға өзін-өзі дағдыландырды. Жолда жүргенде шағын кітаптарды оқыды, тіл үйренді. Ағылшын тілін осылайша меңгерді. Ол тәуліктің пайдалы уақытын он сағатқа белгілеп, оны минутына дейін дәлме-дәл ескерді. Күні бойы бір нәрсені қараумен, газет-журналдарға көз жүгіртумен өткізеді. Әр айдың және әр жылдың аяғында қорытындысын шығарып, талдап отырды. Сонымен қоса жұмысын әр күнге, әр айға әр жылға тіпті бесжылдыққа мұқият жоспарлауды да ұмытпады. Оның тұжырымдауынша, адамда нашар, бос уақыт деген болмауы тиіс.

Өзімен жұмыс істеу, К. Д. Ушинскийдің көрнекті педагог болуына жәрдемдесті. Ол мына жайттерді ескерген:

1. Барынша сабырлылық, ең болмағанда сырттай байсалдылық;
2. Сөз бен істегі турашылдық;
3. Әрекеттегі алдын-артын ойлаушылық;
4. Батылдық;
5. Ешбір қажетсіз өзі туралы бір ауыз да сөз айтпау;
6. Уақытты текке өткізбеу;
7. Өз қылығыңа әр кеш сайын адал есеп беру;
8. Болғанына да, барына да, болатынына да ешқашан мақтанбау.

Адам өзінің қоғам алдындағы зор мәнін жете түсінгенде ғана оның өзін-өзі тәрбиелеу рөлі арта түседі. Өйткені өзін-өзі тәрбиелеу – дамуға ұмтылушы адамдарды жан-жақты қалыптастыру жағдайы.

Ұстаздық қызметте мұғалім өз мінезін, өз еркін, өз эмоциясын меңгере, ұстай білуінің айрықша маңызы зор.

Адамның жауапты міндеттерді шешуге, белгіленген жоспарды орындауға, күнделікті өмірін қызғылықтықты әрі алуан тартымды өткізуге, мақсатқа жету жолындағы қиыншылықтарды жеңуге тырысуы оның өмірін бай, әрі мазмұнды ете түседі, еркін шынықтырады.

Ерікті шынықтыру үшін қажетті әрі нақты мақсатты қалай табуға, қоюға және оған жетуге болатындығын ойластырып көрелік.

Ең алдымен өзін-өзі тәрбиелеу үшін өз еркін меңгере білу керек, нақты нәтижеге жету үшін: өзін ұстай білуі, жақсы көңіл-күйде бола білуі, өзіне-өзі бұйрық беруді және өзін-өзі иландыруды пайдалануы, дербес күн тәртібін, режимін орындауы тиіс.

Л. Н. Толстой өзін-өзі тәрбиелеуде мынадай ережелерге айрықша мән берген: «Міндетті түрде орындалатын нәрсені, қалайда орында... Орындағаныңның бәрі жақсы болсын. Егер бір нәрсені ұмытсаң ешқашан кітапқа қарамай, қалай да есіңе түсіруге тырыс... Бар күш-жігеріңмен өз ақылыңмен үнемі әрекет етуіне мәжбүр ет».

Ерікті шынықтыру – бұл, әрине, зор еңбек. Бірақ мұның қызықтылығы және нәтижелілігі соншалық, өзін-өзі тәрбиелеуге оптимистік позицияда қарау керектігін көрсетеді. Ең бастысы табысқа деген сенімділікте, өзіңнің зор мүмкіндігінде, өзіңде, өзіңнің күш-қайратыңда. Бұл өзіңмен жұмыс істеудің қажетті шарты, өйткені бұл істегі ең қауіптісі – өзіңе-өзің сенбеу. Л. Толстой сөзімен айтқанда, ұрыста кім жеңемін деп батыл шешімге келсе, сол жеңеді. Оптимистік көңіл-күй қолайлы сезім туғызып, жұмсалған энергияны тез қалпына келтіруге ықпал етеді, адамның қиыншылықты жеңуін ынталандырады. Ал жұмыс бабында қалжырап, дау-дамайды басынан өткізіп жүрген мұғалімдік мамандық үшін оптимизм, сергектік, көңілділік ауадай қажет. Сондықтан алға мақсат қойғанда оптимист болудың, тіпті болар-болмас жеңістің өзі адамды анағұрлым қайраттандыра түсетіндігін есте сақтаған жөн.

Өзі туралы көбірек ойлаудың, өзіңе-өзі есеп берудің, әсіресе өз мінез-құлқыңды танудың және түзетудің маңызы айрықша зор. Мұның мәнісі сол, өзіңді өзің тәрбиелеу жөніндегі мақсатың мен міндетіңді өзіңнің нақты мінез-құлқыңмен салыстыру.

Өзіңе-өзің есеп берудің және өзін-өзі талдау жасаудың ең тиімді жолы - дербес күнделік жүргізу.

Л. Н. Толстой өз қателігіне талдау жасау арқылы өзін-өзі тәрбиелеу міндетін белгіледі: «Менің өмірім үшін ең маңыздысы ең басты үш кеселді түзету: мінезсіздік, ашуланшақтық және жалқаулық». Күнделіктегі жазбалары бойынша, Толстой өзімен жұмыс істеудің барысын қадағалайды, өзін-өзі тәрбиелеу үшін нақты міндеттер қояды.

Әрине, өзін жетілдіргісі келгендер күнделік жүргізе алады. Ал ең бастысы күнделікте: өзіңді-өзің тәрбиелеуде әр күні қаншалықты ілгерілегеніңді атап көрсету.

Өзіңді өзің талдау, өзіңе-өзің есеп беру және күнделік жүргізу өзіңді тәрбиелеу жолыңа жарық беретін прожектор рөлін атқарады, ал оның түп қазығы – күнделікті режимді бұлжытпай орындау болуы тиіс.

Әдетте өзін-өзі тәрбиелеу жақсы қасиеттерді тудыруға және оны жетілдіруге жағымсыз қасиеттерді жеңуге себепші болатын жүйелі де саналы іс-әрекет болып табылады.

Өзіңе-өзі қоятын талаптардың нақталап, **** жеке адам жақсы нәтижеге жете алады. Соның нәтижесінде оның өзін-өзі тәрбиелеу бағытының анықталуы көрініс береді.

Өзін-өзі тәрбиелеу ойдағыдай болуы үшін, оқушыларды өздерін қолға алуға үйрету керек. Өзін-өзі тәрбиелеуге кірісе отырып, оқушы ең алдымен өзін-өзі қолға алудың жалпы мақсатын ұғынуы тиіс. Мәселен, ол ерікті тәрбиелеуді, көркемдік талғамды дамытуды, денсаулықты нығайтуды және т.с.с. мақсат етіп қоя алады. Бірақ, бұл жеткіліксіз. Бұған қоса өзінді-өзің тәрбиелеу бағдарламасын белгілеу керек. Қандай қасиеттерді дамытуды, бекемдей түсуді, қандайларын жойып, жеңіп шығуды көрсетудің маңызы үлкен. Мұндай бағдарламаны оқушылар кейде жеке күнделіктеріне белгілейді. Ол өзін-өзі тәрбиелеумен сәті түскенде ғана емес, үнемі, жүйелі айналысуға көмектеседі.

Өзін-өзі тәрбиелеу әдістері алуан түрлі. Бұл ең алдымен, өзінді-өзің сендіру, өзінді-өзің иландыру, өзінді-өзің бақылау, өзінді-өзің талдау. Өзінді-өзің тәрбиелеу мақсатымен өзінді-өзің сынау, мәжбүрлеу, жазалау мен өзінді-өзің қолдау да пайдаланылады.

Мұғалім өзін-өзі әрқашан дамытып отырса ғана нағыз мұғалім бола алады.

Мұғалімнің өзін-өзі кәсіби тәрбиелеудің қозғаушы күші – мақсаттар мен мотивтер арасындағы қарама-қайшылықтар. Сондықтан қарама-қайшылықтарды жеңуге деген мұғалімнің қажеттілігі туындауы қажет.

Мотивтің мақсатқа қарай жылжуы өзін-өзі тәрбиелеуге деген нағыз қажеттілікті тудырады.

Өзін-өзі тәрбиелеуді ынталандырудың сыртқы факторлары:

- педагогикалық ұжым;
- мектептегі басқару стилі;
- бос уақыт факторы.

Мұғалімнің өзін-өзі кәсіби тұрғыда тәрбиелеудің кезеңдері:

- өзін-өзі кәсіби тұрғыда тәрбиелеу;
- мақсаттар мен мотивтер арасындағы қарама-қайшылық;
- жеке белсенділік көзі;
- әрекеттер жүйесі;
- кәсіби идеал.

Педагогика өмір сүріп келе жатқаннан бері мұғалімнің жеке басына, оның еңбегінің зерттелуіне үзбестен көңіл аударылып келеді.

К. Д. Ушинский: «Мұғалімнің жеке басы жастар үшін еш нәрсемен айырбастауға болмайтын жанып тұрған күн нұры, тәрбиешінің жеке басы бүкіл тәрбие ісі», – деп кеткен. Адам тәрбиесі үдемелі қозғалыспен жүріп отыратын мәңгілік үрдіс. «Бала – бақыт, бала – болашақ, ендеше оның қамын бүгіннен ойлау ең басты адамгершілік», – деген А. С. Макаренко. Шәкірт атаулының табынатын тәңірі де, не бір шу асау тентек атаулының діңкелеп тоқтайтын адамы да – ұстаз. Тәрбиенің үлкені – үлгі-өнеге, ал үлгі-өнегенің үлкені де – ұстаз. Осылай келтіре берсек, ұстаз туралы теңеулер таусылмайды. Ұстаздар шәкірттерінің алдында үнемі сынақта тұрады. Мұғалімдердің білімі, өздерін-өзі ұстауы, жүріс-тұрысы, киім-киісі, сөйлеген сөзі, байыпты этикасы бәрі-бәрі есепте. Ұстаз – ұлы есім. Бұл есім сондықтан да жұрттың бәрінің пешенесіне жазылмаған. Осы жауапты да, құрметті сенімді атқаруа ұстаздар алдында күрделі міндеттер тұр. Ұстаздарға деген бүгінгі күннің талабы өте жоғары. Олардың білімі, оқытушылық әсері, жеке бастарының рухани және моральдық бейнесі, өз қызметіне деген сүйіспеншілігіне байланысты болашақ ұрпақтарымыздың жан-жақты дамуы, білімге, еңбекке деген қабілеті, рухани қасиеттері жетіледі. Ұстаздың білімділігі өзінен-өзі жасөспірімдердің моральдық қасиеттерін қалыптастыра алмайды. Білімді мұғалім балаларға белгілі бір салада жүйелі білім берумен қатар, өзінің іс-әрекеті, дүниеге көзқарасы, адамгершілігі, гуманистік қасиеттері арқылы жас ұрпақты моральдық биік мұраттары рухында тәрбиелеуге тиіс. Бұл жағдайда мұғалімнің жеке қасиеттері шешуші роль атқарады. XX ғасырдың ірі өкілі белгілі ағартушы Жүсіпбек Аймауытов ұстаз қызметін былай сипаттайды: «Балаларға білім берумен, тәрбиелеумен мұғалімнің қызметі тәмам болмайды. Ол балаларды тәрбиелеуге, үгіттеуге міндетті, басқаша айтқанда, мұғалім қарапайым қызметкер емес, ол шәкірттердің алдағы өмірін өз басынан кешірген тәжірибесіне сүйеніп, оларға келешекте өмірден аяғын шалыс басып, соққы жеп өкінбеске күні бұрын сақтандыратын қорғаушы, қамқоры». Мұғалімге жүктелер міндет өте ауыр, тек өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата

отырып, шәкірттерінің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады.

Қай дәуірде болмасын ұрпақ тәрбиесі, білім мәселесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірде де күн тәртібінде тұрған келесі мәселе - сапалы білім беріп, ғылымды дамыту. Осы орайдағы білім ордасы – мектеп және жоғарғы оқу орны, ал мектептің жаны – мұғалім немесе педагог екендігі баршаға мәлім. Адамзат баласының ата-анадан кейінгі ардақ тұтар қасиеттісі ұстаз болған.

Мұғалімнің кәсібилігі алдымен мұғалімнің адамды сан қилы етіп қалыптастыратын кәсіби іс-әрекетінің жан-жақтылығымен байланысты. Мұғалімнің кәсібилігін анықтайтын өлшемдердің арасында ең басты орынды, ұстаздық қызметтің қорытындысы - оқушылардың тәрбиелілігі мен дүниеге көзқарас деңгейі алуы керек. Сөз жоқ, мұғалімнің кәсіби деңгейін оның оқушыларға тиісті дәрежеде білім беру, біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру тұрғысынан бағалау қажет.

Шебер мұғалім, біріншіден, халқымызға тән жастарымыздың бойында бар адамгершілік сипаттағы дүниетанымына, өз мәдениетіне, әдет-ғұрып, салт-саналарына, қол өнері мен педагогикасына арқа сүйейтіндігіне және ашық-жарқындығы мен бауырмалдылығына, яғни қазақ ұлтының басқа халықтардың құндылықтарын сіңіре алушылық қабілетіне ерекше назар аударған жөн. Екіншіден, өзі оқытатын пәнді терең меңгеруге міндетті. Үшіншіден, өздігінен білім алуға ынталы болуы керек. Мұғалімнің жеке басының үлгісі – кәсібилікпен біте қайнасқан қасиет болуы керек. Себебі, кез келген ұжымдағы қарым-қатынас мұғалімнің жеке басының үлгісімен тығыз байланысты.

Педагогтың кәсіптік деңгейін арттыру үшін болашақ педагог маманның кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселесі кезек күттірмейтін қоғам талабы. Бұл мұқтаждықты қанағаттандыру үшін жоғарғы оқу орны педагог мамандар даярлап, жалпы білім беретін мектептерге, қоғамдық ұжымдарға жыл сайын өз түлектерін аттандырады. Ал педагогикалық білім алған жас мамандар қоғамның басты талабын шешуге, оны жүзеге асыруға ат салысады.

Қызметке жаңа келген жас педагогтардың кәсіби әрекетінің табысты болуы олардың педагогикалық ұжымының өміріне қаншалықты тез араласып кетуіне және еңбек іс-әрекетінде өздерінің

кәсіби қызметтерін қаншалықты нәтижелі орындауына байланысты. Себебі қазіргі кезеңде еліміздегі нарықтық-экономикалық және ғылым мен білім саласындағы өзгерістерге байланысты оқу орындарындағы қызметке жаңаша қарау талап етіледі. Ол өз кезегінде саналы, білімді, дарынды, мәдениетті, белсенді болуды және қандай қиындық болсын төзіп, жұмыс істей алатын жас педагог-мамандарды қажет етеді. Ендеше оларды дайындауда өзі білім алатын жоғарғы оқу орын ұстаздарының ролі өте зор.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, жетілдіруге және кәсіби шыңдауға бағытталған бағытталған ролі атап көрсетілген. Демек, Қазақстандағы жоғарғы білім беру саласындағы алға жылжу мен дамудың қозғаушы күші төмендегідей болып келеді:

- педагогикалық дағдыларды, яғни іскерліктерді қалыптастыру;
- оқу жоспарында және пәндерді оқыту әдістемесінде тұрақты инновацияға талпыну;
- жоғары білім беретін мекемелердің қажетті элементі ретінде педагогикалық кафедралардың кәсіби деңгейінің өсуін қадағалау;

Педагогикалық ұжымға келісімен жас педагогтың тұлғалық жауапкершілігі артады. Ол басқа да ұстаздармен қатар балалардың білімі мен тәрбиесіне жауап береді. Мұғалім еңбегі үздіксіз ізденісті, өз білімін жетілдіріп отыруды, өзін-өзі жан-жақты тәрбиелеуді талап етеді. Педагогикалық ұжым жұмысын өмірдің талабына сай жүргізу, оқу-тәрбие саласындағы зерттеушілік, тәжірибе алмасу жақтарына мән беру мұғалімдердің ізденісіне шек қоймау, қайта оған жағдай жасап отыру ұстаздың іскерлік негіздерін меңгеруіне ықпал етеді.

Ұстаздың өз бетінше білім жетілдіруі, осы саладағы үздіксіз ізденісті, озат тәжірибені қолдануы, оны өзгелерге насихаттауы, жанашылдық танытуы, өзін-өзі тәрбиелей алуы, іскерлік негіздері - педагогикалық шеберлікке жеткізудің бір жолы болып саналады.

Қазіргі таңдағы зерттеулер көрсетіп отырғандай, жоғарғы оқу орнындағы кәсіптік бейімделу жұмыстары қызметін жаңа бастаған жас педагог маман бейімделу кезеңінде қиындықтарға кездеседі.

Еңбек жолын жаңа бастаған жас педагог мамандарда қажетті психологиялық-педагогикалық білімдердің, білік пен дағдылардың болмауы, педагогикалық жұмысқа даярлығының жеткіліксіздігі, жіберген қателіктері мен сәтсіздіктері өкініш, көңілі қалу сезімдерін туғызады. Туындаған мәселелердің қиындығы және оларды жеңу

жолдарын анық білмеуі олардың көңілінде сенімсіздік туғызып, жас педагог мамандардың кәсіби бейімделуіне кері әсерін тигізеді.

Жас педагог мамандардың кәсіби бейімделу процесі ішкі және сыртқы қайшылықтармен сипатталады.

Кәсіптік бейімделу процесі барысында туындайтын ішкі қайшылықтар:

- жас маманның өз бетінше жұмыс істеуге ұмтылуы және оған қажетті білімі, біліктілік деңгейінің төмендігі, сондай-ақ педагогикалық ұжымдарда шығармашылық, демократиялық негіздердің жоқтығы;

- жалпы теориялық білімді практикалық қызметінде қолдана алмауы;

- жас маманның өзін-өзі таныту қажеттілігі мен оның коммуникативтік мүмкіндігінің сәйкессіздігі.

Жас маманның кәсіби бейімделу процесінде оның жұмыс орнына байланысты кездесетін сыртқы қайшылықтары:

- жас педагогтардың өмірлік жоспарлары, құлшыныстары, кәсіби үміті, олардың жаңа әлеуметтік жағдайы, педагогикалық ұжым мен оның құндылық бағдарлары ұсынатын нақтылы мүмкіндіктер арасында;

- жас мұғалімнің талап-тілектері және оны аталған ұжымның тұлға аралық қарым-қатынастар құрылымындағы нақтылы алатын орны арасында;

- педагогикалық ұжымның мамандыққа байланысты қойылатын нақтылы талап-тілектері мен жас мұғалімдердің даралық ерекшеліктерінен туындайтын оның сенімділік, қызығушылық ұмтылысы арасында;

- қарым-қатынас тәжірибесінің жеткіліксіздігінен және алғашқы жылдарда қоғамдық-педагогикалық қызметінің көп салалығына байланысты да туындайды.

Бұл қайшылықтарды шешудің жолдарын ұсына отырып (мысалы, жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесінің кәсіби педагогикалық бағытын күшейту, педагогикалық ұжымның ролін арттыру және т.б), олардың әрқайсысын тұлғалық ерекшелігімен немесе белгілі бір топпен байланыстыра қарау керек.

Туындаған қайшылықтарды жеңу үшін жас мамандардың алдымен оларды жақсы түсіне білуі және болатын қажетті өзгеріске ынта-құлшыныспен қарауы өте маңызды. Мұндай құлшыныс

дайындық сезімі жоғары оқу орнында дамытылуы, қалыптасуы насихатталуы керек.

Сонымен қатар қазіргі уақытта мұғалімнің жеке басы мен іс-әрекетіне қойылатын талаптар мен педагогикалық білім беру мекемелерінің түлектерінің даярлық деңгейі арасындағы қарама-қайшылықтар, мұғалімдерді даярлаудың типтік жүйесі мен оның іс-әрекетінің жеке бастық-шығармашылық сипаттамасы арасындағы қайшылықтар тереңдеуде. Бұл қарама-қайшылықтар педагогикалық білімге байланысты мәселелерді шешуді қажет етеді:

- жаңа мақсат проблемасы,
- білім берудің жаңа құрылымының мәселесі,
- білім беру мазмұнын жаңарту мәселесі,
- ұйымдастыру формалары мен әдістерін жаңарту мәселесі.

Бұл айтылған мәселелер көп деңгейлі педагогикалық білім беру жүйесін енгізудің негізі болып табылады.

Көп деңгейлі педагогикалық білім беру құрылымының мақсаты – жеке тұлға мен қоғамның мәдени-білім беру сұраныстарын білім беру мекемелерінің мүмкіндіктерін кеңейту, экономика мен еңбек нарығының өзгермелі қажеттілігін есепке ала отырып, білім беру аясында мамандарды мәдени, ғылыми, кәсіби даярлауды жоғарылату.

Көп деңгейлі педагогикалық білім беру мына міндеттерді шешуден тұрады:

- жеке тұлғаға (студентке) – интеллектуалдық, әлеуметтік, экономикалық қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында алатын білім деңгейі мен мазмұнын өзі таңдап, кәсіби даярлауды жүзеге асыру;

- қоғамға (білім беру жүйесіне, мектепке) – маманды белгілі бір біліктілік сипаттамасы бойынша қысқа мерзімде алу;

- оқытушылық корпусқа (факультет, колледж, университет, институт) ғылыми және кәсіби педагогикалық қажеттілікті өте жоғары деңгейде жүзеге асыру.

Жас мамандар жұмысқа кірісе отырып, іс-әрекеттің жаңа түрін орындай бастайды. Болашақ мұғалімнің жоғары оқу орнынан кейінгі іс-әрекетінің басты түрлері: бейімділік, танымдық, кәсіби-педагогикалық. Жас маманның бейімділік әрекетінің мазмұны оның сол жұмыс орнының демографиялық, этникалық ортасымен танысуынан басталып, әрі қарай сол педагогикалық ұжымның

салтымен, ішкі тәртібімен ұласуы қажет. Жас педагог маманның педагогикалық ұжыммен танысуы, олардың мүшелерімен жақсы қарым-қатынас орнатуы алады.

Жеке туындаған қайшылықтарды жеңуде ерекше орынды тұлғаның кәсіби қалыптасуының талдауын қарастыра келе, бұл процестің негізгі кезеңдерін көрсетуге болады:

1. Кәсіби өзін-өзі анықтау - мамандық таңдауға және мамандық әлеміне индивидтің таңдаулы қатынасы.

2. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың өзегі әлеуметтік-экономикалық шарттар мен кәсіби іс-әрекеттің талаптарын, мүмкіншіліктері мен ерекшеліктерін есепке ала отырып мамандық таңдау болып табылады.

3. Кәсіби өзін-өзі анықтау барлық кәсіби өмір ағымында кездеседі: жеке бастың мамандығына деген пікірі, кәсіби болмысы жайында ой қорытындысын жасайды.

4. Жеке бастың кәсіби өзін-өзі анықтаудың өзектілігі жалпы білім беретін мектепті аяқтау, кәсіби мекемеде оқып бітіру, біліктілігін жоғарылату, тұратын жерін ауыстыру, жұмыстан шығу т.б. сияқты оқиғалармен байланысты болады.

5. Кәсіби өзін-өзі анықтау жеке бастың әлеуметтік-психологиялық жағдайының оның өзіндік өзектілігі мен өзіндік таратудағы қажеттілігінің маңызды сипаттамасы болып табылады.

Жас педагог мамандардың кәсіби бейімделуінде тағы бір орынды педагогтардың кәсіби өзін-өзі бағалауы алады.

Педагогтың өзін-өзі бағалауын қалыптастыру тәсілі – өз нәтижесін жеке тұлға идеалымен, педагог іс-әрекетінің нәтижесімен салыстырады.

Бұндай жұмыс бірінші курстан басталуы қажет. Кәсіби идеалды қалыптастырудың қарапайым тәсілі – арнайы әдебиет оқу, көрнекті педагогтардың өмірі мен шығармашылығымен танысу. Мұғалімнің дұрыс қалыптасқан идеалы – оның өзін-өзі тәрбиелеу жағдайларының тиімділігі.

Өзін-өзі тәрбиелеу процесінің сыртқы факторлары:

- педагогикалық ұжым;
- мектепті басқару стилі;
- бос уақыт.

Педагогикалық ұжымға алғаш келген педагог оның талаптарын, принциптерін, сындарын көріп, кәсіби идеал талаптарына үйренеді. Мектеп басшылары педагогтарға жағдайлар тудыруы керек.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу процесінде бір-бірімен тығыз байланысты 3 кезеңді көрсетуге болады:

- өзін-өзі тану;
- өзін-өзі бағдарламалау;
- өз-өзіне әсер беру.

Мұғалімдік еңбектің психологиясы күрделі және жауапты екенін айта келіп, жазушы-педагог М. Әуезов шын мұғалімге тән мынадай қабілет-қасиеттерді атап көрсетеді: эрудиция қабілеті, әр жастағы баланың даму ерекшеліктеріне сай келетін тәрбиенің тиімді әдісін таба білу, баламен тіл табыса білу шеберлігі, ақыл-парасатының мол болуы, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдістемелерін тәжірибеге батыл енгізу, оқушының сеніміне кіруі, ұйымдастырушылық қабілетті қалыптастыру және басқалар.

Сөзіміздің соңында «Осындай қабілетті, қасиеттерді, іскерліктерді өз бойына жинаған мұғалім ғана – нағыз ұстаз бола алады» - дегіміз келеді.

Өмірмен, қазіргі кезеңмен байланысты дұрыс ұйымдастырылған мектепте, К. Д. Ушинский өз халқын шын сүйетін және оның дамуы туралы қамқорлық жасайтын мұғалімге – тәрбиешіге басты рөлді берді. Педагог-гуманистің тұжырымдауынша, адам қоғам үшін ұлы байлықтың қайнар көзі. Баланың ойы мен жан дүниесін дамытатын, қоршаған ортаны оның танымымен байытатын мұғалімнің шығармашылық қызметінің нәтижесінде ол ержеткен соң, “балшықты жерлерді, құмдарды, адамсыз тауларды” байлықтың қайнар көзіне айналдырды.

Оқыту мен тәрбие үрдісін мұғалімнің жеке басының жігерлендіретін ықпалынсыз елестету мүмкін емес. “Тәрбиеде барлығы да тәрбиешінің жеке басына негізделуі тиіс... Ешқандай жарғы және бағдарлама, ешқандай оқу орнының жасанды орталығы, қаншалықты жетілдіргенмен, тәрбие ісінде жеке адамды алмастыра алмақ емес. Тәрбиешінің тәрбиеленушіге тікелей әсерінсіз мінез-құлыққа сіңерліктей шын тәрбие беру мүмкін емес”.

Жас өспірім үшін мұғалімнің жеке басы бұл ешнәрсемен айырбастауға болмайтын күн көзінің жарқын сәулесі іспеттес. Осындай “күн көзінің жарқын сәулесі” болуы үшін қатаң белгіленген жалпы және педагогикалық танымның көлемін меңгеруі қажет және соның негізінде қалыптасқан берік педагогикалық сенімдермен қарулануы керек. Осындай сенімдердің болмауы нағыз тәрбиеші

бола алмайды, ол қарапайым чиновниктің деңгейінде қалады. Ушинский чиновник тәрбиеші емес деген болатын-ды. Тәрбиешіге өз ісіне ақыл-ойын және бүкіл жан дүниесін салу және өзінің барлық қызметі арқылы табанды жүргізу қажет. Жас ұрпақты халықтық рухта тәрбиелеуге лайықты халық мұғаліміне ең жақсы өз халқына тән қасиеттерді меңгеру өте қажет.

Халық мұғалімдерін даярлау үшін, Ушинский мұғалімдер семинарияларын ұйымдастыруды ұсынды, ал орта мектептің мұғалімдерін даярлау үшін университеттер жанындағы педагогикалық факультеттерді, мұғалімдер семинарияларының жобасын жасады, кейіннен Ресейде алдыңғы қатарлы земстволардың тәжірибесінде іске асты.

Семинарияның оқу жоспарына ол орыс тілімен әдебиетін, арифметиканы, жағырафияны, тарихты, жаратылыстануды енгізді, болашақ мұғалімдерді ауыл шаруашылығы мен медицина салаларынан кейбір мәліметтермен таныстыруды ұсынды. Ушинский семинарияның оқу курсына ерекше орынды психологияны, педагогиканы және бастауыш білім беру әдістемесін оқытуға және педагогикалық тәжірибеге арнады.

Ушинскийдің пікірінше, мұғалім білім беру саласындағы қол жеткен табыстарымен тоқтап қалмауы керек, ол өзінің білімін және педагогикалық шеберлігін одан әрі жетілдіріп отыруы керек.

Ушинский өзінің “Педагогикалық әдебиеттің пайдасы” (1857), “Мұғалімдер семинариясының жобасы” (1861), “Швейцарияға педагогикалық саяхат” (1862) атты мақалаларында мұғалімдерді даярлаудың және мұғалімдік мамандықтың қоғамдағы ерекше орнына тоқтала келіп, жан-жақты талдау жасайды. Мұғалімнің қоғамдағы орны, оның мәртебесі, университеттер мен педагогикалық орындарында мұғалім кадрларын даярлау мәселелері бүгін де күн тәртібінен түспей отырған маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қанша уақыт өтсе де, ұлы гуманист-педагогтың мұғалім туралы айтқан қағидаларын бүгінгі мектеп тәжірибесі мен тәрбие жүйесінде кеңінен пайдалануға болады.

Кәсіби шеберлік – балаларды сүйетін, жүрек қалауымен жұмыс істейтін, әрбір педагогтың қолы жетерлік тәрбие мен оқытуда тұрақты жетілдіріп отыратын өнер.

Мұғалімдік мамандыққа үйретуге болмайды, бірақ одан үйренуге болады. Шебер мұғалімнің пайда болуы тек қана оқу жүйесіне

емес, сонымен қатар оқушылардың күш салып оқуына байланысты. Педагогикалық шеберліктің дамуы мұғалім дайындығының координациялық аспектісінің орталығы болып табылады. Сол себепті ол психологиялық-педагогикалық цикл дисциплинасының көңіл бөлінген орталығы.

“Педагогикалық шеберлік негіздері” курсы және басқа да психология, педагогика, педагогика тарихы пәндері студентке кәсіби дайындықты қалыптастыруы жайында түсінік беруі керек.

Педагогикалық шеберлік:

- пәндік білімі (кәсіптік құзырлылық, арнайы кәсіби даярлығы, оқыту мен тәрбиелеудегі тәжірибесі, ғылыми біліктілігі);

- педагогикалық технология (сөйлеу мәнерінің техникасы, ойлау логикасы мен нақтылығы, талдауларының нақтылығы, бейнелі көрсетілімдері, қажетті құралдарды таңдай білу дағдысы, формалары мен тәсілдері);

- педагогикалық шығармашылық (шығармашылық талдау, стандартты емес ойлау, жаңа ақпараттар іздестірудегі қажеттілік, экспериментке ұмтылыс);

- педагогикалық стиль (педагогикалық нақтылық, өзінің және өзгенің әрекетін қабылдай және бағалай білу дағдысы, педагогикалық бағыттағы тіл табысу мен әрекетшілдік, педагогикалық тактика мен этика, тыңдай және тыңжата білу дағдысы, адамдардың ішкі дүниесін тануға қызығушылық).

Жалпы алғанда, кәсіби шеберлігі – бұл өте жоғары деңгейдегі, әрі ұдайы жетіліп баратын тәрбиелеу және оқыту өнері. Шеберлік негізі – жеке тұлға мәдениеті, білім мен өрісті дүниетаным және осы сапалармен кірісе ұштасқан педагогикалық техника мен озат тәжірибе. Шеберлікке көтерілудің басты шарттары: теорияны білу, оқу-тәрбие үрдісінің тиімді технологиясын пайдалана білу мен оны нақты жағдайларға орай сәйкестендіре таңдау, көзделген деңгей мен сапаға байланыстыра нақтылау, болжамдау және жобалау.

Шеберлікке жету кезеңдері келесідей: озат мұғалімдер тәжірибесін бақылау; үздіксіз біліктілік көтеріп бару; арнайы әдебиеттерді оқу, өз оқу істерінде оқытудың жаңа әдістерін ендіру, өзіндік сарап жүргізіп отыру.

Педагогтің білім мен ақпаратты тасымалдаушы ғана болуы бүгінгі күнде жеткіліксіз. Ендеше бүгінгі мұғалім жоғары педагогикалық және психологиялық меңгеруі міндетті.

Психологиялық мәдениетке адамның психологиялық саулығы мен өзін-өзі және басқа адамды тануы, өзін-өзі тануы, өзін-өзі ұстауы және қарым-қатынас жасау мәдениеті жатады.

Педагогикалық іс-әрекет мәнін ашуда біз, ең алдымен, мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті мен жалпы іс-әрекет мәселесіне назар аударғанымыз жөн.

Білім беру жүйесінің маңызды мәселесі ретінде көптеген ғалымдар болашақ мұғалімдердің мәдениет танымдық дайындығын алға тартады. Өйткені, педагогика ғылым мен мәдениетті негіз ретінде алып қарастырады. Себебі, арнайы зерттеулер мамандардың жоғары дәрежедегі іс-әрекетін, біріншіден, оның мәдениеттілігіне байланысты деп санайды. Екіншіден, оқу үрдісі тек арнайы кәсіптік білім алу емес, қазіргі мәдениетке сай өмір сүруіне, тәрбиеленуіне байланысты болады дейді ғалымдардың пікірінше. Үшіншіден, қазіргі маман ол – ойлау жүйесі, жетілген қоғам мәселесіне байланысты өз пікірі бар, қарым-қатынас жасай алатын мәдениетті тұлға. Төртіншіден, көптеген ғалымдар адамның рухани сезімін қалыптастыру үшін қазіргі әлем мен отандық мәдениетке бейімделу керек деп есептейді. Бесінші, болашақ мұғалімдерді дайындау мақсатында алдымен мәдениеттанымдық дайындығын көтеру үшін “Жалпы мәдениет деген не?” сұраққа жауап іздеуіміз керек.

Мұғалім мәдениеті өзін-өзі жетілдіру үшін педагогикалық еңбектің мақсатын және оларға жету тәсілдерін еркін таңдауға мүмкіндік беретін кәсіби іс-әрекет пен өзіндік сана-сезім негізінде қаланады, іс-әрекеттің кәсіби және интеллектуалды тәжірибесін меңгеру жағдайында туындайды.

Мұғалімнің мәдениеті – білім ошақтарында ғана емес, күнделікті жүріс-тұрысынан, өзгелер қызығатын жан дүниесі бай, кең, көпшіл, білімді, адамгершілігі мол, жан-жақты жарасымды болғанда ғана нағыз ұстаз екенін дәлелдейді. Педагогтің білім мен ақпаратты тасымалдаушы ғана болуы бүгінгі күнде жеткіліксіз. Ендеше бүгінгі мұғалім жоғары педагогикалық және психологиялық мәдениетті меңгеруі міндетті.

Шығармашылық – барлық әрекеттің сапа белгісі, ал шығармашыл мұғалім – барлық реформаның негізгі кейіпкері.

Шығармашылық – мәселені белгілі тәсілдермен шешуге болмайтын жағдайда туындайды. Дегенмен, бұл қисынсыз шешім қабылдауға әкелетін әрекет әр түрлі деңгейде, бірнеше кезеңдерден

тұратын күрделі психологиялық үрдіс. Осы мәселені зерттеген ғалымдар педагогикалық шығармашылық төмендегідей кезеңдерден тұратынын анықтаған;

- 1) педагогикалық ойдың пайда болуы;
- 2) түпкі ойды талдау;
- 3) педагогикалық ойды әрекетке айналдыру;
- 4) шығармашылықтың нәтижесін талдап бағалау (В. А. Кан-Калик, Н. Д. Никандров);
- 5) жаңалықты көру;
- 6) педагогикалық өнертапқыштық құрастыру, модельдеу;
- 7) жетілдіру (В. И. Загвязинский).

Шығармашылық әрекетке мұғалімнің өз еңбегі сыни тұрғыдан қайта қарауы, қанағат табуы, оны орындаудағы дербестігі, жағымды мотивацияның қалыптасуы, т.б. орын алады.

“Шығармашылық-проблемалық сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін, нәтижеде жаңа материалдық және идеалдық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті” деген тұжырым жасауға болады.

Мұғалімдердің өз білімін көтеруге қатысуы оның педагогикалық, әлеуметтік, кәсіби әрекетіндегі мәселелерді табысты шешуін қамтамасыз етеді, басқаша айтсақ, кәсіби шығармашылығын дамытады.

Шығармашылық жолы - ол үміттер мен күдіктер, жеңілістер мен жеңістер жолы. Осы жолдан өзіне сабақ ала білу, өзінің жетістіктері мен кемшін тұстарын талдай алу – мұғалімнің өзін-өзі шығармашылықпен дамытудағы стратегиялық бағыттары болып табылады.

Әрекет – іс-қимыл бірлігі, саналы түрдегі, мақсатқа жетуге бағытталған тікелей жасалатын, еркін ниеттілік, белсенділік. Әрекетте адам субъект ретінде танылып, оның жасампаздығы, іскерлігі, қайраткерлігі қалыптасады.

Рефлексия – (лат; «бейнелеу» деген сөз, өз ойларын, бастан кешіргенін талдау). Адам санасының өзін-өзі білуге, ішкі жан дүниесін, психикалық жай-күйін тануға бағытталуы.

Педагогикалық рефлексия – ішкі психикалық-педагогикалық актілер мен күйлерді субъектінің өзіндік тану үрдісі.

Рефлексология – орыс ғалымы В. М. Бехтерев (1857-1927) негіздеген механикалық бағыт. Рефлексия адам психикасының

әрекетін сыртқы ортаның жүйке жүйесіне әсер етіп, оған тітіркенуі деп санады да психика мен сананы зерттеуден бас тартты.

Мұғалімнің рефлексиялық қызметінің мақсаты: педагогикалық әрекеттің негізгі компоненттерін есіне түсіріп, олардың мәнін, алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу, қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру. Орындалып өткен әрекеттің нәтижесін зерттеу. Тек қана сонда ғана алдағы жұмыстарда дұрыс мақсат қойып, алға қарай шығармашылықпен жылжудың жобасын жасау мүмкін болады.

«Рефлексия» - адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кестелерді мойындауы не жоққа шығаруы. Бұдан басқа да рефлексия жайында айтылған философиялық ойлар негізінен «адамның өзіне бағытталған зерттеу жұмысы», «өзінің ақылың мен рухыңды өзіңнің бақылауың » дегенге келіп саяды.

Психологиялық мұғалімнің шығармашылығын дамытудың қысқаша формуласын **«тәжірибе + сол тәжірибенің рефлексиясы = даму»** түрінде ұсынады. Г. С. Сухобская мен Ю. В. Кулюткин екеуі бірлесе жазған педагогика оқулығында бұл үрдісті сипаттай отырып, оның мұғалімнің кәсіби әрекетінің өн бойында мына төмендегідей жағдайда байқалатындығы айтылды: біріншіден – мұғалімнің оқушының ойын, сезімдері мен іс-қимылдарын түсіну бағытындағы әрекеттесуінде; екіншіден – оқушылардың жас ерекшеліктері, даму мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту үрдісінің мақсаттарын анықтау мен жобалауда; үшіншіден – оның өз әрекетін, сол әрекеттің субъектісі ретіндегі өзін талдауда. Тек сонда ғана мұғалімнің педагогикалық әрекетінде шығармашылыққа жол ашылады.

Рефлексияның мәні – адам өзінің білімін, білімнің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау. Рефлексияны ойлау, ес, сана сияқты танымдық үрдістер адам табиғатына тән болғандықтан олардан бөліп қарауға болмайды.

Мұғалімнің шығармашылық әлеуетінің дамуы үшін оның әдіснамалық рефлексия жасай алуының мәні зор. Бұл – мақсаткерлікті талдай алудан басталады. Өзінің нақты жағдайы мен болашағының бағытын саралай, аралық мақсаттарды анықтай алумен сипатталады.

1. Шығармашыл мұғалім – зиялы тұлға. Оның сыртқы келбеті ұқыптылық пен жарасымдылық, педагогикалық әдебі жоғарылығымен, басқаны түсіне білетіндігімен сипатталады. Прогрессивті алдыңғы қатарлы ойларды уағыздаушы, сыни ойлау деңгейі жоғары, өзгенің ойын, өзгенің пікірін, құрметтей біледі әрі ұстамды болады. Өз білімін тұрақты көтеріп отырумен жүйелі айналысады, өз жұмысына рефлексия жасауға қабілеті. Эрудициясы, жалпы мәдениеті жоғары, эстетикалық талғам және көркемдік мәдениеті жинақталған. Ол саясаттағы, ғылымдағы, өнердегі барлық жаңалық пен озық ойларға қызығушылық танытып отырады. Зиялы тұлға ретінде өз бойына адамзат мәдениетіндегі ең жақсы үлгілерді жинақтайды.

2. Шығармашыл мұғалім – рухани бай тұлға. Оның рухани байлығы алдымен балаға деген махаббатында, жоғары адамгершілігінде және арлылығы мен ұяттылығында байқалады. Өмірдің мәнін және мақсатын түсінуге, өзінің кісіби орынын анықтауға ұмтылыста оның руханилығы көрінеді. Ол әлемдегі және адами қарым-қатынастағы сұлулықты өте жоғары сезінгендіктен, онда эмпатия және талдай алушылық жоғары дамыған. Өсіп келе жатқан баланың ішкі жан-дүниесінің байлығын түсінуге үнемі тырысатындығы оның өзін де планетарлық ойлауды дамытуына негіз болады.

3. Шығармашыл мұғалім - жаңашыл тұлға. Ол бірсарындылық пен біртүрлілікті қабылдамайды, сондықтан жаңалыққа жаны құмар. Шығармашылыққа деген мотивтері жоғары болғандықтан ойлап табу, тудыру, жасап көру – оның күнделікті кәсіби жағдайы.

4. Шығармашыл мұғалім – еркін тұлға. Оның еркіндігі өмірдегі, кәсіби әрекеттегі мәдени әлемдегі өз орнын анықтай алу қабілетінде жатыр. Оның ойлау, пайымдау және әрекеттену еркіндігі жеке кәсіби жауапкершілікті сезінумен сәтті байланысады. Рухани және материалдық құндылықтар әлемінде еркін бағдарлай алады, педагогикалық, пендешілік догмалардан еркін. Ол өз ісіне өте жауапты, кейде тіпті тәуекелді талап ететін шешімдерді өз мойнына алады. Өзінің өмірлік позициясы, ұстанымы бар.

5. Шығармашыл мұғалім – ізгілікті тұлға. Оның ізгіліктілігі қайырымдылығы, барлық тіршілік иелеріне, ең алдымен балаларға деген сүйіспеншілігінен байқалады. Ол кез келген уақытта өз оқушыларына, жалпы балаларға көмекке келуге әзір. Өзгеше

ойлайтын адамдарды құрметтейді, өз көзқарасына сәйкес келмесе де ол адамдардың қалыптан тыс ойларын түсінуге деген төзімділігі шексіз. Өртүрлі ұлт, дін, мәдениет өкілдеріне бірдей сыйластықпен қарайды. Оның тек оқушылармен ғана емес, ата-аналармен, әріптестерімен ынтымақтаса алу қабілеті зор.

6. Шығармашыл мұғалім – азаматтық белсенді тұлға. Ол айналасында (ауылында, қаласында, елінде) болып жатқан жағдайларға бей-жай қарамайды, ол жағдайларға үнемі өзінің қатысын білдіріп отырады. Қоғамдық өмірдегі өзінің азаматтық рөлін дұрыс түсінетін, саяси сауаттылығы жоғары маман. Оқушыларын да өмірдегі өзгерістерге сын көзбен қарап, объективті бағасын беруге кемшіліктерге төзімді болып, түзету үшін үлестерін қосуға тәрбиелейді.

7. Шығармашыл мұғалім – бәсекеге төтеп беретін тұлға. Жаңа заманға сәйкес педагогикалық қызмет көрсету аясы кеңейген уақытта шығармашыл мұғалім өзінің шеберлігін үнемі арттырып отырады, өзінің жетістіктері мен кемшіліктері жайлы өзіндік бағасы бар. Әлсіз тұстарын жетілдіру үшін озық тәжірибені шығармашылықпен қолдану, педагогикалық жаңалықтар кешенінен қалмауды басты назарда ұстайды. Жаңа технологияларды меңгеру, қолдану арқылы өз ісінің нәтижелі болуына талпынады.

8. Шығармашыл мұғалім – мәдениет адамы. Ол белгілі әлеуметтік мәдени ортада өмір сүріп, еңбек етіп жатқандықтан, сол ортаның өнерін тұрмыс салтын, мәдениетін бойына сіңірумен қатар оны құрметтеп басшылыққа алады. Өзінің жалпы мәдениетін көтеру оның айнымас өмірлік қағидаларының бірі.

Шығармашыл тұлғаның ерекше қасиеттерінің қатарына педагогикалық импровизацияны жатқызамыз. *Педагогикалық импровизацияны* (суырып салмалық деуге де болады деп ойлаймыз) А. К. Маркова «күтпеген педагогикалық шешімдерді тауып, оны жүзеге асыра білу» деп түсіндіріп, оның төрт кезеңнен тұратынын атап көрсетеді: 1) педагогикалық ойдың жарқ етуі; 2) педагогикалық мақсаттың мәнін бір сәтте ұғынып, оны жүзеге асырудың жолдарын жылдам таңдай алу; 3) педагогикалық идеяны жұртшылық алдында нақтылы түрде көрсете алу; 4) ой қорытып көрсеткен педагогикалық идеяны тез арада талдай білу;

Жаңалық ашу өздігінен келе салмайды, оған алдын ала жасаған қажырлы еңбек құлшындырады десек, дәл сол сәтті шабытты шақ деп

сипаттауға болады. Шабыт – адамның рухани күштерінің ширығып өрлеуі, шығармашылық толғанысы. Шабыт жаңа туындының пайда болуына бастайды.

Педагогикалық шығармашылықтың орын алуына септігін тигізетін тағы бір мәселе – мұғалімнің әртістік қасиеті. Мектеп, әрине, театр емес. Дегенмен мұғалім үнемі халық алдында тұратын танымал адам. Олай болса ол аудиторияны меңгере алуы, иландыра білуі, шабыттандыра алуы тиіс. Әртістік қасиет – педагогтың «образға ене алуы», сыртқы келбетінің тартымдылығы, тілінің түсініктілігі, көркемдігі, жатықтығы, мимикасы мен қимыл қозғалысының айтылып жатқанға сәйкестігі. Әртістік – образдармен ойлай алу, ашықтық, жағдайға терең эмоцианалдық шому, ішкі және сыртқы мәдениет, өзіне тарта алушылық.

Ғылыми әдебиеттерде шығармашылықтың төмендегідей түрлері анықталған: 1) материалдық-техникалық; 2) рухани-теориялық; 3) әлеуметтік-ұйымдастырушылық; 4) педагогикалық; 5) көркем шығармашылық және т.б.

М. М. Поташник мұғалімнің шығармашылығы мына жағдайларда көрінеді деп есептейді:

1. Мәселені шешудегі тапқырлықта;
2. Жаңа формалар әдістер, тәсілдер, технологиялар жасап, оларды тиімді қолдана алуда;
3. Белгілі тәжірибені жаңа жағдайда тиімді пайдалана алуда;
4. Жаңа міндеттерге сәйкес белгіліні жетілдіре, өзгерте алуда;
5. Жоғары интуициямен нақты есеп негізіндегі сәтті импровизацияда;
6. Бір мәселені шеше алудың бірнеше жолдарын көре алуда;
7. Нақты педагогикалық іске әдістемелік нұсқаулар мен теориялық ережелерді трансформация жасай алуда.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құрманалина Ш. Х., Мұқанова Б. Ж.. Педагогика: Оқу құралы.- Астана.-2007.
2. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р. М. Педагогика.-Алматы.-2000.
3. Насырова Г. И. Профессиональная адаптация будущих учителей. В сб: Формирование социальной активности личности учителя. М., 1985. Б. 58-63.

Л. И. Рувинский. Мамандыққа кіріспе: Алматы «Ана тілі» 1991

4. Пірәлиев С. Жоғарғы оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесінде болашақ мұғалімдердің кәсіби бейімделуі //Қазақстан жоғары мектебі, №2, 2001

5. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений / В. А. Сластенин, И. Ф. Исаев и др.- М.: Школа-Пресс, 2000.- 512с.

6. Введение в специальность: Учеб.пособие для студентов пед. Ин-тов/ Л. И. Рувинский, В. А. Кан-Калик, Д. И. Гришин и др.-М.: Просвещение, 1988.-208с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Ершов П. М., Ершова А. П., Букатов В. М. Общение на уроке, или режиссура поведения учителя.- М.: Московско психолого-социальный институт, Флинта, 1998.- 336с.

2. Жармекова Г. С. Культура профессионально-педагогического общения будущего учителя (учебное пособие).- Алматы; Издательский дом КазГЮУ, 2002.- 120с.

3. Елканов С. Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя – М., 1989

4. Львова Ю. А. Творческая лаборатория учителя. М., 1985

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар

1. Практикалық іскерлік ұйымдасырушылық және коммуникативті іскерліктердің айырмашылықтарын көрсет.
2. Педагогикалық қарым-қатынас іскерлігіне сипаттама бер.
3. Педагогикалық техниканың мағынасын түсіндір.

Тест тапсырмалары

1. Педагогикалық шеберліктің элементі емес

- А) Педагог тұлғасының гуманистік бағыттылығы
- Ә) Кәсіптік білім
- Б) Педагогикалық қабілет
- В) Педагогикалық міндеттер және педагогикалық жағдаят
- Г) Педагогикалық техника

2. Педагогтың кәсіби шеберлігін дамытудың негізі

- А) Педагогтың сыртқы келбеті
- Ә) Қоршаған орта
- Б) Кәсіптік білім
- В) Өмірлік тәжірибе
- Г) Азаматтық позиция

3. Кәсіптік әрекет, ұйымдастырудың жоғары деңгейін көрсететін педагогтың тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы

- А) Педагогикалық жоспарлау
- Ә) Педагогикалық басқару
- Б) Педагогикалық шеберлік
- В) Кәсіптік әрекет
- Г) Тұлғаның гуманистік бағыттылығы

4. Мұғалімге оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды қасиетті кәсіби білім, білік, дағдылардың жиынтығы

- А) Педагогикалық шеберлік
- Ә) Педагогикалық қабілет
- Б) Практика
- В) Педагогикалық теория
- Г) Педагогикалық қызмет

5. «Педагогикалық дастан» атты еңбектің авторы кім?

- А) В. А. Сухомлинский.
- Ә) К. Д. Ушинский
- Б) А. С. Макаренко
- В) Ш. А. Амонашвили

6. Педагогикалық шеберліктің өлшемдері

- А) мақсаттылық
- Ә) өнімділік
- Б) шығармашылық
- В)?

10. ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН БАСҚАРУДАҒЫ ОҚЫТУШЫНЫҢ ШЕБЕРЛІГІ

Жоспар:

1. Жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби педагогикалық мәдениеті
2. Студенттердің өзіндік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен басқарудағы оқытушы шеберлігі.
3. Студенттер ұжымындағы тұлға аралық қатынастар жүйесін басқарудағы тәрбиеші шеберлігі.

Жоғары мектеп - экономика мен әлеуметтік сфераның әр түрлі салаларына жоғары білікті мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының жиынтығы.

Жоғары мектептегі оқытушының педагогикалық қызметі болашақ маманның тұлғалық қалыптасуына, кәсіби дайындығына бағытталған.

ЖОО-ның оқытушысы педагогикалық қызметтің бірнеше түрлерін орындайды:

- пән оқытушысы ретінде сабақ өткізу;
- әдіскерлік қызметі – оқыту тәжірибесін қорытындылау, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау;
- жоспарлау қызметі – жоспар және оның бағдарламаларын жасау, жұмыс оқу бағдарламаларын, силлабус, оқу-әдістемелік кешен дайындау;
- ғылыми-зерттеу қызметі – жаңа білім алуды іздестіру, білімдерді жүйеге келтіру, ғылыми білімдерді оқу біліміне аудару;
- тәрбие жұмысы – тәрбие ортасын ұйымдастырудағы, студенттерді тұлға ретінде үйлесімді қалыптастыру мақсатында әр түрлі қызметті басқару.

Оқытушының педагогикалық шеберлігінің бағалау критерийлері:

- мақсаттылық (бағыттары бойынша);
- сенімділігі (нәтижесі); студенттердің білім, іскерлік, дағдыны меңгеру деңгейі)
- тиімділігі (құралдарды таңдауы);
- шығармашылық (қызмет мазмұны бойынша).

ЖОО-ның оқытушыларының кәсіби маңызды сапасы

Топтары

1. Білім деңгейі:

Компоненттері:

- жалпы мәдениеттері;
 - пәнді меңгеруі;
 - әдістемені меңгеруі;
 - білім беру философиясын меңгеруі;
 - педагогикалық теориялар және тұжырымдамалар;
 - психологияны меңгеруі;
 - педагогикалық технология мен инновацияларды меңгеруі;
 - әлеуметтану, философияны білуі;
 - студенттердің ойлау қызметі мен дамуы туралы білім.
2. Гностикалық және зерттеушілік іскерлігі.
 3. Жобалық іскерлігі.
 4. Конструктивтік.
 5. Ұйымдастырушылық.
 6. Коммуникативтік.
 7. Тұлғаның бағыттылығы.
 8. Мінез құлқы және құзірет.
 9. Қабілеті.

Педагогикалық үдерістің даму барысындағы адамның жеке тұлғасын қалыптастыру мүмкіншіліктері, оның қоғамға қажетті азаматтық қасиеттерін тәрбиелеуге, мұғалімнің нақтылы заттың негізінде қарым-қатынастарды ұйымдастыру арқылы қалай жасаған ықпалына байланысты болады.

Ғылыми әдебиеттерде, өзіндік жұмыстар болмысы әр қырынан ашылады: оның орындалуын жетекшілердің тексеру жолын анықтау арқылы, оқу сабақтарын ұйымдастыру формаларын сипаттау, жоғары оқу орындарында өзіндік жұмыстар мақсатын айқындау. Бұлардан «студенттердің өзіндік жұмыстары» түсінігі әр түрлі ұғынылғандығын байқаймыз. Зерттеулерде берілетін анықтамаларда «студенттің өзіндік жұмысы» түсінігі былай түсіндіріледі:

1. Кез-келген оқу әдісіне қажетті элемент ретінде (А. А. Газиев, Н. К. Кушков). Мұндай түсінік жоғары оқу орнындағы студенттің өзіндік жұмысының рөлін түсіндіреді.

2. Жоғары оқу орнында оқыту әдісі, ол болашақ маманның дербес шығармашылықпен ойлауын қалыптастыруды, ғылыми

қызығушылығын, қоғам мен арнайы білім қажеттілігін қамтамасыз етеді (В. Б. Бондаревский, И. И. Кобыляцкий, Н. В. Кузьмина, А. А. Мороз). Егер мақсаты туралы айтсақ, бұл анықтамамен келісуге болады, бірақ бұл да студенттердің өзіндік жұмыстарының мәнін аша алмайды.

3. Оқу әрекетінің түрі (Я. Г. Гендлер, Р. А. Низамов). Мысалы, Я. Г. Гендлердің кандидаттық диссертациясында мынадай анықтама беріледі: «Студенттердің өзіндік жұмыстары – бұл олардың өз әрекетінің формасы, білімді игеру мен білік, дағдыларды үйрену, оқып-үйренушілердің саналы ақыл-ой, әрі дене әрекеттерінің өнімді және шығармашылық сипатта жүзеге асуы. Бірақ бұл оқытушылар тарапынан бақыланады, тапсырманы орындау қорытындысы мен мазмұнына, ұйымдастыру мақсатына сай қажетті кезеңде түзетіледі». Бұл анықтама практикалық, мұнан басқа әрекетте қолдануға қиындық келтіреді. Анықтамада өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру қыры белгіленген, бірақ студентке не оқытушыға қатыстылығы түсіндірілмеген.

4. Көптеген зерттеушілер өзіндік жұмыстарды оқып-үйренушілердің танымдық әрекеттерімен теңестіреді. Мысалы, Ю. С. Пименов кандидаттық диссертациясында өзіндік жұмыстарды бағдарламалық білімді терең және саналы игеру, студент тұлғасы мен жақсы маманды жүйелі жұмыс процесінде қалыптастыру, шығармашылықпен ойлауды, білік, дағдыларды дамыту мен жетілдіруден тұратын әрекет ретінде түсіндіреді.

В. И. Толкуновтың айтуынша, студенттердің өзіндік жұмыстары – білімді игеру мен білік-дағдыларды, тұлға сапасын қалыптастыру бойынша қойылған мақсатқа жетуге бағытталған саналы әрекет, ол мұғалімнің белгілі деңгейде қатысуымен (тапсырма беру, жетекшілік жасау, бақылау) не қатысуынсыз орындалады. Бұл анықтамаларда студенттердің өзіндік жұмыстарының неге бағытталатындығы айтылғанмен жоғары оқу орнындағы оқу процесінде алатын орны көрсетілмеген.

Кейбір педагогтар өзіндік жұмыс деп оқытушының қатысуынсыз орындалатын жұмыстарды ұғады. Мысалы, А. И. Мелюков бойынша, студенттердің өзіндік жұмыстары – біреудің тікелей көмегінің, өз бастамасы бойынша не тапсырма бойынша орындалатын студент әрекеті дейді. Бұл анықтамамен келісетін болсақ, онда студенттердің өзіндік жұмысын басқаруға болмайды.

«Жоғары оқу орнындағы өзіндік жұмыстың ерекшелігі – оның саналы реттелетіндігінде және педагогикалық мақсаттылығына сай ұйымдасқан бақылау жасалатындығында». Жоғарыда келтірілген анықтамалар өзіндік жұмысқа мынадай белгілер жататынын бөлуге мүмкіндік береді: нақты тапсырма және оны оқытушы дайындауы тиіс; тапсырма барлық студентке беріледі және оқытушының тікелей көмегінсіз орындалады бірақ оқытушының жетекшілігі үзілмейді; жұмыс қорытындысын оқытушы қадағалайды. Алайда мына сұрақтың басы ашылмайды: өзіндік жұмыс студент үшін қандай рөл атқарады, өзіндік жұмыстың оқытушы үшін қандай қажеттілігі бар, тапсырманы орындауға оқытушының қатысу деңгейі қалай өлшенеді, ол неге тәуелді? Оқытушы қолында оған өзіндік жұмыстарды студенттердің әр түрлі деңгейдегі әрекетіне сай ұйымдастыру үшін қажетті нұсқау болуы керек. Соған сай шығармашылық әрекет дағдысымен игерілген білігі, студенттер алған ақпараттың шығармашылықпен қайта өңделгені белгілі болуы шарт. Өзіндік әрекет сипаты да анықталмай қалған, оны оқып үйренуші өзіндік жұмыстарды орындауда көрсете білуі керек, авторлар бұл ретте анықтамаларында белсенділік пен дербестікті атап көрсетеді.

Келтірілген зерттеулер жоғары оқу орнындағы студенттің өзіндік жұмысы теориясын жасауға белгілі бір үлестерін қосады, бірақ мынадай сұрақтарға жауап берілмеген: оқып-үйренушілердің өзіндік танымдық әрекеттерін қалай ұйымдастыру керек, оны қалайша шығармашылық сипатқа көтеруге болады, дербестікті бірте-бірте дамытуды қалай жүзеге асыруға болады? Соңғы жылдары нақты анықталған және көпшілікке мойындалған жағдай мынадай: «Студенттердің өзіндік жұмыстары» түсінігі, оның жоғары оқу орнындағы мәнін, оқу процесіндегі орны мен рөлін ашу студенттердің өзіндік әрекеттерінің психологиялық-педагогикалық талдауымен байланысты анықталады.

Кәсіби білім берудің қазіргі жағдайында студенттерден білім алумен оны шығармашылықпен іске асыру процесінде аса белсенділік танытуы, когнитивтік және тұлғалық мүмкіндіктерінің жоғары болуы, оқу-кәсіби іс-әрекетте өзінің жеке тәжірибесін қолайлы етіп, өзгерте алуы, өзін-өзі реттеуі, өзін-өзі дамытуға әрқашан ұмтылыс танытуы, тұлға, маман ретінде даму тәсілдері мен аудиопсихтехникаларды оңтайлы меңгеруі, қарым-қатынаста

компетенттілік, іс-әрекетте дербестік талап етіледі. Студент оқу-кәсіби іс-әрекеттің толыққанды субъектісі болуы керек. Алайда бұл әлі де болса өзекті мәселе екені әдебиеттерге жасалған талдау мен іс-тәжірибеден белгілі. Мысалы, В. Т. Лисовский мәліметтері бойынша студенттердің тек 28,8 % ғана аудитория алдында сөз алғаннан жасқанбайды екен; ал пікірталасқа кірісе алатындары – 18,6 %; проблемаға талдама баға беретіндері 16,3% ғана көрінеді. Сондай-ақ, болашақ мамандардың тек 37,5% ғана жақсы оқуға талпыныс жасайды екен, ал 8% жақсы білім алуға мүлде құлқы жоқ, енжар жастар болып шыққан. Тіпті жақсы оқуға ұмтылатын студенттердің 67,2% үлгерімдері төмен болған. Ал, соңғы курсқа дейін студенттердің басым көпшілігі (шамамен 90%) шығармашылықпен өздігінен ойлаудың жоғары деңгейіне жете алмайтыны В. А. Якунин зерттеуінде келтіріледі. Соңғы жылдарда да бұл мәселе төңірегіндегі сандық көрсеткіштер өзгергенімен, студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекеттегі белсенділіктері, жеке-дара дамуға қатынастары сол қалпында сияқты. Жалпы, зерттеу барысында болашақ мамандардың тіршілік әрекетіндегі, оқуындағы көптеген педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, тіпті экономикалық қиыншылықтарының астарында психологиялық проблемалар жиналатыны белгілі болды. Сондықтан болар, студенттік шақта жастардың өзін-өзі тануының, өзін іс жүзінде көрсете алуының, өзін-өзі актуалдандыруының пәрменді құралы ретінде психологиялық білімге деген зәруліктері, қажеттіліктері аса жоғары дәрежеде байқалады.

Жоғары оқу орнында психологиялық білім беру процесі студенттердің рухани өзіндік дамуының негізі болуы керек. Студенттерді психологиялық дайындау процесінде олардың тұрмыстық психологиялық білімдері, этномәдени ерекшеліктері барынша ескерілуі қажет. Сонда ғана статусы бойынша объективті және абстрактілі болатын ғылыми психологиялық білімнің жеке-даралық, тұлғалық, субъектілік құрылымға айналуы мүмкін болмақ.

Субъект пен объект арасындағы әрекет өзіндік танымдық әрекет процесі ретінде сипатталады және «... өзіндік жұмыстар оқу немесе студенттің ғылыми танымының құралы ретінде екі жақты сипатқа ие болады. Бір жағынан, бұл оқу тапсырмасы, яғни студент орындауға міндетті нәрсе, оның әрекетінің объектісі. Екінші жағынан, өзіндік жұмыстар студенттің үй тапсырмасына сай орындайтын нақты

әрекет құралының көріну формасы». Мұндай студенттердің өзіндік әрекеттерін ұйымдастыру мен басқарудың арнайы сапасындағы өзіндік жұмыстар оқу процесінде ғылыми танымның әдісін, пәнін қамтуы тиіс.

Танымдық әрекеттің пәні ретінде өзіндік жұмыстардың қандай да түріне енетін тапсырма міндет жатады. Оқу тапсырмасын (міндетін) шешу мақсаты мен қорытындысы «... әрекет етуші субъектінің өзгерісінен тұрады, ол белгілі бір әрекет тәсілін игерген болуы тиіс». Әрекет тәсілі оқып-үйренушіге бұрыннан таныс емес жаңа білімді табуды, қолдануды не алынған білімді тереңдетуді, не шығармашылық әрекетте тәжірибе жинауды талап етеді. Осының ізімен студенттің дербестігі дамиды, оның кәсіби дайындығы жетіледі. Осындай міндетті өзіндік жұмыстардың әр типіне қоя отырып, оқытушы студенттің танымдық әрекеті сипатын және оның деңгейін жоспарлайды, міндет жағдайын анықтайтын танымдық процесті басқарады. Сондықтан Юхно бойынша өзіндік жұмыстар мәні танымдық міндеттердің ерекшеліктерімен анықталады, олар нақты өзіндік жұмыстардың типі мен түріне сай мазмұнға ие болады.

Студенттің өзіндік жұмысының мақсаты мен формасына, ұйымдастыру әдісі мен мазмұнына көңіл аударып, дидактикалық ерекшеліктерін қарастырайық:

а) «Өзіндік жұмыстар» терминіне түрліше мазмұн беріледі. Біріншіден, игеру процесін талдау барысындағы өзіндік жұмыстар – бұл барлық оқытушылардың қажетті білімді игерудің барлық деңгейіндегі саналы әрекетінің түрі, екіншіден, өзіндік жұмыстар – бұл оқу сабақтарын ұйымдастыру формасы». Бұл анықтама бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарының мақсаты – білімді игеру, ал әрекет түрі ретінде – ол әрі мақсатқа жету құралы мен шарты әрі сабақ формасы;

б) «оқу материалдары мен жүргізілетін студенттердің өзіндік жұмыстары бағдарламалық материалдарды терең әрі ақылмен игеруден тұрады, шығармашылық ойлауды, білік пен дағдыны дамытады, жетілдіреді; осындай жүйелі жұмыс процесінде жақсы маман мен студенттің барлық тұлғасы қалыптасады, басты коммунистік дүниетанымын, сезімі мен мінезін, ерік-жігерін қалыптастырады». Мұнда студент жұмысының объектісі – оқу материалы, мақсаты – білімді игеру. Бірақ Ю. С. Пименов оны «студент тұлғасын» тұтас қалыптастыратын құрал ретінде таниды

(жұмыс 1958 жылы орындалған, бұл елеулі орынға ие). Бірақ бұл мақсат екінші кезекке ығыстырылған, ал алғашқы мақсат – білім.

в) В. Граф, И. И. Ильясов және В. Я. Ляудистің есептеуінше, «өзіндік жұмыстар оқытудың дидактикалық формасы ретінде оқушылардың оқу әрекетін басқаруды қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайды ұйымдастыру жүйесі болып табылады. Оқу әрекеті оқытушының қатысуынсыз, оның тікелей көмегінің жүзеге асады». Егер оқу әрекеті – субъектінің танымдық әрекетінің ерекше түрі екендігін ол интеллектуалды дағдылар мен біліктер, білімдер жиынтығын игеру мақсатында орындалатынын ескерсек, бұл анықтаманың дидактикалық мәнді талдауында автордың студенттерді басқару объектісі ретінде қарайтындығын көруге болады, мұнда студенттердің өзіндік жұмысы оқытудың дидактикалық формасы ретінде көрінеді, яғни білімді тасымалдау, жеткізу формасы студенттердің әрекеті – басқарылатын әрекет, бұл студент әрекетін шектеу мүмкіндігі бар екендігін білдіреді, бұдан басқа оның басты мақсаты – білім игерумен байланысты да көрінеді. Байқағанымыздай, студенттердің өзіндік жұмысының мақсаты мен мазмұны бұл анықтамада дәрісханалық сабақтардан айырмасыз берілген.

Л. И. Рубинский және И. И. Кобыляцкий студенттердің өзіндік жұмысын аудиториядан тыс оқу әрекетіне жатқызады: «Кейбір оқыту әдістері аудиториядан тыс оқу әрекетіне жатқызылады. Бұл әдістер студенттің толықтай дербестігі аудиториялық сабақтар мен консультациялар беру жүйесі арқылы (міндетті және қосымша әдебиеттерді өз бетінше оқу, түрлі жазбаша тапсырмаларды, бақылау жұмыстарын орындау, реферат жазу, ғылыми баяндамалар мен хабарламалар дайындау) жүзеге асады, ал оқытушының жетекшілік рөлі жанама сипатта болады.

Бұл кезде өз бетінше жұмыс жасау дағдысын меңгермесе өзіндік жұмыстар процесін жетілдіруге тұрақты түрде ұмтылыс жасамаса ол жас маманның қазіргі заманғы ғылым мен техниканың дамыған кезіндегі кәсіби әрекетіне әсер етеді». Бұл анықтамада мынадай қарама-қайшылық бар: біріншіден, автор студенттердің өзіндік жұмысын оқу әрекетінің кейбір түріне жатқызады. Әрине, әрекет пен оқыту әдісін теңестіру дұрыс болып саналмайды. Студенттердің жұмыс объектілері дәстүрлі және «білімді жетілдіруге» бағытталған. Осылайша, студенттердің өзіндік жұмысының мақсаты дәстүрлі,

ал оның мәні оқу процесін нақты ұйымдастыру формасына сай келеді. Сол сияқты авторлардың «өзіндік жұмыс дағдыларын» қалыптастыру туралы пікірлері де өте маңызды деп саналады.

Студенттердің өзіндік жұмысының кеңірек ашылған түсінігі А. В. Петровскийдің оқу құралындағы мынадай толықтырулармен сабақтасады: «өзіндік жұмыстар ең алдымен, оқу жұмыстарының барлық түрлерін аяқтайды. Өзіндік оқу әрекетінің объектісіне айналмаған қандай да бір білім адамзат жетістігі болып саналмайды». Көріп отырғанымыздай, мұнда да студенттердің өзіндік жұмысы – білім алу құралы. Бірақ одан әрі ой былайша өрбиді: «Өзіндік жұмыстар тек қана практикалық маңыздылыққа ие емес, сонымен бірге үлкен тәрбиелік мәнге ие: ол белгілі бір дағдылар мен біліктердің жиынтығын дербес қалыптастыру ғана емес, ол жоғары біліктілікке ие мамандардың қазіргі тұлғалық құрылымында маңызды роль атқаратын мінез негіздерін қалыптастырады». Өзіндік жұмыстар оқу жұмыстарының түріне жатады, соған сай оның мақсаты да аудиториялық сабақ мақсатындай болып қала береді, яғни білім игеру. Мұнда студенттердің өзіндік жұмысы – бұл білімдерді игерудің арнайы құралы және тұлғалық құрылым ретінде дербестікті қалыптастырады. Бірақ бұл дербестікті қалыптастыру жолын ашып көрсете алмайды.

Жоғарыда келтірілген және басқа да студенттердің өзіндік жұмысының анықтамаларын жалпылай отырып, В. А. Казаков оған сай келетін мына сипаттарды санамалап көрсетеді.

1) Студенттердің өзіндік жұмысы оқу жұмыстарының «ерекше» түріне жатады;

Студенттердің өзіндік әрекеттері оқушының тапсырмасына сай жүргізіледі, яғни бұл әрекеттер тізімі тапсырма мазмұнына тәуелді;

Дербестік бұл – белгілі бір біліктер мен дағдылардың жиынтығы;

Студенттердің өзіндік жұмысы – оқу процесінің ұйымдасқан формасы;

Студенттердің өзіндік жұмысының негізгі мақсаты – студенттердің білімді игеруі.

Студенттердің өзіндік жұмыстарының дидактикалық аспектіде зерттелуі дидакт-ғалымдардың бұл проблеманы түрлі қырынан ашуына жағдай туғызды: өзіндік жұмыстар оқыту процесінде студенттердің танымдық әрекеттерін белсендіру жолдары ретінде (П. И. Пидкасистый), оқытуды саралау мен дербес оқыту формасы

ретінде (И. Унт), жоғары оқу орны мен мектеп жұмыстарындағы міндетті сабақтастық жағдай (А. Н. Алексюк, О. Г. Мороз) және т.с.с. ретінде қаралады.

И. П. Пидкасистый өзіндік жұмыстарды «оқу сабақтарының ерекше түрі» ретінде қарастырады. Бұл кезде өзіндік жұмыстар дидактикалық құбылыс ретінде екі жақсы сапаға ие: студенттің (әрекет объектісінің) оқу тапсырмасы және «есінің, ойлаудың, шығармашылық бейнелеудің оқу тапсырмасын орындау кезінде сай келетін әрекеттің формасы, ол ақыр соңында студенттің бұрын таныс емес жаңа білімді игеруін туғызады немесе алынған білімді әрекет аясына сай кенейтеді, тереңдетеді».

Автордың оқушының алған «білімі» дегенге көңіл аударғанын назарда ұстау керек. Мұнан әрі ой былай өрбиді: «Өзіндік жұмыстар оқу процесінде арнайы педагогикалық құрал ретінде оқушының өзіндік әрекетін басқару мен ұйымдастыруға қатысады, соған сай ол пәнді және ғылыми таным әдісін қамтиды». Мұнан И. П. Пидкасистыйдың негізгі концепциясы көрінеді: оқушы әрекеті оның қандай әрекетті игеретіндігіне байланысты дербес немесе дербес емес болуы мүмкін. Егер оқушы тапсырма орындауда бар мәліметтерді іріктеу арқылы техникалық операцияларды орындаса және «тапсырма шартына оны бейімдесе», онда бұл әрекеттер (бірінші топтағы) оқушының дербес емес әрекетін құрайды. Екінші топ әрекеті жалпы алғанда мынаған саяды: жаңа фактіні, құбылысты табу және оның сипаттамасын беру; фактілерді жүйелеу; өте белгілі нәрсенің басқаларға белгісіз тұстарын көре білу; фактілер мен олардың қызметтік сипаттамасы арасындағы байланысты таба білу; белгілі және жаңа анықталған фактілерді сабақтастыру; олардың практикалық әрекет аясына шығу жолын іздестіру; заттық (пәндік) байланыстар орнату, салыстыру, салғастыру, қарама-қарсы қою негізінде жалпылау көмегімен ғылыми фактілер мен олардың мәнін ашу жолын іздеп табу; өзгеріске түскен жағдайларда міндетті шешу; проблемалар қалыптастыру, жұмыс болжамын анықтау; шешім таңдау, шешімді бағалау; шешімді тексеру жолын іздеу т.б.

Екінші топ әрекетін құрастыратын негіз, әрекет, «оқушының дербес әрекеті» ретінде анықталады. Бұл әрекеттер құрамын талдау, олардың жиынтығын кез-келген ғылыми міндет шешімінің алгоритмі ретінде көрсетеді. Бұл жерде концепция авторы мынадай жағдайды нақтылайды: «оқушының өзіндік әрекетінің негізі

әрекеттің мақсаты, мазмұны мен әрекетті басқару мақсатының толық сай келуіне тәуелді». Сонымен қатар өзіндік жұмыстар – оқу құралы, әрі оқу-ғылыми таным формасы. Осылайша, И. П. Пидкасистыйдың еңбегінде өзіндік жұмыстар «дидактикалық құбылыс» ретінде қаралады, ол оқушының «оқу тапсырмасы» ретінде және оқу тапсырмасын орындаудағы ойлау әрекетінің көріну формасы ретінде де сипатталады.

В. А. Казаков бұл тұжырымдамасының негізі ретінде тапсырма мазмұндылығын атап көрсетеді. Сонымен қатар оқушылар өз дербестіктерін оқытушы берген тапсырманы орындау кезінде ғана көрсетеді және әрекет мазмұнының шегі олардың өздерімен де орындалуы мүмкін. Мұның бәрі тұлғаның қалыптасуын шектейді, өйткені мұнда дербес танымдық әрекетті жандандыру көзделеді. Біздің түсінігімізше, дербестікті тұлға кескіні ретінде қалыптастыру оқушының кең әрекет аясына енуін талап етеді. Ол «екінші топ» әрекеттерінің тізімін игеруге жоспарланғаннан да кең болуы қажет және тапсырма мазмұнын анықтайды. Жоғарыдағы талдаудан мынадай түйін түюге болады: П. И. Пидкасистыйдың жұмысында өзіндік жұмыстар дегеніміз – бұл оқушының тапсырманы орындауы. Оны орындаудағы оқушы әрекеті осы тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету жұмыстарын мұғалім ұйымдастырады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мақсаты дәстүрлі, яғни білім мен білікті игеру күйінде қалады. Бұл жол жоғары оқу орнында да, мектептерде де жүзеге асады, басқаша айтқанда қазіргі білім беру жүйесінің кез келген деңгейіне тән болып табылады.

П. И. Пидкасистыйдың «өзіндік жұмыстар» мен «дербес танымдық әрекет» түсініктерін тұтас қарастырған пікірлеріне талдау жасау қажет. Шынында да, егер оқушылардың өзіндік жұмыстарын дидактикалық құрал деп қарасақ, онда ол ақылды, саналы ой. Бірақ мынаны ескеру керек: П. И. Пидкасистыйдың түйіндеуінше, өзіндік әрекеттің басты міндетіне «екінші топтың» әрекеттері кіреді, оқушылардың өзіндік жұмыстары – мұғалім тапсырмасын мұғалімнің жетекшілігімен орындаудағы әрекетін ұйымдастыру құралы. Бұл қорытындыдан туатын ой: студенттердің өзіндік жұмысы мен оқушылардың өзіндік жұмыстарын қарастыру жолдарында айтарлықтай айырма жоқ. Студенттердің өзіндік жұмысына қатынас толығымен мектепке арналған дидактикалық еңбектерде қалыптасты.

Дидактика оқыту мен білім беру теориясы ретінде білім мақсаты, мазмұны, оқыту формасы мен әдіс-тәсілдері сияқты категорияларды енгізеді. Әрине, бұл категориялар жалпы білім беру кезеңдерінде бірдей бола алмайды. Жоғары мектепте адам тек жоғары біліктілікке ие мамандық алып қана шықпайды, сонымен қатар, қоғам талабына сай сипатқа ие тұлға ретінде қалыптасуы тиіс. Егер олай болса, студенттердің өзіндік жұмыстарының дидактикасы жоғары оқу орны мен мектеп оқушысының мінезіндегі жас ерекшеліктеріне сай айырманы, оқу үдерісіне сай жүзеге асыратын оқу мақсатын, формасы мен әдістерін т.б. ескеруі тиіс.

Шетелдік дидактиктер де «өзіндік жұмыстар» түсінігінің ерекшелігін ескеріп қабылдайды. Мысалы, ГФР-де өзіндік жұмыстардың мынадай қырларын бөліп көрсетеді: жанама оқыту, мұғалім жетекшілігінің жанамалық түріндегі оқушы жұмысы, мұғалімнің директивті жетекшілігімен тікелей оқыту; «тыныш жұмыс», оңашаланған және тыныштықта орындалатын өзіндік жұмыс, оқушының «еркін» ақыл-ой жұмысы. Бұл мақсатты және оған жету жолы оқушының өз таңдауымен сипатталады. Франция педагогтары «дербес жұмыс», «еркін әрекет» терминдерін қолданады, бұлар оқушы бастамасы мен қызығушылығын танытады. АҚШ дидактиктерінің бұл проблемадағы қарама-қайшы екі көзқарасын бөліп көрсетуге болады: мұғалімнің тиянақты жетекшілігімен оқыту; тәуелсіз оқыту, бұл кезде оқушы бағдарлама құқығына ие. Тұтастай алғандай шетелдік дидактиктердің оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру формасы мен мазмұнына қатысты түрлі ойларын қарастыруға болады.

Отандық және шетелдік педагогтар көзқарастарын ескере отырып, бұл педагогикалық проблеманы, яғни өзіндік жұмыстарды оқу жұмысының құралы есебінде қарастыруға болады және:

- 1) оқушыларға оқу тапсырмалары ұсынылады және оны орындауға нұсқау қоса беріледі;
- 2) жұмыс мұғалімнің тікелей қатысуынсыз, бірақ оның жетекшілігімен жүргізіледі;
- 3) жұмысты орындау оқушыдан ақыл-ой күшін жұмсауды талап етеді.

Бұл анықтамада өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру жағы ашылған, бірақ оның мазмұны қалыс қалған, жұмыс мазмұнында «ақыл-ой күшін жұмсау» қажеттігі ишара етілген, осы арқылы тапсырма мазмұны анықталады».

А. В. Петровский жетекшілігімен жүргізілген зерттеулерде СӨЖ ұйымдастыру барысында тұлға ұғымы төмендегідей үш ерекшелікті ескереді: **интратұлғалық, интертұлғалық және метатұлғалық.**

Интратұлғалық әдісте тұлға жеке тұлғаға тән, одан бөлінбейтін қасиет ретінде қарастырылады, дербестік тұлғаның болмысына тікелей қатысты деп есептеледі. Интертұлғалық әдіс дербестікті тұлғаның болмысынан бөліп, оны тұлға аралық байланыс кеңістігінде қарастырады. Метатұлғалық әдіс тұлғаны тек дербестік объектісі шеңберінен шығарып қана қоймайды, сонымен бірге тұлғаны басқа тұлғамен байланыста қарайды, сөйтіп оны басқа тұлғалардың болмыстық кеңістігіне енгізеді. Тұлға субъектісінің басқа тұлғаға әсері, сонымен бірге, субъектінің өзіне деген үлесі болып табылады. Бұдан тұлға қалыптасуының маңызды шарттарының бірі тұлғаны басқа тұлғалармен әртүрлі байланыста қарау болып табылатынын көруге болады, себебі тек тұлға аралық байланыстар арқылы ғана адамның өзіне «басқа адам» ретінде қарауы қалыптасады, бұл өз кезегінде тұлғаның өзіне басқаларға және басқа да әртүрлі құбылыстарға деген көзқарасын өз бетімен реттеуге мүмкіндік береді.

Сөйтіп, дербестіктің, оның ішінде танымдық дербестіктің басқа компоненті тұлға аралық қатынастар болып табылады.

Студенттер танымдық дербестігінің компоненттері

Авторлар танымдық дербестіктің басқа да әр түрлі компоненттерін атап көрсетеді. Біздің ойымызша, танымдық дербестіктің **мотивациялық, мазмұнды-операциялық және еріктік** компоненттерін бөліп қарастыру орынды болып табылады.

Мотивациялық компонент танымдық қажеттілік пен оны өз күшімен қанағаттандырудың маңыздылығы арасындағы қарама-қайшылықты түсіну негізінде пайда болатын әрекетке шақырумен сипатталады. Мотивациялық компонент борыш пен қызығушылық себептерінен тұрады.

Танымдық қажеттілік – белгілі бір заңдылықтардан тұратын ерекше қажеттілік, оның негізгілері мыналар:

1. қанағаттанбаушылық, яғни таным қорытындысына толықтай қанағаттану мүмкіндігінің болмауы;
2. қозғалыстық, яғни таным нәтижесінде емес, негізінен қозғалысқа бейімделу;
3. игі әсерлермен тығыз байланыс, яғни қуаныш, қызығушылық әсерлерімен байланыстың сақталуы.

Студент үшін танымдық қажеттіліктің жоғары деңгейі танымдық қызметтің мақсаттылығы болып табылады.

Мектеп бітірушілердің бір тобының өз қалауларымен педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері болмайтындығы, көп ретте ата-анасының тілегімен, әр түрлі жағдайларға байланысты, тіпті достарымен бірге болу үшін баратыны белгілі. Бұл олардың дәл сол кезеңде болашақ мамандығына деген тиісті қызығушылықтарының болмағандығын көрсетеді. Сондықтан студенттерге таңдаған мамандығына деген қызығушылық туғызу және тәрбиелеу өзекті проблема болып табылады.

Таңдаған мамандығына деген қызығушылықты дамытудың басты құралдарының бірі, теориялық және кәсіби бағыт беру. Студенттердің танымдық қызығушылығы артатындығын, қабылдауы тереңдеп және тұрақтап, назары жетіле түсетінін, абстрактылы ойлауға қабілеті артып, өмірге көзқарасы қалыптасатынын атап айтуға болады. Сабақ түрін таңдауда студенттердің танымдық мүмкіндігін ескеру керек. Танымдық қызығушылықты қалыптастыруға өз бетімен жұмысты әдеттегіден де кең қолдану мүмкіндік береді.

Кәсіби еңбекке ерте баулу кәсіби танымдық мотивацияның дамуына ерекше әсер етеді, ал бұл өз кезегінде студенттердің оқу барысында интеллектуалдық және ерік шарттарының жоғары деңгейін анықтайды.

Мұндай себеп табысты оқуға ғана емес, тұлғаның кәсіби дайындығының жоғары болуына да мүмкіндік береді. Оқу-тәрбие процесінің кәсіби бағытын жүзеге асыру төменгі курстардан бастап студенттер алдында кездесетін мамандыққа үйретуді тездетуге деген тілек пен фундаменталды ғылымдарды шыдамды үйрену қажеттілігі арасындағы қарама-қайшылықты шешу үшін керек. Студенттердің танымдық қызығушылығын дамытуға жоғары оқу орындарындағы лекциялар курсы мен практикалық сабақтар тақырыптарының мектеп пәндеріне сәйкес келмейтіндігі де әсер етеді. (Г. П. Медведев, В. Т. Фоменко).

Оқу және оқыту себептері проблемасын, оның ішінде оқушылардың оқу себептерін психология мен педагогика ғалымдары терең зерттеген (Ю. К. Бабанский, Л. И. Божович, П. Я. Гальперин, В. В. Давыдов, А. Н. Леонтьев, А. К. Маркова, С. Л. Рубинштейн, Г. И. Щукина, П. М. Якобсон, Е. Б. Ястребова және т.б.). Ғалымдардың көпшілігі себепті зерттеудің негізгі екі тобын атап көрсетеді: оқу-

танымдық қызметтің шеңберінен тыс түрі және танымдық түрі. Соңғы зерттеулер А. К. Маркованың жетекшілігімен жүргізілген оқу қызметінің себебін зерттеу нәтижесінде жүйеленген. Оның негізінде А. Н. Леонтьев қызметінің теориясы жатыр, мұнда себеп (мотив) қызмет құрылымының ішкі сипаттамасы ретінде қарастырылады.

Оқу белсенділігінің оқу қызметінің әр түрлі мазмұны мен әр түрлі компонентіне бағытталуы негізінде танымдық себептің (мотивтің) деңгейлері даяланды:

1. Жаңа білімді игеруге бағытталған оқу себебі (мотиви);
2. Білімді игеру тәсілдерін меңгеруге арналған бағытымен ерекшеленетін оқу-танымдық себеп (мотив);
3. Білімді игеру тәсілдерін тұрақты жетілдіруге бағытталған өз бетімен білім алу себебі (мотиви);

Е. Б. Ястребова өз зерттеуінде танымдық себепті (мотивті) осылай жіктеудің негізінде оқу қызметіне деген бағыт жатыр деп атап көрсетуге және оны жоғарыда көрсетілген деңгейлер негізінде жіктеу көп жағдайда студенттің оқу-танымдық қызметінің ерекшелігін көрсетеді дейді. Осының нәтижесінде студенттің танымдық даралығы дами түседі. Жоғары деңгей (өз бетімен білім алу себебі (мотиви)) тек өз бетімен білім алуға тұрақты талпынысты ынталандыратын жоғары оқу орындары жағдайында қалыптасуы мүмкін.

Сөйтіп білімді игеруге және оны меңгеруге талпыныс ретінде түсіндірілетін себепті компонентте А. Әбілқасымова негізгі танымдық себептердің төмендегі түрлерін атап көрсетеді:

1. Білім алу себебі;
2. Білімді игеру және оны меңгеру тәсілдерінің себебі;
3. Өз бетімен білім алу себебі.

Әлеуметтік себепті басқа топқа жатқызады (кең әлеуметтік және тұлғалық себеп, әлеуметтік ынтамақтастық себебі). А. К. Маркованың пікірінше, ол оның басқа адамдармен қарым-қатынасқа бағытталуы. П. М. Якобсон мұндай себепті теріс (жағымсыз) деп атайды. Көптеген ғалымдар бұл терминмен келіспейді, себебі, мұндай мотивация студенттің оқуға деген ынтасын белгілі бір уақыт арасында ынталандыруы мүмкін, сөйтсе де мұндай тұрақты мотивация жоғары оқу орындарында жиі кездеспейді: себептің бұл тобын А. Е. Әбілқасымова жағдайлық деп атайды.

Танымдық себептің жетекші ролін ескере отырып, мотивациялық компонент құрылымының негізгі көрсеткіші соңғысының

бағыттылығы деуге болады, осыған сәйкес төмендегідей деңгейлерді атап айтуға болады:

1. танымдық себеп білімді игерудің артықтығымен көрінеді;
2. танымдық себеп білімді игеру мен оны меңгеру тәсілдеріне бағытталады;
3. танымдық себеп білімді игеру мен оны меңгеру тәсілдеріне бағытталады және оларды жетілдіреді; мұнда әсіресе, соңғысының жетекші рөлі ерекше болып табылады.

Мазмұнды-операциялық компонент. Екінші компонент оқу-танымдық қызметтің тәсілдері мен жетекші білім жүйесінен тұрады және жаңа білім мен шығармашылық тәсілдерін өз бетімен игеру шеберлігін анықтайды. Бұл компоненттің ерекшелігін анықтау үшін жоғары оқу орындары студенттерінің білім жүйесіндегі ерекшелік пен олардың оқу-танымдық қызметінің тәсілдерін анықтау керек. С. И. Архангельский жоғары білім мазмұнының үш компонентін атап көрсетеді. Біріншісі – ғылымның қазіргі деңгейін анықтау; екіншісі – дамып келе жатқан ғылым мен техниканың жаңа мазмұнын анықтау; үшіншісі – ғылым мен техниканың алдағы даму деңгейін анықтау. Бірінші компонент ғылымда қалыптасқан және практикада қолданылатын білім мазмұндарынан тұрады. Ол алдымен төменгі курстарда оқытылатын фундаменталды ғылымдар мазмұнын құрайды, кейін екінші және белгілі бір деңгейде үшінші компоненттердің рөлі артады. Сөйтіп студенттің білімін саралау жүйесіне жоғары оқу орындарындағы ғылыми-техникалық дайындықтың негізі болып табылатын фундаменталды ғылымдардан алынған білім, теория мен тәжірибеде тексеруден өткен ғылым мен техникалық тұрғыда дайындығының жайы да ескерілуі керек. Студент білімінің жүйесін фундаменталды теориялық білімдер мен кәсіби дайындық жағдайындағы практикалық білім жиынтығы ретінде анықтауға болады.

Студенттердің басты білімдерін жүйелеу негізінде танымдық дербестіктің оперативтік жағы қалыптасады. Шеберліктің үш тобын атап көрсетуге болады: интеллектуалдық оқу еңбегі және әлеуметтік (пәндік) шеберлік. Бұл шеберліктерді меңгерудегі белгілі бір деңгейі танымды дербес дамытуға мүмкіндік береді. Әрине, мұндағы жетекші рөлді интеллектуалдық шеберлік алады және ол ақпаратты қабылдау мен өңдеуге мүмкіндік береді. Олардың құрылымдық деңгейі жалпы танымдық дербестікті дамытуда маңызды рөл атқарады.

Білім тәсілдерін талдай отырып, әр түрлі зерттеушілер интеллектуалдық шеберлікті әр түрге бөліп қарастырады. Мысалы, Ю. К. Бабанский оқу-интеллектуалдық шеберлік тобына өз шығармашылығын көрсете білу, ақпаратты зейін аудара қабылдау, рациональды есте сақтау, оқу материалын логикалық жағынан ұғыну, проблемалық танымдық міндеттерді шешу, өз бетімен жаттығулар орындау, өз бетімен талқылауды жүзеге асыру сияқтыларды жатқызады.

Сөйтіп, интеллектуалдық шеберлік шеңбері кеңейе түседі, бірақ мұндағы басты орын ойдың түйінін, негізін көрсете білуге беріледі.

Ойдың түйінін көрсету студенттік кезеңнің ерекшелігімен анықталады. Б. Г. Ананьевтің көрсетуі бойынша, бұл кез интеллект пен қабілеттің қарқынды дамуымен ерекшеленеді, сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы оқу-танымдық жұмыстардың ерекшеліктеріне де байланысты. Шынында да, ғылым логикасына сәйкес құрылған және теориялық, әдістемелік білімдерден тұратын жоғары оқу орындары пәндерін игеру студенттің жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде білімді қарым-қатынастың жоғары деңгейінде меңгеруге, теориялық және қолданбалы проблемаларды шешу арқылы негізгі ойды бөліп көрсету мүмкіндігін шешуге негіз болады. Осылардың бәрі студенттер білімінің тереңдігімен және кеңдігімен ерекшеленеді.

Танымдық дербестіктің құрамына кіретін жалпы оқу шеберліктерін анықтауда зерттеушілердің көпшілігі Ю. К. Бабанскийдің ұсынған оқу-ұйымдастыру шеберлігінің жіктелуі мен М. П. Кононенконың ұйымдастыру шеберлігін талдауға көзқарасын негізге алады.

Кез-келген шығармашылықтың түрлерін, оның ішінде танымдық шығармашылықты ұйымдастыруда мақсатты қоя білу мен міндеттерді анықтау бірінші орынға шығады. Мұнда біз мақсатты қоя білу шеберлігі мен танымдық шығармашылық міндеттерін анықтау қажеттілігін бөліп көрсету керек деп есептейміз. Бұл жерде оқу-танымдық қызметінің сипаты дайын мақсатты қабылдауды қажет ететін студенттер үшін ғана емес, сондай-ақ сұрақтың дұрыс қойылуын қажет ететін студенттер үшін қажет, себебі мақсатты қоя білу шығармашылықтың табысты өтуіне мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, қойылған мақсатқа сәйкес танымдық қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыру жоспарын жасауға қажетті шеберліктерге

жұмыс кезеңін анықтау, уақытты білу, мақсатты орындауға арналған құралдар мен жолдарды тандауды жатқызуға болады. Бұл шеберліктер мақсатты қоя білу шеберлігімен тығыз байланысты.

М. П. Кононенко көзқарасына сәйкес өзіндік бақылау шеберлігін танымдық шығармашылық барысын бақылау және танымдық шығармашылық нәтижесін бақылау деп екіге бөлуге болады. Біріншісі жұмыс барысын байқауды қажет етеді, яғни дайындалған жоспарға сәйкестігі қаралып, жоспардан қалушылық пен жоспардың орындалмау себептері анықталады және қажетті өзгерістер енгізіледі. Екінші жағдайда танымдық шығармашылықтың қорытындысын тексерудің адекватты түрлерін қолдану шеберлігі қаралады. Бұл жағдайда өзін-өзі бақылауды танымдық қызметтің шеңберінен шығатын және интеллектуалдық шеберлікке жақын икемділік деп айтуға болады. Бұл жерде өзін-өзі бақылауды танымдық шығармашылықтың белгілі бір түрін орындаудың сапалық жағын бақылауға арналған белсенді қондырғы деп тануға болады. Студент үшін әртүрлі практикалық тапсырмаларды шешуде қолданылатын теориялық білімде өзіндік бақылаудың маңызы зор.

Жалпы оқу-танымдық қызметтің өзін-өзі басқару негізі болып табылатын студенттердің жалпы оқу шеберліктері басқа сапалық деңгейде тұр. Жоғары оқу орындарындағы оқу-танымдық шығармашылық студенттердің өз бетімен жұмыс істеу мүмкіндігінің жоғарылығымен ерекшеленеді, әсіресе ол ұйымдастыру мәселесіне қатысты. Әсіресе, өз бетімен жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігінің жоғарылығымен ерекшеленеді. (Мысалы, семестр кезінде әр түрлі пәндер бойынша өз бетімен жұмысты жоспарлау). Бұл өз кезегінде нақты пәндік негізге бағынбайтын танымды жоспарлауды дамыту үшін жағдай жасайды. Студенттердің өзін-өзі бақылау шеберлігі басқа қалыпта көрінеді. Оқытушы тарапынан бақылау көлемі курстан курсқа өткен сайын азая түседі де, кейін өзін-өзі бақылау студент шығармашылығын кең көлемде қамтуы тиіс. Екінші жағынан, өзін-өзі басқару функцияларын кең көлемде, тұрақты жүргізу қажетті шеберлікті орнықты түрде қалыптастырады.

Сонымен, студенттердің жалпы оқу шеберлігі оқушыларға қарағанда жоғарырақ тұрақтылығымен сипатталады.

Шеберліктің үшінші түрі жеке пәндер бойынша сабақ үстінде қалыптасады. Оның жиынтығы білімнің жеке салаларын өз бетінше игеруге мүмкіндік береді. Олардың жалпы оқу шеберлігіне қарағанда

ауыстыруға қабілеті төмен, бірақ білімнің жақын салаларында кеңірек қолданылады.

Сөйтіп, студенттің танымдық дербестігінің операциялық жағы басқа сапалық деңгеймен ерекшеленеді (тереңдігімен, оқу-танымдық шығармашылығына кіретін тәсілдерінің тұрақтылығымен және тасымалдауға қабілеттілігімен), мұның барлығы интеллекті дамуының жоғары деңгейімен және студенттің оқу-танымдық қызметінің ерекшелігімен байланысты.

Оқу-танымдық қызметтің бұл тәсілдерінде негізгіні бөліп көрсету шеберлігі маңызды рөл атқарады, оны танымдық дербестіктің операциялық жағы үшін жүйе туғызушы фактор деп есептеуге болады. Бастыны бөліп көрсетудегі шеберліктің қалыптасуы операциялық жақтың дамуының негізгі көрсеткіші болып табылады. Ол ақпараттың басты идеясын қабылдау мен жаңғыртуда, оқу-танымдық шығармашылықтың негізін анықтауда көрінеді және бұл қызметтің мақсатын айқындауға мүмкіндік береді. Операциялық жақтың қалыптасқандығының қосымша көрсеткіші оқу-танымдық қызметтің мақсатына сай жұмысты жоспарлау шеберлігі және жұмыс мақсатын, оқытылатын материалдың ерекшелігін ескере отырып, дербес бақылауды жүзеге асыру шеберлігі болып табылады.

Аталған көрсеткіштерге сәйкес танымдық дербестіктің операциялық жағының қалыптасу деңгейіне төмендегідей сипаттама беруге болады.

Бірінші деңгей: студент ақпараттың негізгі идеясын ашпайтын қосалқы суреттеме ақпаратты қабылдайды және жаңғыртады. Өзінің оқу-танымдық қызметінде негізгіні көрсете алмайды, сондықтан мақсатты нақты қоя алмайды. Жоспарлауда қойылған мақсатқа байланыссыз жүзеге асырады. Бір текті бақылау түрлерін оқылған материалдың ерекшелігі мен жұмыс мақсатын ескермей пайдаланады, өз бетімен бақылауды көп қолданбайды. Екінші деңгей: студент ақпараттың жалпы мазмұнын қабылдайды, негізгі идеяны, оны толықтыратын және бөлшектейтін жағдайлар арқылы жаңғыртады. Алдағы оқу-танымдық қызметтің негізін бөліп көрсетеді және сол негізде мақсат қояды, бірақ оның міндеттерін нақтыламайды. Мұның бәрі құрастырылған жоспардың толық еместігінен көрінеді. Студент мақсатты өз бетімен бақылауда ескеруге тырысады, бірақ ол әрқашан дәйекті емес; дербес бақылауды түрлендіруге талпынады, бірақ оқылған материалдың

ерекшеліктерін әрқашан ескере бермейді. Үшінші деңгей: студент ақпараттық мәліметтің басты идеясын қабылдайды және жаңғыртады. Алдағы оқу-танымдық қызметтің негізін анық түсініп, соған сай мақсат қойып, оны әрі қарай бірізділікпен ашады. Толық жоспар құрып, оны іске асыру барысында өзінің іс-әрекетін алдына қойған мақсат-міндетіне сай өзі бақылап отырады.

Ерік компоненті. Егер зерттеуші белгілі бір жетістікке жету үшін ерік-күшін жинамаса, білімді игеруге деген ұмтылыс пен қалыптасқан шеберлік болса да өз бетімен танымға жету мүмкін емес. Сондықтан негізін танымдық қиыншылықтарды жетілдіру және сол қиындықтарды жеңу құрайтын ерік компоненті танымдық дербестіктің бөлінбес бір бөлігі болып табылады. В. И. Селиванов көрсеткендей «орындаудағы қиыншылықтарды жеңе білу шеберлігі – тұлғаның еріктік дамуын бағалау үшін негізгі критерий».

Танымдық дербестіктің ерік компоненті алдыңғы екеуімен тығыз байланысты, әсіресе мотивативті компонентімен байланысты, себебі олардың негізінде қажеттілік жатыр – ол адам белсенділігінің негізгі қайнар көзі. Ерік негізі адамды әрекетке шақыру қажеттілігінде жатыр. Мұнда жалпы негіз – қажеттілік – мотивативті және ерік компоненттерінің эмоциясымен (қызбалықпен) байланысын анықтайтынын атап айтуға болады, себебі бұл соңғы екі компонент, сонымен қатар қажеттіліктің белсенді бөлігін көрсетеді. Эмоция қажеттілік қанағаттанған және қанағаттанбаған жағдайда пайда болады, олар сонымен қатар адам қызметін реттегіштердің бірі ретінде де, оның ішінде танымдық реттегіш ретінде көрінеді.

Танымдық дербестіктің ерік компонентін сипаттағанда біз тұлғаны ерік арқылы дамыту мәселесін зерттеушілердің пікірлеріне сүйенеміз. Әсіресе біз А. Н. Леонтьевтің шығармашылық теориясын, О. К. Тихомировтың және В. И. Селивановтың оқушыларды еркін тәрбиелеуге арналған зерттеулерін пайдаланамыз. Таным процесі әртүрлі қиындықтарды шешумен байланысты, осыған қажетті ерік күштерін жүзеге асыру тұлғаның өз танымдық қызметін мақсатты және сапалы реттеуді талап етеді. Еріктің болуы тұлға үшін маңызды мақсаттар мен міндеттердің барлығымен тығыз байланысты. Мақсат қоя білудің (адамның ерік тәртібінің бір түрі) тұлғаның ерік күшін жүзеге асыруда маңызы зор. Мақсат қою және оны жүзеге асыру – тұлғаның мақсатқа жету жолындағы әрі ерік-күшін анықтайтын кезең.

А.Н. Леонтьевтің шығармашылық теориясына сәйкес шығармашылықты ұйымдастыруда мақсаттың реттеуіштік қызметі субъектіге сырттан ене ме, әлде дербес ене ме дегенге байланысты. Таным – шығармашылықтың бір түрі болғандықтан танымдық қиындықты жеңудегі ерік күші танымдық қызмет мақсатын кім қоятындығына байланысты деп болжауға болады [Л. Н. Леонтьев].

В. И. Селиванов оқу-танымдық шығармашылықтың мақсат қойылымының үш вариантын көрсетеді:

1. Оқу-танымдық шығармашылықтың мақсатын оқытушы қояды (студенттермен бірге қоюы мүмкін). Студент бұл мақсатты формалды түрде қабылдайды, бұл ерік күші деңгейінің төмендігіне байланысты.

2. Оқытушы студенттің оқу-танымдық қызметін жүзеге асыру қажеттілігіне сәйкес тапсырманы немесе тақырыпты хабарлайды, ал студент осы негізде оқытушымен бірге немесе өзі дербес түрде мақсат қояды; мақсат қоюдағы дербестіктің үлкен бөлігі ерік күшінің жоғары деңгейін анықтайды.

3. Студент өзінің оқу-танымдық қызметінің мақсатын дербес анықтайды. Бұл өз бастамасымен жүргізілетін өз бетімен жұмыс (мысалы, өз бетімен білім алу). Бұл жағдайда ерік күшінің деңгейі өте жоғары.

Ерік күшінің сипатына әсер ететін екінші маңызды жағдай ретінде ғалымдар себептің маңызы мен күшінің артуына байланысты тұлғаның ерік күшін жинақтауға деген мүмкіндігінің де артатындығын айтады [В. И. Селиванов]. Тұлға мақсаты мен себебінің теңдігі әртүрлі болуы мүмкін. Бірінші жағдайда сырттан берілген (оқытушы берген) мақсат тұлғаның (студенттің) оқу-танымдық қызметінің себебімен сәйкес келмейді. Соның салдарынан мақсат – «қарама-қарсы себептер» пайда болады (оқытушы-студент) немесе студент оны оқытушы хабарлаған ақпараттар негізінде құрастырғанда пайда болады, сонда ғана мақсат пен себеп сәйкес келеді. Бұл жағдайда мақсат пен себептің табиғи байланысы бұзылмайды, ал бұл өз кезегінде соған жету жолындағы жұмыс түрлерін жүзеге асыруға тұрағы болады [О. Х. Тихомиров].

Үшінші жағдай субъектінің өз қажеттілігі нәтижесінде пайда болатын мақсатты өз бетімен қоюымен байланысты. Себептер – мақсаттар «пайда» болады [А. Н. Леонтьев], ол ерік күшінің жоғары деңгейіне мүмкіндік береді. Бұл деңгей алдымен дербес танымдық қызметке тән. Бұл деңгейде адамның ерік күшіне әсер ететін елес үлкен роль атқарады.

Жоғары оқу орнында оқу барысында «оқытушы-студент» байланысы әр түрлі деңгейде өтуі мүмкін. Студенттің осы процестің субъектісі болып қалыптасуы дербес оқу-танымдық қызмет деңгейінің өтуіне байланысты. Мақсат қоюда және сол мақсатқа жету жолында ақырындап алға жылжудағы дербестіктің әр түрлі үлесі танымдық шығармашылықты жүзеге асыру дайындығына да әсер етеді [С. В. Ястребова].

Танымдық дербестіктің ерік компонентін құрастыру деңгейін анықтау ерекше қиындық туғызады, себебі психологияда бұл проблеманың шешілу деңгейі тұлағаның ерік дамуының нақты критерийлерін табуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан студенттің оқу-танымдық қызметінде нақты көрінетін көрсеткіш ретінде А. Е. Әбілқасымова [сабақ үстіндегі толқынысты, жұмыстағы жүйелілікті, танымдық шығармашылықтың барлық түрлерін аяқтауға деген құлшынысты атап көрсетеді және ерік күшін қалыптастырудың төмендегідей деңгейін бөліп көрсетеді:

Бірінші деңгей: студенттің танымдық қиыншылықтарын жеңудегі ерік күші әлсіз; ол сабақ үстінде жиі алаңдайды, жұмысты аяғына дейін апаруға талпынбайды, алғашқы қиындықтарда-ақ тапсырманы орындаудан бас тартады, жұмыста жүйелілік пен дербестік көрсетпейді; тек семестр соңында ғана шұғыл түрде жұмыс істей бастайды;

Екінші деңгей: студенттің ерік күші көбіне мына жағдайда көрінеді: көптеген пәндер бойынша сабақ үстінде біршама жұмыс жасайды; көп жағдайда жұмысты аяғына дейін атқаруға талпынады, бірақ айтарлықтай танымдық қиыншылықтар кездескен жағдайда кейін шегінуге мәжбүр; семестр бойы жүйелі жұмыс жасауға тырысады, бірақ тек жұмысты тапсыру уақыты жақындаған кезде және семестр соңында жұмыс істеу қабілетін арттырады;

Үшінші деңгей: студенттің ерік күші танымдық шығармашылықтың барлық түрінде көрініс табады, жыл бойы барлық пән бойынша жақсы оқуға тырысады; кез-келген жұмысты аяғына дейін жеткізеді; семестр бойы жүйелі жұмыс істейді.

Осылайша танымдық дербестіктің өзара құрылымдық жағынан байланысты бөлім-компоненттерден тұратындығын анық байқауға болады. Компоненттердің әрқайсысының өзіндік атқаратын қызметі бар:

- мотивациялық компонент оқу-танымдық қызметке шақырады;
- мазмұндық-операциялық компонент оны жүзеге асырудың негізін жасайды;

- ерік компоненті оны аяқтауға мүмкіндік береді.

Әр компонент оқу-танымдық қызметтің белгілі бір кезеңін қамтамасыз етеді, бірақ олардың бірлігі студенттің тұлғалық қасиеті ретінде танымдық дербестікке сай емес, себебі соңғысы оның қызметіне оқу танымының деңгейінен асып кететін басқа сипат береді. Танымдық дербестік студент тұлғасының қасиеті ретінде танымдық қызметтің кез-келген түрінің табыстылығын қамтамасыз етеді, оның ішінде жаңғыртушылық, шығармашылық және практикалық тұрғыдан кәсіби қызметті игеру қасиеттері де бар.

И. Я. Лернер зерттеулерінің нәтижелеріне сүйене отырып, А. Е. Әбілқасымова танымдық дербестік жүйе болып табылатындығын, соған сәйкес тұлғаның интегралды қасиет екендігін көрсетеді.

Танымдық дербестіктің құрылымдылық деңгейін бөліп көрсету ерекше проблема болып табылады. Бұл бағытта талпыныстар да жоқ емес. И. Я. Лернер танымдық дербестіктің қорытынды жинақтау дәрежесінің критерийі негізінде 4 деңгейді бөліп көрсетеді. Н.А. Половникова 3 деңгейді атап көрсетеді: көшірмелі, жаңғыртушы-шығармашылық және конструктивті-шығармашылық, олардың әрқайсысына танымдық шығармашылық әдістерінің түрлерін игеру сәйкес келеді. Т. И. Шамова танымдық дербестіктің репродуктивті, жартылай іздеуші және зерттеушілік деңгейлерін бөлудің негізі бар деп есептейді. Соңғы екі көзқарас оқушылардың оқу процесіндегі репродуктивті және шығармашылық қызметтерінің ұйымдық бірлігін болжайды. Бұл өте бағалы, себебі танымдық дербестік деңгейі белгілі бір қызмет түрінің үлесімен анықталады. Деңгейлердің аталған иерархиялары, А. Е. Әбілқасымованың пікірінше, танымдық дербестікті емес, қызметті сипаттайды.


Танымдық дербестіктің құрылымдық деңгейінің компоненттерін таным себебінің бағыттылығы, білім игерудің саналылығы, қалыптастыру деңгейінің жоғарылығы, негізгі ойды көрсете білу шеберлігі, оқу-танымдық қызметті уақытында аяқтауға ұмтылу сияқты жетекші көрсеткіштерге сүйеніп жинақтауға талаптану кездеседі. Мұның барлығы мақсат пен себептің сәйкестігінің көрінісі болып табылады.

А.Е. Әбілқасымова үш негізгі (төменгі, орта және жоғарғы) және екі өтпелі деңгейді бөліп көрсетеді, себебі кәсіби дайындық барысында студенттің оқу-танымдық қызметінде шығар-

машылықтың өсуі тұрақты өтіп тұрады. Бұл жағдайда әрбір келесі деңгей алдыңғының элементтерін енгізеді. А. Әбілқасымова студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру барысында студенттің танымдық дербестігін дамытудың келесі моделін ұсынады.

Кесме 1

СӨЖ тапсырмаларын орындауда танымдық дербестілікті дамыту компоненттері



Бірінші (төменгі) деңгей студенттің білім алуға талпынысымен сипатталады. Бұл бағыт студенттің сырттан берілген оқу-танымдық шығармашылығының мақсатына сәйкес келмейді, соның салдарынан мақсат пен мазмұнның сәйкес келмеуі пайда болады да, ол оқу-танымдық қызметтің аяқталуына деген талпыныстың жоқтығына әкелді. Бұл білім мен шеберліктің деңгейіне әсер етеді; қызметтің репродуктивті сипаты танымдық шығармашылықты жоғары деңгейде меңгеруге мүмкіндік береді. Негізгі бөліп көрсету шеберлігі екінші дәрежедегі ақпаратты қабылдауда және алдағы оқу-танымдық қызметтегі негізгі ақпаратты көрсете алмауда көрінеді.

Төменгіден ортаңғыға өту деңгейі білімді игеру тәсілдерін меңгеруге тұрақсыз бағдардың пайда болуымен ерекшеленеді; соның нәтижесінде оқу-танымдық қызметтің мақсаттары мен себептері анық көрінбейді; білімді игеру, жаңғырту және үлгі бойынша пайдалану деңгейінде өтеді. Негізгі бөліп көрсету шеберлігі екінші дәрежедегі ақпаратпен қатар негізгі мазмұнды қабылдау мен жаңғырту кезінде және алдағы оқу-танымдық қызметтің негізін анықтауда көрінеді.

Орта деңгей танымдық қызметтің тәсілдерін меңгеруге бағдар жасауда қалыптасады. Нәтижесінде студент сырттан берілген оқу-танымдық шығармашылықтың мақсатын тез қабылдайды және оқу-танымдық шығармашылықты аяқтауға ерекше талпыныс жасайды. Меңгерілген білімді негізінен таныс алгоритм бойынша міндеттерді шешу үшін жаңғыртып қолданады. Өз бетімен білім алуға қызығушылық көрінеді. Ақпарат пен алдағы оқу-танымдық қызметтің негізгі мазмұнын қабылдайды және жаңғыртады.

Ортадан жоғарыға өтудегі өтпелі деңгей танымдық қызмет тәсілдерін жетілдіруге тұрақты бағдарланумен сипатталады. Студент жүйелі түрде өз бетімен білім алуға ұмтылады. «Мақсат-себептің (мотив)» қайта бағдарлауы жүреді, бұл өз кезегінде байыпты танымдық қиыншылық болса да оқу-танымдық қызметті аяқтауға талпынысты анықтайды. Игерілген білімді басқа жағдайларда шығармашылық сипаттағы міндеттерді шешуде қолданады.

Жоғары деңгей білімді игеру тәсілдерін жетілдіруге деген тұрақты бағдармен сипатталады. «Мақсат-себеп (мотив)» тұрақтылығы танымдық қиыншылықтың деңгейіне қарамастан кез-келген оқу-танымдық қызметті аяқтауға талпынысты анықтайды.

Меңгерілген білімді студент кез келген түрдегі міндеттерді шешуде қолдана алады. Оқу-танымдық қызметтің кез келген түріндегі ақпараттың негізгісін қатесіз тауып, қабылдай алады.

Танымдық дербестік деңгейінің келтірілген иерархиясы А. Е. Әбілқасымованың тұжырымы бойынша, танымдық дербестіктің басқа түсініктемелеріне қарағанда дәлірек, бірақ тұлғалық білімнің барлық жағын қамтымайды. Оның «танымдық дербестік, әсіресе оның қалыптасуының жоғары деңгейінде студент еңбегіне дербестік сипат береді, интеллектуалдық ойлау нәтижесінде эмоционалды қанағаттанумен орайласатын ақиқатты шығармашылықпен іздеуді көрсетеді», - деген қорытындысымен келіспеуге болмайды.

Адам әрекетінің шығармашылық сипаты адамның табиғи шектеулі қабілеттерінің шегінен шығуға мүмкіндік беретіндігімен анықталады.

Адам әрекеті түрткімен (мотив), мақсатпен, құрылымы және құрамымен сипатталады. Адамзат әрекетінің түрлеріне мыналар жатады: қарым-қатынасқа түсу (әңгімелесу), ойын, оқу, еңбек.

Өзіндік психологиялық оқу әрекетінің теориясының қалыптасуы ХХ ғасырдың басында басталды. Оның негізін салушы ғалымдар оқу теориясының тың мәселелерін көтере отырып, «оқу әрекеті» түсінігін қалыптастырды.

Өзіндік жұмыстар мәні жағынан оқу әрекетінің формасы ретінде түсіндіріледі. Зерттеуші ғалымдардың психологиялық еңбектерінде өзіндік жұмыстарға түрлі сипат берілген.

Өзіндік танымдық әрекет мәселесі сонау антикалық кезеңнен бастап ғалымдарды толғандыра бастаған. Ежелгі Рим философтарының трактаттарында да осы мәселе туралы айтылған ойлар баршылық. Кеңестер Одағы кезеңінде де жоғары оқу орны студенттерінің өзіндік жұмысына ерекше көңіл бөлінді. 1937 жылы жоғары оқу орны оқытушыларынан студенттердің өзіндік жұмыстарына көмек көрсетуді талап ететін шешім қабылданды. Өткен ғасырдың 50-жылдарындағы ғылыми-техникалық даму факторларының әсері ғалымдардың студенттерді дамыту теориясына деген қызығушылықтарын арттырды. 60-жылдары танымдық дербестік пен танымдық белсенділік бірдей деп қаралғанымен, кейіннен бұл түсініктерді бөліп қарастыра бастады. Бұл туралы сол кездегі ғалымдар түрлі пікірлер айтты.

Өзіндік жұмыстар болмысы ғылыми еңбектерде әр түрлі ұғынылды, әр ғалым өзінше анықтама берді. Кейбір педагогтар

өзіндік жұмыс оқытушының қатысуынсыз орындалатын жұмыс деп ұқты. Алайда, өзіндік жұмыс студент үшін қандай роль атқаратынын, оның оқытушы үшін қандай қажеттілігі бары туралы мәселені ашып көрсете алмады.

Жоғары мектептің орта мектептен айырмашылығы тек мамандар дайындауы, оқу материалының күрделілігі мен көп көлемділігінде ғана емес, ең бастысы, шығармашылық бастамалылығына, студенттердің өзінділігіне (дербестігіне) негізделген оқу жұмысының әдістемесінде.

Өзінділік - адамның тұлғалық мінезінің ойлау жүйесімен, әртүрлі әрекеттері мен қылықтары арқылы көрінетін бір қыры, өзінділік түсінігі адамның алдына қойған мақсаттарын орындау үшін жолы мен құрал-жабдықтарды таңдаудағы тәуелсіздігі. Бірақ, мұндай тәуелсіздік тек шартты түрде болуы мүмкін, себебі адам әрекеттерінің барлық түрлері алдын-ала өзара байланысқа түсулі, және өте көп, әрқилы. Дегенмен, бұл - адамдардың практикалық әрекеттерінде, оқу немесе өндірістік жұмыстарында, ойлауында, олардың өздерінің еркі мен мінезін дамыта және басқара алуының арқасында өзіндік дәрежелерінің елеулі айырмашылығы болатынын жоққа шығармайды. Адамдардың бұл қасиеттері жоғары оқу орындарында мамандарды қалыптастыруда шешуші маңызға ие.

Жоғары оқу орынының ерекшелігі - жастарға бастама көтеруге, саналылық пен өзінділіктерін дамытуға жағдай туғызады. Жоғары оқу орнын таңдағаннан кейін болашақ студенттің ғылыми және кәсіби қызығушылықтары анықталған деп есептеуге болады. Жоғары оқу орнында ол өзі таңдаған ғылым саласына байланысты деректерге зейін қоя, ықыласпен ден қойып қабылдап, арнайы кітаптарды қызығушылықпен оқып, мақсаттылықпен «ғылыми қор» жинақтай бастайды.

Одан кейін, біршама уақыттан өткесін оқыған материалдарды, лекциялардың мазмұнын ой елегінен өткізіп, әртүрлі тәжірибелер нәтижесінде нақты мақсаттарға жеткеннен соң, студент өз жолын тауып, жеке өзіне тән мәнерге шығады және ол оқытушылардың жетекшілігімен, өз жолдастарының жұмыс әдістерін аңғарып, олармен бірігіп қиындық туғызатын мәселелерді талқылап, тәжірибе алмаса отырып өз әдіс-тәсілдерін жетілдіріп отырады.

Білімді өз бетімен іздеу - жоғары оқу орны студентінің еңбегіне тән негізгі қасиет. Осының өзі өз бетімен білім алу. Студент өз білімін оқу процесімен бірге, онымен тура байланыста, кейде белгіленген

бағдарлама мен оқулықтар арқылы, ал кейде одан ауытқып, пайда болған ғылыми және кәсіби қызығушылықтарға, бейімділігі мен қабілетіне, алдын-ала дайындығына, өз мақсаттары мен міндеттерін түсініп өз бетімен жұмыс істей алуына байланысты алдына қойған мақсатын кеңейтіп қосымша теориялық және практикалық материалдарды пайдалану арқылы жетілдіреді.

Неғұрлым студенттердің өзінділігі мен бастамалылығы көбірек көрініс тапса, соғұрлым оқу-тәрбие жұмысы нәтижелі болады, себебі олардың ғылыми дүниетанымдық көзқарасы қалыптасып, шығармашылық мүмкіндіктері жетіседі, білім, білік және жұмыс жасау тәсілдері белгілі бір жүйеге қалыптасады.

Студенттердің барлығы бірдей ынталы да саналы түрде білім алады десек, әрине, асыра айтушылық болар еді. Әр студент өзінің білімін жетілдіру, өзіндік жұмыс жүйесін өзі анықтап, өзі қалыптастырады. Студенттер арасында өз оқу мақсатын тар және біржақты түсінушілер де бар. Олар үшін барлық оқу жұмысы оқу жоспарымен, оқу бағдарламаларымен, соларда көрсетілген міндетті оқу жұмыстары мен жаттығуларын орындаумен шектеледі. Кейбіреулері оқуды үздік дипломмен бітіруі де мүмкін, бірақ дайындық сипаты бойынша олар таза орындаушылар ғана, және орта буын мамандарына сай, себебі өзіндіктері қажетті деңгейде дамымаған. Ал жоғары оқу орны болса өз бетімен шығармашылық жұмысқа қабілетті, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерімен, қазіргі деңгейдегі тәжірибелік және ғылыми-ізденіс әдістерімен қаруланған мамандарды дайындауға тиісті.

Студенттердің білім мен дағдыны игеруін қамтамасыз ететін барлық мүмкіндіктерді пайдалану керек. Студенттің әр қадамын қадағалап, семестр бойы ұсынылған әдебиеттердің міндетті түрде оқылуын талап ететін оқытушылардың әрекетін дұрыс деу қиын. Шындығында ондай бақылау мүмкін емес және тіпті оның қажеттілігі де жоқ, себебі студенттердің қарапайым дербестігін шектеп, оларды мектеп оқушылары деңгейіндегі оқу тәртібіне әкеп тірейді. Оқу үдерісінде студенттердің жеке басының өзінділігі мен жауапкершілігіне сүйену ештеңемен алмастырыла алмайды және осы тәсіл кеңінен қолданылуы керек.

Студенттердің өзіндік жұмыстарға ұмтылысын қамтамасыз ету оқытушылардың басты міндеттерінің бірі. Озық тәжірибелердің көрсеткеніндей, өзіндік жұмыс тек оқу процесін шығармашылық

негізде, барлық оқытушылар өзінің ғылыми және идеялық-теориялық деңгейін, оқыту әдіс-тәсілдерін үздіксіз жетілдіріп отырғанда ғана қажетті деңгейде жүзеге асады.

Ғылымның үздіксіз дамуынсыз, оқыту әдістемелерін жетілдірмейінше студенттердің өзіндік жұмысы да тез «түншығады», қайсыбір стандартқа айналады, ал бұл тәрбие мен білім берудің қауіпті «дерті».

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова Г. К., Исаева З. А. Педагогика для магистратуры. – Алматы: Қазақ туниверситеті, 2006.

2. Мынбаева А. К. Основы педагогики Высшей школы; учебное пособие. – Алматы, 2008. -156 с.

3. Исаева З. А., Мынбаева А. К., Садвакасова З. М. Активные методы и форма обучения в высшей школе. – Алматы: Қазақ университеті, 2006.

4. Мынбаева А. К., Садвакасова З. М. Инновационные методы обучения. – Алматы, 2007. – 284с.

5. Кредитная система обучения в вузе.- Алматы: Қазақ университеті, 2006,-180 с.

6. Педагогика ипсихология высшей школы.- Ростов-на-Дону: Феникс, 2002.-144с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Национальные системы образования: общая характеристика, структура. – Алматы: РОНД,2004.-160с.

2. Виленский М. Я., Образцов П. И., Уман А. И. Технология профессионально-ориентированного обучения в высшей школе. – М.: Российского пед. Общество, 2004.-192с.

3. Морева Н. А. Технология профессионального образования. –М.: Академия, 2005.-432с.

4. Бабанский Ю. К., Ильина Т. А., Жантекеева З. У. Педагогика высшей школы. – А – Ата,1986.

5. Архангельский С. И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы.-М.: Высшая школа, 1980.

6. Слатенин В. А., Исаев И. Ф., Ширяев Е. Н. Педагогика. – М.: Академия, 2002-576с.

7. Джуринский А. Н. Развитие образования в мире.-М., 2000.
8. Бордовская Н. В., Реан А. А. Педагогика учебн. Для вузов.-СПб.: Питер,2001-304с.
9. Гершунский Б. С. Философия образования XXI века. –М.: Изд-во «Совершенство»,1998-608с.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар

1. Кәсіби педагогикалық мәдениет ұғымына сипаттама беріңіз. Қалай түсінесіз?
2. «Педагогикалық мәдениет», «кәсіби педагогикалық мәдениет» бір ұғым па? Әлде? Түсіндіріңіз.
3. Студенттердің өзіндік және ғылыми-зерттеу жұмыстарына не жатады?
4. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы педагог шеберлігі неде деп ойлайсыз.
5. «Білімді өз бетімен іздеу» ұғымын қалай түсіндірер едіңіз?

Тест тапсырма

1. **Мұғалімнің өзін-өзі ұстауын, қарым-қатынас жасай білуін қамтамасыз ететін педагогикалық шеберліктің элементі қалай аталады**
 - А)кәсіптік білім
 - Ә)гуманистік бағыт
 - Б)педтехника
 - В)педагогикалық қабілет
2. **Басқаны тыңдай білу, сұрақтар қоя білу, сөзімен қызықтыра білу. Осының бәрі мынаған жатады :**
 - А)сөйлеу мәдениетіне
 - Ә)педагогикалық қарым – қатынас мәдениетіне
 - Б)жауап жоқ
3. **А. С. Макаренко тәрбиешінің жеке басына нақты талаптар қойған. Олар:**
 - А) Баламен сөйлесе білуі
 - Ә) Даму заңдарын түсіну

- Б) Білімін жетілдіру
- В) Мамандығын жақсы көру
- Г) Беделді болу

4. Шебер тәрбиеші болудың себебі

- А) Ғылымның дамуы
- Ә) Адамды өмірге дайындау қасиеттілігі
- Б) Тәрбие мақсатының өзгеруі
- В) Тәрбие маңызының артуы
- Г) Өз ісін терең білуі

5. Шебер тәрбиешінің негізгі қасиетінің бірі. Ол:

- А) Педагогикалық әдептілік
- Ә) Бала психологиясын білу
- Б) Жас ерекшеліктерін білу
- В) Балаларды сүю
- Г) Балаларды қадірлей білу

6. Тәрбиешінің шеберлігі нені қажет етпейді

- А. Талантты
- В. Педагогті жоғары оқу орындарында тәрбиелеу
- С. Педагогті үйрету
- Д. Теорияларды меңгерту
- Е. Өз мамандығын жақсы көру

4. ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАР

№1. Педагог шеберлігі, оның компоненттері:

Тәжірибелік тапсырма:

1. Болашақ мектептің мұғалімі қандай болу керек?
2. Мұғалім кәсіби бейнесін жасау:

Рангілеу	Бастауыш мектеп мұғалімі	Ағылшын тілі мұғалімі	Тарих пәні мұғалімі
1	Оқытушылық қабілет (әрі оқытушы, әрі тәрбиеші)		
2	Қоғамдық жауапкершілік		
3	Тәртіптілік		
4	Әділдік		
5			
6			
7			
8			
9			
10			

3. Г. Г. Воробьев «Школы будущего...» еңбегінде мұғалімнің үш қыры – тәрбиеші, ұйымдастырушы, дәріскер болуы керек дейді. Сіздер қалай ойлайсыздар?

4. Егер дәрігерлерше «Гиппократ анты» секілді мұғалім ант беретін болса, қандай ант берген болар едіңіз? Ұстанымыңыз?

5. Бұл мамандықты таңдаған себебің?

6. «Менің сүйікті мұғалімім» тақырыбына эссе жазыңыз.

7. Мұғалімнің таныстыру қағазын толтырыңыз.

8. Бала көзімен: мұғалімнің 20 қасиеті (рет-ретімен, бірінші орынға қандай қасиетін қояр едің? Екінші орынға ше?)

9. Мұғалімге дәл сипаттама беретін төмендегі адамдардың қайсысы деп ойлайсыз?

1. жақсы оқитын балалар;
2. Үлгермеуші оқушылар;
3. «Орташа» оқушылар;

4. Әріптестері;
5. Ата-аналары.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Синица И. Е. Педагогтік әдеп және ұстаздық шеберлік. – Алматы, 1987.
2. Зязюн И. А. Основы педагогического мастерства. – М., 1989.
3. Молдағалиев Б. А. Мектеп мұғалімінің анықтамалығы. – Орал, 2005.

Әдістемелік нұсқау: Берілген тапсырмаларға жазбаша анықтама беріңіз. Көрнекі педагогтардың шеберлігіне мысал келтіргенде, көрнекі педагогтардың аты-жөні, еңбегінің атауы, шыққан жылына сілтеме жасауды ұмытпаңыз. Педагогикалық шеберлік элементтері компоненттерін кестеге түсіріңіз.

№2. Шеберлік – педагог қызметінің биік деңгейі ретінде

Тәжірибелік тапсырма: Ұстаздық шеберліктің көрінісі, профессиограммасын атап, мысал келтіріңіз. Ұстаз туралы халықтың, кейбір ұлы адамдардың қанатты сөздеріне талдау. Бүгінгі ұстаздық қызметтің мақсаты мен міндеттерін атаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Мұхамбетжанова Ә. М. Мамандыққа кіріспе. – Орал, 2005
2. Шахуров Р. Х. Педагогтың шығармашылық өсуі. – М., 1995.
3. Мудрик А. В. Мұғалім: шеберлік пен шабыт. – М., 1986.

Әдістемелік нұсқау: Профессиограма ұғымының мәнін бірнеше әдебиеттер бойынша анализ жасаңыз. Өзіндік талдау жасау керек. Ұлы адамдардың қанатты сөздерін кестеге түсіріңіз. Бүгінгі ұстаздық қызметтің мақсаты мен міндеттерін белгілі құжаттар негізінде анықтаңыз.

№3 Мұғалімнің жеке басы және оның кәсіби-педагогикалық қызметтегі қалыптасуы

Тәжірибелік тапсырма: Мұғалімнің жеке басы ұғымының мәнін ашыңыз. А. С. Макаренконың мұғалімнің жеке басына қойылатын талаптарын анықтаңыз.

Педагогикалық қызметте қажетті негізгі дағдылар мен іскерліктерге сипаттама беріңіз және мысал келтіріңіз:

- мақсаттылық;
- зерттеушілік;

- құрастырушылық;
- танымдық;
- қарым-қатынас;
- реттеушілік;
- ұйымдастырушылық;
- бақылау-бағалау;
- болжау.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Макаренко А. С. Ұстаздық дастан.-М., 1989.
2. Рубинский Л. И. Мамандыққа кіріспе. Аударған Т. Айнабекова. Алматы, 1991

3. Абдуллина О. А. Мұғалімнің кәсіптік білім беру жүйесіндегі жалпы педагогиканың дайындығы. – М., 1990

Әдістемелік нұсқау: Берілген тапсырмаларға жүйелі жазбаша жауап дайындаңыз. А.С. Макаренконың мұғалімнің жеке басына қойылатын талаптарын талдап, өзіндік пікіріңізді қосыңыз.

№4 Педагогтың мимикалық және пантомимикалық мәнері

Тәжірибелік тапсырма: К. С. Станиславскийдің актерлік шеберліктің ішкі және сыртқы техникаларына талдау жасаңыз. Қарым-қатынастағы вербальды емес құралдардың рөлін ашыңыз. Педагогтың мимикалық және пантомимикалық мәнеріне қойылатын талаптарды анықтаңыз. Жас мұғалімдердің тәжірибесіндегі кедергілер және оны жеңу жолдары

Мақсаты: Өзінің не вербальдық ерекшелігін түсіну көмегі; жеке тұлғаның психикалық жағдайының іс-әрекетін түсіну; өзінің қарым-қатынасын не вервальдық әңгімелесу құралдары арқылы педагогикалық мақсатты жеткізе алу.

Жоспар 1) Теориялық білімді тексеру. 2) Не вербальдық әңгімелесу құралдары арқылы педагогикалық мақсатты берілген жаттығулар арқылы білімділігін арттыру. 3) Модельдеу. Ішкі монолог.

1. Теориялық білімді тексеру.

1) К. Станиславский ішкі, сыртқы актерлық шеберлік және шын сезім мен сезімнің көлемі.

2) Не вербальды қарым-қатынас рөлі.

3) Педагогтардың мимикасы мен пантомимикасына үлкен талап.

2. Өзінің не вербальдық іс-әрекетін анықтау үшін жаттығу.

Жаттығу мақсаты– ақырыппен жұмыс барысында мотивациялық жеке жұмысты күшейту.

1-жаттығу. Сәлемдесу. Жеке қарым-қатынасты жеткізе отырып, жолдастарымен не вербальды амандасу. Сараптама іс-әрекеті ойлау және қабылдау сәйкестігіне байланысты құралады.

2-жаттығу. Пәнді жеткізу. Бұл кімге ұсынылса, сол сәйкесінше әрі қарай жалғастыра беру керек.

3-жаттығу. Ойластырылған сөздер. Топ 2 тармаққа бөлінеді. Әр топ абстрактылы немесе белгілі бір затты бейнелейтін сөздер ойластырады. Бұл ойын не вербальдық іс-әрекет құралын анықтауға көмектеседі.

4-жаттығу. Терезелер. Бір-біріне қарама-қарсы сөздер. Бірақ, сіздің оған аса бір маңызды сөзді жеткізуіңіз керек. Бірақ, серіктеспен әңгіме мазмұны туралы келіспей отырып, шыны арқылы жеткізіп қана қоймай, жауап алуға тырысу керек. Сонымен қатар, ақпаратты жеке жеткізу үшін жеке қарым-қатынасты білуге эмоционалдық іс-әрекеттің әсеріне назар аудару маңызды.

5-жаттығу. Телетакт. Белгілі ойларға өзінің қарым-қатынасын жеткізу үшін өзінің ішкі сезімді телефон, теледидар, телеграф т.б. арқылы жеткізуге болады. Студенттер қол ұстасып, шеңбер құрады. Жүргізуші бір ақпаратты жеткізуге тырысады. Берілетін ақпарат жөнінде ойлай отырып, қол алысу арқылы жеткізуді талап етеді. Жүргізуші берілетін ақпаратты ойластырады, содан кейін сол ақпаратты қол алысу арқылы жеткізуге тырысады. Ақпаратты алған адам асықпай, қол алысу көршісіне жеткізеді, содан кейін сол ақпараттың берілуі жүргізушіге жеткенге дейін жалғасады. Жүргізуші ақпараттың түсінігінің қабылдануына келіседі немесе қарсылық білдіреді. Содан кейін әркәм кезекпен қабылданған және берілген ақпараттарын айтады. Берілген ақпараттың алынған, өзгертілген жерлері білініп, сарапқа түседі.

6-жаттығу. вербальдық емес іс-әрекет арқылы адамның эмоциялық іс-қимылын анықтау. В. А. Лабунский кітабында ұсынылған адамның қуаныш, қорқыныш эталондарын анықтауға болады. Оңай болуы үшін белгілі бір жағдайды елестету керек.

7-жаттығу. Эмпатия арқылы эмоциялық жағдайын анықтау. Суреттер беріледі. Берілген жағдайда өзінді қоя отырып, адамның

жағдайын түсіне білу. Якопсон кітабында берілген суреттерді пайдалануға болады.

8-жаттығу. Бұл кім? Топтағы бір студенттің алдын-ала не вербальдық мінез-құлқын жазу. Сабақ барысында кім екенін айтпай отырып, оқып беру. Топ өз арасында талқылап, кімге қатысты екенін білуге тырысады. Тапсырманы мұғалім мен оқушыны салыстыра отырып, қиындатуға болады.

9-жаттығу. Айналар. Студенттер жұптасып жұмыс істейді. Оның ішінде біреуі жүргізуші. Оның міндеті – берілген жағдай жөнінде құрастыру. Екіншісі оның бейнесі болып табылады. Айна тек қана аяқ-қолдың дененің қимылының өзгеруін көрсетіп қана қоймай, адамның көңіл-күйінің өзгеруін де көрсетеді. Мимикалық және пантомимикалық негіздерінің дамуының жаттығулары. Әуел баста жаттығу үшін азғантай тапсырмалар беріледі.

10-жаттығу. Сабақ барысында берілген тапсырманы сезім ретінде қабылдауға болады.

11-жаттығу. Жалпы мимикалық әсер ету. Жаттығу барлығына бір уақытта жүргізіледі. Берілген жағдайлар мұғалімдермен бірге отырып шешіледі: Сабақ басталды. Сіз стол басында отырсыз. Есік ашылды. Кіріп келген адамға назар аударады: – талапты түрде: «жылдам отыр»; – таң қалып: «күткен жоқпын»; – ызаланып: «басқаға назарыңды аудартып отырсың»; – сұрап: «бір нәрсе болды ма?»; – сынап отырып: «кедергі жасайсың»; – қуанышпен: «бітті-ау» т.б.

12-жаттығу. Жеке реакцияны көрсету. Алдыңғы жаттығуларға қарағанда бұл жаттығу аудиторияда орындалады. Ситуация жағдайы оңайтылған творчестволық қарым-қатынасты талап етеді. Студенттер кезекпен мұғалім рөлін ойнайды. Барлық топтың ішінде мақсатты топ таңдалып, аудиторияға таныстырылады. Тақтаға жазыңыз: – таң қалу: «Не болды?»; – сын айту: «Кім тағы жұмыс істей бастады?»; – үнсіз: «Мен тыныштық күтемін»; – ашу: «Бізде осындай маңызды шаруа болып жатқанда қалай шулауға болады?». Студенттер әсері тек сырттай болмас үшін ішкі сезімнің органикалық қарым-қатынасы ретінде студенттерге мұндай әсерді түсіндіруді ұсыну пайдалы. Таңдалған әсер ету нұсқасын, ойша сынып бейнесін толықтыру, өзінің ішкі сезімін монолог ретінде жеткізе біледі.

13-жаттығу. Ақпаратта жеке жеткізу. Студенттер жиі есептерді

үлестірмелер арқылы жеке орындайды. Үлестірмедегі берілген жұмыс: 1) Сіз сабақ басталуымен қанағаттаныңыз. 2) Сіз сыныпқа кіресіз. Бұл айқай-шу. Сіз мұны күтпегендіктен таң қалып тұрсыз. 3) Сіз сыныпқа кіресіз. Бұл сіздің сүйікті ұжымыңыз. Сіз сабақты жақсы өтесіз. 4) Сіз сыныпқа кіресіз. Бұл сыныппен жұмыс істеу әзірге қиын түсіп отыр. Сіздің бірінші мақсатыңыз оқушылардың басын біріктіру.

14-жаттығу. Невербальдық іс-қимылдың түсіндірмесі – бұл творчествалық деңгейінің бекітілуі. Студенттерге белгілі бір мектептерде әртүрлі жағдайлар туындағанда, өз ойымен шеше білу, жұптасып жұмыс істеу содан кейін аудитория қосылады. Мысалы, жағдай: «білімді тексеру».

3. Модульдеу. Ішкі монолог. Пән материалынан басқа бағытта кету жағдайына мұғалімнің көзқарасы. Бұл таң қалу және түсініксіз көзқарас, алынған жауаптарға қызығушылықпен қарау және болжау. Эмоциялық сезімнің негізгі механизмін анықтау болып – эмпатия сезімталдық болады. Монологты құрастырып, оны аудиторияға ұсыну. Оған дайындауға М. О. Кисбельдің әдебиеті көмектеседі. Студенттің қарым-қатынасы қоршаған ортаны тұрақты толыққанды түсіндіруді көрсетеді. Студенттің жұмысы олардың ішкі сезімдерін толыққанды жеткізе білу мен анықталады, ойша және сырттай кейіпкердің сезімін жеткізе біледі.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Сеница И. Е. Педагогтік әдеп және ұстаздық шеберлік. – Алматы, 1987.

2. Зязюн И. А. Основы педагогического мастерства. –М., 1989.

3. Шыныбекова Э. И. Ұстаздық қызметтегі педагогикалық этика. Алматы, 1987.

Әдістемелік нұсқау:

№5 Мұғалім сөзі ақпарат тарату құралы ретінде

Тәжірибелік тапсырма: Сөйлеу техникасы және педагогтың іс-әрекетіндегі оның рөлі. Фонационды дем алу ұғымына түсінік беріңіз. Дем алу түрлері. В. А. Сухомлинскийдің мұғалім сөзі мен оның тиімділігіне деген талаптары туралы.

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Сеница И. Е. Педагогтік әдеп және ұстаздық шеберлік. – Алматы, 1987.
2. Зязюн И. А. Основы педагогического мастерства. –М., 1989.
3. Шыныбекова Э. И. Ұстаздық қызметтегі педагогикалық этика. Алматы, 1987.

Әдістемелік нұсқау: әр бір сұраққа жазбаша жауап беріңіз.

№6 Мұғалім сөзінің мәдениеті мен техникасы

Тәжірибелік тапсырма: Сөз мәдениеті, оның элементтерін анықтаңыз. Сөздің лексикалық мәдениеті. Сөйлеу техникалары: дем алу, дауыс, дикция, ырғақ ұғымдарының мәнін ашыңыз. Педагог сөзін ары қарай жетілдіру жолдарын анықтаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Сеница И. Е. Педагогтік әдеп және ұстаздық шеберлік. – Алматы, 1987.
2. Зязюн И. А. Основы педагогического мастерства. –М., 1989.
3. Шыныбекова Э. И. Ұстаздық қызметтегі педагогикалық этика. Алматы,

Әдістемелік нұсқау: Бірнеше әдебиеттер бойынша бірнеше көзқарастарды салыстырыңыз. өзіндік қорытынды жасаңыз.

№7 «Мұғалім-оқушы» жүйесіндегі кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас

Тәжірибелік тапсырма: Педагогикалық қарым-қатынас мәнін ашыңыз. Мұғалім мен оқушы арасындағы кәсіби қарым-қатынастың маңыздылығына сипаттама беріңіз. Мұғалімнің оқушылармен педагогикалық қарым-қатынас стилін орнатудағы педагогикалық тактың рөлі.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Макаренко А. С. Ұстаздық дастан.-М., 1989.
2. Рубинский Л. И. Мамандыққа кіріспе. Аударған Т. Айнабекова. Алматы, 1991
3. Абдуллина О. А. Мұғалімнің кәсіптік білім беру жүйесіндегі жалпы педагогиканың дайындығы. – М., 1990

Әдістемелік нұсқау: Педагог пен оқушы арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығын нақты дәйектеме, педагогикалық идеялармен дәлелдей білуге тырысыңыз. «Мұғалім-оқушы»

жүйесіндегі басқарушы және басқарылатын қосымша жүйелерге сипаттама беріңіз. «Мұғалім-оқушы» жүйесіндегі мұғалімнің басқарушылық ролі немен анықталады?

№8 «Мұғалім-ата-ана» жүйесіндегі кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас

Тәжірибелік тапсырма: Мұғалім мен ата-ана арасындағы кәсіби қарым-қатынастың маңыздылығына сипаттама беріңіз. Ата-анамен мұғалімнің тіл табыса білу жолдарын анықтаңыз. Ата-ана бала, ата-ана мұғалім арасындағы қарым қатынас мәселелері бойынша педагогикалық жағдаяттар табу, құрастыру, шешу жолын табу

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Макаренко А. С. Ұстаздық дастан.-М., 1989.
2. Рубинский Л. И. Мамандыққа кіріспе. Аударған Т. Айнабекова. Алматы, 1991
3. Абдуллина О. А. Мұғалімнің кәсіптік білім беру жүйесіндегі жалпы педагогиканың дайындығы. –М., 1990

Әдістемелік нұсқау: Педагог пен ата-ана арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығын нақты дәйектеме, педагогикалық идеялармен дәлелдей білуге тырысыңыз. Теориялық материалдарды ашу барысында өз өмірінен, жақындарының өміріне немесе практика барысындағы бақылаулары бойынша нағыз мысалдар келтіру. А. С. Макаренко В. А. Сухомлинский еңбектерінен үзінділер пайдалану

Практикалық тапсырмаларды топқа бөлініп орындап өзара пікір алысу арқылы ашуға болады.

№9 Мұғалімнің педагогикалық әдептілігі

Тәжірибелік тапсырма: Әдеп, педагогикалық әдеп ұғымдарына анықтама беріңіз. Педагогикалық әдептің құрамды бөліктері: байқағыштық, ілтипаттылық, сенім, төзім және сабыр сақтау т.б сипаттама беріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Әдістемелік нұсқау: Теориялық материалдарды ашу барысында әдеп, әдептің компоненттерін кестеге түсіріңіз. Қолданылған еңбектің авторы, авторын, шыққан жылын жазуды ұмытпаңыз. Күнбе-күнгі оқыту процесі барысында педагогтік әдепке мысал келтіріңіз.

№10 Байқағыштық мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеті

Практикалық тапсырма: Байқағыштық қасиеті мұғалім үшін неге қажет. Дәлелдеңіз. Байқағыштық ұғымының мәнін ашыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер

Әдістемелік нұсқау: Берілген сұраққа тұжырымды, мазмұнды жауап жазуға дайындалыңыз. Байқағыштық ұғымының анықтамасын кестеге түсіріңіз. Қолданылған еңбектің авторы, авторын, шыққан жылы жазуды ұмытпаңыз

Зертханалық сабақтар:

1. Педагогикалық еңбектердің көрнекті шеберлері

Тапсырма:

«А. С. Макаренконың өмірі және педагогикалық қызметімен танысқаннан кейінгі менің ойларым» атты ауызша әңгіме құрыңыз. Қашан және қайда Макаренко есімін естідіңіз? Ол туралы әңгімені кімнен естідіңіз. Макаренконың өмірбаянынан сізге ерекше есіңізде қалғаны және неге? Не туралы ойлануға қадам жасатты?

Көрсетілген әдебиеттерді талдай отырып, А. С. Макаренконың педагогикалық қызметінің хронологиялық таблицасын дайындаңыз.

А. С. Макаренконың педагогикалық қызметінің кезеңдері	А. С. Макаренконың педагогикалық қызметі	Кезеңдердегі негізгі оқиғалар
1905-1911жж.	Крюковадағы екі класстық теміржол училищесіндегі халық мұғалімі	1905ж. Бірінші орыс революциясы. 1905ж. Бірінші Люботинский съезді
1911-1914жж.		

А. С. Макаренконың педагогикалық қызметіндегі оның ішінде («Педагогикалық поэма» еңбегіндегі) педагогикалық шеберлік элементтерін анализдеу.

Әдістемелік нұсқау: Ұсынылған әдебиеттерді талдай отырып бірінші сұраққа өз ойыңызды білдіріңіз. Екінші сұрақ бойынша кестені толтыруға тырысыңыз. Үшінші сұрақ бойынша әрбір педагогикалық қызметіндегі педагогикалық шеберлік элементтерін көрсетуге тырысыңыз. Төртінші сұрақ бойынша педагогтың

педагогикалық техниканы нақты *тәрбие міндеттерін шешуде қолданған шеберлігіне қорытынды жасаңыз.*

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Макаренко А. С. О моем опыте // Там же .-Т. 4.-С. 260-266
2. Макаренко А. С. Ұстаздық дастан.
3. Е. З. Балабанович, А. С. Макаренко. Человек и писатель.-М., 1963

2. Педагог техникасы. Өзіндік реттеу техникасының негіздері

Тапсырма:

1. Неге педагогқа өзін ұстай білу қажет?
2. Педагогикалық қызметте аутогендік жаттығудың рөлі және оның мәні.

3. Релаксация, өзін сендіру техникалары

Әдістемелік нұсқау: И. А. Зязюннің «Педагогикалық шеберлік негіздері» еңбегінің 93-95 беттеріндегі жаттығуларды орындаңыздар.

Ұсынылатын әдебиеттер:

Водейко Р. И., Мазо Г. Е. Как управлять собой. – Минск, 1983.

Леви В. Искусство быть собой. – М., 1977.

Чарный Б.М. Учитесь властвовать собой. – Пермь, 1984.

3. Мұғалімнің кәсіптік қызметіндегі педагогтік қатынастар

Тапсырма:

1. «Педагогикалық қарым-қатынас» тақырыбы бойынша сызба-конспект құрастырыңыз. Оны түсіндіріңіз.

2. Әдебиеттерден 5-7 педагогикалық өзара қарым-қатынастың түрлерін келтіріңіз, оның мәнін ашыңыз.

3. Педагогтың коммуниктивтік тәсілдері және оны дамыту жолдары

4. Педагог-шеберлер А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский, Ш. Амонашвили, Е. Н. Ильина, С. Н. Лысенковалардың тәжірибелерінен педагогикалық өзара әрекеттің бір тәсілін таңдаңыз.

Әдістемелік нұсқау: Екінші сұрақ бойынша бір ситуацияның көрсетуге дайындалыңыз. Төртінші сұрақ бойынша қалаған педагогтың еңбегінен бір тәсілді көрсетіңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Сухомлинский В. А. Сто советов учителю // Избр. Произв.: В5т. –Т.2.-Советы 53, 94-96.
2. Кан-Калик В. А. Учителю о педагогическом общении.-М., 1987.-С.122-137.
3. Натанзон Э. Ш. Приемы педагогического воздействия. –М., 1972.

4. Педагог этикасы педагог қарым-қатынасының негізін салушы элементтердің бірі

Тапсырма:

1. В. А. Сухомлинскийдің «Письмо о педагогической этике» еңбегін оқып сұрақтарға жауап беріңіз. Тыңдаушыңыздың негізгі себебін анықтаңыз? Вера Андреевнамен келісесіз бе? Оның орнында сіз не істер едіңіз?

2. Педагог этикасы туралы педагогикалық жағдаяттардан үзінді келтіріңіз.

Әдістемелік нұсқау: бірінші сұрақ бойынша өз пікіріңізді білдіріңіз. Екінші сұрақ бойынша педагогикалық жағдаяттарды жинақтап, альбом жасаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Поташник М. М., Вульффов Б. З. Педагогические ситуации.-М., 1983-С.76-94.
2. Сухомлинский В. А. Письмо о педагогической этике // Избр. Произв.: В5 т. –Т.5. –С.623-628.

5. Педагогтің өзара қызметтестігінің тәсілдері

Тапсырма:

Максаты, құралдары, нәтижесі бойынша педагогтік қарым-қатынастың стильдерін салыстырыңыз.

«Егер педагог бізден көмек сұрайтын болса, онда қандай ақыл-кеңес берген болар едік» тақырыбындағы пікір-таласқа дайындалыңыз. Қандай тәсілдерді қолданған болар едіңіз?

Әдістемелік нұсқау: Барлық сұрақтарға жүйелі дайындалыңыз. Қарым-қатынас стильдерін жан-жақты талдаңыз. Оны категориялары бойынша топтарға бөліңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Сухомлинский В. А. Сто советов учителю //Избр. Произв.: В5т. –Т.2.-Советы 53, 94-96.

2. Кан-Калик В. А. Учителю о педагогическом общении. - М., 1987.-С.122-137.
3. Натанзон Э. Ш. Приемы педагогического воздействия. –М., 1972.
4. Добрович А. Б. Воспитателю о психологии и психогигиене общения.-М., 1987. – С. 169-178.

6. Өзін-өзі тәрбиелеу - мұғалімдердің педагогтік шеберлігін қалыптастырудың бірден-бір жолы

Тапсырма:

1. Өзін-өзі тәрбиелеу ұғымы, оның мәні
2. Өзін-өзі тәрбиелеуі мен білім беру ісіне педагогикалық басшылық
3. Өзін-өзі тәрбиелеу мен өзіне-өзі білім беруге жетелейтін, әсер ететін факторлар.
4. ХХІ ғасыр мұғалімдеріне қойылатын негізгі талаптарды атаңыз.

Әдістемелік нұсқау: Әрбір сұраққа жазбаша жауап дайындауға тырысыңыз. әр сұрақты талдаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Е. Сағындықұлы. Педагогика. Алматы, 1999.
2. А. С. Макаренко. Менің педагогикалық тәжірибемнің кейбір қорытындылары. Шығармалар. 1960, 5-Т. 264-б.
3. Педагогикалық ізденіс. Алматы: «Мектеп», 1991.

ОСӨЖ тақырыптары:

1. Педагог қызметіндегі актерлік және режиссерлік шеберлік

Тапсырма:

1. Театральдық және педагогтік іс-әрекеттің жалпы психологиялық-педагогикалық белгілері
2. Педагог пен актердің кәсіптік іскерліктерінің айырмашылықтары
3. И. А. Зязюннің «Педагогикалық шеберлік негіздері» еңбегінің 74 беттегі №4 кестені талдаңыз.

Әдістемелік нұсқау: Бірінші және екінші сұраққа жазбаша жауап беріңіз. пікірталасқа дайындалыңыз. Үшінші сұрақ бойынша кестені аударып, қорытынды жасауға тырысыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Чехов М. Об искусстве актера. //Литературное наследие: В 2 т. – М., 1986.-С. 34-36
2. Кнебель М. О. Поэзия педагогики. –М., 1946.-С. 21-256.
3. Зязюн И. П. Основы педагогического мастерства. М., 1989.

2. Педагог-психологтың жеке тұлғасындағы кәсіби маңызды сапалығы

Тапсырма:

1. Не себепті ұстаздық қызмет әлеуметтік құбылыс.
 2. Мұғалім тұлғасының адамгершілікті-психологиялық сапалары педагогикалық тактың алғышарттары ретінде
- Әдістемелік нұсқау:* берілген сұрақтарға өз пікіріңізді білдіруге тырысыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Поташник М. М., Вульфов Б. З. Педагогические ситуации. -М., 1983-С.76-94.
2. Сухомлинский В. А. Письмо о педагогической этике //Избр. Произв.: В5 т. –Т.5. –С.623-628.

3. Педагог пен актер-аудиторияға жеке ерекше әсер етушілер

Тапсырма:

1. Педагогикалық техника компоненттері
 2. Педагог пен актерге тән жағдаяттарды келтіріңіз, педагог та, актер да халық адамы дегенді қалай түсіндіресіз?
- Әдістемелік нұсқау:* Өз ойыңызды аргументтеуге тырысыңыз. Жалпы педагог пен актер өмірінде кездесетін жайттардан мысал келтіріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Чехов М. Об искусстве актера. //Литературное наследие: В 2 т. – М., 1986.-С. 34-36
2. Кнебель М. О. Поэзия педагогики. – М., 1946.-С. 21-256.
3. Зязюн И. П. Основы педагогического мастерства. М., 1989.

4. Педагог-психологты дайындаудағы К.С.Станиславскийдің театрлық жүйесіндегі принциптері

Тапсырма:

1. К. С. Станиславскийдің сахналық шығармашылық ғылым ретінде жүйесінің ерекшеліктері

2. А. С. Макаренко жүйесіндегі К. С. Станиславский жүйесі ерекшеліктерінің көрінуі

3. Әдістемелік нұсқау: И. А. Зязюннің «Педагогикалық шеберлік негіздері» еңбегінің 76-77 беттеріндегі №5 кестені талдаңыз, түсіндіріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Станиславский К. С. Моя жизнь в искусстве // Собр .соч.: В 8 т.-М., 194.-Т.1.-С. 83, 90, 91, 94-95, 114-115, 118, 121, 126-127, 147, 156, 367-368, 370-371, 402-403, 404, 405-406, 408-409.

2. Макаренко А. С. Некоторые выводы из моего педагогического опыта. // Пед.соч.: В 8т. –Т.4.-С. 235-248.

5. Тәрбиешінің жұмыс барысындағы келіспеушілігі, стресстік жағдайы

Тапсырма:

1. Келіспеушіліктің типтері. Түрлері. Формалары
2. Келіспеушілікті шешудің тәсілдері
3. Келіспеушіліктің балаға әсері

Әдістемелік нұсқау: бірінші сұраққа жауапты мынадай кестеге түсіріңіз.

<i>Келіспеушіліктің типі</i>	<i>Келіспеушіліктің түрі</i>	<i>Келіспеушіліктің формасы</i>
<ul style="list-style-type: none">• <i>Продуктивті</i>• <i>Деструктивті</i>		

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Коджаспирова Г. М. Педагогика в схемах, таблицах и опорных конспектах. М., 2008

2. Зязюн И.А. Основы педагогического мастерства. – М., 1989.

6. Педагогтың мимикалық және пантомимикалық мәнері

Тапсырма:

1. К. С. Станиславскийдің актерлік шеберліктің ішкі және сыртқы техникалары

2. Педагогтің мимикасы мен пантомимикасына қойылатын талаптар.

Әдістемелік нұсқау: И. А. Зязюннің «Педагогикалық шеберлік негіздері» еңбегінің 102-103 беттеріндегі жаттығуларды орындауға дайындалыңыздар.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Станиславский К. С. Работа актера над собой. // Собр соч.: В 8т.-Т. 3.- С. 27-59.
2. Чехов М. Об искусстве актера. // Литературное наследие: В 2 т. –М., 1986.-С. 34-36
3. Кнебель М. О. Поэзия педагогики. – М., 1946.-С. 21-256.
4. Зязюн И. П. Основы педагогического мастерства. М., 1989.

7. Мұғалім сөзі ақпарат тарату құралы ретінде

Тапсырма:

1. Мұғалім сөзінің тиімділігінің жағдайлары
2. Сөйлеу қабілетінің компоненттері
3. Тыңдаушының зейінін басқара білу

Әдістемелік нұсқау: әр сұраққа жазбаша жауап беруге дайындалыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Коджаспирова Г. М. Педагогика в схемах, таблицах и опорных конспектах. М., 2008
2. Зязюн И. А. Основы педагогического мастерства. – М., 1989.

8. Мұғалім сөзінің мәдениеті мен техникасы

Тапсырма:

1. Сөйлеу техникасы және оның педагогикалық қызметтегі рөлі.
2. Сөйлеу техникасын дамыту жолдары.

Әдістемелік нұсқау: Фонационды тыныс алуды дамытуға арналған жаттығу түрлеріне мысал келтіріңіз. И. А. Зязюннің «Педагогикалық шеберлік негіздері» еңбегінің 121-125 беттеріндегі жаттығуларды орындауға дайындалыңыздар.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Василенко Ю. С. О голосе педагога. // Сов педагогика.-1972. -№7.-С.86-92.
2. Ножин Е. А. Основы советского ораторского искусства.-2-е изд., перераб.-М., 1981.

9. Мұғалімның кәсіптік қызметіндегі педагогтік қатынастар

Тапсырма:

1. Педагогикалық қарым-қатынас технологиясы
2. Педагогикалық қарым-қатынас орнатудың шарттары және технологиялық тәсілдері қандай
3. Өзіңіз таңдаған мамандықтың кәсіби қызметі дамуының бағыттары, сіздің ойыңызша, қандай болуы мүмкін?

Әдістемелік нұсқау: Берілген сұрақтар бойынша өз ойыңызды аргументтеуге тырысыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Сухомлинский В. А. Сто советов учителю // Избр. Произв.: В5т. – Т.2.-Советы 53, 94-96.
2. Кан-Калик В. А. Учителю о педагогическом общении. – М., 1987.-С.122-137.
3. Ильин Е. Н. Искусство общения. – М., 1988.
4. Натанзон Э. Ш. Приемы педагогического воздействия. – М., 1972.

10. Мұғалім – оқушы жүйесіндегі кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас

Тапсырма:

Оқушымен жеке әңгімелесудің жоспарын құрыңыз. Оның мақсатын, құрылымын, нәтижесін анықтаңыз.

Әдістемелік нұсқау: И. А. Зязюннің «Педагогикалық шеберлік негіздері» еңбегінің 286-288 беттеріндегі жаттығуларды орындауға дайындалыңыздар

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Мудрик А. В. Общение как фактор воспитания школьников. – М., 1984. – С.58,66-67,92.
2. Сеница И. Е. Педагогический такт и мастерство учителя. – М., 1983. – С.1148.

11. Мұғалім – ата-ана жүйесіндегі кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас

Тапсырма:

1. Мектеп пен отбасы бірлігінің негізгі формалары
2. Оқушының үйіне бару мақсаты, негізгі міндеттері
3. Ата-анамен әңгімелесуге қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптар

Әдістемелік нұсқау: Ата-анамен әңгімелесу тақырыптарын ойластырыңыз, әңгімелесудің түрін, тонын анықтаңыз. Ата-анамен кездесу барысында педагогқа отбасылық ерекшеліктерді қалай сақтау керек? Неге? Ойлаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Макаренко А. С. Воспитание в семье и школе. // Пед. Соч.: В 8т. – Т.4. – С. 287 – 314.

2. Капралова Р. М. Работа классного руководителя с родителями. – М., 1980. – С. 109-112.

12. Жас мұғалімнің педагогтің техникасының жетіспеушілігі

Тапсырма:

1. Жас педагогтардың тәжірибесіндегі кездесітін кемшіліктер және оларды жою жолдары

2. Болашақ педагогтардың өз сезімін басқара білу техникасы

Әдістемелік нұсқау: Ұлы педагогтардың еңбектерінен жас педагогтар үшін ақыл-кеңес, өсиеттерді жинастырыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Водейко Р. И., Мазо Г. Е. Как управлять собой. – Минск, 1983.

2. Леви В. Искусство быть собой. – М., 1977.

3. Чарный Б. М. Учитесь властвовать собой. – Пермь, 1984.

13. Педагогтың сыртқы көрінісі және авторитет сән және мұғалім

Тапсырма:

1. Педагог және мода.

2. Педагог беделі.

3. Педагог беделіндегі педагогтың сырт киімінің рөлі қандай?

Әдістемелік нұсқау: Әр сұраққа жазбаша жауап дайындаңыз үшінші сұрақ бойынша пікірталасқа дайындалыңыз. Материал жинастырыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Вершловский С. Г. Учитель о себе и о профессии. – Л., 1988.

2. Кондратенков А. В. Труд и талант учителя.: Встречи. Факты. Мысли. – М., 1989.

14. Мұғалімнің коммуникативтік білігі.

Тапсырма: Мұғалім қызметіндегі қарым-қатынастың маңызы неде? Қарым-қатынасты жүзеге асыру кезеңдері

Әдістемелік нұсқау: берілген сұрақтарға өз жауаптарыңызды аргументтеңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Сухомлинский В. А. Сто советов учителю // Избр. Произв.: В5т. –Т.2. – Советы 53, 94-96.

2. Кан-Калик В. А. Учителю о педагогическом общении. – М., 1987. – С.122-137.

3. Ильин Е. Н. Искусство общения. – М., 1988.

4. Натанзон Э. Ш. Приемы педагогического воздействия. – М., 1972.

Студенттің өзбетінше орындайтын жұмыстары

1. Мұғалімнің жеке тұлғасы – оның кәсіби қызметінің негізгі өзегі

Тапсырма: «Менің сүйікті ұстазым», «Мұғалім идеалы», «Қазіргі мұғалім... Ол қандай?» және т.б. тақырыпқа өз таңдауыңыз бойынша шығарма жазыңыз.

Әдістемелік нұсқау: Онда мұғалім тұлғасының әлеуметтік-адамгершілік, кәсіби-педагогикалық және танымдық бағытталу қасиеттеріне сипаттама беріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Сухомлинский В. А. Сто советов учителю // Избр. Произв.: В5т. – Т.2. – Советы 53, 94-96.

2. Кан-Калик В. А. Учителю о педагогическом общении.-М., 1987. – С.122-137.

3. Ильин Е. Н. Искусство общения. – М., 1988.

4. Натанзон Э. Ш. Приемы педагогического воздействия. – М., 1972.

2. Мұғалімнің кәсіби білімінің ерекшеліктері

Тапсырма: Педагогикалық қызметтің мұғалім тұлғасына әсері қандай? Ауыл мектебіндегі мұғалім қызметінің спецификасы неде?

Әдістемелік нұсқау. Қалаған тақырыбыңыз бойынша мәнжазба дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Сухомлинский В. А. Сто советов учителю // Избр. Произв.: В5т. – Т.2. – Советы 53, 94-96.
2. Кан-Калик В. А. Учителю о педагогическом общении. – М., 1987. – С.122-137.
3. Ильин Е. Н. Искусство общения. – М., 1988.
4. Натанзон Э. Ш. Приемы педагогического воздействия. – М., 1972.

3. Педагогтың сыртқы көрінісі және авторитет. Сән және мұғалім

Тапсырма: «Қазіргі мода және мұғалім» «Мұғалім қалай киіну керек?» «Мұғалімдердің сыртқы киімі сізге ұнай ма?» тақырыптарында шығарма немесе мақала дайындаңыз.

Әдістемелік нұсқау: Қалауыңыз бойынша бір тақырыпқа шығарма немесе мақала дайындауға тырысыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Вершловский С. Г. Учитель о себе и о профессии.-Л., 1988.
2. Кондратенков А. В. Труд и талант учителя.: Встречи. Факты. Мысли. – М., 1989.

4. Сөздік әрекеттің психологиялық құрылымы

Тапсырма: Мұғалім сөзі. Сөйлеу аппаратының құрылымы. «Қазір ертегі айтамын...» тақырыбында ертегі айтуға дайындалыңыз.

Әдістемелік нұсқау: Ауызша ертегі айтуға бар күш-жігеріңізді салыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Коджаспирова Г. М. Педагогика в схемах, таблицах и опорных конспектах. М., 2008
2. Зязюн И. А. Основы педагогического мастерства. – М., 1989.
3. Василенко Ю. С. О голосе педагога. // Сов педагогика. 1972. – №7. – С.86-92.
4. Ножин Е. А. Основы советского ораторского искусства. – 2-е изд., перераб. – М., 1981.

5. Педагогтың лекциялық сөз мәдениеті

Тапсырма: Дикция. Педагогикалық әрекеттегі оның мәні. Педагог дикциясының негізгі кемшіліктері және оларды шешу жолдары.

Әдістемелік нұсқау: Әр бір сұраққа жазбаша жауап дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Коджаспирова Г. М. Педагогика в схемах, таблицах и опорных конспектах. М., 2008
2. Зязюн И. А. Основы педагогического мастерства. – М., 1989.
3. Василенко Ю. С. О голосе педагога. // Сов педагогика.-1972. -№7.-С.86-92.
4. Ножин Е. А. Основы советского ораторского искусства.-2-е изд., перераб. – М., 1981.

6. В. А. Сухомлинскийдің педагог сөзіне қоятын талаптары жөнінде

Тапсырма: Әдебиеттерден В. А. Сухомлинскийдің педагог сөзіне қоятын талаптар туралы айтқан үзінділерінен жинақ жасаныз. Мысалы: «Для мудрого учителя его речь, общение с детьми-это и способ самовыражения, самораскрытия духовного богатства перед учениками»

Әдістемелік нұсқау: Үзінділерді талдап, оның мәнін ашуға тырысыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Коджаспирова Г. М. Педагогика в схемах, таблицах и опорных конспектах. – М., 2008
2. Зязюн И. А. Основы педагогического мастерства. – М., 1989.
3. Василенко Ю. С. О голосе педагога. // Сов педагогика. – 1972. – №7. – С.86-92.
4. Ножин Е. А. Основы советского ораторского искусства.-2-е изд., перераб. – М., 1981.

7. Психологиялық ұстанымдары, оның педагогикалық қарым-қатынастағы рөлі

Тапсырма: қарым-қатынас, оның ұстанымдары, рөлі.

Әдістемелік нұсқау: Бірнеше әдебиеттер бойынша әр бір ұғымға анықтама беріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Сухомлинский В. А. Сто советов учителю // Избр. Произв.: В5т. –Т.2.-Советы 53, 94-96.
2. Кан-Калик В. А. Учителю о педагогическом общении.-М., 1987.-С.122-137.

Ильин Е.Н. Искусство общения. – М., 1988.

Натанзон Э.Ш. Приемы педагогического воздействия. – М., 1972.

Мұғалімнің коммуникативтің білігі

Тапсырма: Коммуникативтік білік, коммуникативтік қабілет, коммуникативтік қарым-қатынас ұғымдарының мәнін ашыңыз, бір-бірінен айырмашылығын анықтаңыз.

Әдістемелік нұсқау: Бірнеше әдебиеттер бойынша әр бір ұғымға анықтама беріңіз. Ұсынылған мақаланы оқи отырып, мұғалімнің кәсіби біліктілігі туралы ойыңызды ашық айтуға дайындалыңыз.

Ғаламдандыру күннен күнге өсіп келе жатқан халықаралық бәсекелестік қоғамда болып жатқан өзгерістердің ауқымы мен қарқынының өсуі білім беру саласының, мемлекет дамуының басты факторына айналуына себеп болды. Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Білім біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы», - деп бекер айтпаған.

Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу.

«Қазақстан Республикасының 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» орта білім берудің мақсаты – алған білімінің, кәсіби дағдыларының негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларында еркін бағдарлай алатын, өзінің білімін дамытуға, сол алған білімі арқылы өз мүмкіндіктерін іске асыруға және адамгершілік тұрғыда өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру екендігі баса айтылған.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде «Жаңа формацияға жаңа педагог қажет» - деп атап көрсетті. Жаңа формацияның педагогын қалыптастыру үшін жаңа кәсіби мазмұн, жаңа кәсіби даярлық технологиясы, әрі даярлық сапасын арттыруға бірден-бір қызмет ету керек. Сонымен қатар оқу-тәрбие үрдісін технологияландыру бағытында инновациялық ізденістер, оқу дидактикалық, ғылыми-әдістемелік, кадрлық қуат мүмкіндіктері болуы қажет. Бұл жөнінде «Білім мемлекеттік Бағдарламасында:

осы үрдісті тереңдету мен дамыту үшін жаңа құқықтық, ғылыми-әдістемелік, қаржы-материалдық жағдайларын жасауды және маманмен қамтамасыз етуді талап етеді» –деп атап көрсеткен.

Атақты педагог-ғалым В. А. Сухомлинский «Мұғалімдік мамандық - бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шымшытырығы мол жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер - ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады» - деп ұстаздық өнерге ерекше баға берсе, Ы. Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрінен қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі» деген екен. Демек, қазір мектеп алдындағы басты міндеттерді шешуде мұғалімнің кәсіптік білімі, мәдениеті жоғары болуы шарт. Мұғалімнің ұстаздық тұлғасын өз дәрежесінде қалыптастыру үшін төмендегідей міндет артады.

- Біріншіден, білім беру сапасын жүйелі арттыру тәсілдерін меңгерту.

- Екіншіден, үнемі өзгеріс үстіндегі күрделі өмірде белсенді әрекетке дайын мектеп түлегін дайындаудың сапасын арттыру мен оның мәдениет деңгейін көтеру.

Мұғалімнің кәсіптік деңгейін көтеру бүгінгі таңда әдістемелік жұмысының жүйелі, жаңаша бағыт негізінде ұйымдастыруды көздейді.

Мұғалімнің кәсіптік дәрежесін арттырудың жолдарын қарастыратын әлемдік педагогикалық ойларды жинақтай келе, ғалым Ш. Таубаев мынадай қорытынды жасаған: “Кәсіптік қызығушылық педагогикалық қызметті бағалауда, білуге деген қажеттіліктен туындайды, ал ол жоғары кәсіптік қажеттілікке тек мұғалімнің жеке өз басының ұмтылуы арқылы ғана айнала алады”. Осы бағытта қазіргі таңда мұғалімдерге мынадай әдістемелік талаптар қойылады:

Педагогикалық-психологиялық деңгейін көтеру.

Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын, әдістемелер мен тәсілдерді зерттеп, меңгеру және оны өзінің кәсіптік жұмысына қолдана білу.

3. Өз білімін көтеруге, шығармашылық жұмыс атқаруға ынталандыру, қажетті жағдайлар туғызу, педагогтарды ақпараттық жағынан қамтамасыз ету.

4. Авторлық бағдарламалар, курстар, құралдар, мақалалар ізденістер жасауға ұмтылдыру, қызықтыру, ынталандыру және ондай мұғалімдерге қолдау көрсету.

5. Педагогтардың жұмысында еңбекті ғылыми ұйымдастыруда әр мұғалімнің күнделікті ісіне енгізу.

Мұғалімнің кәсіптік қызметінің құрамдас бөлігі:

1. Біліктілігін көтеру (семинар, курстар т.б.)
2. Әдістемелік жұмыстары.
3. Кәсіптік жаңашылдық қызметі.
4. Кәсіптік тұлғасы: негізгі мәселені анықтай алуы, жобалар құра білуі, мақалалар жаза алуы, адами-рухани, психологиялық сапалары т.б.

5. Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстары.

6. Қоғамдық педагогикалық қызметі.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Сухомлинский В. А. Сто советов учителю // Избр. Произв.: В5т. – Т.2. – Советы 53, 94-96.
2. Кан-Калик В. А. Учителю о педагогическом общении. – М., 1987. – С.122-137.
3. Ильин Е. Н. Искусство общения. – М., 1988.
4. Натанзон Э. Ш. Приемы педагогического воздействия. – М., 1972.

9. «Педагогикалық этика» және «кәсіби мәдениет» ұғымдарының арақатынасы

Тапсырма: «Педагогикалық такт», «кәсіби мәдениет» ұғымдарының анықтамалығын жасаңыз.

Әдістемелік нұсқау: Бірнеше әдебиеттер бойынша әр бір ұғымға анықтама беріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Водейко Р. И., Мазо Г. Е. Как управлять собой. – Минск, 1983.
2. Леви В. Искусство быть собой. – М., 1977.
3. Чарный Б. М. Учитесь властвовать собой. – Пермь, 1984.

10. Этикалық категория-педагогикалық такт

Тапсырма: такт, педагогикалық такт, педагогикалық тактын принциптері, эмпатия, әлеуметтік перцепция ұғымдарының мәнін ашыңыз.

Әдістемелік нұсқау: Тақырыптың мәнін қалай түсінесіз? Берілген анықтамалар бойынша педагогикалық такт ұғымына өзіндік анықтама беріп көріңіз

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Водейко Р. И., Мазо Г. Е. Как управлять собой. – Минск, 1983.
2. Леви В. Искусство быть собой. – М., 1977.
3. Чарный Б. М. Учитесь властвовать собой. – Пермь, 1984.

11. Нанымның сөздік түрі

Тапсырма: Наным, сенім, сендіру, сенім білдіру ұғымдарының оқушылармен қарым-қатынастағы рөлі қандай?

Әдістемелік нұсқау: Белгілі көзқарастар негізінде өз ойыңызды білдіріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Коджаспирова Г. М. Педагогика в схемах, таблицах и опорных конспектах. – М., 2008
2. Зязюн И. А. Основы педагогического мастерства. – М., 1989.
3. Василенко Ю. С. О голосе педагога. // Сов педагогика. – 1972. -№7.-С.86-92.
4. Ножин Е. А. Основы советского ораторского искусства. – 2-е изд., перераб. – М., 1981.

12. Кикілжіңді жеңудің жолдары

Тапсырма: Педагогикалық қызметтегі кикілжіңнің пайда болу себептері, оны шешу жолдары. Оның оқушы тұлғасына әсері. Педагог үшін кикілжіңге бару қажет пе?

Әдістемелік нұсқау: осындай сұрақ төңірегінде мақалаларды жинастырып пікірталасқа дайындалыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Е. Сағындықұлы. Педагогика. Алматы, 1999.
2. А. С. Макаренко. Менің педагогикалық тәжірибемнің кейбір қорытындылары. Шығармалар. 1960, 5-Т. 264-б.
3. Педагогикалық ізденіс. Алматы: «Мектеп», 1991.

13. Педагогтың кәсіби байқампаздығы

Тапсырма: Педагогикалық бейімділік. Педагогикалық байқампаздық Мұғалім бейнесі көркем әдеби шығармаларда және т.б. тақырыптарға қысқаша мәнжазба дайындаңдар.

Әдістемелік нұсқау: қалауыңыз бойынша мәнжазба мазмұнды орындауға тырысыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Сухомлинский В. А. Сто советов учителю // Избр. Произв.: В5т. – Т.2. – Советы 53, 94-96.
2. Кан-Калик В. А. Учителю о педагогическом общении. – М., 1987.-С.122-137.
3. Ильин Е. Н. Искусство общения. – М., 1988.
4. Натанзон Э. Ш. Приемы педагогического воздействия. – М., 1972.

14. Мұғалімнің өзіндік білім жетілдіруі және өздігінен жетілуі

Тапсырма: Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеудің мәні неде? Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу процесіне қандай факторлар елеулі әсерін тигізеді? Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу кезеңдерін атаңыз. әрқайсысына сипаттама беріңіз. Өзін-өзі тәрбиелеудің қандай тәсілдерін білесіз?

Әдістемелік нұсқау: Әр сұраққа жүйелі жазбаша жауап беріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Е. Сағындықұлы. Педагогика. Алматы, 1999.
2. А. С. Макаренко. Менің педагогикалық тәжірибемнің кейбір қорытындылары. Шығармалар. 1960, 5-Т. 264-б.
3. Педагогикалық ізденіс. Алматы: «Мектеп», 1991.

15. Педагогикалық шығармашылықтың құрылымдық компоненттері

Тапсырма: Педагогикалық қабілеттілік пен педагогикалық шеберліктің өзара қатынасын қандай? Педагогикалық шығармашылықтың әрбір компонентіне сипаттама беріңіз.

Әдістемелік нұсқау: әр сұраққа жазбаша жауап беріңіз. әр компонентке анықтама беруге тырысыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Е. Сағындықұлы. Педагогика. Алматы, 1999.
2. А. С. Макаренко. Менің педагогикалық тәжірибемнің кейбір қорытындылары. Шығармалар. 1960, 5-Т. 264-б.
3. Педагогикалық ізденіс. Алматы: «Мектеп», 1991.

АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Төмендегі анықтамалардың қайсысы «педагогикалық шеберлік» деген ұғымның мәнін неғұрлым дәл ашады.

А) педагогикалық шеберлік – оқу-тәрбие қызметінің барлық түрлерін ұйымдастыра білу іскерлігі.

Ә) педагогикалық шеберлік – баланы жан-жақты дамыту үшін оның іс – әрекетіне ықпал ете білу іскерлігі.

Б) педагогикалық шеберлік – идеялық–саяси бағыттың, мәдениеттің, іскерлік, дағдының жиынтығы.

2. Педагогикалық шеберліктің жетіспей тұрған элементін жазыңыз.

А) гуманистік бағыт

Ә) кәсіптік бағыт

Б) педагогикалық қабілеттер

В) ?

3. Педагогикалық қатынастың мазмұны:

А) балалардың жан дүниесін байыту

Ә) ой-өрісін дамыту, рухтандыру

Б) оқушылардың қызығушылығын арттыру

В) іс-әрекетке ынталандыру

Г) барлық жауап дұрыс

4. «Педагогикалық бедел» деген ұғымды түсіндір ...

5. Оқушыларға білім беру, танымдық әсер ету, еркін қатынас жасау, өз пәніне ерекше ден қоюды талап ету – бұл педагогикалық қатынастың қандай стиліне жатады:

А) қамқорлық стиль

Ә) бейтараптық стиль

Б) әкімшілік-әмірлік стиль

В) қарама-қарсылық стиль

Г) ынтымақтастық стиль

6. «Қамқорлық стилі» – осылардың қайсысы:

А) өзара сенімділік көрсету, істі бірлесе жүргізу, өзара тіл табысу

- Ә) оқушыға қанағаттанбаушылық білдіру, өктемдікпен сөйлесу
- Б) танымдық әсер ету, еркін қатынас жасау
- В) тым өбектеу, назидалық жалықтыру, мәпелеу
- Г) ресми қатынас негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

5. Педагогикалық қарым-қатынастың практикада қолданылып жүрген стильдерін атаңыз:

- А) Авторитарлық, демократиялық, либералдық
- Ә) Ынтымақтастық, жариялылық, үстемдік
- Б) Гуманизм, өзара түсіністік, жариялылық
- В) Демократиялық, гуманистік, жариялылық
- Г) Авторитарлық, үстемдік, сыйластық

6. Педагог қызметіндегі басты міндет

- А) қоғамдық мақсатты ұғыну
- Ә) қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау
- Б) адамды ұғыну
- В) адамзат қажеттіліктерін қамтамасыз ету

7. Педагогикалық қатынас - бұл:

- А) адамдардың арасындағы рухани, қоғамдық байланыс
- Ә) мұғалімнің қоршаған ортамен әлеуметтік байланысы
- Б) бала мен педагог арасындағы өзара түсінушілік
- В) саналы түрде қойылған мақсатпен педагогтің оқу-тәрбие процесіндегі негізгі міндеттерді шешуге бағытталған оқушылармен қатынасы
- Г) барлық жауап дұрыс

8. Педагогтың тұлғаны, оның шығармашылық даралығын дамытуға бағытталған қызметі?

- А) әлеуметтік
- Ә) бейімдеушілік
- Б) ұжымдық
- В) шығармашылық
- Г) гуманистік

9. Озық іс-тәжірибе

- А) Мұғалім мен оқушылардың барынша жеңілдететін іс-тәжірибе

- Ә) Жекелеген мұғалімдердің іс-тәжірибесі
- Б) Мұғалім мен оқушылардың еңбегін барынша жеңілдетіп, оқыту мен тәрбиелік саласында ерекше табыстарға жеткізетін жекелеген мұғалімдердің іс-тәжірибесі
- В) Ерекше табыстарға жеткізетін іс-тәжірибе
- Г) Оқыту мен тәрбиелеуде тиімді нәтиже беретін іс-тәжірибе

10. Педагогикалық процесті тексеріп отыру, оған бақылау жасау, бағалау мұғалімнің қай қызметіне жатады:

- А) диагностикалық
- Ә) қарым-қатынастық
- Б) ұйымдастырушылық
- В) реттеушілік-ынталандырушылық
- Г) бақылаушылық-бағалаушылық

11. Педагогикалық процесс адамдардың қарым-қатынас жүесінің қайсысына жатады?

- А) адам-табиғат
- Ә) адам-белгі
- Б) адам-техника
- В) адам-адам
- Г) адам-өнер

12. Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің негізгі компоненттерінің бірі:

- А) педагогикалық көзқарас
- Ә) педагогикалық ситуацияны шеше білуі
- Б) педагогикалық такт
- В) педагогикалық технологияны жан-жақты игеруі
- Г) педагогикалық борштылық пен жауапкершілікті сезінуі

13. Ұстаздық шеберлік компоненттерін атап көрсет:

- А) сөйлеу шеберлігі
- Ә) оқушылар ұжымын ұйымдастыруы
- Б) әдіс - тәсілдерді тиімді таңдай білуі
- В) педагогикалық талап қоя білуі
- Г) педагогикалық іскерліктерді кешенді игеруі

14. Мұғалімнің кәсіптік қабілетіне жатпайтын қабілетті белгілеңіз:

- А) балаға жылылықпен қарауы
- Ә) мәнерлі сөйлей білуі
- Б) мұғалімнің өзін-өзі ұстауы
- В) мұғалімнің көңіл-күйі
- Г) жаңаны сезінуі

15. К.Д. Ушинский: «Әзіл болуы керек, бірақ қалжың-бастыққа орын беруге болмайды, еркелету керек, бірақ еркімен жіберуге болмайды, мейірімділік керек, бірақ талапты ұмытуға болмайды» - бұл пікір мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты реттейтін қай категорияға сәйкес келеді?

- А) тактика
- Ә) педагогикалық такт
- Б) мәдениет
- В) қарым-қатынас
- Г) адамгершілік

16. «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика-әдістемеден хабардар, оқыта білетін мұғалім» осы цитатаның авторы кім?

- А) А. С. Макаренко
- Ә) Ы. Алтынсарин
- Б) А. Байтұрсынов
- В) Я. А. Коменский
- Г) К. Д. Ушинский

17. Педагогтің жұмысының түпкі нәтижесі

- А) оқушыларға сапалы білім беру
- Ә) тәрбиеленушілерді қоғамдық қызметке бейімдеу
- Б) оқушыны өзін-өзі ортада ұстай білуге үйрету және танымдық процестерін дамыту
- В) белгілі бір кәсіпке баланы дайындау, өмірге бағыттау
- Г) оқушы, оның дамуы, білімділігі, тәрбиелілігі, жеке басының қалыптасуы

18. Мұғалімнің конструктивтік қызметін анықтайтын ұғымды көрсет:

- А) оқыту мен тәрбиенің тиімді әдіс тәсілдерін іздестіру
- Ә) педагогикалық қызметті жоспарлау
- Б) оқу-тәрбие процесіндегі әртүрлі әрекеттерді басқару
- В) «Мұғалім-оқушы» жүйесінде қажетті қатынасты дамыту, қалыптастыру
- Г) педагогикалық процеске бақылау жасау, бағалау

19. Педагогикалық процесте қажет қарым-қатынасты қалыптастыру қызметі дегеніміз мұғалімнің негізгі қызметінің қайсысына жатады:

- А) танымдық (гностикалық) қызметі
- Ә) ұйымдастырушылық қызметі
- Б) конструктивтік
- В) коммуникативтік
- Г) диагностикалық

20. Оқушыларға талап қоя білу – бұл...

- А) педагогикалық қасиет
- Ә) педагогикалық ой
- Б) педагогикалық әдеп
- В) педагогикалық қабілет
- Г) педагогикалық стиль

21. Мұғалімнің ұйымдастырушылық қызметін анықтайтын ұғымды көрсет:

- А) педагогикалық қызметті жоспарлау
- Ә) педагогикалық процеске қажетті қарым-қатынасты қалыптастыру
- Б) педагогикалық процестегі әртүрлі әрекеттерді басқару
- В) тиімді әдіс-тәсілдер іздестіру
- Г) педагогикалық процесті бақылау

22. Оқушылардың ерекшеліктерін зерттеу, педагогикалық процестің тиімді әдіс-тәсілдерін анықтау-мұғалімнің

- А) реттеушілік-ынталандырушылық қызметі
- Ә) бақылаушылық-бағалаушылық қызметі

- Б) танымдық қызметі
- В) диагностикалық қызметі
- Г) құрастырушылық қызметі

23. Мұғалімнің үздіксіз шығармашылық өсуінің жағдайы мынада:

- А) саяси-әлеуметтік оқиғаларға қызығушылығында
- Ә) жаңа ғылыми жаңалықтарға ұмтылысында
- Б) әр нәрседен хабардар болуға құмарлығында
- В) мәдени кәсіби деңгейін дамытуға деген талпынысында
- Г) барлық жауаптарға қосыламын

24. Арнайы ұйымдастырылған педагог пен тәрбиеленушілердің мақсатты өзара қимылдары:

- А) Тәрбие процесі
- Ә) Оқу-тәрбие процесі
- Б) Мектептегі тәрбие жұмыстарының бағыттары
- В) Оқыту процесі
- Г) Педагогикалық процесс

25. Педагог тұлғасына қойылатын талаптар:

- А) Білікті маман
- Ә) Бейжайлық
- Б) Қызықты адам
- В) Тиянақты адам
- Г) Жақсы отбасы

26. Педагогикалық мамандықтың басты мазмұны-

- А) ...басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу
- Ә) ...оқытудың техникалық құралдарын меңгеру
- Б) ...қоғамдық мақсатты түсіну
- В) ...рухани өмірді қалыптастыру
- Г) ...борыш пен жауапкершілікті сезіну

27. Педагогикалық мамандықтың ұжымдық сипатының мәні неде?

- А) тәрбиеленушіні әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімдеу
- Ә) тәрбиеленушілердің шығармашылық даралығын дамыту

Б) тәрбиеленушіге педагогтың, жанұяның, басқа ықпал ету көздерінің бірлігі

В) тұлғаны өзгерту

Г) педагогикалық міндеттерді шешу

28. Белсенділік, дербестік, ойлаудың белсенділігін арттыру қабілеті, жаңаны сезіну және оны тануға ұмтылысы, мақсатқа бағытталуы, байқампаздылық, кәсіби есте сақтау. Бұл қандай педагогқа тән қасиеттер?

А) шығармашыл педагог

Ә) жас педагог

Б) ұйымдастырушы педагог

В) психолог педагог

Г) қарым-қатынасшыл педагог

29. Педагогикалық такт:

А) қоршаған ортамен өзара әсердің белсенділік формасы

Ә) ересектер мен балалардың өзара әрекеті

Б) педагогтың балалармен педагогикалық қарым-қатынас кезінде сақтауы тиіс шаралар принципі

В) тәрбиелік әрекеттердің шарасы

Г) адамның ішкі әлемінің сыртқа шығуы

30. Педагогикалық шеберлік:

А) Тұлғалық қабілеттіліктер

Ә) Тұлғалық және іскерлік қасиеттер мен кәсіптік біліктілік жиынтығы

Б) Біліктілік

В) Тұлғалық қасиеттер

Г) Кәсіптік білімдер мен біліктер жиынтығы

31. Мұғалімнің шеберлікке апаратын негізгі қабілеті қалай аталады.

А) перцептивтік қабілет

Ә) оптимистік болжам жасау

Б) динамизм

Г) креативтік қабілет

32. «Педагогикалық дастан» атты еңбектің авторы кім?

- А) В. А. Сухомлинский
- Ә) К. Д. Ушинский
- Б) А. С. Макаренко
- В) Ш. А. Амонашвили

33. Педагогикалық шеберліктің өлшемдері

- А) мақсаттылық
- Ә) өнімділік
- Б) шығармашылық
- В)?

34. Мұғалімнің өзін-өзі ұстауын, қарым-қатынас жасай білуін қамтамасыз ететін педагогикалық шеберліктің элементі қалай аталады

- А) кәсіптік білім
- Ә) гуманистік бағыт
- Б) педтехника
- В) педагогикалық қабілет

35. Педагогикалық есептерді шешу барысында мұғалімге қажетті іскерліктер:

- А) өз сезімдерін басқара білу
- Ә) ұйымдастыру іскерлігі
- Б) қарым-қатынас іскерлігі
- В) зерттеушілік іскерлігі
- Г) құра білу іскерлігі

36. Сөйлеу техникасын, қимыл, бет құбылысын игере білуге негіз болатын қабілеттер

- А) өзін-өзі сендіру
- Ә) өзін-өзі билеу
- Б) өз әрекетін басқару
- В) оптимистік тәрбие

37. В. А. Сухомлинский мектеп жетекшілеріне айтқан сөзінде: «Егер Сіз педагогикалық еңбек мұғалімге қуаныш акелсін десеңіз, әрбір мұғалімді шығармашылық еңбектің бақытты соқпағына түсіріңіз» деген. Бұл ой қай еңбектен

- А) «Балаға жүрек жылуы»
- Ә) «Мұғалімге жүз кеңес»
- Б) «Қоғам және мұғалім»
- В) «Мектептің жас директорымен сырласу»

38. Педагогикалық әдеп дегеніміз не?

А) педагогикалық әдеп дегеніміз – оқытушы мен оқушының қарым-қатынас мәдениеті

Ә) педагогикалық әдеп – шығармашылық ақыл-ой әрекеті, мәдени мінез-құлықтың саналы іс-әрекеттің жиынтығы

Б) педагогикалық әдеп – адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін адамгершілік категориясы

39. Сөйлемді аяқта, «Педагогикалық қарым-қатынас» атты ұғымға анықтама беріңіз: Педагогикалық қарым-қатынас – мұғалімнің оқушыларды сабақта және сабақтан тыс уақытта...

40. Көрсетілген белгілер қай іскерлікті сипаттайды: «Жұмыс анықтау, мақсатты белгілеу, тапсырма беру, жұмысты бақылау, есеп беру»

- А) зерттеушілік іскерлігі
- Ә) қарым – қатынас іскерлігі
- Б) құра білу іскерлігі
- Г) ұйымдастыру іскерлігі

41. Зерттеушілік іскерліктің мәнін ашу мақсатында төмендегіні аяқтаңдар: Зерттеушілік іскерлік – әрбір педагогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарауды...

42. «Педагогикалық техника» деген ұғымға енетін компоненттердің қайсысы жетіспейді?

- А) өзін-өзі билеу
- Ә) көңіл-күйін реттеу
- Б) әлеуметтік-перцептивтік қабілет
- Г)?

43. Мұғалімнің қимылы қандай болуы керек? Сөйлемді аяқтаңдар: «Мұғалімнің қимылы ...»

44. Мұғалімнің сыртқы пішін мәдениетіне не жатады?

- А) киім
- Ә) бет қимылы
- Б) шашын сәндеуі
- В) бой түзеуі
- Г) мимика
- Д) ?

45. Мұғалімнің сөйлеу мәдениетіне енетін элементтердің жетіспей тұрған элементін жазыңыз.

- А) сөздің грамматикалық сауаттылығы
- Ә) лексикалық байлығы
- Б) анықтылығы
- В) ?

46. Басқаны тыңдай білу, сұрақтар қоя білу, сөзімен қызықтыра білу. Осының бәрі мынаған жатады:

- А) сөйлеу мәдениетіне
- Ә) педагогикалық қарым-қатынас мәдениетіне
- Б) жауап жоқ

47. Сөйлемді аяқтаңыз: «Мимика дегеніміз ...»

48. Көптеген мамандықтарды бес сфераға біріктіруге болады. Мұғалім мамандығын осы сфералардың қайсысына жатқызуға болады.

- А) адам – өнер
- Ә) адам – табиғат
- Б) адам – ғылым
- В) адам – техника
- Г) адам – адам

ЕМТИХАН МАТЕРИАЛДАРЫ

1. Педагогикалық іс-әрекеттегі еңбек субъектісі:

- А) Ата-ана
- Ә) Оқушылар ұжымы
- Б) Педагогикалық процесс
- В) Мұғалім
- Г) Мектеп әкімшілігі

2. Педагогикалық іс-әрекет мәні

- А) Оқушыларды басқару
- Ә) Әлеуметтік тәжірибені беру, оқушыны дамыту және өмірге дайындау жағдайын жасауды ұйымдастыру
- Б) Оқушыларға тек білімдер беру
- В) Оқушыға әсер ету
- Г) Әлеуметтік сұранысты орындау

3. Педагогикалық такт

- А) Педагогтың балалармен педагогикалық қарым-қатынас кезінде сақтауы тиіс шаралар қағидасы
- Ә) Қоршаған ортамен өзара әсердің белсенділік формасы
- Б) Тәжірибелік әрекеттердің шарасы
- В) Ересектер мен балалардың өзара әрекеті
- Г) Адамның ішкі әлемінің сыртқа шығуы

4. Тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамыту, шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту деп анықталатын педагогикалық үрдіс компоненті

- А) Мазмұн
- Ә) Педагог
- Б) Мақсат
- В) Нәтиже
- Г) Оқушы

5. «Мұғалімнің атқаратын қызметі өте құрметті, әрі тамашалығы соншалық, күн астында мұндай қызмет жоқ»,- деп айтқан педагог

- А) Я. А. Коменский

- Ә) И. Г. Песталоцци
- Б) Ж. Ж. Руссо
- В) Р. Оуэн
- Г) Ф. Фребель

6. «Балаларды бала тәрбиесіне бейім адам, төзімділікпен, байыптылықпен жұмыс істей білігін адам тәрбиелеуі керек»,- деп бағалаған педагог

- А) К. Д. Ушинский
- Ә) Н. К. Крупская
- Б) А. С. Макаренко
- В) М. Горький
- Г) В. А. Аркин

7. Педагогтің мәдениеттілігінің көрсеткіші

- А) Әдептілігі
- Ә) Жауапкершілігі
- Б) Сенімділігі
- В) Изеттілігі
- Г) Қамқорлығы

8. Педагогтің қызметі

- А) Жас ұрпақты жан-жақты дамыту
- Ә) Тәрбиешінің өнегелі істері
- Б) Тәлім-тәрбиесінің ықпалы
- В) Қоғамдық орындарда өзін ұстауы
- Г) Тәжірибе жинақтауы

9. Педагог қызметінің міндеттері

- А) Әрбір сабаққа ұқыпты дайындалу
- Ә) Өндіргіш күштің тұлғасы
- Б) Адам факторына мән беру
- В) Қоғамды дамыту
- Г) Халықтың көзін ашу

10. Педагогқа тән сипат

- А) Отан, халық, ата-ана алдында жауапкершілікті сезіну
- Ә) Жүйелі ықпал ету

- Б) Білімін молайту
- В) Идеялық көзқарасын білдіру
- Г) Бағыт беру

11. А.С. Макаренко тәрбиешінің жеке басына нақты талаптар қойған. Олар:

- А) Баламен сөйлесе білуі
- Ә) Даму заңдарын түсіну
- Б) Білімін жетілдіру
- В) Мамандығын жақсы көру
- Г) Беделді болу

12. Шебер тәрбиеші болудың себебі

- А) Ғылымның дамуы
- Ә) Адамды өмірге дайындау қасиеттілігі
- Б) Тәрбие мақсатының өзгеруі
- В) Тәрбие маңызының артуы
- Г) Өз ісін терең білуі

13. Шебер тәрбиешінің негізгі қасиетінің бірі. Ол:

- А) Педагогикалық әдептілік
- Ә) Бала психологиясын білу
- Б) Жас ерекшеліктерін білу
- В) Балаларды сүю
- Г) Балаларды қадірлей білу

14. Тәрбиешінің шеберлігі нені қажет етпейді

- А) Талантты
- Ә) Педагогті жоғары оқу орындарында тәрбиелеу
- Б) Педагогті үйрету
- В) Теорияларды меңгерту
- Г) Өз мамандығын жақсы көру

15. Педагогтік әдеп категориялары

- А) Педагогтік бедел
- Ә) Адалдық
- Б) Шыншылдық
- В) Сыпайылық
- Г) Сүйіспеншілік

16. Педагог қызметіндегі артистизм

- А) Ұтымды әдіс табу
- Ә) Дұрыс қарым-қатынас
- Б) Қарым-қатынас стилі
- В) Қызығушылығы
- Г) Эмоциялылығы

17. Педагогтік оптимизм

- А) Өзін-өзі сендіру тәсілі
- Ә) Өзілді түсінетін
- Б) Шыншыл
- В) Төзімді
- Г) Ұстамды

18. Тәрбиеші балалардың алдында қандай болмауы керек?

- А) Салдыр-салақ
- Ә) Сәнді
- Б) Жасына лайықты
- В) Эстетикалық талғамы
- Г) Жинақылығы

19. Сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар

- А) Әдеби тілді игеру
- Ә) Білімін тереңдету
- Б) Әдістемені игеру
- В) Үздіксіз іздену
- Г) Кәсіптік білім

20. Мұғалімнің кәсіби қарулануы

- А) Өзін-өзі жетілдіру
- Ә) Әдеби тілді игеру
- Б) Тың шешім табу
- В) Анық сөйлеу
- Г) Білімін тереңдету

21. Педагог киімінің эстетикалық талғамы

- А) Жұмыс істеуге ыңғайлы тігілуі
- Ә) Киіну стилі

- Б) Эстетикалық талғамы
- В) Сыртқы келбеті
- Г) Қызығушылығы

22. «Ілтипат аймағы» еңбегінің авторы

- А) Н. С. Станиславский
- Ә) К. Д. Ушинский
- Б) Е. И. Тихеева
- В) Н. К. Крупская
- Г) Е. А. Флерина

23. Шәкірт пен ұстаздың өзара бірлесіп, ынтымақтысып, жасайтын ортақ іс-әрекеті қалай аталады?

- А) Қарым-қатынас
- Ә) Оқу
- Б) Диалог
- В) Оқыту
- Г) Ойын

24. Педагогикалық іскерлікті неше топқа бөлуге болады

- А) 2 топқа
- Ә) 4 топқа
- Б) 6 топқа
- В) 8 топқа
- Г) 10 топқа

25. Педагогикалық қызмет. Ол:

- А) Жеке дербес адамның жұмысы
- Ә) Ортақ іс
- Б) Әрекеттер жиынтығы
- В) Біртұтас процесс
- Г) Қарым-қатынас түрі

26. Оқытушы-компьютер-оқушы жүйесі шеңберінде әртүрлі оқыту бағдарламасының жәрдемімен жүзеге асыратын технология

- А) Компьютерлік
- Ә) Тренинг

- Б) Оқыту
- В) Модельдеу
- Г) Инновация

27. Процесс барысында педагог қандай затқа ерекше көңіл бөлу қажет?

- А) Қарым-қатынасқа
- Ә) Тәрбиеге
- Б) Оқуға
- В) Еңбекке
- Г) Білімге

28. Кәсіби бейімделу-

- А) Мамандықтың ерекшелігі жайында оқушының тұлғасына сәйкес келуі
- Ә) Мұғалім мамандығының суреттелуі
- Б) Бұл жеке адамның өндірістік еңбек ұжымына жұмыс жағдайларына бейімделуі
- В) Оқушылармен жеке жұмысты жоспарлау
- Г) Педагогикалық құбылыстарды таңдау

29. Педагог маманның маңызды белгілерінің бірі

- А) Байқағыштық
- Ә) Моральдық
- Б) Адамгершілік
- В) Әдептілік
- Г) Сенімділік

30. «Мұғалімнің тәрбиешілік рөлі» еңбегінің авторы

- А) К. Д. Ушинский
- Ә) Н. К. Крупская
- Б) А. С. Макаренко
- В) Е. И. Тихеева
- Г) П. Ф. Лесгафт

31. Перцептивті қарым-қатынас дегеніміз не

- А) Өзара түсіністік ақпарат алмасу
- Ә) Қарым-қатынасқа түсушілердің бірін-бірі қабылдау үрдісі

- Б) Қарым-қатынасқа түсушілердің өзара әрекетін ұйымдастыру
- В) Жағымды қарым-қатынас тудыру
- Г) Әңгімелеу

32. «Мұғалім оқуда болсын, тәлім-тәрбиеде болсын оқушыларға өзінің батыл ойларымен ықпал жасауы» - деп пайымдаған ғалым кім?

- А) А. С. Макаренко
- Ә) Н. К. Крупская
- Б) В. Т. Белинский
- В) П. Ф. Лесгафт
- Г) Л. С. Новикова

33. «Балалармен қысқа, байсалды сөйлесу, әрбір пәнді пейілімен түсіндіру керек» - деген қай ғалым

- А) А. М. Дулатов
- Ә) А. Байтұрсынов
- Б) Ы. Алтынсарин
- В) М. Жұмабаев
- Г) Ш. Құдайбердиев

34. Этикаға, жарасымсыз тәсілдегі жатпайтыны қайсысы

- А) Дұрыс сөйлесе білу
- Ә) Өзін айрықша адам етіп көрсету
- Б) Өз әріптестеріне кекете қарау
- В) Басқалардың пәнін кемсіту
- Г) Оқушылардың бағаларын көтеру

35. Академиялық қабілет дегеніміз не?

- А) Мұғалім атына лайық болуы
- Ә) Мұғалім қабілетінің пән сапасына сәйкестігі
- Б) Толық білім алу
- В) Мұғалім дүниетанымының кеңдігі
- Г) Адамдарды қабілетіне сүйеніп танып білу

36. «Ұстаздық дастан» еңбегінің авторы кім?

- А) В. Ф. Одоевский
- Ә) В. Т. Белинский

- Б) А. С. Макаренко
- В) А. М. Сорокина
- Г) А. П. Усова

37. Қазіргі кезде жалпы ұстаздардың педагогикалық қабілеттеріне қойылатын талаптарды көрсетіңіз

- А) Дидактикалық ғылыми-танымдық
- Ә) Ұйымдастырушылық
- Б) Перцептивтік және сугнестивтік
- В) Коммуникативтік, ізденушілік
- Г) Ізденушілік

39. «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім-мектептің жүрегі», – деп өз ойын білдірген жазушы, ақын

- А) Ы. Алтынсарин
- Ә) А. Байтұрсынов
- Б) М. Жұмабаев
- В) А. Құнанбаев
- Г) С. Көбеев

40. Мұғалімге оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды қасиетті кәсіби білім, білік, дағдылардың жиынтығы

- А) Педагогикалық шеберлік
- Ә) Педагогикалық қабілет
- Б) Практика
- В) Педагогикалық теория
- Г) Педагогикалық қызмет

41. Қабілеттің дидактикалық, академиялық, перцептивті сөйлеу және т.с.с. түрлерін бөліп көрсеткен ғалымдар

- А) Ф. Н. Гоноболин, Н. В. Кузьмина
- Ә) М. В. Старалов
- Б) В. А. Сластенин
- В) А. Н. Щербаков
- Г) А. П. Усова

42. Оқушы баланың ішкі дүниесін тани білу қабілеті қалай аталады?

- А) Коммуникативтік қабілет

- Ә) Сөйлеу қабілеті
- Б) Перцептивті қабілет
- В) Академиялық қабілет
- Г) Қолданбалы қабілет

43. Қабілеттің бірнеше топтарын көрсеткен педагог кім?

- А) А. П. Усова
- Ә) Н. К. Крупская
- Б) В. А. Сластенин
- В) В. А. Схомлинский
- Г) А. С. Макаренко

44. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігімен кәсіби қабілеттілігінің өзара байланысын толық ашып көрсеткен педагог кім?

- А) В. А. Сластенин
- Ә) А. С. Макаренко
- Б) Я. А. Коменский
- В) В. А. Сухомлинский
- Г) Н. К. Крупская

45. Ұстаздық шеберлік компоненттері

- А) Ұйымдастырушының шеберлігі
- Ә) Реттеушілік шеберлігі
- Б) Ынталандырушылық шеберлігі
- В) Танымдық шеберлігі
- Г) Диагностикалық ерекшелігі

46. Ұстаздың сөйлеу технологиясының құрамы

- А) Сөйлеу мәнері, мәдениеті
- Ә) Сөйлеу шебері
- Б) Тіл мәдениеттілігі
- В) Бет құбылысы
- Г) Өзін тежей алуы

47. Педагогикалық қарым-қатынас стильдері

- А) Шығармашылық іс-әрекет қарым-қатынасы
- Ә) Достық қарым-қатынасы

- Б) Қорқыту қарым-қатынасы
- В) Ойын қарым-қатынасы
- Г) Еңбек қарым-қатынасы

48. Станислов жүйесінің қағидасы-ол

- А) Шындық өмір қағидасы
- Ә) Оқушылардың назарын аудару
- Б) Білімді игеруін бақылау
- В) Белсенділік әрекет жүйесі
- Г) Іс-әрекет жүйесі

49. Мұғалім туралы алғаш құнды пікір айтқан қазақ ақыны

- А) Ш. Құдайбердиев
- Ә) Ы. Алтынсарин
- Б) Ж. Аймауытов
- В) А. Байтұрсынов
- Г) Ш. Уәлиханов

50. Мұғалімдер ынтымақтастығы принципін қалай түсінесіз

- А) Мақсатты ынтымақтастық
- Ә) Ойластыру ынтымақтастығы
- Б) Педагогикалық ынтымақтастығы
- В) Жеке тұлға ынтымақтастығы
- Г) Серпінді және саналы ынтымақтастық

51. Мұғалім мамандығы туралы «Күн астында одан жоғары мамандық жоқ», - деп айтқан педагог

- А) И. Г. Песталоцци
- Ә) Я. А. Коменский
- Б) К. Д. Ушинский
- В) А. С. Макаренко
- Г) Н. К. Крупская

52. Мұғалім мамандығының негізгі мазмұндық ерекшелігі

- А) Оқыту
- Ә) Тәрбиелеу
- Б) Дамыту
- В) Басқару
- Д) Адамдармен бірлескен қарым-қатынас

53. Мұғалім мамандығының негізгі міндеті

- А) Қоғамдық міндеттерді түсіну
- Ә) Адамдармен қарым-қатынасқа түсу
- Б) Адамдардың ерекшелігін зерттеу
- В) Бағдарламалық талаптарды орындау
- Г) Адамдарды қоғамдық міндеттерді шешуге бағыттау

54. Кәсіптік әрекет, ұйымдастырудың жоғары деңгейін көрсететін педагогтың тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы

- А) Педагогикалық жоспарлау
- Ә) Педагогикалық басқару
- Б) Педагогикалық шеберлік
- В) Кәсіптік әрекет
- Г) Тұлғаның гуманистік бағыттылығы

55. Педагогикалық шеберліктің компоненті емес

- А) Кәсіптік білім
- Ә) Педагогикалық қабілет
- Б) Педагогикалық техника
- В) Адамның өмірде өзін танытуы
- Г) Педагог әрекетінің гуманистік бағыты

56. Баланың ішкі әлемін сезу қабілеті

- А) Коммуникативтік қабілет
- Ә) Сөйлеу қабілеті
- Б) Академиялық қабілет
- В) Перцептивтік қабілет
- Г) Қолданбалы қабілет

57. Педагогтың кәсіби шеберлігін дамытудың негізі

- А) Педагогтың сыртқы келбеті
- Ә) Қоршаған орта
- Б) Кәсіптік білім
- В) Өмірлік тәжірибе
- Г) Азаматтық позиция

58. Педагогикалық техника сипатталады

- А) Педагогтың сыртқы келбеті

- Ә) Білім және қабілет
- Б) Педагогикалық процесс
- В) Жүйені өзіндік ұйымдастыру
- Г) Практикалық әрекет

59. Педагогикалық шеберліктің элементі емес

- А) Педагог тұлғасының гуманистік бағыттылығы
- Ә) Кәсіптік білім
- Б) Педагогикалық қабілет
- В) Педагогикалық міндеттер және педагогикалық жағдаят
- Г) Педагогикалық техника

60. Педагогикалық қабілеттің коммуникативтік, академиялық, дидактикалық және т. б. түрлерін көрсеткен ғалым

- А) Ф. Н. Ганобалин
- Ә) И. В. Стрелов
- Б) В. А. Слостенин
- В) А. Н. Щербаков
- Г) И. В. Кузьмина

Глоссарийлер

Анкеталау:	психология мен педагогикадағы зерттеу әдісінің әртүрлілігі, берілген сұраққа жазба түрінде жауап беріп, көзқарастары мен тенденцияларын анықтау.
Ақпараттық іскерлік –	оқу материалын түсіндіру, оны алу және өңдеу әдістерімен байланысты қолданылатын іскерлік.
Аттракция	(латын тілінен attractic - тартылыс-педагогтың тартымдылық күшіне ие болу, өзге жанды баурап алу, ашық, сүйкімді болу қабілеттілігі.
Анафора	бір сөздің бірнеше жол т.б. басында қайталануы. Мұндай тәсілді М. Ю. Лермонтов пайдаланған.
Іс-әрекет:	адамның өзінің қажеттілігіне және қызығушылығына бағытталған адамның іс-әрекетінің жиынтығы.
Білім:	объективті шындықтың құбылыстары, заттар туралы түсініктері мен елестері, алынған мәліметтер жиынтығы.
Білім беру философиясы	мәдени ортада адамның ақыл-ойы мен адамгершілік дамуы қалай жүретінін және бұл процеске білім беру жүйесі қалайша әсер ететінін қарастырады
Білік (умение)	оқушының өмірдегі тәжірибесі мен меңгерген білімі негізінде тез, саналы орындалатын практикалық–теориялық әрекеттерге даярлығы. Жетіле, автоматтандырыла келе білік дағдыға айналады. Біліктің негізгі белгілері: икемділік, тұрақтылық, беріктілік, шынайы жағдайлар мен міндеттерге барынша жақындау.
Білім беру	білім, іскерлік, дағдыны игеру процесі мен нәтижесі.
Білім беру	процесс ретінде бұл тұлғаның жетістікке жетуі үшін арнайы ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесі, яғни педагогикалық процесс. Ол мұғалімнің сабақ беруі мен оқушының оқуы арқылы жүзеге асады.

Білім беру	нәтиже ретінде ол тұлғаның жеткен жетістігі, жинақтаған білімдері, іскерліктері, дағдылары, яғни жинақтаған әлеуметтік тәжірибесі.
Білім беру	жүйе ретінде бұл азаматтарға жетістікке жету үшін және педагогикалық процесті жүзеге асыратын арнайы ұйымдастырылатын әлеуметтік жүйені атаймыз.
Білім беру	ол арнайы ұйымдастырылған, тарихи қалаптасқан оқу-тәрбие мекемелерінің және оқу бағдарламаларының жиынтығын атаймыз.
Білім берудің дағдарысы:	қызмет етудің қиындауы, тұрақтылықтың бұзылуы және дұрыс дамудың бұзылуы, қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымының дағдарысы. Бұл қоғамның және білім берудің жаңа сатысына өтудің кезеңі болуы мүмкін.
Герменевтика	таным әдістері мен құбылыстарды, процестерді түсіндіру әдістерінің жиынтығы, негізінде рационалды-логикалық талдау емес, жеке бастың субъективті талдауы, сезіну, тіл өнерінің құралдарына қатынасы, діндеріне қатынасы.
Градация	сөйлемдегі сөздердің айтылу деңгейіне қарай орналасуы.
Даму:	адамның және жүйенің прогрессивті қайта құрылуындағы жаңа сапаларды игеру.
Дағды	автоматтандырылған іскерлік, адамның іс-әрекетін жеңіл және тез орындалуымен нәтижелі болуы.
Дүниетаным:	адамның санасының спецификалық пішіні, оның білімінің, көзқарасының, сенімдері мен идеалдарының жүйесі, оның табиғат пен қоғамның дамуына қатысының негізінде оның қоғамдық-саяси және адамгершілік-эстетикалық позициясы мен өмірдегі әртүрлі орындарда мінез-құлқы анықталады.

Дамыту	адам ағзасындағы сапалық және сандық өлшемдердің өзгеру процесі.
Жеке бас:	бұл индивидуалды және әлеуметтік-психикалық ерекшеліктері бар, жеке көзқарастары мен дүниетанымы бар, қоршаған дүниеге, қоғамға көзқарасы жеке адам.
Жеке бастың дамуы:	білім берудің негізгі мақсаттарының, жеке бастың қалыптасуы, активті іс-әрекет пен әлеуметтік қоршаған ортаға адамның араласуы
Жеке оқыту (индивидуальное обучение)	оқу сабақтарын ұйымдастырудың бір формасы. Онда мұғалімнің оқушылармен өз әрекеті болады.
Жеке адам (индивид)	жеке адамдық терминнің синонимі ретінде қолданылады. Жеке ағзаға ғана тән және осы ағзаны осы түрге жататын өзі сияқты басқалардан ерекшелетін қайталанбас белгілердің бірігуі.
Жоспарлау (Планирование)	Жоспарлау (Планирование) – қажетсінген болашақтың бейнесі құрылатын, оған қол жеткізудің кезеңдерін түсінуді қамтитын ақыл-ой қызметінің бір түрі.
Интерпретация:	талқылау, мәнін ашу, талқылаудың операцияларының жиынтығы, алынған нәтижелердің мәнін түсіндіру, оларды тудырған себептері мен жағдайларын түсіндіру.
Интуиция:	бүгіліп тұрған әрекеттер, логикалық атқарылмаған шешімдер, қиын ситуацияларда дұрыс бағдарлау. Жұмыстың тәжірибедегі нәтижесі.
Методология:	ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың принциптерінің жалпы жүйесі, ғылыми білімнің құрылуы мен қол жеткізуге бағытталған әдістер.
Методология принциптері:	зерттеу және практикалық өзгерулерде педагогикалық жүйенің негізгі жағдайлары.
Мораль	адамдардың мінез-құлықтарын, олардың барлық өмір шеңберіндегі (еңбектегі, тұрмыстағы, саясаттағы, ғылымдағы, жанұядағы және т.б.) әрекеттерін үйлестіре реттеу қызметін атқаратын қоғамдық сананың түрі, әлеуметтік институт.

Мораль	ең алдымен жеке адамдардың, адамдар тобының қылықтарын белгілейтін құлықтарды қамтиді.
Мотивация	ғалымдар “тұлғаның мінез-құлқы, іс-әрекетінің сипаты, бағыты, мазмұнын білдіретін мотивтер жиынтығы деп атайды
Модуль (модуль)	Оқыту мақсаты, ақпарат банкі және қойылған мақсатқа сәйкес әдістемелік нұсқаулар нақты белгіленген, аяқталған ақпарат блогі. Модуль оқыту мазмұнының аса мәнді бөліктерін айқындауға көмектеседі. Модуль оқу материалдарын автономдық үлесіне қатысты пән немесе пәндер кешені ерекшеліктеріне сәйкес логикалық аяқталған өзіндік дербес білім бөлігі болып табылады.
Модульдік оқыту (модульное обучение)	Оқушының тұлғалық ерекшелігі мен қажеттілігіне орай мазмұн мен оны игерудегі өзіндігіне негізделеді. Модульдік оқыту барысында мұғалім ақпаратшы және бақылаушы қызметтеріне қоса кеңескерлік және үйлестірушілік қызметтерін атқарады
Меңгеру (Усвоение)	Үш ерікті және еріксіз кезеңіне ие таным формасы. Түсіну, есте сақтау, тәжірибеде пайдалану мүмкіндігі. Меңгеру санаға құйып, әдейі сіңірі кезінде еріксіз
Мониторинг:	бақылау жүйесі зерттеулердің нәтижелері мен процесін бақылау жиынтығын жинастыру, мәліметтерді коррекцияға өңдеу мен талдау, білім беру мен зерттеу процестерін жақсартуға шешім қабылдау.
Мектеп құжаттары (школьная документация)	Білім беру мекемесіндегі істердің қандай күйде екендігі туралы бастапқы ақпарат көздерінің 3 тобының бірігуі. Оған: оқу-педагогикалық қызмет құжаттары, педагогикалық ұжымды басқару туралы құжаттар, статистикалық есепке алу құжаттары және іс жүргізу жатады.
Оқыту:-	оқытушы (мұғалім-педагог) және оқушы (оқушы-студент) арасындағы білім, істерін, практикалық іс-әрекет дағдыларымен алмасу байланысы.

<p>Оқыту іс-әрекеті</p>	<p>бұл мұғалімнің оқушылардың бойында білім, іскерлік, дағдыларды қалыптастыруға және ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған, олардың танымдық іс-әрекеттерін басқаратын іс-әрекет түрі.</p>
<p>Оқыту (преподавание)</p>	<p>Оқыту үрдісінде оқушыларға білім, білік, дағдылар жиынтығын хабарлауға бағытталған оқытушының арнайы қызметі. Оқыту құрылымына оқушылардың өзінің жеке әрекетін және оқу әрекеттерін ұйымдастыру, оқушылардың білімді меңгерудегі белсенділігі мен саналылығын ынталандыру және білімді меңгеруінің оқу әрекеттерін орындауының сапасын реттеу, бақылау, оқыту нәтижесін талдау мен оқушы тұлғасының әрі қарай дамуын болжау жатады.</p>
<p>Оқыту диагностикасы (диагностика обучения)</p>	<p>Қандай да бір жүйенің күйін сипаттайтын белгілерді нақтылау және үйрену кезіндегі мүмкін ауытқуларды айту және олардың жұмысы режимінің бұзылуының алдын-алу жолдарын айқындау</p>
<p>Оқытудағы дедукция (дедукция в обучении) (лат. қорыты)</p>	<p>Жалпы білім негізінде нәрсе туралы жаңа білім тұжырымдалатын ой тұжырымдарын оқытуда пайдалану. Мұнда оқу материалына сәйкес логикалық үрдіс және мазмұндау жолы жалпы қағидалардан басталып соларды сол басқа нәрсеге пайдаланумен аяқталады. Бұл тұрғыда оқытудағы дедукция жалпының жекеге қатынасының бір формасы болып табылады.</p>
<p>Оқулық (учебник)</p>	<p>Ғылыми білім негізін мазмұндайтын кітап, белгілі бір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес және оқыту мақсатына арналған.</p>
<p>Оқытудың жүйелілігі (систематичность обучения)</p>	<p>Оқу материалын мазмұндау зерттелетін ғылымның ішкі логикасына сәйкес келуін, сонымен бірге оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне жауап беруін талап ететін дидактикалық қағида.</p>

<p>Оқытудың ғылымилығы (научность обучения)</p>	<p>Нақты ғылыми білімдер беріп, дүниеге көзқарасты қалыптастыратын дидактикалық қағидаладың бірі. Оқытудың ғылымилығы мазмұнына тек айқын ғылыми фактілер мен ақиқаттар алынады. Екі ұшты ойларға жол бермейді.</p>
<p>Озық тәжірибе мектебі (школа передового опыта)</p>	<p>Оқу және тәрбие үлгілері тікелей көрсету арқылы озық тәлімдік тәжірибелерді өзгелерге беру мен таратуды көздейді. Озық тәжірибе мектептегі жетекші мұғалімдердің дені өз мамандығы бойынша әдіскерлік қызмет атқарып, тәлімдік кабинеттер және мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында тығыз жұмыс істейді.</p>
<p>Оқытудағы білім мен тәжірибенің байланысы (связь практики с теорией в обучении)</p>	<p>Теорияның меңгерген білімнің іс жүзінде білім, дағды, шеберлік тұрғысынан көрініс табуы. Оқытудағы білім мен тәжірибенің байланысы оқушылардың нақты іс- әрекетке бейімделуге икемдейді.</p>
<p>Оқыту</p>	<p>оқушылар бойында білім, іскерлік, дағдыны, ойлау тәсілдерін қалыптастыруға бағытталған мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесулерінің процес.</p>
<p>Оқытудағы үлгілеу (моделирование в обучении)</p>	<p>(Оқытудағы үлгілеу екі тұрғыда қолданылады). 1) оқушылар меңгеруі қажет мазмұн ретіндегі үлгілеу. 2) онсыз толық, мәнді оқыту болмайтын оқу әрекеті, құрал ретіндегі үлгілеу. Үлгілеу көмегімен зерттелген күрделіні қарапайымға, көзге көрінбейтінді және сезілмейтінді көрінетінге, сезілетінге, бейтанысты танысқа келтіруге болады, яғни кез келген күрделі объектіні терең және жан-жақты зерттеуге қол жетерліктей.</p>
<p>өзін-өзі белсендіру (самоактуализация)</p>	<p>Термин екі мағынады қолданылады: 1) өз бетімен болатын білім, түсінік, дағдыны қазіргі талаптарға сәйкестендіруге бағытталған оқу әрекеті. 2) жеке бастың бар мүмкіндіктері мен қабілеттерін оның пәндік әрекетінің нақты нәтижелеріне енгізу үрдісі.</p>

Өзін-өзі тәрбиелеу:	қоғамның талаптарына сай жақсы салаларды қалыптастырып, жаман қасиеттерді болдырмаудағы адамның мақсатты әрекеті.
Педагогикалық жаңалықтар	қоғамның және жеке бастың дамуындағы өзекті сұраныстарға жауап беретін жаңа білім беру жүйелері мен әдістемелері, технологиялары, білім беру бағдармалары.
Педагогикалық идеал:	жеке бастың бос және гармониялық дамуына немесе жетілген елестеріне сәйкес, кемшіліктері көрсетілмегендінің мінездемелерінің қайта құрылған жүйесі.
Педагогикалық тәжірибе:	педагогикалық жаңалықтарға сүйенетін, жаңа талаптарға жауап беретін, қандайда бір нәтиже беретін тәжірибе.
Психологиялық-педагогикалық зерттеу логикасы:	қойылған міндеттерді шешуге бағытталған, іздестіру қадамдарының мазмұны мен біріктілігі.
Проблемалық оқыту (проблемное обучение)	Эвристикалық әдістерді пайдалануға негізделген оқытудың бір түрі. Өзінің алдына эвристикалық біліктерді дамыту мақсатын қояды. Ізденіс үрдісінде тартылып, білім аналитикалық білік белсендіреді.
Парадигма (парадигма)	Теорияның негізінде жатқан өзіндік кесімді аппаратқа ие және ғалымдар тобымен мойындалған негізгі жағдайлар мен қағидалардың бірігуі. Әрбір парадигма жеткілікті өзгеше және қоғамдық даму фактоларының бағалануы тұрғысынан адамдар тәртібін талдауда, қоғамның әр қырының басымдығын саралағанда өте талғампаз. Сондықтан бірде-бір парадигма қоғамды тұтас қамтушы талдауын бермейді. Өзінің нақты және жеке үлесін қосады.
Педагогикалық технология (педагогическая технология)	Тәлімдік үдеріс пен оған қатысушылар әрекетінің құрауыш, кезең, күйлері арасындағы өзара байланысты бірізділік пен үздіксіздік қозғалысын білдіреді. Ақпараттық технология да педагогикалық технологияның құрамдас бөлігі.

<p>Педагогикалық жүйе (Педагогическая система)</p>	<p>Адамды дамыту мақсатындағы жетістіктерге жеткізуші барлық факторлардың біртұтас бірлігі болып табылады. Педагогикалық жүйенің белгілері: 1) мақсатқа жету үшін қажетті құрауыштардың толықтығы, 2) құрауыштар арасындағы байланыстар мен өзара тәуелділіктердің болуы; 3) құрауыштарды біріктіретін жетекші буын, жетекші идеяның болуы.</p>
<p>Педагогикалық жағдаят (педагогическая ситуация)</p>	<p>Тәлімдік үрдіс пен тәлімдік жүйенің өзектесе бір уақытта көрініс беруі. Педагогикалық жағдаятта қайда, қашан, қанша уақыт ішіндегі тәлімгер мен оқушы қатынасын қамтамасыз етуі тиісті барлық тәрбие факторлары табиғи түрде тоғысады. Педагогикалық жағдаят құрудағы негізгі ережелер: Тұлғаның тек оң қасиеттерін дамыту бағытталуы: тұлғаға ашық аймақ қалдыру арқылы мәселенің кей бөлігін өзінше шешуге мүмкіндік туғызу.</p>
<p>Пікірталас (дискуссия)</p>	<p>Ұжымдағы түрлі көзқарас, ой-пікір ортаға салынып, көпшіліктің талқысына түсуі. Пікірталаста әділ сынап, қате көзқарастарды жеңу көзделеді. Пікірталас түрлері: жиналыс, конференция, пікірталас.</p>
<p>Педагогикалық көзқарастар</p>	<p>жалпы және өзіндік тұжырымдарға жатпайтын педагогикалық құбылыстар бойынша ой-пікірлер.</p>
<p>Педагогикалық идеялар</p>	<p>ойлар ғылыми теорияның негізі болып табылады. Идея – бұл ой, зат не құбылыс туралы жалпы ұғым, ол түсінік және анықтау жүйесінде көрінеді</p>
<p>Педагогикалық теория (грек. - «бақылау, зерттеу»)</p>	<p>педагогикалық тәжірибенің, практиканың, тәрбиенің, оқытудың, білімнің логикалық жиыны; педагогикалық ойлар жүйесі; заңдылықтың ғылыми түсіндірмесі және мақсат, міндет, мазмұнның негіздемесі, педагогикалық қызметті іске асыру әдістері.</p>
<p>Педагогтың кәсіби құзыреттілігі</p>	<p>педагогикалық іс-әрекетті атқару үшін қажетті теориялық және практикалық дайындық және ол мұғалімнің кәсіби профессионализмін білдіреді.</p>

Педагогикалық іскерлік	мұғалімнің әр түрлі әрекеттерінің жиынтығы, ең бастысы олар педагогикалық әрекет функцияларына сәйкес, белгілі бір мөлшерде мұғалімнің жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтайды
Педагогикалық іскерлік	бұл теориялық білімге негізделген және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны дамытуға бағытталған, автоматтандырылған бірізді жүзеге асатын әрекеттердің жиынтығы
Педагогикалық жүйе (грек. - «бөліктерден құралған, қосылған»)	белгілі бір педагогикалық тұжырым және оны шынайы педагогикалық практикада жүзеге асыратын тәжірибені қамтитын кең педагогикалық ұғым.
Перцептивті іскерлік	қарым-қатынаста басқаларды қабылдау, түсіну түрінде көрініс табатын іскерлік.
Педагогикалық техника	мұғалімнің өзін-өзі басқара алу және өзара әрекеттесу іскерліктерінен құралады. Педагогикалық техника мұғалім іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы көрінісінің үйлесімді жарасымдықта болуына ықпал етеді.
Педагогикалық мораль	мұғалім тәртібіне, мінез-құлқына, өзін-өзі ұстау, қарым-қатынас жасау мәдениетіне қойылатын белгілі бір талап-тілектердің, қағида-ережелердің, қалыптың мазмұндық тұжырымның жүйесі, жиынтығы.
Педагогикалық іс-әрекет	аға ұрпақтың жас ұрпаққа адамзат жинақтаған мәдениет пен тәжірибені беруіне бағытталған, олардың тұлғалық дамуына жағдай жасап, қоғамда белгілі бір әлеуметтік рольдерді орындауға дайындайтын әлеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрі.
Педагогикалық импровизация	жасау мен қайта жаңғырту уақыты жағынан сәйкес келгенде кездейсоқ жағдаятқа жауап ретінде пайда болатын педагогикалық үдеріс барысындағы әрекет. Егер мұғалім фундаменталды білімдерді меңгерген, реакциясы жылдам, қиялы және интуициясы дамыған, қабылданатын шешімді сол сәтте жүзеге асыра алатын болса, онда импровизация жасау қиын емес.

Педагог	білім беру ұйымдарында, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа да ұйымдарда білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуға және тәрбиелеуге байланысты білім беру қызметімен айналысатын қызметкерлер.
Педагогтар	құл иеленушінің баласына жауапты құлдардың атауы (грек тілінен аударғанда баланы жетелеп жүруші құлдар дегенді білдіреді) Грек қоғамындағы ауқатты шенеуліктердің баласының тәрбиесімен айналысатын адамдар.
Рефлексия:	адамның өз-өзіне тоқтатуы, іс-әрекетін талдауы, негізгіні дұрыс ойлауы, іс-әрекетінің дұрыстығын дәлелдеу.
Рефлексия	педагогтың өзін, өзінің психикалық жағдайын сезіну, өзін сырттай елестете және сезіне білу, өзге адамдардың өзін қалай бағалайтындығын байқай білу дағдысы.
Рефлексивті іскерлік	педагогтың өзіне және өз іс-әрекеттеріне бағытталған бақылау-бағалау іс-әрекетін жүзеге асыратын іскерлік түрі. Рефлексия сөзі латын тілінен аударғанда өткенге қайта оралу дегенді білдіреді.
Сабақ беру:	педагогтың реттелген іс-әрекеті, оқытудың мақсатын жүзеге асыру, тәрбие беру, білімді практикада қолдану
Сабақ (урок)	Мектептегі оқу әрекетін ұйымдастырудың негізгі формасы. Сабақта мұғалім дәл белгіленген уақытта құрамы тұрақты оқушылармен, сыныппен, қатаң сабақ кестесімен, алуантүрлі әдістерді пайдаланып алдына қойылған дидактикалық міндеттерді шешуге қол жеткізу үшін оқу бағдарламасы талаптарымен анықталған. Әрбір сабақ алдыңғы және кейінгі сабақтармен тығыз байланыста болады. Қандайда бір оқу тақырыбы немесе бүтіндей пән бойынша құрамдас бөлігі болады.

Сабақтың тәрбиелік қызметі (воспитательная функция урока).	оқушының тұлғалық қуатын дамыту мақсатындағы сабақтың мазмұн, әдіс, құралдары
Сабақтың білімдік қызметі (образовательная функция урока)	Оқушының білім, білігі, дағдыларын қалыптастыруды көздейді.
Сабақтың дамытушылық қызметі (развивающая функция урока)	Оқушының рухани және психологиялық сапаларын дамытуды көздейді.
Сабақ жоспары (план урока)	Тәлімдік құрылым элементтері бар сабақтың әдістемелік құрылымының қысқаша мазмұны. Сабақ жоспарында сабақтың мақсаты, міндеті, типі, қағидалары мен әдістемелері көрініс табады.
Субъект (субъект) (лат. Subiectum – бастауыш, негіздегі, түпте жатқан)	Нақты пәндік-практикалық әрекет пен танымды, белсенділікті тасымалдаушы.
Сабақтың жабдықталуы (оборудование урока)	Оқу құралдарын іріктеу мен даярлау, дидактикалық материалды, оқытудың техникалық құралдарын, реактивтерді және т.с.с., сабақ тақырыбына сай және демонстрациялау мен оқушылардың өзіндік жұмысы үшін қажет жабдықтар.
Сұрау (опрос)	Сұрақ-жауап формасында жүргізілетін білімді тексерудің құрамдас бөлігі. Мақсатты бақылау, өткен материалды бекіту, жаңа білімді қабылдауға даярлық, оқу үрдісін тұтасымен белсендендіру. Сұрау кезінде мұғалім оқушылар білімінің бағасын бірқалыпты жинақтау міндетін басшылыққа алады. Сонымен қатар ынталылар мен жеткілікті даярланбағандарды жұмысқа қосуға, ынтасын оятуға түрткі, жетекші болады.

Сабақ кестесі (расписание уроков)	Сыныптағы оқу аптасының әр күніндегі оқу сабақтарының бірізділігін қамтамасыз етуді мақсат еткен нақтыланған оқу жоспары. Дұрыс құрылған сабақ кестесі оқушылардың оқу жүктемесінің бірқалыпты бөлінуіне, олардың ақыл- ой еңбегімен шұғылдануына қолайлы жағдай жасайтын педагогикалық құжат
Тұжырымдама (концепция):	ғылыми ізденуге қызмет ететін теориялық жағдайлардың жүйесі.
Тәрбиелеу:	бұл жаңа ұрпаққа қоғамдық-тарихи тәжірибелі, моральды дүниетанымды, еңбек мәдениеті мен мінез-құлықтарын беру іс-әрекеті.
Тәрбиелеу іс- әрекеті	бұл оқушыларға адамзат баласы жинақтаған әлеуметтік тәжірибені мақсатты түрде алмастыруға және олардың тұлғалық сапаларын, қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет түрі.
Ұғым (понятие)	Рационалды танымның бір түрі. Мәнді нәрсенің сөзбен негізделген ең сирек кездесетін құбылыста бейнеленуі. Ол адамға ғана тән ойлау элементі және ойдың қарапайым формасы ретіндегі психикалық құбылыс
Үлгерім (успеваемость)	Оқу бағдарламасымен белгіленген білім, білік, дағдыны олардың тереңдігі, саналылығы, толықтығы мен беріктілігі тұрғысынан меңгеру дәрежесі. Сыртқы бейнеленуі балдық бағалаумен көрсетіледі. Бағалардың жекелеген пәндер бойынша салыстырмалы мәліметтер әрбір оқу пәні, пәндер циклі, сыныпта немесе мектеп бойынша үлгерімді көрсетеді. Оқушылардың жоғары үлгеріміне дидактикалық әдістер мен құралдардың жүйесі, сондай-ақ тәрбиелік іс-шаралар арқылы қол жеткізуге болады.
Үздіксіз педагогика- лық білім беру	нақты педагогикалық іс-әрекетке дайындау және тұлғаның білім беру қажеттіліктерін өтеу мақсатындағы педагогикалық білім беру мекемелерінің атқаратын іс-әрекеті

Ынта (стимул) (лат. Stimulus- жануарларды үркітетін үшкір аяқ тақ)	Тұлғаға сыртқы әсер, ұжым, адамдар тобы, олардың тұрткіленген саласын белсендіретін және сол арқылы белгілі бір әрекетін тудырушы.
Халық педагогикасы:	халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәрбие туралы өмір тәжірибесінің жиынтығы.
Эвристика (эвристика)	Ғылым, адамның шығармашылық қызметінің заңдылықтарын зерттейтін, күрделі интеллектуалдық міндеттерді шешудегі ойлап табу ізденісін ұйымдастырудың теориясы мен іс–тәжірибесі, жетелеуші сұрақтар жолымен оқыту әдісі.
Қарым-қатынас:	әртүрлі құралдар арқылы іс-әрекет кезіндегі адамның байланысы, танымдылық, эмоционалды-еріктік және мінез-қылықтары арқылы жүзеге асатын мақсат көздеген процесс.
Қалыптастыру	әр түрлі факторлардың әсерінен индивидтің тұлға болып қалыптасу процесі.
Конструктивті іс-әрекет	педагогикалық іс-әрекеттің жобаларын, жоспарларын құрастыру түрінде жүзеге асатын іс-әрекет.
Коммуникативті іс-әрекет	педагогикалық процеске қатысушылармен қарым-қатынас орнатуға бағыттылған іс-әрекет.
Кәсіби дайындық	белгілі кәсіп бойынша арнаулы білім, дағды, шеберлік, еңбек тәжірибесін қалыптастыру. Кәсіби дайындық кәсіби біліктілігінің күрделілігі мен әзірлік деңгейіне қарай жоғары, арнайы, орта немесе төмен білім түрлеріне бөлінеді.
Кәсіп	адамның білімі туралы тиісті құжаттармен расталған кәсібінің, еңбек қызметінің негізгі түрі.
Эмпатия	педагогтың өзге адамды, оның уайым-қайғысын, әрекет ету мотивін және сыртқы ортаға деген әсерін іштей түсіне білу дағдысы; бұл - рухани-эмоционалды күйді түсіну, осы күйді онымен бірге қайғыру.

Педагогикалық жағдаяттар

№ 1

Жаңадан келген мұғалім оқушылармен тез тіл табысып кетті. Бірақ оны күлімдеп қарсы алып, көзін тез тайдырып, қоңырау соғылғанда шығып кетуге асығатындар да бар еді.

Осыны байқаған мұғалім анкета беруді ұйғарды. Онда жалғыз ғана сұрақ бар еді: “Қазіргі мұғалім сенің ойыңша қандай болуы керек?”

Мұғалім неге мұндай шешім қабылдады?

№ 2

(А. С. Макаренко шығармаларының 5-томынан алынды)

Петренко заводқа кешігіп қалған. Кешкісін бұл туралы рапорт алдым. Петренко отрядының командирын шақырып алып:

- Сендерде заводқа кешігіп бару бар ма? - дедім.

- Иә, Петренко кешігіп қалды, - деді ол. Одан әрі екеуміз:

- Бұл қайтып қайталанбасын.

- Құп болады, енді қайталанбайды, - деп келіскенмен Петренко тағы кешіккен. Енді отрядты түгел жинап алып ескерттім. Олар енді кешігу болмайды деп келісті. Мен оларға: “кете берулеріңе болады” - дедім.

1. Неге ескерту айыптының өзіне жасалмай әуелі командирге, кейін отрядқа жасалды?

2. Бұл әдістің ықпал күші қайда? Оның мәнін ашып беріңіздер.

№ 3

Әрбір адам денесінің бітімі сымбатты, жан дүниесінің сергек болуына ұмтылады. Бұл орайда ұлттық ойындардың да рөлі зор.

Республиканың барлық мектептері үшін дене тәрбиесі пәнінің бағдарламасына бәйге, жорға жарыс, қыз қуу, теңге қазақша күрес т.б. ұлттық ойындарының түрлері ұсыныстарға сіздің пікіріңіз, оны немен дәлелдейсіз? Мектептерде жүзеге асырудың қандай тәжірибелерінбілесіз?

Дене тәрбиесі пәнінде қолданылатын әдістерді түсіндіріңіз.

Дене тәрбиесіне байланысты қандай проблемалар туындап отыр.

№ 4

Екі баланың аналары өзара сөйлесіп отыр.

- Сіздің Серігіңіз суретті қандай жақсы салады, ал менің Даниярымның салғаны тек шимай-шатпақ. Қанша таза, ұқыпты салуды ескертсем де, бәрі бір нашар салады.

- Ал, сіз, балаңызды үйретуге тырыстыңыз ба?

- Мен, баламды сурет салуға жиі отырғызамын. Бірақ сурет салуға қабілеті мүлдем жоқ па деймін.

Сұрақ: Даниярдың анасының пікірі дұрыс па?

Балалардың бейнелеу өнеріне деген ықылас-ынтасын тудыру үшін ата-аналарға қалай көмектесуге болады?

№ 5

Мұғалім: Балалар, бүгін біз мамандықтар туралы әңгімелесеміз. Әжелерің, аталарың, әке шешелерің қайда жұмыс жасайды ?

- Менің әкем милиционер.

- Өте жақсы.

- Менің апам тігінші.

- Өте жақсы.

- Ал, менің мамам - мұғалім.

- Балалар, Айманның мамасының мамандығы өте ауыр, өте қажет, қызықты және сыйлы мамандық.

- Айман “Олай емес. Папам айтады: ол ең қиын мамандық, себебі маманың бос уақытын кұрытып, папамның жүйкесін тоздырып, мені бақылаусыз қалдырады”.

- Мұғалім: ?

№ 6

Еңбек сабағы оқушылардың бәрі тегіс жұмыс жасауда. Тек жалғыз Самат жұмысты орындамай отыр. Сіздің әрекетіңіз?

№ 7

Жаңа педагогикалық технологиялар тізімін жасаңыз.

№ 8

Үзіліс кезінде Серік коридордан әдемі қалам тауып алып, үнсіз қалтасына салып алды. Сіз онымен қалай сөйлесер едіңіз?

№ 9

Автобусқа отырған оқушы баланың қасындағы бос орынға жас әйел келіп отырды. Келесі аялдамадан қарт әже трамвайға зорға мініп, бұлардың қасына келді. Жас әйел оқушы бала орын беретін болар деген оймен балаға қарап еді, ол терезеге қарап, әжейге көз салмады. Әйел өзі тұрып орын берді. Оған жалт қараған бала қызарып кетіп, әйелге өз орнын ұсынады.

Бала неліктен қызарды?

Әйел балаға ықпал ету үшін қандай әдіс қолданды.

№ 10

4-сынып оқушысының мамасы мұғалімге келіп баласының өзін әркезде алдап істейтіні туралы айтты, мұғалім мұндай хабарға елең етті, себебі ол мұғалімді немесе қасындағы жолдастарын алдап көрген емес.

1. Не себепті мектепте алдау дегенді білмейді, ал мамасын алдауы мүмкін.
2. Мұғалім баланың апасына қандай кеңес беруі мүмкін.

№ 11

Класс бөлмесін тазарту жұмысын аяқтаған соң, алтыншы класс оқушылары түгел киноға баруды ұйғарады. Мектеп директоры келіп, коридорды жинауға көмектесу керек екенін айтты.

Балалармен қалай әңгіме жүргізесіз?

№ 12

4-кластың оқушылар ұжымында әртүрлі іс-әрекетке байланысты мамандар тобы пайда болды. Олар: “эрудиттер”, “спортсмендер”, “артистер”, “жұмысшылар”, “шопандар”, “мұғалімдер”.

Бұл топтар неліктен және қандай жағдайларға байланысты пайда болған деп ойлайсыз?

Бұл топтармен қандай жұмыстар жүргізуге болады деп есептейсіз?

№ 13

- Сен неге бүгін күні бойы мектептен шықпай қойдың?
- Тек мені ғана емес, бәрімізді де қамап қойды.
- Кім сендерді қамады? Тағы бірденені “бүлдіргенсің ғой?

- Жоқ, ештеңе де бұлдірген жоқпын. Бізді жібермей, бәрімізді хор репетициясына апарды.

- Қашаннан бері сен әншілікке жазылып едің?

- Мен жазылған жоқпын, мені қуып апарды. Не дейсің, қуып апарғаны қалай?

- Туу апа, қандай түсіне алмайтын адамсыз.

- Оқу ісінің меңгерушісі сыртқы есіктің алдынды тұрды да, киім ілгіштің жанында тұрды. Бізді сабақтан кейін қатарға тұрғызды да, залға тура алып келіп өлең айтқызды.

- Ал енді мұның несі жаман?

- Мені зорлап ән айтуға мәжбүр етті, ал мен өлең айтуды сүймеймін. Осы диалогта баланың қандай психологиялық ерекшелігі көрінеді? Осы ерекшелікті баланың анасы және мектеп педагогтары қалай ескеріп отыр?

Сіздің пікіріңіз қандай?

№ 14

4-а класына басқа мектептен үш қиын оқушы қабылданды. Класс мүшелері араларында іріткі туып, оқушылар топ-топқа бөліне бастады. Тәртіп те төмендеді. Класс жетекшісі кластағы беделді балаларға сүйеніп, қиын балаларды тәртіпке шақырып, класс дәстүрін мойындауға мәжбүр етті.

Ал, 4-б класында, осындай педагогикалық жағдайда класс жетекшісі тек өз тарапынан ықпал жасап, балалар ұжымы бұл істен сырт қалды.

Қиын оқушылардың тәртіпсіздігі туралы шағымдар басқа мұғалімдерден түсе берді. Класс «қиын класс» деп аталды.

Сұрақ: ұжымдағы тәрбие жұмысындағы класс жетекшілерінің іс-әрекеттерін салыстырыңыздар. Өз іс-тәжірибеңізде қай әдісті қолданған болар едіңіз?

№ 15

Музыкалық білімі бар анасы баласын алты жастан рояльды ойнауға үйретті. Бастапқыда баланың музыкаға деген қызығушылығы басым болды. Сегіз жасынан бастап музыка мектебіне қабылданды. Осындай мүмкіндігіне қарамастан оның музыкаға деген ынтасы бірте-бірте төмендеп кетті. Бірақ анасы оны көндіруге тырысты, оқуға мәжбүр етті, жазалады. Анасы дұрыс істеді ме?

№ 16

Жаңа буын оқулықтарының ерекшелігіне талдау жасаңыз.

№ 17

Мектеп аралық жарыс жүріп жатыр еді. Әділ қазылар алқасы сіздің сыныбыңыздың командасына орынсыз ескерту жасады. Команда мүшелері сізге әділдікке шақырыңыз дегендей қарады. Сұрақ.

Сіз әділ қазылар алқасына ескерту айтасыз ба? Неге?

Егер ескерту айтар болсаңыз қандай дауыс ырғағын, сөз өнерін қолданған болар едіңіз?

№ 18

“Алақай! Мама, мен “бес” алдым! Мұғалім бүгін бізге не айтқанын білесің бе?” - деп бірінші кластың оқушысы өзінің алғашқы жетістіктері жайында қуанышы сыймай мамасына айтып жатыр. Бірақ, жылдар өте береді, біз “Алақай, мама, мен бүгін “бес” алдым!” - деген қуанышты сөздерді барған сайын сирек естиміз”.

Кластан класқа көшкен сайын үлгерімінің кеми беретіні неліктен?

Жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесінен мысал келтіріп, салыстырыңыз.

№ 19

Мұғалім: “Жанар, Маратқа бір дәптер бер, сенде көп екен”.

Жанар: “Бермеймін. Мамам айтты, оларды табу өте қиын”. Мұғалім:
?

№ 20

6 жасар Жәнібек білімге құмар, қимыл-қозғалысы белсенді, бақшада жүргенде сабақтың мазмұнын тез меңгере алатын. Адамға үйірсек, көпшіл, бірақ зейінсіз, шыдамсыз, жеңілтек еді. Ал бірінші класта мұғалімнің ескертуіне құлақ аспайтын, сабақтан жан-жағына алақтағыш, мұғалімнің түсіндіргендерін, құрбыларының жауабын тыңдамайтын, не болса соған жаны ашығыш, күйгелек болды. Сұрақ: Жәнібекте қандай мінез-құлық сапалары қалыптаспаған? Жақсы оқу үшін оған қандай көмек керек?

№ 21

4-кластың екі оқушысының мінезіне бақылау жасау мынаны көрсетті: бірінің ұстамдылығы қоғамдық маңызы бар іс-әрекеттерді атқарғанда көрінсе, екіншісінің ұстамдылығы еңбекте де, ойында да, спортта да және әртүрлі сабақтарда да көрінеді.

Қайсысында ұстамдылық темперамент қасиеттерімен басымырақ қозады? Қандай белгілермен орнатуға болады?

№ 22

Сара апай туралы жақсы пікірлер естіп жүрдім. 4-кластағы сабағын көруге келдім. Сабақ үстіндегі тәртіп, балалардың белсенділігі таң қалдырды.

Сабақтан соң, оқушылардан “Сара апайды жақсы көресіңдер ме?” -деп сұрадым.

“Жоқ, біз одан қорқамыз. Сәл қимылдасаң, ата-ананды шақырады. Сондықтан оның сабағын жаттап аламыз”.

Сұрақ: Мұғалім мен балалардың қарым-қатынасын қалай бағалайсыз?

№ 23

Педагогикалық негізгі ұғымдардың тізбесін жасаңыз.

№ 24

Саябақтағы жұмыс қызып жатты. Жұмыс бәріне де жетерлік еді. Апалы-сіңілілер жеңдерін түріп, шүберек орамал алып, іске кірісті. Еділ мырзасынып, сен неғып тұрсың? Үйдің төбесін жууға көмектес, – деді оған немере апасы.

- Жұмаймын оны, біздің шаруамыз емес. Ал егер ауыр бір нәрсені әкел десең, әңгіме басқа... Үйді жинастыру әрқашан әйел адамның шаруасы болып келген, – деп қостап қойды немере інісі Қапаш.

- Қызық екен еден жуу, үй жинау біздің ісіміз болсын. Өткен аптада стол әкелу, шкафтарды қозғау сияқты біз атқарған іс те қыздардың жұмысы делік. Сонда сендер “ерлердің” ісімен қашан айналыспақсыңдар.

Көбіне істі “ерлердікі” және “әйелдердікі” деп бөліп жату – өзінің барып тұрған жалқаулығын бүркемелеу болып шықпай ма? Пікірлеріңізді өнегелі өмір тәжірибесімен дәлелдеңіз.

№ 25

Мектептің педагогикалық кеңесінде оқу-тәрбие процесінің қорытындысы талқыланды. “Педагогикалық жұмыстың нәтижесі” деп нені есептейміз? - деген сұрақ қойылды.

География пәнінің мұғалімі. “Мен оқушыларыма ризамын. Пән бойынша екілік жоқ” - деді. Тарих пәнінің мұғалімі. “Бір қарағанда шәкірттерімнің бәрі тәрбиелі сияқты. Бірақ үлкен өмірге аттанғанда, олардың кім боларына мазасызданамын” - деді.

Сұрақ: Осы айтылған пікірлерден оқу тәрбие жұмысында нақтылы міндеттерді, тәрбие принциптерін шешіп отырғандарын көруге бола ма?

№ 26

Дұрыс жауап табуға көмектесу.

“Мұғалім болып жаратылу керек”.

“Мұғалім болып туудың қажеті жоқ, табиғи дарынсыз да мұғалім болуға болады. Егер жақсы оқытса, үйренеді”.

Мен де табиғи дарын да, педагогикалық техникада да жоқ. Мен тек балаларды өте жақсы көремін.

№ 27

Бастауыш сынып оқушыларынан жиі: “Әсел, дұрыс жазбай отыр, оған Деурен дұрысын айтқан жоқ”, немесе “Марат дәптерін бүлдіріп тастады” - деген дауыстарды естиміз.

Сұрақ:

1. Бастауыш сынып оқушыларының осындай қылықтарын қалай түсінуге болады?

2. Бұл балалардың жеке басының дұрыс қалыптасуы, ұжымдағы, қарым-қатынасының сәтті болуы үшін мұғалім қандай әрекет етуі қажет?

№ 28

Сіз 4-сыныпқа жетекші болып белгілендіңіз. Оқушыларыңыздың тәрбиелеу жағдайларымен танысу мақсатын көздеген от басына алғашқы баруыңызды қалай елестетесіз?

№ 29

Балалар “ Дүкен” ойының ойнап жатыр. Сатушының алдына кезекке тұрғандар жинала бастады. Кезекте тұрған балалардың

мінез-құлқын бақылаудың өзі қызықты. Ажар әже болуға тырысып, басына жаулық тартып, қолында таяғы, белін бүкірейтіп алған. Кезекке ешкімді алдынан жібергісі келмей тұрған. Сағындық: “Кәрісің бе?” деп сұрады. “Әрине, әже деген кәрі болады” - деп жауап берді Ажар. Жарайды, әже онда менің алдыма келіп тұрыңыз, әрине қарттарды алдымен жіберу керек” - деді Мұрат араға килігіп. “Жарайсың, Мұрат!” - деп тәрбиеші оны мақтады.

Осы келтірілген мысалдар балаларда қандай адамгершілік саналары тәрбиеленеді?

№ 30

Педагогикалық кеңесте 3-ші сынып оқушысының (А) тоқсандық “2” -ге шыққаны туралы мәселе қаралды. Ол әдетте жайдары оқушы. Мұғалім: Ол абстрактылы ойлай алмайды, әлі күнге есепті қолын парта астына жасырып, саусақпен санап шығарады. Оған бәрін мысалмен, суретпен, кескінмен ұғындыру керек. Онсыз ештеңе істей алмайды.

Екінші мұғалім: Бұл оқушының көрнекі - бейнелі ойлайтындығы айқын байқалады. Мұндай оқушыларда абстрактылы ой кешеуілдеп жетіледі. Ол оқушы есепті өзіндік тәсілмен шығарады. Сонда оған екі қою ақылға сия ма?

Екілік оның абстрактылы ойлауын дамыта ма?

Сіздің пікіріңіз (позицияңыз)?

ҚОСЫМШАЛАР

Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдер

1. Өз пәні бойынша білімі	Өз пәнін бағдарламадан да жоғары, терең, жан-жақты біледі, әр түрлі білім саласындағы арнайы, әдістемелік және ғылыми-көпшілік әдебиеттерге еркін бағыт ұстай алады
2. Өз пәніне көзқарасы	Өз пәнін қызыға оқытады, ұнатады және біледі
3. Жұмыстағы жаңалықты сезінуі	Жаңа идеяларды іздеуімен ерекшеленеді, педагогикалық міндеттердің тосын шешімдерін іздестіруге ұмтылады
4. Оқу жұмысын жоспарлай білуі	Тақырып бойынша сабақ жүйесін, олардың құрылымын шығармашылықпен жоспарлайды, оқытудың формасы мен әдістерін оқушылар мен сыныптың ерекшеліктерін ескере отырып түрлендіреді
5. Оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін білу	Оқытудың қазіргі психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларын еркін бағдарлай біледі, оларды өз педагогикалық қызметтерінде негіз ретінде пайдаланады.
6. Педагогикалық әдеп	Балалармен қарым-қатынаста, оларға талап қоюда шектен шықпайды

<p>7. Оқыту процесінде оқушыларға жеке тұрғыдан келу</p>	<p>Оқушылардың ерекшеліктерін ұдайы зерттейді және оқыту талаптарына жеке тұрғыдан келуді қамтамасыз етеді; тапсырманың көлемі мен күрделілігін саралайды, сабақта үлгерімі нашар оқушыларға тұрақты түрде көмек көрсетеді, үй тапсырмасының орындалуын тиянақты, тұрақты бақылайды, сонымен қатар оқу дайындығы деңгейі күшті, орташа оқушыларды назардан тыс қалдырмайды.</p>
<p>8. Оқушылардың оқу жұмысына дағдыларын дамыту бойынша жұмыс</p>	<p>Оқушылардың оқу жұмысын тиімді ұйымдастыра білу дағдыларын табанды түрде қалыптастырады (оқудағы өзін-өзі бақылау, оқу жұмысын тиімді жоспарлау, оқу, жазу, санаудағы нақты қарқын) және оған жеке тұрғыдан келуді іске асырады.</p>
<p>9. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту бойынша жұмыс</p>	<p>Сабақ берудің формалары мен әдістеріне белсенді дамытушылық ықпал етеді, оқушыларды оқыған материалдағы маңыздыны ажыратуға үйретеді, оқушыларға жеке тұрғыдан келуді қамтамасыз етеді.</p>
<p>10. Оқушылардың пәнге қызығушылығын дамыту</p>	<p>Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін арнайы тәсілдерді қолданады; оқылатын ұғымдарды салыстырады, олардың практикалық маңызын және т.с.с. көрсетеді; оқытудың әр алуан әдістерін қолданады; сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырады; оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруда жеке тұрғыдан келуді қамтамасыз етеді.</p>

<p>11. Оқушылардың білім сапасын, білігі мен дағдыларын бағалай білу</p>	<p>Бағалаудың шарттарын тиянақты оқиды, оларды практикада орынды қолданады; тек білімді ғана емес, сондай-ақ практикалық және эксперименттік білім мен дағдыларды да бағалаудың шынайлығын қамтамасыз етеді; бағаларды дәлелдейді; оқушылардың тоқсандық білім дайындығын шынайы бағалау үшін жеткілікті түрде ағымдағы бағалар санын жинақтайды.</p>
--	---

Мұғалімнің методологиялық мәдениетін өз бетінше бағалауы

Ұсынылатын тестінің ерекшелігі – ол білімін, білігін және тұлғалық сипатын өзінше бағалау негізінде мұғалімнің методологиялық мәдениетінің өзекті деңгейін анықтауға және рефлексиялауға мүмкіндік береді. Көз алдарыңызға осы сапалық дамудың жоғары (9 балл) және ең төмен (1 балл) деңгейін елестетіңіз, сонан соң өзіңіздің 9 балдық шәкіл бойынша орныңызды тауып, белгілеңіз.

Тест сұрақтары	Бағалар шәкілі
1. Оқыту, тәрбиелеу саласында зерттеу, реформалау қажеттігін қандай дәрежеде қажет етесіз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9,
2. Егер сізде керемет педагогикалық идея туса, онда алдын ала оны теория жүзінде негіздеп, эксперимент жүзінде тексеру қабілетіңіздің деңгейі қандай?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9,
3. Зерттелетін проблеманың маңызын, мақсатын, нысанын, пәнін, жұмыс гипотезасын, зерттеу міндеттерінің тұжырымдаудағы, экспериментті жоспарлаудағы қабілет деңгейіңіз қандай?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
4. Педагогикалық зерттеулердің педагогикалық процестерді модельдеу, сауалнама жүргізу, тестілеу әдістерін қандай дәрежеде меңгересіз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
5. Өзіңіздің өз бетіңізбен сауалнама, тест дайындай алатындығыңызды қаншалықты жоғары бағалайсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9

<p>6. Педагогикалық эксперимент процесінде және оның нәтижесін өңдеуде математикалық статистика әдістерін, компьютерлік техниканы қандай дәрежеде пайдалана аласыз?</p>	<p>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9</p>
<p>7. Сіз бұдан бұрын қандай да бір педагогикалық экспериментті ұйымдастыруға қатыстыңыз ба және сіздің белсенділігіңіз, жауапкершілігіңіз, қатысу деңгейіңіз қандай болды?</p>	<p>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9</p>
<p>8. Сіз педагогикалық зерттеулердің негізгі методологиялық принциптерін атауға қабілеттісіз бе, ең бастысы оларды пайдаланудағы қабілет деңгейіңіз қандай?</p>	<p>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9</p>
<p>9. Сіз педагогикалық эксперименттің нәтижесін қорытындылай келіп, мақала жазуға, ғылыми семинарда немесе конференцияда шығып сөйлеуге қандай дәрежеде қабілеттісіз?</p>	<p>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9</p>
<p>10. Сіз өзіңіздің ғылыми пікірталастар жүргізу, қандай да бір талас тудыратын методологиялық мәселе, педагогикалық проблема бойынша өз көзқарасыңызды ұстану қабілетіңіз бен білігіңізді қаншалықты жоғары бағалайсыз?</p>	<p>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9</p>

Сұрақтарға жауап берген соң, өзіңіздің методологиялық мәдениетіңіздің жалпы деңгейін ұсынылып отырған шәкіл бойынша анықтаңыз.

Балдар жиынтығы	Деңгейлер
10 – 18	Өте төмен
19 – 27	Төмен
28 – 36	Орташадан төмен
37 – 45	Орташадан сәл төмен
46 – 54	Орташа
55 – 63	Орташадан сәл жоғары
64 – 72	Орташадан жоғары
73 – 81	Жоғары
82 – 90	Өте жоғары

Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетінің деңгейін бағалау

Төменде ұсынылып отырған тест 9 балдық шәкіл бойынша тұлғалық сипатты немесе тұлғаның шығармашылық әлеуетінің даму деңгейін сипаттайтын олардың пайда болу жиілігін өзінше бағалауға мүмкіндік береді (бағалау әдістері алдыңғы тестідегідей).

Тест сұрақтары	Бағалар шәкілі
1. Бастаған істі логикалық аяқтау сізде жиі бола ма?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
2. Егер барлық адамдарды ойша логиктерге және эвристиктерге, яғни идеялардың генераторына бөлетін болсақ, сіз қандай дәрежедегі идеялар генераторы болар едіңіз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
3. Өзіңізді қандай дәрежеде табанды адам деп санайсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9

4. Сіздің соңғы «өніміңіздің», еңбектеріңіздің көбіне батапқы жобаңыздан, ойыңыздан айырмашылығы қандай деңгейде?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
5. Адамдардың берген уәдесін орындау үшін талап қоя білу және табандылық көрсетуге қабілетіңіз қандай деңгейде?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
6. Сіз басқалардың атына жиі сын айтасыз ба?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
7. Туындаған проблемалар шешімінің сіздің күш-қуатыңыз бен табандылығыңызға байланыстылығы қандай деңгейде?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
8. Ұжымыңыздағы адамдардың қанша пайызы сізді, сіздің батамаңызды, ұсыныстарыңызды қолдайды? (1 ұпай 10% шамасында)	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
9. Көңіл-күйіңіз көңілді және оптимистік жағдайда жиі бола ма?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
10. Егер соңғы жыл бойында сіз шеккен проблемаларды шартты түрде теориялық және практикалық деп бөлсе, онда соның ішіндегі практикалық проблемалардың үлес салмағы қандай?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
11. Өз принциптеріңізді, көзқарастарыңызды жиі қорғайсыз ба?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
12. Сіз үшін өмірлік маңызы бар проблемаларды шешуге көпшілігіңіз бен тіл табыса білушілігіңіз қандай дәрежеде ықпал етеді	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
13. Ұжымдағы күрделі проблемалар мен істерді шешудегі басты жауапкершілікті өзіңізге жиі аласыз ба?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9

14. Идеяларыңыз бен жобаларыңызды өмірде қандай дәрежеде іске асырдыңыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
15. Жұмыста немесе оқуда тапқырлық және ұтымдылық көрсету арқасында өз қатарластарыңыздан жиі ала шығасыз ба?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
16. Жолдастарыңыздың, жақындастарыңыздың арасында көпшілігі сізді тәрбиелі, интеллект деп санай ма?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
17. Сіздің өміріңізде қабылдағандарыңыз достарыңыз үшін күтпеген, жаңа іс болып көрінген жағдайлар жиі бола ма?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9
18. Өз өміріңізді түбегейлі өзгерту немесе көне проблемаларды шешуде жаңа тәсілдер табу жиі кездесті ме?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9

Жинақталған қорытынды ұпай негізінде өзіңіздің шығармашылық әлеуетіңізді анықтаңыз.

Балдар жиынтығы	Деңгейлер
18 – 39	Өте төмен
40 – 54	Төмен
55 – 69	Орташадан төмен
70 – 84	Орташадан сәл төмен
84 – 99	Орташа
100 – 114	Орташадан сәл жоғары
115 – 129	Орташадан жоғары

130 – 142	Жоғары
143 – 162	Өте жоғары

Мұғалімнің конструктивтік-мазмұндық және конструктивтік – жедел білігінің қалыптасуын бағалау.

2 балл – білігі жоғары; 1 – білігі бар; 0 – жоқ.

№	Біліктілік сипаты	Балл
1.	I. КОНСТРУКТИВТІК-МАЗМҰНДЫҚ Алдағы және ағымдағы жоспарлауды іске асыра білу	
2.	Сабақтың тиімді құрылымын таңдау және оны композициялық құруды анықтай білу	
3.	Сабақ материалын анық жоспарлай білу: 1-бір сабаққа керекті материалдарды таңдап алу, ондағы негізгісін, бастысын ажыратып көрсету; 2-теориялық материалды жеңіл және қарапайымнан қиындау және күрделіге қарай орналастыру; 3-сабақтағы демонстрациялық эксперименттің орны мен сипатын анықтау; 4-есептер мен жаттығуларды оқушылар үшін қиындығының артуына қарай орналастыру.	

4.	<p>Оқушылардың сабақтағы жұмысын жоспарлай білу:</p> <p>1-жаңа материалды игерудегі сыныптың, жекелеген оқушылардың оқу жұмыстарының тиімді түрін таңдау;</p> <p>2-оқушылардың әр түрлі топтарының өткен материалды тексеру кезіндегі қызметінің сипатын анықтау;</p> <p>3-іс-әрекеттің кейбір түрінде оқушыларда туындайтын қиындықтарды қарастыру;</p> <p>4-оқушылардың оқу жұмысындағы бір сабақтан екінші сабаққа дербестік дәрежесін көтеру.</p>	
5.	<p>Сабақта өз жұмысын жоспарлай білуі:</p> <p>1-сабақтың әр кезеңіне уақытты тиімді бөлу;</p> <p>2-бір кезеңнен екінші кезеңге қисынды көшуді жоспарлау;</p> <p>3-сабақтың әр кезеңінде оқушылардың жаңа материалды меңгеруіне басшылық сипатын анықтау;</p> <p>4-сабақ барысын өзгертудің мүмкін жолдарын қарастыру.</p>	
6.	<p style="text-align: center;">II. КОНСТРУКТИВТІК–ЖЕДЕЛ</p> <p>Педагогикалық қызметті психологиялық-педагогикалық ғылымның және озық педагогикалық тәжірибенің ұсыныстарына сәйкес жүзеге асыра білу</p>	
7.	Оқытуда ақылмен тәрбиелеуді іске асыра білу	
8.	Оқушыларды оқу білігі және дағдысымен қаруландыра білу	
9.	Шығармашылық іс-әрекетке жағдай жасай білу	

10.	Оқушылардың оқуға оң көзқарасын, танымдық қызығушылығы мен білімге құштарлығын қалыптастыруға жағдай жасай білу	
11.	Қолайлы психологиялық жағдай, педагогикалық оптимизм жасай білу	
12.	Оқытудың барлық құралдарын пайдалана білу	
13.	Әр түрлі озық әдістерді пайдалана білу	
14.	Оқушылардың оқу материалын игеруіне, олардың салыстыру, жинақтау, қорытынды жасау қабілеттеріне бақылау жасай білу	
15.	Оқушылардың ауызша және жазбаша жауаптарын талдай және дұрыс бағалау білу	
16.	Педагогикалық қызметтің барлық түрін жоспарлай білу	
17.	Дайын конспектіні тиімді пайдалана білу	
18.	Оқушыларды тану әдістерін пайдалана білу, жеке тұрғыдан келуді жүзеге асыра білу	
19.	Сабакқа, оның ішінде өзінің сабағына психологиялық талдау жасай білу	
20.	Өз қызметін, оның нәтижелерін талдай білу	

Зерттеу білігін меңгеруі

Мақсаты: білім беру қызметкерінің зерттеу білігінің кешенін анықтау.

Білім беру қызметкері меңгерген және сүйенетін біліктің тұсына «+» белгісін қойыңыз.

№	Зерттеу білігі	Меңгеру дәрежесі		
		жақсы	нашар	меңгер- меймін
1.	Өзінің педагогикалық шеберлігін саналы түрде жетілдіру			
2.	Өз қызметінің басты идеяларын және нәтижелерін талдау, сыни бағалау, бөліп көрсету			
3.	Өз жұмысына психологиялық-педагогикалық ғылымның ұсыныстарын енгізу			
4.	Зерттеу тақырыбын таңдау және негіздеу			
5.	Зерттеу тақырыбын ұғынуға қажет әдебиетті таңдау, өз тәжірибесін әдебиеттегі сол проблемаға сәйкес тәжірибемен салыстыру			
6.	Зерттеу құралдары мен әдістерін болжау			

7.	Зерттеу нысанын, пәнін, гипотезасын, мақсатын, міндеттерін, кезеңдерін анықтау және негіздеу			
8.	Зерттеудің өзіне сай әдістемелерін табу және пайдалану			
9.	Алынған нәтижелерді жинақтау, сипаттау және әдеби көркемдеу			
10.	Зерттеудің соңында қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдау және соның негізінде шешім қабылдау			
11.	Зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша рефлекстеу			

Зерттеу қызметін мотивациялау

Мақсаты: білім беру қызметкерлерінің зерттеу қызметтерінің басым мотивтерін анықтау.

Сіздің зерттеу қызметіне оң көзқарасыңыздың негізіндегі мотивтің тұсына «+» белгісін қойыңыз.

№	Мотивтер	
1.	Әдістемелік білімі мен білігін жетілдіру	
2.	Психологиялық-педагогикалық білімдерін толықтыру	
3.	Педагогикалық тәжірибесін (оның ішінде өзінің) талдау және жалпылау	

4.	Өзінің іс-тәжірибесіне озық педагогикалық тәжірибе идеяларын енгізу	
5.	Өз жұмысында психологтар мен педагогтардың ұсыныстарын пайдалану	
6.	Оқыту ықпалын болжау және бағалау	
7.	Педагогикалық жағдайларды өз бетінше шешу	
8.	Ғылыми-зерттеу жұмыстарының оқу-тәрбие процесін жетілдіруге әсері	
9.	Оқыту процесі функциясын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін біртұтас педагогикалық жүйе құру	
10.	Интегралды біліктілікті қалыптастыру	

Озық педагогикалық тәжірибені (ОПТ) зерттеу, жалпылау және енгізудің ғылыми негіздерін меңгеру.

Сәйкес бағанға «+» белгісін қойыңыз.

№	Сұрақтар	Жауаптар		
		Білімдер мен біліктерді меңгеремін		
		жақсы	нашар	меңгер-меймін
1.	Озық педагогикалық тәжірибенің маңызы			
2.	Озық педагогикалық тәжірибенің белгілері			
3.	ОПТ-ні меңгерудің жұмыс жүйесі 3.1. Жұмыстың жалпы әдістемелік жүйесін айқындау 3.2. Жұмыстың жеке әдістемелік жүйесін айқындау			

4.	ОПТ шарттары бойынша талдау			
5.	ОПТ-ні жалпылау			
6.	ОПТН-ні жалпылау жұмысының формалары мен әдістері			
7.	Өз жұмыс тәжірибесін жалпылаудағы жұмыс кезеңдері			
8.	<p>Озық педагогикалық тәжірибені енгізу (құру)</p> <p>8.1. Енгізу немесе құру себептері</p> <p>8.2. Енгізу процесінің анықталуы және мәні</p> <p>8.3. Енгізу әдісі</p> <p>8.4. Енгізу мақсаты</p> <p>8.5. Енгізу құралдары</p> <p>8.6. Енгізу нәтижелері</p> <p>8.7. Енгізу объекті</p> <p>8.8. Енгізу субъекті</p> <p>8.9. Енгізу формалары</p> <p>8.10. Енгізу принциптері</p> <p>8.11. Оңтайлы енгізу шарттары</p> <p>8.12. Сәтсіз енгізу себептері</p>			

Педагогикалық қабілетті зерттеу

Мақсаты: Педагогикалық қабілеттің даму деңгейін зерттеу

Нұсқау: Сіздің алдыңызда күрделенген педагогикалық жағдайлар қатары берілген. Әр берілген жағдайды оқи отырып, өз педагогикалық пайымдауыңыз бойынша көрсетілген нұсқаудың біреуін таңдайсыз. Егер берілген нұсқаулардың ешқайсысына көңіліңіз толмаса, онда жетінші нұсқаға өзіңіз дұрыс деген ойыңызды жазыңыз.

1) Сіз сыныпты тыныштандырып, сабақты бастап кеттіңіз. Бір уақытта оқушының қатты күлкісі естілді. Сіз тосыннан ештеңе айтып үлгермей, оған таңдана қарап едіңіз, ол сізге тіке қарап: «Сіз сабақ түсіндірген кезде менің сізге қарап күлкім келеді».

Сіз қандай шешім қабылдайсыз? Төмендегі жауаптардың ішінен сіздің шешіміңізге сәйкес келетін жауапты белгілеңіз.

1. Қарай гөр, өзін!
2. Саған не күкілі?
3. Еркің білсін.
4. Есің дұрас па?
5. Көңілді адамдарды ұнатамын!
6. Сенің көңіл-күйіңді көтергеніме қуаныштымын.
7. _____

2) Сіз сабақ берген бірінші күніңізде немесе бірнеше күннен соң, оқушы сізге: «Менің ойымша, сіз мұғалім ретінде бізге ештеңе үйрете алмайсыз.»

1. Сенің ісің мұғалімге үйрету емес, өзің оқуың керек.
2. Әрине, мен сендерге ештеңе үйрете алмаймын.
3. Саған басқа сыныпқа ауысып, басқа мұғалімнен оқуың керек шығар.

4. Шындығына келгенде, сенің оқығың келмейді.
5. Неге олай ойлатыныңды білгім келеді.

6. Бұл туралы нақтырақ сөйлесек қайтеді? Мүмкін мен бір нәрсені дұрыс істемегендіктен сенде осындай ой қалыптасып отырған шығар?

7. _____

3) Мұғалім оқушыларға тапсырма берді. Оқушы берілген тапсырманы орындағысы келмей:

- Орындағым келмейді, - деді

Мұғалімнің әрекеті қандай болады?

1. Орындағың келмесе орындатамын!
2. Онда сен неге мектепке келдің?
3. Дым білмей қалғаның өзіңе жаман. Сен оқымай өзіңе жамандық жасап тұрсың.

4. Мұның немен аяқталатынына сен есеп бересің бе?

5. Не себепті екенін сен маған түсіндіре аласың ба?

6. Мүмкін сенікі дұрыс шығар. Бұл туралы отырып сөйлесейікші.

7. _____

4) Оқушы оқу үлгеріміне, қабілетіне көңілі толмай және жаңа тақырыпқа дұрыстап түсіне алмай, мұғалімге: «Мұғалім, мен келешекте жақсы оқып, сыныптағы басқа балалардан озады деп ойлайсыз ба?

Мұғалім не деп жауап беруі керек?

1. Шынымды айтсам, күмәнім бар.

2. Әрина, сен бұған күмәнданбай-ақ қой.

3. Қабілетің жақсы мен сенен үлкен үміт күтемін.

4. Неге сен өз-өзіңе сенбейсің?

5. Сөйлесіп қиындықтың неде екенін анықтап алайық.

6. Бәрі екеуіміздің бірігіп жұмыс істеуімізге байланысты.

7. _____

5) Оқушы: «Қазір сіз беретін сабаққа қатысқым келмейді, оның орнына мен достарыммен қыдырсам деймін», - деді.

Қалай жауап беру керек?

1. Осыдан, солай істеп көр.

2. Келесіде мектепке ата-ананды ертіп келуіңе тура келеді.

3. Өзің біл емтихан тапсыратын өзің ғой. Сабақты босатқан күндеріңе бәрібір жауап беруге тура келеді.

4. Сен сабаққа ешқандай көңіл бөлмейтін сияқтысың?

5. Мүмкін саған мектепті тастау керек шығар?

6. Одан әрі сен не істеймін деп ойлайсың?

7. Сенің сабақ оқығаннан гөрі, достарыңмен демалған, қыдырғаның неге қызықты екенін білу маған қызықты.

8. Мен сені түсінемін № Сабақ оқығаннан гөрі демалған, қыдырған, концертке бару қызықты. Бірақ неге бұлай ойлайтыныңды білгім келеді?

9. _____

6) Есіктен кіріп келе жатқан мұғалімді көріп оқушы: «Сіз бүгін өте шаршаған кейіптесіз», - деді.

Бұған мұғалім қалай жауап беру керек?

1. Сенің тарапыңнан маған мұндай ескерту жасау дұрыс емес.

2. Ия, мен өзімді нашар сезініп тұрмын.

3. Өзіңді жөндеп ал!

4. Бүгін нашар ұйықтадым және жұмыстарым да көп болды.

5. Уайымдама, менің шаршағаным біздің сабағымызға зиянын келтірмейді.

6. Қамқорлығыңа рахмет, сен өте байқағышсың.

7. _____

7) Оқушы: «Менің ойымша сіздің сабағыңыздың маған ешқашан көмегі жоқ.... Мен сабақты тастасам ба?»

Бұған мұғалімнің жауабы:

1. Ондай ақымақтықты таста.

2. Ойлап тапқанын қарашы!

3. Мүмкін, саған басқа мұғалім табу керек шығар?

4. Сенің неге олай істейтініңді анығырақ білсем деймін.

5. Мүмкін, біз сенің жағдайыңды бірлесе отырып шешетін басқа жолдарды қарастырармыз?

6. Мүмкін сенің жағдайыңды басқаша шешерміз?

7. _____

8) Оқушы өзіне деген сенімділігін, білдіру үшін, мұғалімге: «Егер істеймін десем, кез-келген жұмысты атқара аламын. Керек десеніз, сіздің беретін пәніңізді меңгеру, маған еш қиындық тудырмайды»

Мұғалімнің жауабы:

1. Сен өзіңді тым жоғары бағалайсың.

2. Қайдам? Сенің мына қабілетіңмен бе?

3. Сен бұлай деуіне қарағанда, өз-өзіне сенімді сияқтысың?

4. Егер істеймін десең, қолыңнан бәрі келетініне күмәнім жоқ.

5. Ол үшін сенің көп еңбектенуің керек шығар.

6. Шектен тыс сенімділік жұмысқа кері әсерін тигізеді.

7. _____

9) Мұғалімнің берген ескертуіне, оқушы: «Мені өте қабілетті адам санайды!» – деп пәнді еш қиындықсыз меңгеретіндігін айтты.

Мұғалім қалай деп жауап беруі керек?

1. Сен бұл айтылған ойға сәйкес келмейсің.

2. Сенің сабақтағы қиналғаныңа қарағанда, бұған білімің жетіңкіремейді

3. Көп адамдар өздерін солай санайды, Бірақ іс жүзінде көпшілігі олай болып шықпайды.

4. Өзің туралы мұндай жоғары ойда болғаныңа қуаныштымын.

5. Міне, енді өзіңнің оқуыңа одан да көп күш салуың керек.

6. Сен өзіңнің қабілетіңді, шамаңды білмей тұрған сияқтысың

7. _____

10) Оқушы мұғалімге: «Мен тағы да дәптерімді ұмытып кетіппін», – деді.

Не деп жауап беру керек?

1. Тағы да ма?

2. Бұл жауапсыздық қой!

3. Бұл іске енді басқаша қарау керек сияқты.

4. Неге екенін білуге болма ма?

5. Сенде ең құрымаса дәптерді ұмытпайтындай мүмкіндік болмады ма?

6. «Мен бұл туралы ылғи неге ескертеді деп ойлайсың?»

7. _____

11) Оқушы мұғаліммен әңгімелесіп тұрып: «Сіз маған басқа оқушыларға қарағанда, жақсырақ көңіл бөлгеніңізді қалаймын», - деді.

Оқушының бұл ұсынысына мұғалім не деу керек?

1. Неге мен саған басқалардан гөрі ерекше қарауым керек?

2. Кімге қалай қарау керек екенін өзім білем.

3. Сен сияқты өтініш жасайтын адамдар маған ұнамайды.

4. Неге мен сені басқа оқушылардан бөле-жара қарау керектігін білгім келеді?»

5. Егер мен сені басқалардан ерекше жақсы көремін десем, өзіңді жақсы сезінер ме едің?»

6. Қалай ойлайсың, шындығында мен саған қандай көзқарастамын?

7. _____

12) Оқушы мұғалімге осы епәнді дұрыстап түсіне алмайтындығын айтып: «Мені не алаңдататынын айттым. Мұның себебін және одан әрі не істеу керектігімді айтыңыз».

Мұғалім не деуі керек?

1. Меніңше сенің өзіңе көңілің толмайтын сияқты.

2. Бұған алаңдайтын ешнәрсе жоқ.

3. Мен бұл туралы өз ойымды айтпас бұрын, жағдайды тереңірек біліп алуым керек.

4. Шамалы күте тұрайық, біраз жұмыс істеп алып барып, бұл жағдайға қайтып оралайық. Біз шешімін табатын сияқтымыз.

5. Мен саған тура қазір жауап бере алмаймын. Сәл ойлануым керек.

6. Алаңдама, менің де сендей кезімде дәл осындай қиындық болған.

7. _____

13) Оқушы, мұғалімге: «Маған сіздің сөйлегеніңіз, сабақ түсіндіргеніңіз ұнамайды»

Мұғалімнің жауабы қандай болу керек?

1. Бұл жақсы емес.

2. Сен бұл туралы ештеңе түсінбейтін сияқтысың.

3. Бұдан арғы сабақтарда сенің көзқарасың өзгереді деген ойдамын.

4. Неге?

5. Сабақты қалай түсіндіргенімді қалайсың?

6. Әр адамның қабылдауы әр түрлі.

7. Мен не үшін, кім үшін сабақ түсіндіреді деп ойлайсың?

8. _____

14) Оқушы сыныптасымен қарым-қатынасының нашар екенін көрсете отырып: «Мен онымен бірге оқығым келмейді».

Мұғалім не деуі керек?

1. Ия, тағы не айтасың?

2. Қаламасаң да, бірге оқуға тура келеді.

3. Бұл сенің тарапыңнан дұрыс емес.
4. Осы сөзді естігеннен кейін оның да сенімен оқығысы келмейді.
5. Неге?
6. Менің ойымша сенікі дұрыс емес.
7. _____

Нәтижені бағалау. Берілген жауапты қорыта отырып, сапалы түрде бағалаған дұрыс. Егер зерттелушінің жауабын сандық түрде, әрі жауаптың ұпайын шығару керек болса, 1- кестеде берілген кілтке салынып есептелінеді. Зерттелуші өз ойын жазған нұсқа бөлек бағаланып, бағасы жалпы ұпайға қосылады.

1-кесте

Педагогика- лық жағдайлар- дың реттік саны	Таңдап алынған нұсқа және оның ұпайлық бағасы							
	1	2	3	4	5	6	7	8
1	4	3	4	2	5	5	-	-
2	2	2	3	3	5	5	-	-
3	2	3	4	4	5	5	-	-
4	2	3	3	4	5	5	-	-
5	2	2	3	3	2	4	5	5
6	2	3	2	4	5	5	-	-
7	2	2	3	4	5	5	-	-
8	2	2	4	5	3	3	-	-
9	2	4	3	4	4	4	-	-
10	2	3	4	4	5	5	-	-
11	2	2	4	4	5	5	-	-
12	2	3	5	5	5	5	-	-
13	3	2	4	4	4	4	5	-
14	2	2	4	4	5	5	-	-

Егер зерттелуші 4,5 ұпай жинаса, оның педагогикалық қабілеті жоғары деңгейде деп есептелінеді.

Орташа ұпай 3,5-4,4, ұпай аралығында болса, педагогикалық қабілеті орта деңгейде дамыған болып саналады.

3,4 ұпай жинаса, педагогикалық қабілет төмен деңгейде деген сөз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Абдуллина О. А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. – М.: Просвящение, 1990. – 141с.
2. Ахметова Г. К., Исаева З. А. Педагогика для магистратуры. – Алматы: Қазақ университеті, 2006.
3. Архангельский С. И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы. – М.: Высшая школа, 1980.
4. Асқарбаева А Ұстаз ізденістері Алматы 1987
5. Асыллов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдеп. Инабаттылық дәрістері Алматы, 1998
6. Азаров Ю. П. Искусство воспитывать. М., 1985
7. Әбиев Ж. Педагогика. Алматы., 2004.
8. Бондаревский В. Б. Воспитание интереса к знаниям и потребности к самообразованию. М., 1985.
9. Багаева И. Д. Учителю о профессионализме педагогической деятельности и путях его формирования. – Гомель, 1989.- 90с.
10. Берікұлы Н. Педагогика. Оқу құралы. – 2004
11. Бабанский Ю. К., Ильина Т. А., Жантекеева З. У. Педагогика высшей школы. – А-Ата,1986.
12. Бордовская Н. В., Реан А. А. Педагогика учебн. Для вузов.- СПб,: Питер, 2001-304с.
13. Введение в специальность: Учеб.пособие для студентов пед. Ин-тов/ Л. И. Рувинский, В. А. Кан-Калик, Д. И. Гришин и др. – М.: Просвещение, 1988.-208с.
14. Виленский М. Я., Образцов П. И., Уман А. И. Технология профессионально-ориентированного обучения в высшей школе. – М.: Российского пед. Общество, 2004.-192с.
15. Дусавидцкий А. К. Воспитывая интерес. М., 1984
16. Джурицкий А. Н. Развитие образования в мире. – М., 2000.
17. Гершунский Б. С. Философия образования XXI века. – М.: Изд-во «Совершенство», 1998-608с.
18. Грехнев В. С. Культура педагогического общения. М., 1990
19. Гусев. Секреты педагогического мастерства. А., 1996
20. Гопобошин Ю. Н. Книга об учителе. М., Просвящение, 1965
21. Емсаков С. Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя. М., Просвящение, 1989

22. Елеусізова С Қарым-қатынас психологиясы Алматы 1995
23. Елканов С. Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя – М., 1989
24. Ершов П. М., Ершова А. П., Букатов В. М. Общение на уроке, или режиссура поведения учителя. – М.: Московско психолого-социальный институт, Флинта, 1998.- 336с.
25. Жармекова Г. С. Культура профессионально-педагогического общения будущего учителя (учебное пособие).- Алматы; Издательский дом КазГЮУ, 2002. – 120с.
26. Зимняя И. А. Педагогикалық психология:/ Орыс тілінен аударған М. А. Құсаинова. М.: Логос; Алматы: TST-company, 2005. – 368 б.
27. Зязюн. Основы педагогического мастерства М., 1989
28. Интыкбаева А. Б. «Формирование основ. Профессионально-коммуникативных умений и навыков у будущего
29. Исаева З. А., Мынбаева А. К., Садвакасова З. М. Активные методы и форма обучения в высшей школе. – Алматы: Қазак университеті, 2006.
30. Лысенкова С. Н. Методами опережающего обучения. М., 1988.
31. Львова Ю. А. Творческая лаборатория учителя. М., 1985
32. Липник В. Н. Интерес в педагогическом учении К, Д, Ушинского //К. Д. Ушинский и современность: Сб. Л., 1975.
33. Матюхина М. В. Мотивация учения младших школьников. М., 1984.
34. Морозова Н. Г. Учителю о познавательном интересе. М., 1979.
35. Молдағалиев Б. А. Мектеп мұғалімінің анықтамалығы. – Орал, 2005. – Б-19-25.
36. Мынбаева А. К. Основы педагогики Высшей школы; учебное пособие. – Алматы, 2008. -156 с.
37. Мынбаева А. К., Садвакасова З. М. Инновационные методы обучения. – Алматы, 2007. – 284с.
38. Митина Л. М. Учитель как личность и профессионал.-М., 1994
39. Морева Н. А. Технология профессионального образования. –М.: Академия, 2005.-432с.
40. Насырова Г. И. Профессиональная адаптация будущих

учителей. В сб: Формирование социальной активности личности учителя. М., 1985. Б. 58-63.

50. Национальные системы образования: общая характеристика, структура. – Алматы: РОНД, 2004.-160 с.

51. Назарова Т. С. Некоторые данные изучения учебных интересов учащихся первых классов // Учение записки ЛГПИ им. А. И. Герцена. 1967. Т.300

52. Кертаева Ф. М. «Рахат» мектебі: жаңа ғасырға – жаңа мектеп. Павлодар, 2005. – 297 б.

54. Кан-Калик В. А., Никандров Н. Д. Педагогическое творчество. – М.: Педагогика, 1990.- 144с.

55. Кан-Калик. Учителю о педагогическом общении. М., 1987

56. Кузьмина Н. В. Очерки психологии труда учителя. Л., Изд. Ленинградского университета, 1967

57. Кузьмина Н. В. Методы исследования педагогической деятельности. Л., Изд. Ленинградского университета, 1970

58. Кузьмина Н. В. Методы системного педагогического исследования. Л., 1980

59. Кредитная система обучения в вузе.– Алматы: Казак университеті, 2006,–180 с.

60. Құрманалина Ш. Х., Мұқанова Б. Ж.. Педагогика: Астана, 2007.

61. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р. М. Педагогика. Алматы-2002

62. Кондратеньков А. В. Труд и талант учителя: факты, мысль. М., 1989

63. Пидкасистый П. П., Портнов М. Л. Искусство преподавания. М., Роспедагенство, 1998.

64. Педагогика и психология высшей школы.- Ростов-на-Дону: Феникс, 2002.-144с.

65. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений / В. А.Сластенин, И. Ф. Исаев и др. - М.: Школа-Пресс, 2000.- 512с.

66. Рувинский Л. И. Мандыққа кіріспе: Алматы «Ана тілі» 1991

67. Рыданова И. И. Основы педагогики общения.- Мн.:Беларуская навука,1998.- 319с.

68. Ряченко. Нот учителя. М., 1989

69. Сластенин В. А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки. М., Просвящение, 1976

70. Сейталиев Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. – Ақтөбе, 2004. –Б. -188-211.

71. Станкин Н. И. Профессиональные способности педагога: Ахмеоология воспитания и обучения.- М.: Московский психолого-социальный институт; Флинта, 1998.- 368с.

72. Снайдер М.. Снайдер Р. Ребенок как личность. М., 1997.

73. Симонов В. П. Педагогический менеджмент. М., 1997.

74. Симонов В. П. Диагностика личности и профессиональное мастерство преподавателя. М., 1995.

75. Синица И. Е. Педагогтық әдеп және ұстаздық шеберлік. Алматы, Мектеп, 1997

76. Слостенин В. А., Исаев И. Ф., Ширяев Е. Н. Педагогика. – М.: Академия, 2002-576с.

77. Скаткин М. Н. Проблемы современной дидактики. М., 1984.

78. Сухомлинский В. А. Сердце отдаю детям. Киев. 1973.

79. Формирование интереса к учению у школьников / Под ред. А. К. Марковой. М., 1986.

80. Самуйленков Д. Ф. Мастерство, педагогический такт и авторитет учителя. Смоленск, 1961

81. Чернокозова В. Н. Этика учителя. – Киев, 1973

82. Устемиров К. Шаметов Н. Р. Васильев И. Б. Профессиональная педагогика. Алматы 2005. – 432 с.

83. Учителю о педагогической технике. / Под ред. Л. И. Рувинского. Педагогика, 1987

84. Хозяинов Т. И. Педагогическое мастерство преподавателя. М., 1988.

85. Щукина Г. И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. М., 1979.

86. Щукина Г. И. Проблема познавательного интереса в педагогике. М., 1971.

87. Эльконин Д. Б. Психология обучения младшего школьника. М., 1974.

Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін.

Серке Қожамқұлов

Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді.

Мәлік Ғабдуллин

Оқушы жастардың ең сенімді ұстазы, сыр жасырмай ашық айтатын адамы – мұғалім.

Ғабит Мүсірепов

Адамның адамшылдығы... жақсы ұстаздан болады.

Абай Құнанбаев

Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі.

Ыбырай Алтынсарин

Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп. қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек.

Әл-Фараби

Халыққа білім беру саласында істеліп жатқанның бәрі сайып келгенде бала үшін емес, мемлекеттің мүддесі үшін екенін әрбір мұғалім ұмытпауға тиісті.

М. Аринори.

Егер мұғалім өз бойына іс пен шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті біріктірген болса, ол – кемел ұстаз.

К. Д. Ушинский

Оқытушы әлеуметтік әділеттіліктің, адамгершіліктің жаршысы болуға тиіс.

Спандияр Көбеев

Шәкірті жоқ ұстаз – мылқау ұстаз

Ыбырай Жақаев

МАЗМҰНЫ

<i>АЛҒЫ СӨЗ</i>	5
Дәріс сабақтарының мазмұны.....	8
<i>Практикалық сабақтардың тақырыптары</i>	10
<i>Зертханалық сабақтардың тақырыптары</i>	11
<i>СОӨЖ тақырыптары</i>	11
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК НЕГІЗДЕРІ	
1. Педагогикалық шеберлік, педагогикалық мәдениеттің компоненттерінің мәні мен мазмұны.....	13
<i>Пайдаланылған әдебиеттер</i>	37
<i>Сұрақтар мен тапсырмалар</i>	37
<i>Тест тапсырмалары</i>	38
2. Педагогикалық шеберлікті қалыптастырудың негізі – кәсіби педагогикалық іс-әрекет.....	40
<i>Пайдаланылған әдебиеттер</i>	53
<i>Қосымша әдебиеттер</i>	54
<i>Сұрақтар мен тапсырмалар</i>	54
<i>Тест тапсырмалары</i>	55
3. Педагогикалық шеберліктің басты шарты. Педагогикалық эрудиция мен құзыреттілік.....	57
<i>Пайдаланылған әдебиеттер</i>	82
<i>Сұрақтар мен тапсырмалар</i>	82
<i>Тест тапсырмалары</i>	82
4. Педагогикалық техника педагог шеберлігінің элементі ретінде.....	84
<i>Сұрақтар мен тапсырмалар</i>	89
<i>Тест тапсырмалары</i>	90
5. Педагогтардың сөзі тәрбиелік ықпал ету мен мағлұмат беру құралы ретінде.....	91
<i>Пайдаланылған әдебиеттер</i>	101
<i>Сұрақтар мен тапсырмалар</i>	102
<i>Тест тапсырмалары</i>	102
6. Кәсіптік шеберліктің құрамдас бөлігі педагогикалық қарым-қатынас.....	104
<i>Пайдаланылған әдебиеттер</i>	126
<i>Сұрақтар мен тапсырмалар</i>	127
<i>Тест тапсырмалары</i>	127
7. Педагогикалық қарым-қатынастың қажетті	

элементі педагогикалық этика мен такт.....	129
<i>Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі.....</i>	157
<i>Қосымша әдебиеттер.....</i>	157
<i>Сұрақтар мен тапсырмалар.....</i>	157
<i>Тест тапсырмалары.....</i>	158
8. Педагогикалық қарым-қатынастың формасы, коммуникативтік іс-әрекет.....	159
<i>Пайдаланылған әдебиеттер.....</i>	165
<i>Сұрақтар мен тапсырмалар</i>	165
<i>Тест тапсырмалары.....</i>	166
9. Педагог-психологтың өзін-өзі тәрбиелеуі және кәсіби шеберлігін қалыптастыруы.....	168
<i>Пайдаланылған әдебиеттер.....</i>	187
<i>Сұрақтар мен тапсырмалар</i>	188
<i>Тест тапсырмалары.....</i>	188
10. Жоғары және орта оқу орындарында оқу-тәрбие процесін басқарудағы оқытушының шеберлігі.....	190
<i>Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі.....</i>	217
<i>Қосымша әдебиеттер.....</i>	217
<i>Бекіту сұрақтары мен тапсырмалар.....</i>	218
<i>Тест тапсырмалары.....</i>	218
ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАР.....	220
<i>Зертханалық сабақтар.....</i>	228
<i>ОСӨЖ тақырыптары.....</i>	231
<i>Студенттің өзбетінше орындайтын жұмыстары.....</i>	237
<i>Аралық бақылау тапсырмалары.....</i>	245
<i>Емтихан материалдары.....</i>	255
<i>Глоссарийлер.....</i>	267
<i>Педагогикалық жағдаяттар.....</i>	280
<i>Қосымшалар.....</i>	288
<i>Педагогикалық қабілетті зерттеу.....</i>	303
<i>Пайдаланылған деректер тізімі</i>	309

Ж. А. ЖҮСІПОВА

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК

ОҚУЛЫҚ

Басуға . .2011 ж. қол қойылды. Формат 60x90^{1/16}. Қағазы
офсеттік. Қаріп түрі “Times New Roman”. Көлемі 20 б.т.
Таралымы **** дана. Тапсырыс №